The aim of the article was to figure out what is the trend in the city's infrastructure data processing. The authors were interested in data of electricity, water, heat consumption, city traffic and the methods for creating predicting models, clustering and classifying. The interest in such a class of information is caused by intention to predict incidences for any infectious disease.

The article presents a detailed analysis of the twelve papers for the last five years. The authors considered the techniques of urban data processing. The input and output data, assessments of algorithms' effectiveness, and methods description are provided. The inspection gives the following results: 1 algorithm of correlation, 2 algorithms of classification, 1 method of anomaly detection, 2 approaches for data visualization, 5 algorithms of predicting and 6 methods for data clustering. A disproportion between the number of reviewed articles and number of techniques dues to the fact that more than one method in each research was provided.

The input and output data vary depending on method and purposes of the research. Predominantly the heterogeneous data sources are considered. In one case the images are exploited and in two cases the numerical information is leveraged. The heterogeneous data mean that the information of different bases is used: images, text, numerical. The video or sound data is not used in reviewed papers. The major part of the investigation offers a clustering model in the capacity of output results. The second place in prevalence are frameworks. The remaining outcomes can be divided between deep neural networks, classification, and correlation models.

The primary focus of the findings is deep neural networks in a way as the first intention of the research was creating or predicting models. From this point the most effective approach is leverage of LSTM. Based on surveyed articles LSTM gives the highest accuracy of prediction and is the fastest solution in comparison with similar solutions. The learning rate of LSTM depends on the number of cells. As the following step of the study, the developing of the predicting model based on city resources consumption data is planned.

References

1. D. Tranfield, D. Denyer, and P. Smart, "Towards a Methodology for Developing Evidence-Informed Management Knowledge by Means of Systematic Review," *Br. J. Manag.*, vol. 14, no. 3, pp. 207–222, 2003, doi: 10.1111/1467-8551.00375.

2. P. Brereton, B. A. Kitchenham, D. Budgen, M. Turner, and M. Khalil, "Lessons from applying the systematic literature review process within the software engineering domain," *J. Syst. Softw.*, vol. 80, no. 4, pp. 571–583, Apr. 2007, doi: 10.1016/j.jss.2006.07.009.

3. S. Trilles, Ò. Belmonte, S. Schade, and J. Huerta, "A domain-independent methodology to analyze IoT data streams in real-time. A proof of concept implementation for anomaly detection from environmental data," *Int. J. Digit. Earth*, vol. 10, no. 1, pp. 103–120, 2017, doi: 10.1080/17538947.2016.1209583.

4. G. Bordogna, A. Cuzzocrea, L. Frigerio, and G. Psaila, "An effective and efficient similarity-matrix-based algorithm for clustering big mobile social data," 2017, pp. 514–521. doi: 10.1109/ICMLA.2016.188.

5. G. Wang *et al.*, "Application of a long short-term memory neural network: a burgeoning method of deep learning in forecasting HIV incidence in Guangxi, China," *Epidemiol. Infect.*, vol. 147, p. e194, 2019, doi: 10.1017/S095026881900075X.

6. R. Pérez-Chacón, J. M. Luna-Romera, A. Troncoso, F. Martínez-Alvarez, and J. C. Riquelme, "Big data analytics for discovering electricity consumption patterns in smart cities," *Energies*, vol. 11, no. 3, 2018, doi: 10.3390/en11030683.

7. V. Karyotis, K. Tsitseklis, K. Sotiropoulos, and S. Papavassiliou, "Big data clustering via community detection and hyperbolic network embedding in IoT applications," *Sens. Switz.*, vol. 18, no. 4, 2018, doi: 10.3390/s18041205.

8. S. Azri, U. Ujang, and A. Abdul Rahman, "Dendrogram clustering for 3D data analytics in smart city," 2018, vol. 42, no. 4/W9, pp. 247–253. doi: 10.5194/isprs-archives-XLII-4-W9-247-2018.

9. A. Alshami, W. Guo, and G. Pogrebna, "Fuzzy partition technique for clustering Big Urban dataset," 2016, pp. 212–216. doi: 10.1109/SAI.2016.7555984.

10. C.-S. Chang, C.-T. Chang, D.-S. Lee, and L.-H. Liou, "K-sets+: A linear-Time clustering algorithm for data points with a sparse similarity measure," 2018, pp. 1–8. doi: 10.1109/UIC-ATC.2017.8397636.

11. J. A. Palmason, J. A. Benediktsson, and K. Arnason, "Morphological transformations and feature extraction of urban data with high spectral and spatial resolution," in *IGARSS 2003. 2003 IEEE International*

Geoscience and Remote Sensing Symposium. Proceedings (IEEE Cat. No.03CH37477), Jul. 2003, vol. 1, pp. 470–472 vol.1. doi: 10.1109/IGARSS.2003.1293812.

12. S. Chae, S. Kwon, and D. Lee, "Predicting Infectious Disease Using Deep Learning and Big Data," *Int. J. Environ. Res. Public. Health*, vol. 15, no. 8, p. 1596, Jul. 2018, doi: 10.3390/ijerph15081596.

13. S. Manjunatha and B. Annappa, "Real-time big data analytics framework with data blending approach for multiple data sources in smart city applications," *Scalable Comput.*, vol. 21, no. 4, pp. 611–623, 2020.

14. A. Alexopoulos, G. Drakopoulos, A. Kanavos, P. Mylonas, and G. Vonitsanos, "Two-step classification with SVD preprocessing of distributed massive datasets in apache spark," *Algorithms*, vol. 13, no. 3, 2020, doi: 10.3390/a13030071.

15. W. Chen, Z. Huang, F. Wu, M. Zhu, H. Guan, and R. Maciejewski, "VAUD: A Visual Analysis Approach for Exploring Spatio-Temporal Urban Data," *IEEE Trans. Vis. Comput. Graph.*, vol. 24, no. 9, pp. 2636–2648, Sep. 2018, doi: 10.1109/TVCG.2017.2758362.

ӘОЖ 82.01/.09

Қанат К.Б.
(М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті)
Абдықадырова Т.Р.
(М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті)

ӘДЕБИЕТТЕ ҰЛТТЫҚ ЗИЯТКЕРЛІКТІ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ
(Бауыржан Момышұлы шығармалары негізінде)

Аннотация. Білім беру ісінің сандық платформаға жаппай бет бұруы отандық оқыту жүйесіне өзгерістер алып келмей қоймады. Ақиқаты сол ұрпақ тәрбиесіне ұлттық нәр беретін құрал – әдебиет және оны оқыту әдістемесі заман талабына сай жаңашылдықтарды қажет етеді. Мақалада аталмыш өзекті мәселені алдыға тарта отырып, жоғары мектепте әдебиетті оның ішінде Бауыржан Момышұлының шығармаларын оқыту арқылы ұлттық интеллектіге тәрбиелеу ісіне баса мән берілді. Технологияның маңызды жетістіктерінің біріне айналған жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін негізгі құндылық – ұлттық интеллектпен сабақтастыру тетіктері мақалада талданады.

Бауыржан Момышұлы шығармашылығындағы ұлттық болмыстың тәрбиелік мәніне басымдық беріліп, автордың ой толғаулары мен шығармаларындағы тәрбиелік көзқарастарының мәні ішкі классификацияға жіктеліп, ұсынылды.

Түйін сөздер: сандық платформа, әдебиет, оқыту әдістемесі, Бауыржан Момышұлы, ұлттық интеллект, жасанды интеллект

Kanat K.B.
(Taraz University named after M.Kh.Dulaty)
Abdykadyrova T.R.
(Taraz University named after M.Kh.Dulaty)

TEACHING NATIONAL INTELLECTUALITY IN LITERATURE
(Based on the works of Bauyrzhan Momyshuly)

Abstract. The widespread transition of the education system to digital platforms has inevitably brought changes to the national teaching framework. The undeniable truth is that literature—an essential tool for instilling national values in future generations—and its teaching methodologies must adapt to modern demands. This article addresses this pressing issue by emphasizing the role of literature, particularly the works of Baurzhan Momyshuly, in fostering national intellect in higher education. It explores mechanisms for integrating the capabilities of artificial intelligence, one of the key technological advancements, with the fundamental value of national intellect.

Special attention is given to the educational significance of national identity in Baurzhan Momyshuly's works. The author's reflections and pedagogical perspectives, as expressed in his writings, are classified and systematically presented.

Key words: digital platform, literature, teaching methodology, Baurzhan Momyshuly, national intellect, artificial intelligence

«Әдебиеттің түпкі мақсаты – адам жанын тәрбиелеу» деген Ғабиден Мұстафиннің тәмсілінің ақиқатын уақыт дәлелдеп келеді. Шынтуайтында, мұқият назар аударар болсаңыз кез келген әдебиет туындысы тілі мен дініне, танымы мен түсінігіне, мәдениеті мен дүниетанымына тәуелсіз адамды тәрбиелеуге бағытталғандығын аңғаруға болады. Көркем шығарманың мазмұны, идеясы, кейіпкерлері, сюжеті, пәлсапасы, стильі, композициялық құрылымы, автордың суреткерлігі және т.б. әдеби элементтердің барлығы оқырманның әдебиеттанымдық сауатын ашуға, ұлттық ерекшелігіне тән төл табиғатын тануға, көркем әдеби талғам қалыптастыруға, зияткер интеллектіге бейімделуге тәрбиелейді. Десе де, барлығы шала-жансар, шашыраңқы емес, белгілі бір тәртіп шеңберінде «сауатты» жүзеге асуы қажет. Ол үшін әдебиетті оқыту әдістемесіне жіті көңіл бөліп, әрбір оқырманның бойында әдебиеттанымдық иммунитет қалыптастыруды қолға алған абзал. Мәселен, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2019 жылы өткен Азия қаламгерлерінің I форумында: «Бүгінде төл әдебиетіміздің көкжиегі кеңейіп, әлем әдебиетінің даму көшіне қосылды. Қазақ қаламгерлерінің туындылары арқылы дүние жүзі жұртшылығы ұлттық руханиятымызды танып білуде. Сондықтан әдеби үдерістерді жаңғырту үшін жағдай жасау – басты міндеттердің бірі.» - деп тілге тиек етеді [1]. Ендеше айтылған алғышарттардың орындалуы әдебиетті дұрыс оқытумен астасады.

Зерттеу мақаламыз Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген үштаған ұғымының Б. Момышұлы шығармашылығымен сабақтаса алуымен өзекті. Нақтырақ айтқанда, автордың «Соғыс психологиясы» атты стенограммасында кеңінен баяндалған адамның моральдық – адамгершілік қасиетін қалыптастыру аргументтеріне сыни тұрғыда талдау жасап, идеологиялық қоқыс құрбаны болмауға тәрбиелеу. Ғаламдық трансформацияға екпінді бетбұрыс жасап жатқан қоғамда, жалпыұлтқа ортақ мүдделердің барын жоққа шығаруға болмас. Өркениет және модернизация жолында жалынды қадамдар жасап, технологиялық, инновациялық, экономикалық көрсеткіштерге қол жеткізіп келеміз. Алайда, аталмыш жетістіктердің негізгі индикаторы ұлттың болмысынан көрініс беруі тиіс деген теореманы ескерсек, халықтың рухани кемелденуі деген тіркестің де мән-жайына назар аударуға тура келеді. Ал, осы рухани кемелденудің кілті – сол ұлттың тарихы, тілі мен әдебиетінде жатыр емес пе?!

Айталық, ұлттық бірегейлік мәселесі қай қоғамда болмасын өзінің өзектілігінен айырылған емес. Бұған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Түркістандағы Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзі дәлел болмақ. Нақтырақ айтқанда, ел Президенті «Өскелең ұрпақтың тәрбиесі – өте маңызды мәселе» атты бөлімінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек. Ұлттың жаңа болмысы білім, ғылым және мәдениет саласын дамыту арқылы қалыптасады. Осы үш бағытты рухани даму саласындағы жұмыстың мызғымас үштағаны деуге болады», - деді [2].

Алайда біз бұл мақалада автор шығармашылығындағы ұлттық иммунитет элементтерін оқыту мәселесіне, әдістемелік алаңда жаңартылған білім беру мазмұнына сай оқырман бойына сіңіруге басымдық береміз. Сондай-ақ, алакөлеңкелеген парыз, ержүректілік, адамгершілік, ерлік, батырлық, қаһармандық деген жоғары сезімдердің аласаруына, опасыздық, үрей, ұждансыздық, қорқыныш, шошу және өзге де төменгі сезімдердің белең алуына жете тоқталып өтетін боламыз. Рухани күш жанды һәм саналы адам қосындысынан тұратын формула. Әдебиет және әскер әлеміне етене жақын автордың қаламынан тамған тақырыптар осы моральдық-адамгершілік қасиеттерді ұштайды. Ол өзінің «Қанмен жазылған кітап. Соғыс психологиясы» атты еңбегінде: «Рухани күштің негізгі қайнары мен қозғаушысы: ақыл, сезім, ерік-жігер. Адам қасиетінің осы үш элементін ұштауға бағытталған мақсатты жұмыс тәрбиелеу жұмысының басты нысанасы болып табылады», - делінген [3]. Міне, байқағанымыздай, Бауыржанның өзі де, шығармашылығы да ұлттық мінезге ие. Бүгін кеселге айналған мәселелерді ауыздықтау үшін автордың шығармасын жүйелі оқытудың парадигма нобайын осылайша жіктеп аламыз. Дәл осы зерттелетін мәселені шешу үшін үлгі ретінде алынған теорияға Б. Момышұлының шығармаларын тиімді оқытуды пайдаланған жөн. Зиялы қауым бас қосқан Ұлттық құрылтайда әлімжеттік, нашақорлық, ғаламторға тәуелділік сынды жалпыхалықтық індеттер тілге тиек болды. Ұлт саулығына зиянын тигізетін кеселдермен күресу күшін әскери мінезге ие Б. Момышұлының «Ұшқан ұя», «Мәскеу үшін шайқас», «Жауынгердің тұлғасы», «Майдандағы кездесулер», «Куба әсерлері», «Қатардан еңбекке» (жазушы күнделігінен), «Адам қайраты», «Бір түннің тарихы» еңбектерін шүбәсіз кездестіреміз.

Ғылым Комитеті «Ғылым ордасы» ұсынған қазақ халқының қаһарман ұлы-батыр Бауыржан

Момышұлына арналған жинағында: «Ар мен намыс, тазалық пен риясыздық, батырлық пен мәрттік, абырой мен бедел, ақыл мен парасат, ұлтжандылық пен Отан үшін жанқиярлық сияқты биік адами қасиеттер мен рухани құндылықтар дара әрі дана Бауыржанның тұлғалық бейнесін сомдап тұрғандай», - деген анықтама беріледі [4, 5-б.].

Жоғарыда тілге тиек еткеніміздей, біз өз ғылыми мақаламызда жастар арасындағы заманауи індетке айналған құбылыстарға төтеп беру формуласының автор мен оның мол мұрасында берілгендігін дәлелдей түсу.

«XXI ғасыр адамының табысты болуының ең іргелі, басты факторы «білім» болып қала бермек. Сондықтан, қазіргі таңда педагогика ғылымының әдістеме саласы қарқынды даму динамикасын көрсетіп, жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуде өз маңыздылығын арттыра түсуде. Алайда қоғамдық өмір мен білім, ғылым саласындағы көрініс тапқан сан-салалы сапалық өзгерістер, жаңарулар, жаңалыққа бетбұрыстар педагогтерді өз істеріне сын көзбен қарауға итермелеуде» [5, 9-б.].

Біз осы жаңа тенденцияларды ескере келе, өзіміз зерттеу жүргізген автордың педагогикалық риторикасын бүгінгі оқытушылық қауымға үлгі ретінде ұсынып отырмыз.

Мақаланың маңызды компоненттерінің бірі Б. Момышұлының өткен мен бүгінгі күнге ортақ мәселені тереңінен қозғап, ұлттық интеллект мәселесіне ден салуы. Бұл турасында мынадай да тұжырымдама бар: «Жалпы, әдеби шығармаларда адамгершілік мәселесі, әсіресе, гуманистік тұрғыдан көтерілгені, XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының өзекті мәселелерінің бірі болды» [6, 406-б.].

Олай болса, автордың көркем шығармасына арқау болып, ел аузында кеңінен таралып жүрген афоризмдеріне ғылыми талдау жүргізіп, нәтижелерді сараптауға басымдық берсек. Ұрпаққа үлгі болар азамат бейнесін «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» тұжырымдамасымен сипаттаған Мемлекет басшысының бұл ұстанымы бұған дейінгі Б. Момышұлының:

Ежелден ел тілегі – ер тілегі,

Адал ұл ер боп шықса – ел тірегі [4, 225-б.], - деген тәмсілінің жалғасы болса керек. Мұндағы «адал азамат» ұғымына қос дәуірдің де зор сенім артып, жоғары жауапкершілікпен қарағандығын аңғарамыз.

Арына дақ түсірмей арда азамат атанған Бауыржан Момышұлы 1944 жылы Алматы қаласында Қ.Сәтпаев, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, А.Жұбанов, Б.Сүлейменов, Ә.Марғұлан сынды бір топ зиялы қауымның қатысуымен бес күнге ұласқан дәріс өткізген. Соны негізінде «Қанмен жазылған кітап» атты кітабы стенограмма негізінде жарияланған. Бұл еңбек батырдың баспаханалық бояумен емес, соғыс даласында қанмен жазылған кітабы болды.

Автор өзінің шығармаларында әсіресе, дидактикалық ұстанымдарды мықтап басшылыққа алған көрінеді. Неге десеңіз, оның «Қанмен жазылған кітап», «Мәскеу үшін шайқас», «Куба әсерлері» атты кітаптарында басынан өткен оқиғалары, тарихи-әлеуметтік шындық, әскери-педагогикалық тәрбие элементтері, соғыстағы ұрыс идеалы тамаша баяндалып, оқырманды сапалы өмір сүруге тәрбиелейді. Айталық оқытудың барлық дерлік дидактикалық ұстанымын қанағаттандыратын Б. Момышұлының «Қанмен жазылған кітап» еңбегіндегі мына бір мәтін оқырман қауымды елең еткізбей қоймайды: «Әскери тәрбие проблемасы – бұл жөргекте жатқан кезден бастап, найзаласқан қоян-қолтық айқасқа дейінгі аралықта жүргізіле беретін тәрбие проблемасы болып табылады. Ата-ана тәрбиесі – мектеп жасына дейінгі тәрбиенің ең басты сатысына, кезеңіне саяды. Мектеп тәрбиесі, қоғамдық-жастар тәрбиесі – адамның қалыптасуындағы ең басты кезең. Адам қоғамдық тәрбиеге ақтық демі біткенше мұқтаж болады, қажет етеді. Ересек адамға тәрбие беруді жалғастырудың қажеті жоқ деушілік мүлдем қате.» [7, 23-б]

Қорыта айтқанда, Б. Момышұлының ой толғаулары мен шығармаларындағы тәрбиелік көзқарастарының мәнін үш бағытта қарастыруға және оны мамандыққа машықтанып келе жатқан студенттерге былайша дәріптеуге болады:

Патриоттық-адамгершілік тәрбие шеңберінде

Шығармаларындағы ерлік пен өрлік өсиеттерін ескере отырып, отансүйгіштікке, батырлық пен қаһармандық қағидасына баулу.

Ұлттық тәрбие шеңберінде

Құрсақтан бастап перзентке ұлттық құндылықтың дәнін егу. Бүкіл болмысынан рухани ерекшеліктеріміз бен ұлттық кодымыздың берілуіне мән беру. Ұлттық ойындар мен, дәстүрлерге, төл әдебиетіміз бен мәдениетімізге тәрбиелеп, батырлық жырлар мен аңыз-әңгімелерге сусындата өсіру.

Отбасылық тәрбие шеңберінде

Ата-ана тәрбиесі мен отбасылық құндылық ұстанымына аса сақ болу. Тәрбиенің тал бесігі саналатын шаңырақта «үлкенге құрмет» қағидасын ұстану.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. madenietportal.kz https://madeniportal.kz/adebiet/aziia-zazusylarynyn-aiy-onynan-tugan-kun-aziia-qalamgerlerinin-i-forumy
2. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзі, 2023 жыл 17 маусым [Электронды ресурс]. - https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulttyk-kuryltaydyn-adiletti-kazakstan-adal-azamat-atty-ekinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1752959\
3. **Момышұлы Б. Соғыс психологиясы.- Семей, 2010. – 400 бет.**
4. Бауыржан Момышұлы [Text]: қазақ халқының қаһарман ұлы-батыр Бауыржан Момышұлына арналады / ... – Алматы, 2011. - 380 бет
5. **Абдимомынов Е.Б. Білім берудің қазіргі технологиялары: дәстүрлі әдіс пен жаңаша көзқарас (ЖОО-да М.Әуезовтің әңгімелерін оқыту негізінде) // Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Педагогика. Психология. Әлеуметтану сериясы, №2 (127)/2019**
6. Y.B. Abdimomynov, T.R. Abdikadyrova, B.U. Smanov, M.K. Sarsembaeva, S.M. Shormakova. Problems of Humanism in M.Auezov's Stories // Jour of Adv Research in Dynamical & Control Systems, Vol. 11, No. 5, 2019
7. Момышұлы Б. Москва үшін шайқас. Көптомдық таңдамалы шығармалар жинағы.- Т.3. - Алматы: Өнер, 2008. – 368 бет.

СЕКЦИЯ 1 ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

ӘОЖ 821.512.122

Абдықадырова Тұрсынай Рыстайқызы
М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының доктары.
Бекзатхан Бибігүл Талғатқызы
М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті, 6В01700 – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламасының 4-курс студенті

МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫ – ҚАЗАҚ ПУБЛИЦИСТИКАСЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

Аннотация. Мақалада оқыту бүгінгі күнде де өзектілігін жоғалтпаған құнды мұраның бірі, қазақ публицистикасының дамуы мен сонымен қоса, ұлттық сананың қалыптасуында оның еңбектері ерекше орын алғандығы туралы баяндалады. Міржақып Дулатұлы еңбектерін зерттеу қазіргі қазақ қоғамының тарихи-мәдени болмысын тереңірек түсінуге жағдай туғызды

Тірек сөздер: публицистика, ұлттық сана, баспасөз, саясат, идея, азаттық.

ХХ ғасырдың басы – қазақ әдебиеті үшін өзгерістер мен жаңалықтарға толы кезеңдердің бірі болды. Осыған орай, біз Міржақып Дулатұлы қазақ публицистикасының негізін қалаушы тұлға екендігін оның еңбектері арқылы саралауды өз мақаламызда мақсат етіп отырмыз. Міржақып Дулатұлы публицистикалық мақалаларында ұлттық сананың оянуы мен Алаш қозғалысының қалыптасуы және дәстүрлі әдебиеттен жаңа бағытқа көшудің кезеңі байқалған

уақыт екендігін оның публицистикалық мақалаларынан анық байқаймыз. Абай Құнанбайұлы қалыптастырған жаңа әдеби жанрды жалғастырған Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев және тағы басқа да қаламгерлер ұлт тағдырына алаңдап, өз шығармаларын білім, азаттық секілді мәселелерді көтергендігі баршамызға мәлім.

Сол уақыт аралығында баспасөз бен әдебиеттің, публицистикасының маңызы арта түсіп, халықты ағарту саласы мен ұлттық бірегейлікті сақтау саласындағы тәуелсіздікке ұмтылу идеялары алға көтерілген болатын. Осы саланың басы-қасында Міржақып Дулатұлыда тұрды. Ол тек жазушы, ақын ғана емес, сондай-ақ қазақ публицистикасының негізін қалаушы, қазақ жұртының болашағы үшін алаңдаған қайраткер болды.

Міржақып Дулатұлының әдеби публицистикалық мұрасын ғылыми, идиологиялық сипатынан ғана емес, ақындық, жазушылық, публицистік шеберлік тұрғысынан зерттеу, зерделеу бүгінгі уақыт талабынан туындаған міндет екендігін жақсы білеміз.

Тұлғаның публицистикалық еңбектері сол кезеңнің өзекті мәселелерін қозғай отырып, халықтың саяси санасын оятуға бағытталған еді. Міржақып Дулатұлы – қазақ әдебиетінің қалыптасуында маңызды орын алып, еңбектері ұлттық ой-сананың қалыптасуында және қазақ баспасөзінің қарқынды дамуына қосқан үлесінің маңыздылығымен дараланады. Оның публицистикалық еңбектері қазақ жұртының мәдени, әлеуметтік, саяси мәселелеріне көптеп үлесін қосты.

Айталық, 1906 жылы «Серке» газетінде «Жастық шақ» поэмасы мен «Біздің мақсатымыз» атты мақаласы жарияланды. Ал, 1909 жылы Қазан жерінде «Оян қазақ» атты ең алғашқы өлеңдер жинағы басылып шығарылған болатын. 1913 жылдары «Қазақ» газетінде жарияланған «Жер аудару», «Қазақ жайлы», «Шәкірттер жайынан», «Земство һәм қазақ», «Мектеп-медреселер мәселесі» тағы басқа да мақалалық еңбектері ұлтының өмірі мен ел-тынысын жан-жақты бейнелеуге арналғаны айдан анық.

Дулатовтың негізгі публицистикалық шығармаларының тақырыптары әр алуан бағытты құрайды. Атап айтсақ:

Әлеуметтік мәселелер бойынша: публицистикалық еңбектерінде қазақ жерінің отарлануы, жер мәселесі, кедейшілік, халықтың тұрмыс жағдайы туралы тың тақырыптар қозғалған. Қаламгер осы секілді түрлі мәселелерді көтеру арқылы, қоғамның назарын аударуға тырысты. Дәлел ретінде «Серке» газетінде жарияланған «Қазағым менің, елім менің!» деп бастау алған «Біздің мақсатымыз» атты мақаласын және жеріне «Оян қазақ» деп ұран салған өлеңін мысалға ала аламыз. Сондай ақ, «Земство не нәрсе?» деген тақыриппен бірнеше мақалалар жариялаған болатын. Ол онда қазақ халқына пайдалы заңның бірі – земство екендігін нақты атап көрсетеді.

Ағартушылық көзқарастары: Міржақыптың творчествосы қазақ елінің бостандығы мен теңдігі жолындағы күресімен тығыз байланыста бола отырып, білімге, халықты оятуға, оқу-ағартуға үндеу жасағаны мәлім. Осындай позициялардың нәтижесінде «Оян қазақ» атауымен 1909 жылы кітабы жарыққа шыққан еді. Бұл еңбегінде саяси сарын басымырақ екендігін байқадық. Сондай ақ, азаттық қозғалысының саясатын берік ұстана отырып, халықты кеңінен тарту арқылы өз еңбегінде этикалық талаптарға көңіл бөле келе екі түрлі негізгі бағытын көрсетеді. «Алғашқы бағыты – азаттық жолындағы күрес идеясы, ерік бостандығы (хуррият), адамгершілік «инсаният), екінші бағыты – қайырымдылық (хайыр), мейірімділік (ихсан), және де көмек (жәрдем)» [1, 95 б.]. – деп жете атап көрсетеді.

«Қазақ» газеті қазақ баспасөзінің шынайы бастауына айналған болатын. Міржақып Дулатұлы Ахмет Байтұрсынұлымен бірге «Қазақ» газетін шығаруға атсалысты. Бұл газет сол замандағы ұлт-азаттық қозғалыстың басты насихат құралына айнала алды. Газет беттерінде саяси, білімге, бірлікке, мәдени мәселелерді көтере отырып тәуелсіздікке шақырды. 1913 жылдың қазан айында «Қазақ» газетінің алғашқы нөмірі жарық көре бастаған кезеңнен бастап қаламгердің қазақ қоғамындағы жер, земство, саясат, білім-ғылым тақырыбына байланысты мәселелері мен тарихи зерттеулері мен әдебиет сыны тақырыбында жазылған шығармаларынан-ақ өзіндік публицистік қолтаңбасы айқындала бастады. Ұлт үшін маңызды

мәселелерді талқылай отырып, қазақ қоғамының даму жолын көрсететін нақты ұсыныстарын келтіріп отырды. Ол жер мәселесін көтере отырып, қазақ даласындағы жерді тартып алу саясатының зардабын ашық жеткізді. Сонымен қатар, қазақ жастарының білім алуын басты міндеттердің бірі ретінде көрсетіп отырды. Ол қазақ халқының сауаттылығын арттыру арқылы ғана қоғамды алға жылжытуға болатынын түсіндірді. Атап айтсақ, «Үлгілі іс», «Торғайдағы мұсылманша оқу», «Торғайда орысша оқу», «Шәкірттер жайынан» атты мақалаларын атап өте аламыз.

Міржақып Дулатұлының «Қазақ» газетінде жарияланған мақалалар туралы Абай жазған жазба әдебиетіміздің негізін жаңғыртушы ұлы классик ретіндегі рөлін ғалым Қирабаев он томдық жинақта былай көрсетеді: «Әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кірпіш Абай сөзі, Абай аты боларға керек. ...қазақ халқына сәуле беріп, алғашқы атқан жарық жұлдыз – Абай.» [2, 354 б.], – деп көрсеткен.

Байқағанымыздай, Міржақып Дулатұлының публицистикалық стилі шыншылдық пен сараптала отырып нақты фактілермен, мысалдармен келтірілген. Оның публицистикасы қазақ қоғамының сол кезеңдегі басты проблемаларын айқын көрсету арқылы, ұлттық сана-сезімді қалыптастыруда үлкен орын ала алды. Оның еңбектері сол кезеңдегі Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов және тағы басқа да алаштықтардың шығармаларымен үндес болғанымен, өзіндік ерекше стильдік қолданысымен дараланады. Мысалға, «Оян қазақ!» еңбегі ұлттық үндеудің символына айналса, «Қазақ» газеттерінде жарық көрген мақалалардың қай-қайсысы болмасын сол дәуірдің нақты әлеуметтік мәселелерін шешуге бағытталады. Яғни, публицистикалық еңбектерінің теориялық және тәжірибелік маңыздылығын аңғартып отыр.

Дулатовтың негізгі публицистикалық шығармалары, әсіресе, Алаш қозғалысының контекстінде, қазақ қоғамындағы әлеуметтік және мәдени, саяси мәселелерін көтере отырып, қазақ тілінің байлығы мен әдебиетінің тереңдігін айқын аңғартып қана қоймай, сонымен қоса, ұлттық сана мен мәдениетінің қалыптасуында зор ықпалын тигізді. Міржақып Дулатұлының публицистикасын оқыту бұл ғылыми теориялық негіздерге сүйене отырып, қазақ халқының мәдениеті мен тарихын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді деп санаймыз. Міржақып Дулатұлының публицистикасындағы мәдениет пен тарихқа, білімге жазылған мақалаларын оқыту да өзекті мәселе болып табылады.

Оның публицистикасын оқытуда әдебиет емес, сонымен қатар тарих, педагогика және мәдениеттану салаларымен тығыз байланысты процесс. Оны оқыту барысында студенттер ұлттық сана-сезімді, мәдениетті және білім беру жүйесінің ерекшеліктерін тереңірек түсінеді. Дулатовтың шығармалары бүгінгі күнде де өзектілігін жоғалтпай, жастарға ұлттық құндылықтарды түсінуге құрметтеуге көмектеседі.

Қорытындылай келе, Міржақып Дулатұлының еңбектері әлі де толыққанды зертеуді қажет етеді, соның ішінде оның публицистикалық бағытта жазылған еңбектері терең зерттеуді күтіп тұр.

Міржақып Дулатұлы – қазақ публицистикасының негізін қалаушы ғана емес, сонымен қоса ұлттық сана мен тәуелсіздік идеяларының жаршысы. Қаламгердің публицистикалық мұрасы қазақ халқының рухани жаңғыруы мен тәуелсіздікке ұмтылу жолындағы маңызды қадам болып табылды. Міржақып Дулатұлы еңбектерін зерттеу қазіргі қазақ қоғамының тарихи-мәдени болмысын тереңірек түсінуге жағдай туғызды. Автордың идеялық ойлары мен өзектілігі әлі күнге дейін маңыздылығын сақтауда,сондықтан бұл бағыттағы зерттеулер, әрі қарай жалғасын табуы қажет деп есептейміз. Оның өткір тілді мақалалық жариялымдары сол дәуірді ғана емес, сондай-ақ бүгінгі күнде де өзектілігін жоғалтпаған құнды мұраның бірі. Қазақ публицистикасының дамуы мен сонымен қоса, ұлттық сананың қалыптасуында оның еңбектері ерекше орын алды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Әбдіқадырова Т.Р., Әбдімомынов Е.Б. Алаш және ұлт әдебиеті «ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті). Оқу құралы. – Тараз, 2017. – 308 б.

2. Қирабаев С. және т.б. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 6-том. (XX ғасырдың басындағы әдеби процестер) Алматы: ҚАЗақпарат, 2006 –610 б.

3. Қайрат Р. Алаштың арда ұлдары: мақалалар мен зерттеулер. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020. – 112 б.

4. Әбсемет М., Дулатова Г. Міржақып Дулатұлы шығармалары. 1 том. Алматы: Ғылым, –1996ж.

5. Отарова А. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті: Оқу құралы. – Ақтау, 2011. – 91 б.

ӘОЖ 81-139

Абдраимова Шолпан Омирбековна
Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Ы. Алтынсарин атындағы
49 мектеп-гимназиясы директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Тараз қ. Қазақстан
sholpanabdraimova@mail.ru

ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ МЕН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИННОВАЦИЯЛАР: ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ

Аннотация. Мақалада оқыту технологиясының мәні, оның құрылымы және қазіргі білім беру жүйесіндегі рөлі қарастырылады. Педагогикалық технологиялардың мазмұны, әдістері мен құралдарының өзара байланысы мен олардың тиімділігіне әсері талданады. Сонымен қатар, инновациялық әдістердің оқыту үдерісіндегі маңыздылығы, мұғалімдердің кәсіби дамуы және білім беру сапасын арттырудағы рөлі көрсетілген. Білім беруде жаңа технологияларды қолданудың маңыздылығы, оның тиімділігі мен болашаққа бағытталуы туралы баяндалады.

Тірек сөздер: оқыту технологиясы, педагогикалық инновация, интерактивті әдістер, инновациялық үдеріс, деңгейлеп-саралап оқыту, білім беру жүйесі.

Оқыту технологиясы – алға қойған мақсатқа жетудің тиімділігін қамтамасыз ететін оқытудың әдіс- құрал және түрлерінің жүйесі арқылы оқыту мазмұнын жүзеге асыру жолы. Сөйтіп оқыту технологиясында мазмұн, әдіс және құралдардың өзара байланысы мен себептілігі жатыр, ал қажетті мазмұнды, тиімді әдістер мен құралдарды бағдарлама мен қойылған педагогикалық міндетке сәйкес іріктей білу мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне байланысты. Барлық берілген анықтамалардан біз “технология”- techne – өнер, шеберлік және logos – ғылым, заң, бір сөзбен айтқанда технология дегеніміз–шеберлік (өнер) туралы ғылым екенін көреміз. Жалпы алғанда, оқу мазмұнының мақсаты оқушының қабілеттілігі мен табиғи алғырлығын, ынтасын дамыту, мүддесі мен қызығушылығын жүзеге асыруын қамтамасыз ету, шығармашылық ойын қалыптастыруға қажетті білім, білік және дағдылармен қаруландыру арқылы кез–келген салада қызмет етуге және тез өзгеріп отыратын заман талабына бейімделе алатын түлекті тәрбиелеу.

Еліміз егемендік алған алғашқы жылдарынан бастап білім беру ісіне аса мән берілуде. Бүгінгі ғаламдастыру дәуірінің талабына сай білім беру бары- сында оқушының жеке тұлғасын жан-жақты жетілдіруге, олардың танымдық әрекетін дамытумен қатар ғаламдық ой-санасын қалыптастыруға ерекше на- зар аударылуда.

Әрбір мемлекеттің алдына қойған мақсаты мен мұраты тарих сахнасы- нан өзіндік орнын ала отырып, өркениетті елдердің қатарына қосылу болса, сол экономикасы жақсы дамыған елдердің басты жетістіктері олардың қазба байлықтарының көптігі немесе жер көлемінің үлкендігінде емес, сондағы байлықты өз орнымен игере білуінде. Бұл қажеттілікті қанағаттандыру үшін ел ертеңі бүгінгі жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беруге бүкілхалықтық дәрежеде мән беру-қазіргі таңдағы үлкен мәселе.

Қазіргі заманғы мектепте нақты педагогикалық қызметте іске асыруға болатын орасан

зор педагогикалық тәжірибе жинақталған, бірақ олардың бәрі бірдей қолданыла бермейді, өйткені көптеген мұғалімдер мен басшы- ларда ол тәжірибені зерттеу және қолдану қажеттілігі қалыптаспаған, сол сияқты ол тәжірибелерді талдау мен талдаудың дағдысы мен іскерлігі жетісе бермейді. Мұғалімдер нақты іс-әрекетінде өзінің, сол сияқты әріптесінің де педагогикалық тәжірибесіне талдау жасаудың қажеттілігіне мән бермейді. Осы бағытта мұғалімдердің инновациялық білім прогресіне бет бұруы көзделуде.

Педагогикалық технология ғылым мен тәжірибенің арасынан аралық орын алады. Осы мәселені зерттеушілердің бірі Н.Ф. Талызина "Ғылым мен тәжірибенің арасында айрықша ғылым болуы тиіс, ол арқылы ұстанымдар, әдістер дүниеге келіп, олардың қолданылу жүйесі анықталуы керек" , – деп жазды. Оқыту технологиясы оқыту теориясын бейнелейді және оқытудың технологиялық деңгейін көрсететін стратегиясы мен тактикасы болып табылады [1].

«Педагогикалық технология» терминін қолдана отырып, көптеген авторлар оған оқу үрдісі мен оқыту құралдарын байланыстырады. Сонымен қатар, оқыту үрдісінің тиімділігін қалай көтеру керектігі де күн тәртібінен түскен емес. Сөз жоқ, оқытудың жаңа технологияларының тәжірибеге енуі оқыту тиімділігінің артуына ықпалын тигізеді.

Педагогикалық технология ұғымы үш деңгейде қолданылады. Жалпы педагогикалық – педагогикалық жүйе ұғымының синонимі оған мақсат мазмұн оқытудың құралдары мен әдістері оқыту процесін субьектілері мен обьектілерінің әрекет алгоритімі кіреді. Салалық-бір пән шеңберіндегі оқыту тәрбие мазмұның жүзеге асыруға негізделген әдістер мен құралдар жиынтығы.

Локальдық (модульдік)-жеке әрекеттер технологиясы ұғымды қалыптастыру, дара қасиеттерді қалыптастыру және дамыту сабағының технологиясы жаңа материалды меңгерту технологиясы, қайталауды және бақылауды ұйымдастыру технологиясы, жеке жұмысты ұйымдастыру технологиясы.

Жалпы инновациялық білім прогресінің негізіне педагогиканың екі маңызды проблемасы жатыр:

– педагогикалық тәжірибені оқыту проблемасы;

– психологиялық-педагогикалық ғылым жетістіктерінің практикасына дейін жеткізудің проблемасы.

Білімдегі иновациялық процестің нәтижесі теория мен практиканың тоғысында пайда болатын – теориялық та, практикалық та жаңалықтарды пай- далану. Жаңа технологияның басты мақсаттарының бірі баланы оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру. Инновациялық технологияны пайдалану – өмір талабы. Міне, сондықтан жеке тұлғаны оқыту мен дамытудағы белгілі әдістердің рөлін бағалай отырып, қоғам дамуының әр кезеңінде адам ақыл – ойының «терең қайнарына бойлай алатын» әдістерді пайдалану жолындағы ізденістер мен ұсыныстар бүгінгі таңда өзекті деп санау қажеттігін айту керек. Қазіргі таңдағы еліміздегі білім беру жүйесіндегі ең басты міндеті – білім берудің ұлттық модуліне көшу арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу. Қазіргі заман талабына сай пән оқытушысы ғана болу аз, оқытушы – ұстаз, инноватор, иннотехник болуы тиіс.

Мұғалім иннотехник дәрежесіне көтерілу үшін инновациялық технологи- яларды меңгеру керек, содан кейін пән бойынша қандай тақырыпқа пайдалану керектігіне тиімді зерттеу жүреді. Яғни әрбір инновациялық технологиялар- ды меңгереді, содан кейін меңгерген технологияларды апробациядан (сабақ барысында қолдану) өткізеді, мұғалім талдау жасай отырып, тақырыпқа сай технологияны таңдайды. Оқытушы білім алушының табиғи дарын, қабілетін ашу жас ерекшелігін ескере отырып, технология элементтерін тиімді пайда- лана алу керек.

Инновация дегеніміз – бұл лабораториялық емес жаңа идеяны бірінші рет жүзеге асыру, ғылым жүзінде пайда болса да практикада негізделген. Жаңалық енгізу – мекемеге, ұйымға жергілікті аймақтық, мемлекеттік меке- мелерге енгізілген үлгіге бағытталған.

Инновация – кез келген жаңалық немесе жаңалықты енгізу ғана емес, бұл бүгінгі қолданыстағы білім жүйесінің тиімділігін арттыра- тын үдеріс. Инновациялық іс-әрекет –

білім берудің кез келген деңгейінде инновациялық үдеріспен қамтамасыз ететін шаралар кешені және үдерістің өзі. Педагогикалық инновация білім беру жүйесін қайта құру, жетілдіру, модификациялау, өзгертуге байланысты немесе оның белгілі жақтарын, қасиеттерін және аспектілерін (жаңа заңнамалық акттерді, құрылымдарды, тұжырымдамаларды және интеграциялық байланыстарды және т.б.) жасақтау. Инновациялық үдеріс ұйымның мақсаты, құрылымы, міндеттері, технологиясы және адам ресурстарын қамтиды.

Интерактивтік оқу технологиясы (ИОТ) – деп нәтижесінде оқу әрекеті ба- рысында олардың өзара мотивациялық, интеллектуалдық, эмоциялық және басқа да жақтарынан жетістіктерге жетуді сезіну ситуациясын тудыра алатын, білім алушыларға педагогикалық әсерлі танымдық қарым – қатынас құруға кепілдік беретін, оқытушы мен білім алушының іс – әрекетін оқу – ойындар түрінде ұйымдастыру тәсілдерін айтамыз.

Оқудың интерактивті әдістерінің үлгісі:

«Ми шабуылы», «ми штурмы» («дельфи» әдісі) – бұл әдіс, берілген сұраққа кез келген оқушы жауап бере алатын әдіс. Маңыздысы айтылған көзқарасқа бірден баға қоймау керек, барлығын қабылдау қажет және әрқайсысының пікірін тақтаға немесе парақ қағазға жазған дұрыс. Қатысушылар олардан негіздеме немесе сұраққа түсініктеме талап етілмейтінін түсінулері керек. «Ми шабуылы» хабарландыруды анықтау керек болғанда және қатысушыларының белгілі сұраққа қатынасы кезінде қолданылады. Жұмыстың бұл нысанын кері байланыс алу үшін қолдануға болады.

Инновациялық іс-әрекеттің негізгі функцияларына педагогикалық үдерістің компоненттерінің өзгерістерін енгізеді: мақсаттары, білім беру мазмұны, оқытудың формасы, әдістері, тәсілдері, технологиялары, басқару жүйесі және т.б. Сонымен бірге барлық зерттеушілер инновацияны инновациялық стихиялы ізденіс ретінде қарастырмау керек деген пікірге ке- леді, себебі инновация – мақсатты бағытталған, саналы өзгеріс.

Біліктілікті арттырып тәжірибеге араласқаннан кейінгі мұғалімдердің дәстүрлі оқыту әдістемесіне көшіп кетпеуі үшін мектепішілік, аудандық, қалалық, облыстық, республикалық әдістемелік қолдау мен біріккен әрекетті жүйелі жүзеге асыру маңызды. Бүгінде желілік қоғамдастықтар, әртүрлі формада тәжірибе алмасулар, ортақ ойды ортаға салатын басылымдар, іс- тәжірибені тарату жұмыстарының жүйелі жүзеге асырылуда. Бұл өз кезегінде мұғалімге кәсіби қолдау, даму, кәсіби құзыреттіліктің арттыру қолайлы фак- торлары болып табылады.

Осылайша, оқыту технологиясының әдіснамалық қызметі жалпы стратегиялық үлгі– оқытуды жобалау, ұйымдастыру және жобаны жүзеге асыру арқылы анықталады. Оқыту бағдарламасы оқыту–педагогикалық қызметтің жобасы ретінде төмендегі арнайы ерекшеліктерге ие:

- әлі пайда болмаған обьектілерді бейнелейді;
- ең болмағанда нормативті түрде жүзеге асырылған болуы мүмкін;
- сәйкес іс-әрекеттің орындалуының қолайлы деңгейін белгілеп отыратындықтаннормативті болып табылады .

Бұл ерекшеліктерді оқыту технологиясының дамытушылық қызметі сияқты өзіндік ерекшелігімен толықтыруға болады. Технологияның бұл сипаты дәстүрлі оқыту барысында жеткілікті дәрежеде көрінбейді, бірақ жаңа технологияның маңызды белгісі болып табылады.

Оқыту мен тәрбиелеуді технологияландырудың келесі бір әдіснамалық бағдары іс-әрекеттік ықпал болып табылады, себебі білім беру процесінің негізі іс-әрекет. Соңғы кезде педагогикада білім беру жүйесі бөліктерінің мақсаты, мазмұны, әдіс түрлері мен оқу құралдарының бірлігі туралы түсінік берік қалыптасқан.

Білім берудің жаңа мазмұнын оқу үрдісіне енгізуде қазақстандық ғалым Ж. Қараевтың саралап оқыту технологиясына сүйенсек, тұлғаның танымдық қабілетін дамытуға, байқампаздыққа жетелеуге ерекше көңіл бөлінеді Деңгейлік тапсырмалар барлық оқушыларға әзірленеді. Ұжымдық жұмыста өзі оқи отырып, өзгені оқыту жүзеге асырылады. Талантты балалар қабілетін, икемділігін арттырып, әлсіздер сенімсіздіктен арылады. Олардың оқуға деген ынтасының артуы білім дәрежесінің жоғарылауына әсер етеді. Үздік оқитындар терең

білім алып, үлгермеушілерге көмектесуге мүмкіндік жасалады. Деңгейлері бірдей оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуде қиындық кездеспейді [2].

Тестілеу – оқушылардың білімін бақылаудың бір түрі. Тест – ағылшын тілінің /испытание/ сынау деген сөзінен шыққан. Өтілген тақырыпты тұлғаның қаншалықты дәрежеде меңгергенін анықтауда тест әдісі тиімді. Ашық тест сұрақ пен жауабы араластырылып беріледі. Өтілген тақырыпты есіне түсіре отырып, оқушы жауабын белгілейді. Тапсырманы жылдам орындайтын қабілетті оқушылармен жабық тест өткізуге болады. Жабық тест бойынша сұрақ қойылғанымен жауабы көрсетілмейді, оқушының ойлау қабілетін дамыту көзделіп, шешуін өздеріне тапқызу талап етіледі.

Деңгейлеп – саралап оқыту барысында жеңілдеп ауырға қағидасына сәйкес қорытындылау, жинақтау жұмысын тіл дамыту – ой дамыту немесе бақылау жұмысын, тест, (анкета) сауалнама әдісін, ойын түрлерін пайдалану – мұғалімнің шеберлігіне байланысты жүзеге асады. Деңгейлеп – саралап оқыту технологиясы әр оқушыны қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне орай оқыту мақсатын көздейді. Мықтылар өз қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне орай оқыту мақсатын көздейді. Мықтылар өз қабілеті мен икемін бекіте түседі, әлсіздер өзіне сын көзімен қарауға дағдыланып, сенімсіздіктен арылып, белсенділігі артады. Күшті топтарда оқуға деген құлшыныс ұлғайып, білім дәрежесі деңгейлес топтарда оқу жеңілдейді.

Қорыта келе, әдістеме – оқу үрдісін ұйымдастыру мен өткізуге берілетін ұсыныстар жиынтығы. Ал, педагогикалық технология – мүлтіксіз орындалуы белгілі бір жоспармен нәтижеге жеткізетін реттелген әрекеттер жүйесі. Педагогикалық технология мынадай екі негізгі кезең арқылы сипатталады: түпкі нәтижеге кепілдік және болашақ оқу үрдісін жоспарлау. Бұдан мынадай қорытынды жасауға болады: педагогикалық технология мұғалімнің кәсіптік қызметін жаңартатын және межеленген түпкі нәтижеге кепілдік беретін іс әрекеттер жиынтығы. Оқу үрдісін технологияландыру және оны жүзеге асыру мұғалімнің кәсіби сапасын көтеріп, оны жоғары дәрежелі нағыз маман ретінде қалыптастырады, шығармашылық қабілетін арттырады, сонымен бірге оқушының жан-жақты дамуына игі әсер етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Талызина Н.В. Современная высшая школа.-М.,1977. –т.1.-1.94.
2. Қараев Ж.А. Мектепте оқытудың педагогикалық жүйесін жетілдірудің әдіснамалық негіздері. // Бастауыш мектеп. – 1996.-№ 7.

ӘОЖ 821.512.122

Абдықадырова Т. Р.

(М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы)

Заурбекова М. М.

(М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті, 6В01700 – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламасының 4-курс студенті)

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР БЕЙНЕСІ

Аннотация. XX ғасырдың басындағы қазақ прозасындағы өзіміз қамтыған шығармалардың қоғамдағы рөлі, салмағы туралы баяндалады. Салт-дәстүрлердің табиғатының қатал қалпын көрсету сол заманның қажеттілігі ретінде көрініс тапты. Сонымен қатар, проза жанрына жататын ертегілер, аңыз әңгімелер де ұрпақтан-ұрпаққа ауызша тараған, яғни мирас, әдеби мұра болған.

Тірек сөздер: цензура, салт-дәстүр, проза, поэтика, сана, капитализм.

XX ғасыр – өзгерістердің жаршысы іспеттес. Олай болатыны, қазақ елінің тарихында

Ресейдегі Қазан төңкерісінен кейін қоғамдық-саяси өмірде үлкен өзгеріс орын алған. Тарихта жазылып жүргеніндей, Қазақстан феодализмнен социализмге топ ете түсті. Капитализмге соққан жоқ. Осының өзі-ақ қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне елеулі әсер еткен.

ХХ ғасыр басындағы әдебиетте халықтың сана-сезімін ояту деген ұғым алға тартылды. Санамыздың ұлттық қалпын дамыту негізінде алаштық идеяның өрістеуі басты назарға алынды. Елдің дамуы үшін арнайы жұмыстардың қалпын жоғарылату деген сұрақтың айналасында зерттеулер жүргізілді. Социалистік реализм ұғымы ұлттық сипатымыздың төмендеуіне алып келді. Сонымен қатар әйел тақырыбы шығармалардың басты идеясын танытуға қызмет етті. Оны қалай түсінсе болады? Мақаланың мақсатының өзі әйелді тәрбиенің берілу негізін көрсететін құндылықтарға толы құрал деп таниды. Жазушылар, ақындар өз туындыларында ұлттық құндылықтарды бере отырып, келешек ұрпақты тәрбиелеуге әрекет еткен. Цензураның әсерінен кез келген шығармада берілген құндылықты тану сыни тұрғыдағы ойлауды қажет етеді. Зиялы өкілдер еңбектерінде белгілі мәселелерді көтере отырып, сана-сезімнің оянуына әсер еткісі келді. «Жалпы ХХ ғасыр басындағы әдебиетке тән тағы бір ерекшелік – әлеуметтік-саяси мәселелерді көп көтергендігі» [1, 39 б.]. Елдің бірлігін басты орынға қоя отырып, сол кезеңнің ақын, жазушылары ортақ тақырып айналасында еңбектер жазды. Мысалы, Спандияр Көбеевтің «Қалың малы», М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамалы», С.Торайғыровтың «Қамар сұлуы», М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні» және т.б. Аталған шығармаларда әйел мәселесі айрықша көтеріледі. Салт-дәстүрлердің табиғатының қатал қалпын көрсету сол заманның қажеттілігі ретінде көрініс тапты.

Әдебиет – өмір айнасы. Әдеби шығармаларда өмірде болып жатқан өзгерістер, сол кезеңдегі оқиғалар, белгілі бір кезеңге тән жай-жағдайлар көрініс табады. Әрине, оған саясаттың салқыны тиетіні сөзсіз. Ол міндетті түрде шығарма авторының ұстанған бағытына ықпал етеді. Оны сол кезеңде дүниеге келген шығармалардың мән-мағынасынан аңғару қиын емес.

Қазақ ауыз әдебиеті – өте бай. Мысал өлеңдер, қиссалар, жырлар, дастандар, айтыстар және осындай поэтикалық үлгідегі әдеби жанрларда дүниеге келген шығармалар халқымыздың өте дарынды, ерекше қабілетті, талантты, ой-өрісі кең, жан-жақты екенін көрсетеді. Басқасын былай қойғанда, жоғарыдағы аталған шығармалардың бәрі ұрпақтан-ұрпаққа ауызша беріліп отырған. Ауыз әдебиеті деп атануы да сондықтан. Не деген жады берік, ойлау, есте сақтау, жаттау қабілеті мықты халық!

Сол замандардағы проза жанрына жататын ертегілер, аңыз әңгімелер де ұрпақтан-ұрпаққа ауызша тараған, яғни мирас, әдеби мұра болған.

Біз тақырыбымызға арқау етіп отырған ХХ ғасыр басындағы қазақ прозасына жататын шығармалар жазба түрінде дүниеге келген. Жазушы – өз заманының суреткері. Оның шығармасы – сол заманның шынайы шындығы.

Біз бұдан бұрын қазақта жазбаша дүниелер болмаған деуден аулақпыз. Өйткені, хан сарайларында жылнамашылар болған. Олар әулет тарихын, әр билеуші тұсында болған тарихи оқиғаларды, билеушінің өмірбаянын қағазға түсіріп отырған. Бұлар хаттама сипатында болғанымен, ара-арасында оқиғаны бейнелеп көрсету, адамдардың түр-тұлғасын суреттеу, іс-әрекеттерін баяндауда әдебиетке бір табан жақындық байқалады.

Ал қазақ әдебиетінде проза жанрының жазбаша қалыптасуы ХХ ғасырдың басында бастау алғаны рас. Оның көшбасында Спандияр Көбеевтің «Қалың мал», Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамал», Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қамар сұлу», «Кім жазықты» романдары тұр. Оқиғаның баяндалуы мен ауқымына қарай бұл шығармалар әдебиеттің роман жанрына жатқызуға әбден-ақ лайық. Сол сияқты, Бейімбет Майлиннің «Шұғаның белгісі», «Күлпаш», «Раушан коммунист», Сәкен Сейфуллиннің «Айша», Мұхтар Әуезовтің «Қорғансыздың күні», «Қараш-қараш оқиғасы» әңгімелері ХХ ғасырдың 30-жылдарына дейін жазылған прозалық шығармалар санатына жатады.

Бұлардың көпшілігіне әйел теңдігі мәселесі арқау болған. Мысалы, Спандияр Көбеевтің «Қалың малындағы» Ғайша, «Бақытсыз Жамалдағы» Жамал, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қамар сұлуы» мен «Кім жазықтысындағы» әйелдер бейнелерінен әлеуметтік

теңсіздіктің құрбаны болып бара жатқандарды көреміз. Олар – ескі заманның, феодализм сарқыншақтарының көзқарасындағы билеп-төстеушілердің, байлардың зорлықшыл, теріс әрекеттерінің салдарынан асқақ армандары әдірә қалғандар. Осы шығармалардың авторлары әділетсіз қоғамда ескіліктің құрбанына айналғандардың аянышты тағдырларын көркем суреттеп, шебер баяндай отырып, ескілікке, іріп-шіріп бара жатқан қоғамға, әділетсіздікке үкім айтты. Жаңаны жақтады.

Дегенмен, біз осы шығармалар кейіпкерлерінің әрекеттерінен сілкіністі оянуды, жарыққа талпынуды аңғарамыз. Біз социалистік реализм деп отырған дәуірдегі шығармалар шындығы осы.

Бұл туындылардағы әділетсіздік құрбаны болған қыздар – біреулердің әлпештеп өсірген қыздары. Бірақ, сүйгендеріне қосыла алмай арманда. Оған екі жақтың ата-анасының әлеуметтік мәртебесі, яғни бай немесе кедей болуы кедергі. Міне, әлеуметтік теңсіздік дегеніміз осы. Осы арқылы авторлар ауыл өмірін суреттеп, жаңа келген, қазақ қауымының өміріне ене бастаған кеңестік идеологияны – бостандық, теңдік әперушілердің идеологиясын насихаттайды. Бостандық, теңдік деген жақсы-ау, бірақ халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын түгелдей теріске шығаруға болмайды ғой. Кеңестік сұрқия саясат олардың жақсысын да, жаманын да қоғамға жат етіп көрсеткен. Шығармашылық иелері соның сорабына түсіп кеткенін де жоққа шығара алмаймыз. Социалистік реализмнің әсерінен әсіребаяндау, әсіресуреттеу болғанын да өмір көрсетіп отыр. Соның салдарынан асылымыздан айырылып қала жаздап, жоғалтқандарымызды іздеп тауып, ұлттық салт-дәстүрлерімізді жаңғыртып жатқанымыз қуантады. Бұл жерде ұлттық идеология берік, ұстамды, мықты болуы керек. Онсыз жаһанданудың жұтқыншағына жұтылып кетуіміз ғажап емес.

ХХ ғасырдағы шығармалардың жарыққа шығуына түрлі кедергілер әсер еткені белгілі. Тұлғалардың әр заманды құндылық ретінде танып, ерекшеліктерін кейіпкер, оқиға, сюжет арқылы беруі оқырманды толғандыруға, сыни түрде ойлануға әкелетіні сөзсіз. Мәселен, «Қорғансыздың күні» шығармасындағы кейіпкерлер, әр ұғым поэтикалық жүйеде берілген. Ең негізгісі – әйелдің тәрбие тетігі екендігі. Үш түрлі кейіпкердің жас ерекшеліктері арқылы заманның әр кезеңі көрінген: өткен шақ – кемпір; қазіргі шақ – соқыр әйел; болашақ – Ғазиза. Осындай түрлі ішкі, сыртқы детальдар арқылы шығарманы тану біздің басты бағытымыз болуы керек. «Тұтастай алғанда, ХХ ғасырдың басында әдебиет жаңа сипаттармен толысып, ұлттық сананың сара көрінісіне жол ашты» [2, 7-8 б.]. Жаңа келбеттерді тану арқылы оқырман сыни ойлай отырып, ізденуге талпынуы тиіс. Кез келген автордың шығармасын оқу барысында оның жазған мақалаларымен де таныс болу керек. Сол арқылы автордың қай заманды айтып отырғандығына, ол кезеңде қандай мәселелер орын алғандығына, негізгі ойды қайдан іздеу керек екендігімізге жауап табылады. Мұхтар Әуезовтің «Қырдағы елге», «Қазақ қызметкерлерінің міндеті» және т.б. мақалаларын оқу арқылы шығарманың негізгі айтар ойын танысақ болады. Байқағанымыздай, әр шығарма өзіне тән шақ үлгісінде жазыла отырып, қазаққа тән тәрбие, намыс, бауырмашылдық, ұлттық сана сынды элементтерді береді. Қазақ екі түрлі фактормен дамитыны хақ. Оның бірі тәрбие – әйел; қорған – ер.

Біз тақырыпқа тұздық етіп отырған ХХ ғасыр басындағы (1933 жылдарға дейінгі) қазақ прозасында қоғамдағы жаңашылдық, сілкініс, тәуелсіздікке талпыныс та көрініс тауып жатады. Біз Бейімбет Майлиннің «Шұғаның белгісі», «Күлпаш», «Раушан коммунист», Сәкен Сейфуллиннің «Айша», Мұхтар Әуезовтің «Қараш-қараш оқиғасы» атты шығармаларынан осыны анық аңғарамыз. «Шұғаның белгісіндегі» Әбдірахман – осы санаттағы кейіпкер. Әттең, Шұға оны көре алмай, құсадан қайтыс болғаны өкінішті! Күлпаш – 1920 жылы қазақ елін жайлаған ашаршылықтың құрбаны болғандардың жиынтық образы. Раушан – әйел теңдігін ту еткен белсендісі. Феодализм сарқыншақтары оның да аяғынан шалып, кедергі келтіріп баққан.

Сәкеннің бірбеткей, қайсар, күрескер Айшасы ескіліктің құрбаны болудан қашып, Нілді зауыты жұмысшыларына барып паналаған.

4. Пузатых А.Н. Использование голосовых помощников в изучении английского языка / психология образования в поликультурном пространстве. – 2020. - №4 (52). – С. 18-20.

5. Pearl C. Designing Voice User Interfaces. O'Reilly Media, 2016.

ӘОЖ 811

Алиева А.А.

(Жамбыл облысы Байзақ ауданы Көктал орта мектебінің «Орыс тілі» пәнінің мұғалімі)

ОРЫС ТІЛІ – ОРТАҚ ТІЛ

Аннотация. Бұл мақалада орыс тілінің көпұлтты қоғамдағы орны мен оның ортақ

қарым-қатынас құралы ретіндегі маңызы жан-жақты қарастырылады. Орыс тілі – көптеген халықтарды біріктіретін, мәдени, ғылыми, экономикалық және халықаралық қатынастарда кеңінен қолданылатын маңызды тілдердің бірі. Тарихи тұрғыдан алғанда, орыс тілі посткеңестік кеңістіктегі халықтар арасындағы байланысты нығайтуда шешуші рөл атқарды. Мақалада орыс тілінің білім беру жүйесіндегі, ғылым мен технология саласындағы, сондай-ақ көптілділік жағдайындағы маңызы талданады. Сонымен қатар, тілдік саясат, жаһандану үдерісі және қазіргі қоғамдағы орыс тілінің мәртебесі қарастырылады. Көпмәдениетті қоғамда орыс тілін меңгерудің коммуникативтік, әлеуметтік және экономикалық артықшылықтары сипатталады. Сонымен бірге, орыс тілінің болашағы, оны оқыту әдістері және өзге тілдермен ықпалдасу мәселелері талқыланады.

Тірек сөздер: орыс тілі, ортақ тіл, көптілділік, қарым-қатынас құралы, мәдениетаралық байланыс, тілдік саясат, жаһандану, халықаралық қатынастар, тілдік интеграция, білім мен ғылым.

Қазақ халқы достық пен ынтымақ қадірін ерте ұққан. «Ырыс алды – ынтымақ», «Досы көпті жау алмайды, ақылы көпті дау алмайды» деген сияқты көптеген нақыл сөздер төркінінде үлкен бір арманға толы желі жатыр, яғни ол үлгі, өнегесі мол іргелі елмен достық қарым-қатынаста болуды әуел бастан-ақ мақсат еткен. Бірақ санқилы тарихи дүрбелеңнің кесірінен халқымыздың бұл арман-мүддесі көпке дейін жүзеге асқан жоқ. Ал ізгі достықты өмірлік қағидаға айналдырған халқымыз осыдан 250 жыл бұрын ұлы орыс елімен тағдырын мәңгі байланыстырды.

Міне сол XVIII ғасырдың басында негізі қаланған достық пен ынтымақ совет дәуірінде тамырын терең жайды.

Республикамыздың бүгінгі болмысына көз жіберейікші. Жүзі жарасып, жұлдызы жанған жүз ұлт мекені – Қазақстанды, бейнелеп айтсақ, достық деп аталатын мәуелі бәйтеректің құлпыра түскен бір берік бұтағы дер едік. Советтік ұлы Отанымыздың алып дастарқанын түрлендіре толтырып отырған Қазақстан астығын бүгінде кім білмейді?! Тегістік пен төскейді жайлаған алалы жылқы мен ақтылы қойын қайтесің! Кең-байтақ өлкеміздің кез келген жерінен бой көтеріп, көк түтіні көкке шалқыған завод, фабрикалар мұржалары нені айтады?! Ғарышпен тілдесіп, алты қат аспанның аржағынан сыр тартып жатқан Байқоңыр космодромы, өркендеген өнеркәсіп пен алға басқан ауыл шаруашылығының жетістіктері, гүлденген мәдениет пен өнер жемістері – бәрі-бәрі сүйікті Коммунистік партияның дана басшылығы арқасында іске асып отырған ұлы достық пен ынтымақтастықтың нәтижесі.

Ендеше халқымыздың тарихында айрықша орын алған Қазақстанның Россияға өз еркімен қосылуының 250 жылдық мерекесі де – сол достықты мадақтайтын мереке.

Бүгінгі таңда ғылымы мен мәдениеті бұрын-соңды болмаған дәрежеде

Тіл – табиғаттың адам баласына тартқан ғажап сыйы, адамдардың аса маңызды қатынас құралы. Әлемдсгі ондаған, жүздеген ұлттың өкілдері саналуан тілдерде сөйлейді және де солардың әрқайсысы өзінің ана тілін қашан да мақтаныш тұтады. Алайда кейбір ұлт тілдері белгілі бір жағдайға және әлеуметтік себептерге байланысты бір ғана ұлттың тілі болу шеңберінен шығып, бүкіл адамзаттың рухани игілігіне айналады. Ұлы орыс тілі дүние жүзіндегі осындай тілдер қатарына жатады. Әсіресе орыс тілінің қазіргі замандағы тарихи қызметі және оның көп ұлтты Совет мемлекетінің жағдайындағы ұлтаралық қатынас құралы ретіндегі рөлі айрықша зор.

В. И. Ленин орыс тілін қалың бұқараға озық идеяларды, дүние жүзінің мәдени байлығын таратудың қуатты құралы деп санап, көп ұлтты Совет мемлекеті жағдайында бұл тілдің мол мүмкіндігін пайдалана білуге, еңбекші тапты оны үйренуге шақырды. Кемеңгер көсем былай деп жазды: «Тургеневтің, Толстойдың, Добролюбовтың, Чернышевскийдің тілінің ұлы да құдіретті тіл екенін біз жақсы білеміз. Біз Россияны мекендеп отырған қандай да болсын барлық ұлттардың езілген таптарының арасында мүмкіндігінше неғұрлым тығыз қарым-қатынас және туысқандық бірлік орнауын... көбірек тілейміз. Сондықтан біз, әлбетте,

Россияның әрбір тұрғынының ұлы орыс тілін үйренуге мүмкіндік алуын жақтаймыз» (Шығармалар толық жинағы. 24-том. 316-317 беттер). Ұлы көсемнің осынау көреген сөздері бүгінде ақиқатқа айналып, орыс тілі рухани қазынаның қайнар көзі болып отыр. КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары Л. М. Брежнев жолдас 1979 жылы Ташкент қаласында «Орыс тілі – СССР халықтарының достығы мен ынтымақтастығының тілі» деген тақырыпта өткізілген Бүкілодақтық ғылыми-теориялық конференцияға қатысушыларға жолдаған құттықтауында лениндік ұлт саясатын дәйекті жүзеге асыру нәтижесінде еліміздің барлық одақтас және автономиялы республикаларында, автономиялы облыстары мен округтерінде мәдениетті, ғылымды, халыққа білім беру ісін дамытудың жемісті процесі жүріп жатқанын, бұл істе СССР-дің барлық ұлттары мен халықтарының тілдері аса маңызды роль атқарып отырғанын, тең праволы және емін-еркін дами отырып бірін-бірі байыта түсу арқылы олар социалистік мазмұнның мызғымас ортақтығы арқылы гүлденген ұлттық мәдениеттердің прогресіне қызмет етуде екенін айтқан болатын. Ол осы құттықтауында былай деді: «Біздің еліміздің экономикасы біртұтас халық шаруашылығы комплексіне айналған, адамдардың жаңа тарихи қауымдастығы – совет халқы пайда болған кемелденген социализм жағдайында коммунизм құрылысындағы жаңа адамды тәрбиелеудегі ұлтаралық байланыс тілі ретінде орыс тілінің рөлі объективті түрде арта түседі. Ана тілімен қатар, барлық совет адамдарының ортақ тарихи игілігі ретінде ерікті түрде қабылданған орыс тілін де еркін меңгеру совет халқының саяси, экономикалық және рухани бірлігін онан әрі нығайтуға көмектеседі» («Ленин жолымен», 8-том, 47-бет).

Ұлы Отанымыздың керемет кескін-келбетін бүгінгі көп ұлтты Советтік Қазақстан болмысынан да айқын тануға болады. Қазіргі Қазақстан туысқандық пен достықтың тамаша бір лабораториясы сияқты. Өйткені орыс тілін мұнда 100-ден астам ұлт пен халықтың өкілдсрі ұлтаралық қатынас құралы ретінде қолданады. Соның ішінде қазақ халқы да еліміздің басқа халықтары сияқты, орыс тілін, ұлы Лениннің тілін, өрелі мәдениет пен өрісті әдебиет жасаған ұлы ұлттың тілін, достық пен туысқандықтың, ғылым мен цивилизацияның тілін тарихи қысқа мерзім ішінде аса жақсы меңгергенін шынайы қалтқысыз көңілден мақтан тұтады.

Осынау өскендікті республикамыздың кемеліне келген ғылымынан, мәдениетінен, әдебиеті мен өнерінен, қысқасы оның күнделікті өмірінің барлық саласынан айқын көреміз. Қазақстан жазушыларының көптеген шығармалары орыс тілі арқылы одақтың және дүние жүзінің жұртшылығына танылды. Қазақстанның көп ұлттық өнерінің ең таңдаулы туындылары да әлемге кеңінен мәлім болып отыр.

Советтік Қазақстанның «жүз тілдің планетасы» атануы тегіннен тегін емес. Октябрьдің шұғылалы таңынан нәр алып, арайланған кең-байтақ өлкеде бүгінгі таңда жүзден астам ұлттың өкілдері тату-тәтті өмір сүруде.

Бұлардың әркайсысы өз ана тілімен қатар орыс тілінде де жетік сөйлейді. Қазіргі жас ұрпақ орыс тілін екінші ана тілі ретінде балалар бақшасында, мектеп қабырғасында зейін қоя үйренеді. Республика мектептерінде орыс тілін ойдағыдай меңгеруге барлық мүмкіндіктер мен жағдай жасалған.Орыс тілі – жасөспірімдерге коммунистік тәрбие берудің күшті құралы. Жастардың орыс тілін оқып-үйренуінде баспасөз, телевизия мен радио үлкен роль атқарып келеді. Мысалы, Қазақ телевизиясы ұйымдастырған «Мен орыс тілін үйренген болар едім...» деген цикл бойынша және «Орыс тілін үйренуші әуесқойлар» клубының берген хабарларын жұртшылық қызу қарсы алды. Сондай-ақ Қазақ радиосы да «Орыс тілі – бейбітшілік пен достықтың тілі» деген тақырыпта ұдайы хабарлар беріп тұрады.Ташкент пен Баку, Кишинев пен Алматы қалаларында өткізілген Бүкілодақтық конференциялар орыс тілін окытудың ғылыми- методикалық дәрежесін арттыруға елеулі ықпал жасады.

Орыс тілі халықаралық көлемде айрықша зор беделге ие болып отыр. Бүгінде осы тілде дүние жүзі бойынша 500 миллионнан астам адам сөйлейді. Орыс тілі әлемдегі көптеген халықтардың өзара қатынас құралына айналды. Осыдан біраз уақыт бұрын орыс тілі таралуы жағынан әлемде алтыншы орында болса, қазір ағылшын тілінен кейін екінші орында. Біздің қоғамдық қайраткерлеріміздің үні Біріккен Ұлттар ұйымында, интернационалдық ғылыми конгрестерде, түрлі мәжілістерде, жастардың халықаралық

фестивальдарында орыс тілінде асқақ естіледі. Ұлтаралық қатынас құралы ретінде совет адамдары ерікті түрде қабылдап отырған орыс тілі совет халқының әлеуметтік-саяси және идеялық бірлігін нығайтудың, ұлт мәдениеттерін дамыту мен бір- бірін байытуының маңызды факторына айналды. Ол біздің барлық халықтарымызға дүниежүзілік цивилизацияның рухани байлығына, мәдениетіне, әдебиетіне, өнеріне даңғыл жол ашты. Еліміз халықтарының 82 проценті орыс тілінде еркін сөйлей алады.

Бүгінде орыс тілі – революциялық көзқарастардың, бейбітшілік пен прогресс идеяларының жаршысы, ең озық мәдениеттің, ғылым мен техниканың тілі. Қазіргі кемелденген социалистік қоғамда ол – халықтардың өзара қатынас құралы болумен бірге әлемдік мәдениеттің асыл қазынасына совет адамдарының лайықты үлес қосуын қамтамасыз ететін бастау бұлақ.

Жалпы, тіл туралы әңгімелегенде, еліміз халықтарының тілдік дамуында біртұтас екі жақты процесс жүріп жатқанын айта кеткен жөн. Біріншіден, барлық ұлт тілдері еркін және тең праволы жағдайда дамуда, екіншіден, орыс тілінің еліміздегі халықтардың ұлтаралық қаты- нас құралы ретіндегі қолданылу аясы күннен күнге кеңейе түсіп отыр. Екі тілді қатынас – тарихи қажеттіліктен және әлеуметтік дамудан туған, қоғамымыздың объективті даму заңдылығын көрсететін құбылыс. Ол біздің елімізде өзінің ауқымдылығымен, көпшілікке кең таралуымен, үдемелі дамығыштық сипатымен, ең бастысы, совет қоғамының бұдан былайғы өркендеу барысына игілікті ықпал етуімен ерекшеленеді. Бұқаралық сипатта өркен жайып отырған екі тілді қатынас орыс емес ұлт өкілдерінің өзге халықтардың рухани байлығын қоса пайдалануына, олардың мәдени өміріне етене жақын болу мүмкіндігіне қол жеткізеді, адамның ой-өрісін кеңейтеді және әрбір азаматтың қоғамдық өмірге белсенді араласуына жәрдемдеседі. КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. Қонаев жолдас былай деген болатын: «Мазмұны социалистік қазақ мәдениеті оқшау жағдайда емес, туысқан халықтардың, ең алдымен ұлы орыс халқының мәдениетімен тығыз достық ынтымақта дамыды. Орыс халқының тілі мен мәдениеті арқылы қазақ халқы дүниежүзілік мәдениеттің биік шыңына өрлейді деген Абайдың шын мәніндегі көрегендік сөзі іске асты» («Таңдамалы сөздер мен мақалалар», «Казақстан», 1973 жыл, 128-бет).

Қорыта айтқанда, орыс тілі – көп ұлтты Совет Одағы халықтарының ортақ тілі. Ол – туған еліміздің жүздеген тілде сөйлейтін туысқан халықтарының арасындағы берік дәнекер, сұлу да ізгі, ұлы тіл.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ тілі және ұлттық құндылықтар. Кешенді оқу құралы. 1,2,3,4 кітап. – Алматы: Еверо, 2018.
2. Шваб Клаус. Төртінші индустриялық революция. Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018 жыл.
3. Тер-Минасова С.Г. Тіл және мәдениетаралық коммуникация. Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018 жыл.
4. Фромкин В., Родман Р., Хайамс Н. Тіл біліміне кіріспе, 10-басылым, халықаралық басылым. Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018 жыл.

ӘОЖ 37.37.012

Алипбаева Акмарал Музатовна,
"Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы,
Тараз қаласының білім бөлімінің
Т.Рысқұлов атындағы №48 орта мектебі" КММ,
«Ағылшын тілі» пәнінің мұғалімі

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТИІМДІ ӘДІС ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУ

Аңдатпа. Бұл мақалада функционалдық сауаттылықтың қазіргі қоғамдағы маңызы мен оны дамытуға бағытталған заманауи білім беру бағдарламаларының рөлі қарастырылады. Қоғам мен экономика жылдам өзгеріп жатқан жағдайда білім алушылардың алған білімдерін өмірде тиімді қолдана білуі, сыни тұрғыдан ойлау және шешім қабылдау қабілеттерін дамыту қажеттілігі артып келеді. Жаңартылған білім беру бағдарламасы осы талаптарға жауап бере отырып, оқытудың инновациялық әдістерін, бағалаудың жаңа жүйелерін және оқу процесінің интерактивтілігін арттыруды көздейді. Мақалада функционалдық сауаттылықты дамытуға ықпал ететін негізгі педагогикалық әдістер талқыланады.

Кілт сөздер: Функционалдық сауаттылық, жаңартылған білім беру бағдарламасы, оқыту әдістері, сыни ойлау, проблемалық оқыту, жобалық әдіс, кейс әдісі, инновациялық технологиялар, білімді өмірде қолдану, бағалау жүйесі.

Қазіргі қоғам мен экономика жаңа білімді меңгеруге, оны жаңа жағдайларға қолдануға және тез өзгеретін жағдайларда туындаған мәселелерді шешуге дайын және қабілетті мамандарды талап етеді, яғни функционалдық құзыретті мамандарға сұраныс уақыт өте келе артып келеді.

Функционалдық сауаттылық – қазіргі қоғамда аса маңызды дағды. Ол адамның алған білімін өмірлік жағдайларда тиімді қолдана білу қабілетін білдіреді. Функционалдық сауаттылығы жоғары адам ақпаратты талдай алады, шешім қабылдайды және түрлі мәселелерді шешуге қабілетті болады. Бұл дағды әсіресе тез өзгеретін заманауи әлемде, ақпараттың молдығы жағдайында маңызды рөл атқарады [1].

Тиісінше, заманауи білім беру векторы «өткенді қайталаудан» болашаққа бағдарланған инновациялық оқытуға ауысуда, яғни білім беру жүйесі заман талабына жауап бере отырып, түрленуде.

Әрине, пән мазмұнының элементтерін меңгеруге қойылатын талаптар әлі де назарда, бірақ таза академиялық білім жеткіліксіз. Бүгін біз осы білімді қолдана білуге назар аударамыз. Біздің дәуірімізге дейінгі VI ғасырда-ақ Сократтың шәкірті әрі досы ежелгі грек философы Аристипп «балаларға өскенде не пайдалы болатынын үйрету керек» деген.

Қазіргі уақытта функционалдық сауаттылық туралы көбірек айтылып жүр. Және бұл қисынды: әлем жыл сайын түрлі ақпаратқа толып келеді және балаларға оны қалай басқару керектігін үйрету маңызды. Егер бұрын бастауыш сынып оқушысының жетістігінің негізгі көрсеткіштерінің бірі оның оқу жылдамдығы болса, қазір мұғалімдер оқу сапасы мен оның мәнділігі сияқты параметрлерді басшылыққа алады. Мұның бәрі функционалдық сауаттылыққа тікелей қатысы бар [2].

Функционалдық сауаттылық қазіргі білім берудің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады, ол оқушылардың білімін өмірлік жағдаяттарда қолдану, сыни тұрғыдан ойлау, негізделген шешім қабылдау қабілетін қамтамасыз етеді. Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында осы маңызды құзыреттілікті қалыптастыруға және дамытуға ықпал ететін оқытудың тиімді әдістерін пайдалануға ерекше көңіл бөлінуде.

Функционалдық сауаттылықты дамытудағы заманауи тәсілдер. Жаңартылған білім беру бағдарламасы функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған әртүрлі педагогикалық технологиялар мен әдістерді біріктіруді көздейді. Олардың ішінде ең тиімділерін атап өтуге болады:

- Проблемалық оқыту әдісі оқушылардың танымдық белсенділігін белсендіреді, талдау дағдыларын дамытады және стандартты емес жағдайларда шешім табуға үйретеді.
- Жобалық әдіс өз бетінше зерттеу, ақпаратты талдау және синтездеу, сонымен қатар коммуникация және топтық жұмыс дағдыларын дамытуға ықпал етеді.
- Кейс әдісі оқушылардың нақты деректер негізінде шешім қабылдау қабілетін дамыта отырып, теориялық білімді практикалық жағдайларда қолдануға мүмкіндік береді.
- Ойын технологиялары оқушыларды ынталандырады, оқу процесін қызықты және тартымды етеді, материалды жақсы меңгеруге ықпал етеді.
- Сыни тұрғыдан ойлау әдісі талдау, дәлелдеу, себеп-салдар байланысын анықтау және дәлелді қорытынды жасау қабілеттерін дамытады [3].

Жаңартылған білім беру бағдарламасының рөлі қазіргі білім беру жүйесінің негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Бұл бағдарлама оқушылардың қазіргі қоғамдағы табысты өмір сүруіне қажетті негізгі құзыреттіліктерді дамытуға бағытталған.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруды, олардың сыни ойлау қабілетін, шығармашылық дағдыларын, өздігінен білім алу және ақпаратты талдау қабілетін қалыптастыруды көздейді. Сонымен қатар, оқыту әдістері оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеріп, оларды белсенді оқытуға бағытталған.

Бұл бағдарламаның негізгі ерекшеліктерінің бірі – пәндер бойынша оқу мазмұнының жаңартылуы, яғни білім беру стандарттарының заманауи талаптарға сәйкестендірілуі. Оқытудың интерактивті әдістері мен инновациялық технологияларды қолдану арқылы білім алушылардың оқу процесіне деген қызығушылығын арттыру көзделеді [4].

Жаңартылған бағдарлама шеңберінде бағалау жүйесі де өзгеріске ұшырады. Дәстүрлі бағалау түрлерімен қатар қалыптастырушы және жиынтық бағалау жүйесі енгізілді. Бұл оқушылардың оқу жетістіктерін жан-жақты бағалауға және олардың білімін жүйелі түрде жетілдіруге мүмкіндік береді.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы заман талабына сай білім берудің тиімді жолдарын ұсынады. Ол оқушылардың жан-жақты дамуына, олардың өмірлік дағдыларын қалыптастыруға, қоғамда өз орнын табуға көмектеседі. Бұл жүйенің басты мақсаты – білім алушылардың тек теориялық білімін арттырып қана қоймай, оларды өмірде қолдана алатын қабілеттермен қамтамасыз ету.

Оның құрылымына мыналар кіреді:

- білім беру мәселелерін кең контексте қарастыруға мүмкіндік беретін пәнаралық байланыстарды енгізу,
- цифрлық және медиа сауаттылықты дамыту,
- білімді практикада қолдануға бағдарлау,
- өз бетінше білім алу және өз бетінше ақпарат іздеу дағдыларын дамыту [5].

Бұл әдістерді сәтті жүзеге асыру үшін қажет:

- мұғалімдердің біліктілігін арттыру, олардың заманауи оқыту технологияларын меңгеру,
- функционалдық сауаттылық талаптарына жауап беретін жаңа оқу құралдарын әзірлеу,
- цифрлық білім беру ресурстарын белсенді пайдалану,
- оқушылардың мектептен тыс уақытта құзыреттілігін дамытуға ықпал ету үшін оқу-тәрбие үдерісіне ата-аналарды тарту [6].

Мұғалімнің оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға дайындығы интегративті тұлғалық сапа ретінде қарастырылады, мұғалімде оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру процесін жобалауға және жүзеге асыруға мүмкіндік беретін арнайы когнитивтік және технологиялық ресурстардың болуымен сипатталады; нақты пәндік саланың құралдары, оларды мектептің оқу-тәрбие процесінде қолдану тәжірибесі және сәйкес кәсіби көзқарастар мен ұстанымдарды қалыптастыру.

Пән мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетінде функционалдық сауаттылықты дамытуға дайындықтың негізгі көрсеткіштері ретінде келесі құзыреттерді қарастырған жөн:

– пәндік оқытудың мақсаттарын білім беру нәтижелеріне қойылатын заманауи талаптарға жобалау және оқу процесінде студентке белгілі бір оқу материалын меңгерудің жеке мәні мен құндылығын түсінуге мүмкіндік беретін жағдайлар жасау;

– оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырумен қатар олардың іргелі пәндік дайындығын ұмытпауға мүмкіндік беретін пәндік саланың мазмұнын заманауи талаптарға негізделген бейімдеу;

– сәйкес білім беру нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз ететін ең оңтайлы оқыту технологияларын таңдау, таңдалған технология негізінде оқыту үдерісін жобалау, жобаны жүзеге асырудағы кәсіби-педагогикалық қызметінің тиімділігін бағалау және оны түзету;

– нақты пәндік сала арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға ықпал ететін пәндерді қажетті оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді өз бетінше жобалау және оның тиімділігін бағалау;

– белгілі бір пәндік сала арқылы қоршаған әлеммен және оқу тәжірибесінің басқа субъектілерімен өзара әрекеттесу арқылы оқушылардың таным процесіне белсенді енуіне жағдай жасау, сол арқылы пәндік білімдерді өмірлік жағдайларда қолдану саласын түсіну және меңгеру мүмкіндігін қамтамасыз ету.

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру және дамыту бойынша мемлекет қойған міндеттерді ескере отырып, қоғамның сын-қатерлеріне жауап бере отырып, федералдық мемлекеттік білім беру стандарттары жалпы білім берудің сапасын арттыру мәселелерін шешу үшін «өткірленеді» және басқа елдермен салыстырғанда біз сәтсіздікке ұшыраған позициялар үшін мақсатты параметрлерге ие [7].

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру және дамыту міндеті жалпы білім берудің қазіргі федералдық мемлекеттік білім беру стандарттарының негізгі міндеті болып табылады:

– білім беру парадигмасының өзгеруі – құзыреттілікке негізделген тәсіл;

– оқу процесіне қатысушыларды оқыту және өзара әрекеттесу сипаты – ынтымақтастық, белсенділікке негізделген тәсіл;

– білім беру үдерісін ұйымдастырудың басым құрамдас бөлігі – оқушылардың дербестігінің, белсенділігінің, шығармашылығының көрінуіне негізделген тәжірибелік, ғылыми-зерттеу және жобалық іс-әрекет;

– бақылау сипаты үш топтағы (жеке, пәндік, метапәндік) білім беру нәтижелерін кешенді бағалау болып табылады.

Функционалдық сауаттылыққа ие болу тек норма ғана емес, мұғалімнің міндеті. Барлық стандартты көрсеткіштер осы құзыретті ескере отырып құрастырылған, сондықтан мұғалім бұл нәтижені бермесе, ол автоматты түрде кәсіби түрде жарамсыз болып қалады.

Кесте 1. Оқушылардың функционалдық сауаттылық көрсеткіштері

Функционалдық сауаттылық индикаторлары	**Көрсеткіштері**
Жалпы сауаттылық	- Эссе, реферат жазу - Калькуляторсыз есептеу - Сөйлем құруда және сөз таңдауда қиналмай сұрақтарға жауап беру - Өтініш жазу, сауалнамалар мен бланктерді толтыру
Компьютерлік сауаттылық	- Интернеттен ақпарат іздеу - Электрондық поштаны пайдалану - Мәтіндер құру және басып шығару

Функционалдық сауаттылық индикаторлары	Көрсеткіштері
	- Электрондық кестелермен жұмыс істеу - Графикалық редакторларды қолдану
Төтенше жағдайларда әрекет ету сауаттылығы	- Зардап шеккен адамға алғашқы медициналық көмек көрсету - Арнайы қызметтерден шұғыл көмек сұрау - Өз денсаулығына қамқорлық жасау - Жеке қауіпсіздікке қауіп төнген жағдайларда өзін ұстау ережелерін білу [8]
Ақпараттық сауаттылық	- Кітаптардан, анықтамалықтардан, энциклопедиялардан және басқа баспа материалдарынан қажетті ақпаратты іздеу және таңдау - Сызбалар, схемалар, графиктерді оқу - БАҚ ақпараттарын пайдалану - Кітапхананың алфавиттік және жүйелік каталогтарын пайдалану - Сандық ақпаратты талдау
Коммуникативтік сауаттылық	- Топта, командада жұмыс істеу - Адамдарды өзіне тарта білу - Көңіл күйіне ерік бермей, жаңа және үйреншікті емес талаптар мен жағдайларға бейімделу - Топтың жұмысын ұйымдастыру
Шет тілдерін меңгеру	- Сөздікпен қарапайым мәтінді аудару - Өзі, достары, қаласы туралы әңгімелеу - Әртүрлі тауарлардың, құрылғылардың, тұрмыстық техниканың қаптамаларындағы нұсқаулық мәтіндерін түсіну - Шетелдік достарымен және таныстарымен тұрмыстық тақырыптарда сөйлесу [8]

Осылайша, оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру жаңартылған бағдарламаға және тиімді оқыту әдістеріне негізделген білім беру үдерісіне кешенді көзқарас қабылданған жағдайда мүмкін болады. Бұл оқушыларды тек білімді ғана емес, сонымен қатар оны қолдану қабілетін дамыта отырып, жылдам өзгеретін әлемде сәтті бейімделуге дайындайды.

Қолданылған әдебиеттер тізім:

1. ҚР Білім және ғылым министрлігі. Жаңартылған білім беру бағдарламасы. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. - 2016
2. OECD. The Future of Education and Skills: Education 2030. Paris: OECD Publishing. - 2018
3. Dewey, J. Democracy and Education. New York: The Macmillan Company. - 2016
4. Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы стратегиялық зерттеулер институты. Қазіргі білім беру реформалары және олардың тиімділігі. – Алматы.- 2021
5. OECD. PISA 2018 Results: What Students Know and Can Do. Paris: OECD Publishing. - 2019
6. Құсайынов, А. Қазіргі заманғы білім беру технологиялары. – Астана: Ұлттық білім академиясы. - 2019
7. Смолов, Е. В. Функциональная грамотность: современные вызовы и перспективы. – Москва: Академия образования. - 2020

8. Қараев, Ж. Дамыта оқыту технологиялары және олардың білім сапасына ықпалы. – Алматы: Білім. – 2007

УДК 373:811.111.1

Аманкулова Н.Т.
("КГУ Многопрофильная гимназия №41имени А.Пушкина отдела образования города Тараз управление образования акимата Жамбылской области")

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА: ПРОБЛЕМЫ И МЕТОДЫ ИХ РЕШЕНИЯ

Аннотация. Знание английского языка играет ключевую роль в образовании, бизнесе, науке, технологиях и экономике. Однако процесс обучения для совершенствования функциональной грамотности на уроках английского языка сталкивается с проблемами: недостаток мотивации, нехватка ресурсов, разный уровень подготовки, отсутствие практических навыков и сложность материалов. Статья предлагает решения: интеграцию реальных задач, использование современных технологий, проектную деятельность, дифференцированный подход и создание языковой среды. Эти методы помогают учащимся применять знания на практике, повышают мотивацию и вовлеченность. Таким образом, статья подчеркивает важность комплексного подхода к обучению английскому языку и может быть полезна преподавателям и методистам.

Ключевые слова: функциональная грамотность, недостаток мотивации и ресурсов, отсутствие практических навыков, критическое мышление, комплексный подход.

Функциональная грамотность — это способность человека эффективно использовать свои знания и навыки в различных жизненных ситуациях. В современном мире, где информация доступна в огромных объемах, развитие функциональной грамотности становится особенно актуальным.

Функциональная грамотность является важным аспектом образовательного процесса, особенно в контексте изучения иностранных языков. В условиях глобализации и интеграции в международное сообщество, владение английским языком становится необходимым для успешной коммуникации в различных сферах жизни. В данной статье мы рассмотрим, как функциональная грамотность может быть развита на уроках английского языка, и рассматриваются проблемы, с которыми сталкиваются учителя английского языка при развитии функциональной грамотности у учащихся, а также методы их решения.

Функциональная грамотность охватывает широкий спектр отраслей, включая:

Образование: В образовательной системе функциональная грамотность помогает учащимся не только усваивать учебный материал, но и применять его в реальных жизненных ситуациях. На уроках английского языка умение читать и понимать учебные материалы, писать эссе и выполнять задания.

Бизнес: Навыки деловой переписки, составления отчетов и презентаций.

Наука и технологии: Чтение научных статей, понимание технической документации. В IT-сфере функциональная грамотность включает в себя умение работать с различными программами и технологиями

Социальные науки: В социологии и психологии функциональная грамотность помогает анализировать поведение людей и взаимодействие в обществе. Анализ и интерпретация данных, работа с информацией.

Экономика: В экономике функциональная грамотность необходима для анализа данных, составления отчетов и ведения переговоров.

В условиях глобализации и интеграции Казахстана в международное сообщество, развитие функциональной грамотности учащихся на уроках английского языка становится особенно актуальным.

Функциональная грамотность включает в себя не только знание языка, но и умение применять его в различных контекстах. Это включает в себя:

Чтение и понимание текстов различного жанра.

Умение вести диалог и аргументировать свою точку зрения.

Способность писать тексты, соответствующие различным целям и аудиториям. Совершенствование функциональной грамотности способствует:

Улучшению коммуникативных навыков учащихся.

Подготовке их к реальным жизненным ситуациям.

Повышению мотивации к изучению языка.

Адаптироваться к быстро меняющемуся миру.

В образовательной системе функциональная грамотность помогает учащимся не только в изучении языка, но и в развитии критического мышления, способности к анализу и синтезу информации. На уроках английского языка для совершенствования функциональной грамотности могут возникать следующие проблемы:

Недостаток мотивации: Учащиеся могут не видеть практической пользы от изучения языка, что снижает их интерес к урокам.

Отсутствие реальных задач: Часто уроки сосредоточены на грамматике и лексике, а не на практическом применении языка.

Нехватка ресурсов: Учебные материалы могут быть устаревшими или не соответствовать современным требованиям.

Разные уровни подготовки: В классе могут быть учащиеся с разным уровнем знаний, что затрудняет процесс обучения.

Низкий уровень подготовки: Разные уровни знаний среди учащихся затрудняют процесс обучения.

Отсутствие практики: Учащиеся часто не имеют возможности применять язык в реальных ситуациях.

Сложность материалов: Учебные материалы могут быть слишком сложными или неактуальными для учащихся.

Для решения вышеуказанных проблем можно использовать следующие методы:

Интеграция реальных задач: Включение в уроки задач, связанных с реальной жизнью, поможет учащимся увидеть практическое применение языка.

Использование современных технологий: Внедрение интерактивных платформ и приложений для изучения языка может повысить интерес учащихся.

Проектная деятельность: Организация проектов, где учащиеся могут работать в группах и применять язык в реальных ситуациях, способствует развитию функциональной грамотности.

Повышение мотивации:

Использование интерактивных методов обучения, таких как ролевые игры и проекты.

Привлечение реальных примеров из жизни, чтобы показать практическое применение языка.

Дифференцированный подход:

Индивидуализация заданий в зависимости от уровня подготовки учащихся. Применение различных методов обучения в зависимости от уровня подготовки учащихся поможет каждому ученику достичь успеха.

Групповая работа, где более сильные учащиеся помогают тем, кто испытывает трудности.

Создание языковой среды:

Организация разговорных клубов и языковых обменов.

Использование технологий, таких как онлайн-курсы и приложения для изучения языка.

Актуализация учебных материалов:

Подбор материалов, соответствующих интересам и потребностям учащихся.

Включение современных тем и вопросов, которые волнуют молодежь.

Для совершенствования функциональной грамотности на уроках английского языка предлагаю следующие задания на английском языке для учащихся:

1.Ролевые игры: Проведение ролевых игр, где учащиеся играют различные социальные роли и используют английский язык в диалогах. Учащиеся разыгрывают различные ситуации на следующие темы: «Заказ еды в ресторане» или «Покупка билетов».

Ситуация 1: Заказ еды в ресторане

Characters: Alex (Customer) and Emma (Waitress)

Alex: Hi! Can I see the menu, please?

Emma:Of course! Here you go. Would you like to hear about our specials today?

Alex: Yes, please! What do you recommend?

Emma:Our grilled salmon with lemon butter sauce is very popular, and we also have a delicious pasta primavera.

Alex:That sounds great! I think I'll have the grilled salmon. Can I get a side salad with that?

Emma:Absolutely! Would you like ranch or vinaigrette dressing on your salad?

Alex:Vinaigrette, please. And can I also have a glass of iced tea?

Emma:Sure thing! I'll get that for you right away. Is there anything else you'd like to add?

Alex:No, that will be all for now. Thank you!

Emma:You're welcome! I'll be back shortly with your order.

Ситуация 2: Покупка билетов

Characters: Sarah (Customer) and Mike (Ticket Seller)

Sarah:Hi there! I'd like to buy two tickets for the movie tonight.

Mike:Sure! What movie are you interested in?

Sarah:We want to see the new action film, "Chasing Shadows".

Mike:Great choice! What time would you like to go?

Sarah:Is there a showing at 7 PM?

Mike:Yes, there is. Would you like to sit in the front or back row?

Sarah:Back row, please. It's more comfortable there.

Mike:Alright! That will be $20 for two tickets. How would you like to pay?

Sarah:I'll pay with my credit card.

Mike:Perfect! Just tap your card here.

Sarah:Done! Thank you!

Mike:You're all set. Enjoy the movie!

Sarah:Thanks! We can't wait!

2.Проектная работа: учащиеся работают над проектами, связанными с их интересами, например, создание буклета о достопримечательностях Казахстана на английском языке.

Пример упражнения:

Учащиеся выбирают тему, исследуют ее и создают презентацию, которую затем представляют классу.

Project Work: Exploring Kazakhstan's Attractions

3.Чтение и анализ текстов: использование аутентичных материалов, таких как статьи, блоги и видео.

Пример упражнения:

Дайте учащимся статью на английском языке. Попросите их выделить ключевые идеи и обсудить их в группах.

4.Дискуссии: организуйте обсуждения на актуальные темы, такие как экология или культура.

Пример:

Тема: "Как сохранить природу?" Учащиеся делятся своими мнениями и предлагают решения.

5.Письменные задания: написание эссе или отзывов на прочитанные книги.

Пример:

Напишите отзыв на книгу, которую Вы прочитали на английском языке, указав, что Вам понравилось и что нет.

6.Аудирование: прослушивание подкастов или видео и обсуждение услышанного.

Пример:

Прослушайте подкаст о культуре Казахстана и обсудите, что нового Вы узнали.

Развитие функциональной грамотности на уроках английского языка является важной задачей для учителей. Применение различных методов и подходов может значительно повысить уровень владения языком у учащихся и подготовить их к реальным жизненным ситуациям. Важно помнить, что каждый учащийся уникален, и подходы к обучению должны быть адаптированы к их потребностям и интересам. Используя ролевые игры, проектную работу и аутентичные материалы, учителя могут создать условия для эффективного обучения, которое подготовит учащихся к реальным жизненным ситуациям. Важно помнить, что функциональная грамотность — это не только знание языка, но и умение применять его в различных контекстах. Совершенствование функциональной грамотности на уроках английского языка — это важная задача, требующая комплексного подхода. Применение современных методов и технологий, а также учет интересов и потребностей учащихся помогут преодолеть существующие проблемы и сделать обучение более эффективным.

Список использованной литературы

1.Баранов, А. В. (2018). Функциональная грамотность: теория и практика. Москва: Издательство "Наука", с.28-29.

2.Иванова, Н. С. (2020). Методы обучения иностранным языкам. Санкт-Петербург: Издательство "Питер", с.96-97.

3.Смирнова, Е. А. (2019). Инновационные технологии в обучении английскому языку. Екатеринбург: Издательство "Урал", с.111.

4.Johnson, K. (2017). Teaching English as a Second Language. New York: Routledge, p.88.

5.Harmer, J. (2015). The Practice of English Language Teaching. Harlow: Pearson Education, p.44.

ӘОЖ: 1751

Амирханова Асия Бердибековна

(Коммунальное государственное учреждение "Школа-гимназия имени Ныгметуллы Кишкбаева отдела образования Байзакского района управления образования акимата Жамбылской области")

ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ – САПАЛЫ БІЛІМ НЕГІЗІ

***Аннотация*:** мақалада білім беру үдерісі кезінде білім алушының фунционалды сауатын қалыптастыру қазіргі қоғамда қаншалықты маңызды етеді. Алған білімін өмірілік жағдаяттарда қолдана білуді, сонымен бірге әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істей білуді және алған білім мен ақпаратты сыни тұрғыдан бағайлай білуді қамтамасыз етеді.

Тірек сөздер: фунционалды сауаттылық, білім алушы, білім беру үдерісі, ақпарат, өзіндік таным, қазақ тілі.

Annotation: the article describes how important the formation of functional literacy of students during the educational process is in modern society. Provides the ability to apply the acquired knowledge in life situations, as well as work with various sources of information and critically evaluate the acquired knowledge and information**.**


Key words: functional literacy, learner, educational process, information, self-knowledge, Kazakh

language.

Қазіргі таңда оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру – білім беру үдерісінің талабы болып табылады. Қазіргі білім мен ғылымның дамыған заманда білім беру жүйесінде «Функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру ең өзекті мәселеге айналып отыр. Оқушының мектептегі алған орта білімінің күнделікті өмірінде және болашақтағы көп қырлы қызметінде кездесетін тұрмыстық қоғамдық, әлеуметтік экономикалық проблемаларды шешуде табысты қолдана алуын қамтамасыз етеді.

Функционалдық сауаттылық дегеніміз адамдардың сыртқы ортамен, әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, қарым-қатынасқа кіру қабілеттілігі, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, ілесіп отыруы, өз білімін үнемі білімін жетілдіріп отыруы [1, с. 6]. Тұлғаның оқу, ұғыну, қысқа мәтіндерді жасау және жеңіл арифметикалық амалдарды орындаудағы қарапайым сауаттылығына қарағанда, жеке тұлғалық сауаттылықтың айырмашылығы тұлғаның нақты мәдени ортада тіршілік ету үшін біліктілік, икемділік пен дағдылар, яғни функционалдық сауаттылық болып табылады [3, с. 10].

Функционалдық сауаттылықтың негізгі міндеті, ең алдымен, мұғалім баланы оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін, шығармашылық тұрғыда ойлауын қалыптастыру және баланың өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру. Мысалы, қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың теориялық негіздері оқушылардың қазақ тілін меңгеруі барысында жүйелі ойлауын дамытып, мектепте алған білімінің өмірдің қай саласында да тірек болуын қамтамасыз ететін тиімді әдістемелік жүйе жасауға және қолдануға мүмкіндік жасауға тырысамын. Тілді жылдам және сапалы игеру үшін міндетті шынайы түрдегі қарым-қатынастар жағдаяттарын ұйымдастыруды жоспарлаймын. Мұнда сөйлеу тілдік жағдаяттары арқылы оқушылар қазақ тілін саналы түрде меңгере алады. Оқу үдерісі кезінде оқушының дамуы дегеніміз — оның өмірлік күш-қуаты мүмкіндіктерінің жүзеге асырылумен тең [2, с. 124]. Сондықтан сол дамытатын қабілеттерді және олардың оқу-танымдық процестегі қызметі ерекше қажет етеді. Ал оқушының белгілі бір когнитивті, танып-білу мүмкіншіліктерін қарастыра отырып, теориялық ұғым жасаушы субъектінің болмысын анықтау болып табылады. Сабақта оқушылар тілдің грамматикалық ережелерін есте сақтап, жатқа қайталап айта алады, бірақ теориялық білімін коммуникативтік мақсатта еркін пайдалану қабілеті болмайды, кейбір кездері тілдің грамматикасын игермеген оқушы сабақтан тыс кездерде сол тілде жақсы сөйлей алуы мүмкін.



Білім алуға деген құлшынысын қалыптастыру үшін, білім алушылардың әрбір қадамының маңыздылығын түсінуге мүмкіндік беруден, тәсілдер мен таным көздерін таңдауда бағдар ұстай білуге үйретуден тұрады.

Жалпы қазақ тілі пәнінен оқушының функционалдық сауаттылығын дамыту мәселесіне мынандай тұжырымдарманы ұсынуға болады:

1.Оқушыларды бірінші сөйлесім әрекетінің түрлерін (айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым) меңгерте білу, өмірде қажеттілікке қолдану;

2. Оқушылардың алған білімдерін өмірде, кез-келген жағдайда, әлеуметтік ортада қолдана алуға үйрету және өз бетімен дұрыс шешім қабылдай білуге баулу;

3. Мемлекеттік тілде ауызша, жазбаша қарым-қатынас жасау және қолдану;

4. Оқушылардың әлеуметтік талаптарына сай келу үшін ақпараттық және танымдық технологияларды қолдану және проблемалардың шешімін таба алу;

5. Білім алушыларды сағат сайын өзгермелі әрі үнемді өмірге бейімделуіне және қалыптасуына үйрету, оқушылардың жеке бас қабілеттерін дамыту.

Ана тілдің саналы түрде игерілуі баланың танымдық қабілеті мен таным күштерінің бірігуі арқылы іске асып отырады. Баланың дамуға бейім таным күштерін байқаған мұғалім арнайы жұмыс арқылы оны ұштай түсуі тиіс. Мұғалім оқушының қазақ тілінде төселе сөйлеуін, сауатты жазуын қамтамасыз ету барысында міндетті түрде оның танымдық қабілеттерінің де дамуын да ескеріп отырғаны жөн. Интернет-технологияның қазіргі кездегі даму барысын қадағалай отырып, онда әлеуметтік сервистер мен қызметтердің кең тарап келе жатқанын көре аламыз. Олар: блог, уики, покаст, твиттер, ютюб, қыстырма т.б. Оларды кең арналы жүйеде қолдануға қазақ тілін оқытудың кейс-стади, квест- сабақтар, электрондық-виртуалдық сабақтар, қашықтан оқыту т.б. сияқты заманауи жүйелерді қолдану әдістемелері арнайы зерттелуі керек [4, 5]. Осыған орай заманауи білім алу

платформаларды пайдалана отырып, оқушылардың қажеттілігін ескеру және АКТ модулін кеңінен қолдану қажет.

Сабақ барысында қазақ тілінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың педагогикалық негіздері дегенде, ең алдымен, оқушылар меңгеруі тиіс деп танылған қазақ тілінен берілетін білім мазмұны, қазақ тілін ана тілі ретінде оқуы арқылы оқушылардың тілдің кумулятивтік қызметін меңгеруі арқылы өзін-өзі тануы, тілдік санасы жетіліп, тілдік тұлға ретінде қалыптасуына игі ықпал ететін педагогикалық заңдылықтар қарастырылады.[2, с. 124] Қазақ тілін функционалдық сауаттылықты дамыту бағытында оқытуда педагогиканың, дидактиканың жаңашыл идеяларын қолдану керек. Бұл ретте оқу бағдарламасы, оқулық, оқу құралдары мен оқыту формалары, оқушының білімін тексеру мен бағалаудың жаңа формалары, жаңа оқыту технологиялары аса өзекті болып табылады. Сазақ тілін функционалдық бағытта оқытуда дәстүидактикалық және қазақ тілін оқыту ұстанымдарының жүйесі қатарында мынадай педагогикалық ұстанымдар басшылыққа алынғаны дұрыс деп санаймын: когнитивтік ұстаным, креативтік ұстаным, рефлексивтік ұстаным. Көрсетілген ұстанымдардың оқушының ой операцияларының логикалық-сабақтастық желісін құрап, ауызекі сөйлеу мен жазу сауаттылығын қалыптастырып, дамытуда орны ерекше екендігін соңғы жылдардағы көптеген педагогикалық зерттеулер мен еңбектерде дәлелденіп келеді.

Қазақ тілін оқытуда оқушылардың сауаттылығын қалыптастыра отырып, тіл үйрену белсенділігін арттыру үшін интернет-технологияны қазақ тілін оқыту әдістемесінің орнықты бір компонентіне айналдыру керек. Мұндай істің бүгін үшін де, болашақ үшін де маңызы зор. Интернет-технологияны енгізудің қаншалықты маңызды екендігін соңғы 5–7 жылда барлық білім алушылар да, білім берушілер де анық түсінді деп айтуға болады.

Интернет-технологияның қазіргі кездегі даму барысын қадағалай отырып, онда әлеуметтік сервистер мен қызметтердің кең тарап келе жатқанын көре аламыз. Олар: блог, уики, покаст, твиттер, ютюб, қыстырма т.б. Оларды кең арналы жүйеде қолдануға қазақ тілін оқытудың кейс-стади, квест-сабақтар, электрондық-виртуалдық сабақтар, қашықтан оқыту т.б. сияқты заманауи жүйелерді қолдану әдістемелері арнайы зерттелуі керек [4, 5].

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда қазақ тілінің функционалдық-коммуникативтік тұрғыдан меңгертілуі басты орында болуы керек. Қазақ тілін функционалдық-коммуникативтік бағдарда оқытуда «тілден — тілдік форма мен тілдің функциясына» және «тілдің функциясынан тілге» қарай жүру логикасы ұсталынады. Тіл жүйесіндегі тіл бірліктерінің қызметі — өзінен жоғары тұрған тіл бірлігін құруға қатысуы, сөйтіп адам сөйлеуінде барлық тіл бірліктерінің қызметінің көрініс табуы тілдің функционалдық ерекшелігі болып табылады.

Қортындылай келе, оқушылардың қазақ тілі пәнінен функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған білім мазмұнын игерген оқушылардың білімдері мен біліктері өмірлік жағдаяттарда қолдана білуді, әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істей білуді және алынған ақпараттарды сыни тұрғыдан бағалай білуді, өзінің болжамдарын ұсыну және зерттеулер жүргізу, өзінің ойын негіздей білуді; іскерлігі мен дағдыларын адами іс-әрекеттердің әртүрлі салаларында, сондай-ақ тұлғааралық қарым-қатынас пен әлеуметтік қатынастарда өмірлік міндеттерді шешу үшін пайдалануды қамтамасыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары /Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 ж. 25.06 №832 Қаулысымен бекітілген.

2. Ергешбаева Ш.Н. «Мүдде мен мақсат – жарқын болашақтың кепілі».// Өрлеу – Шымкент №1 (7)

3. Н.Х.Хамзина Қазақ тілін оқытуда жаңа технологияларды қолдану //Білім айнасы. 2019ж

ӘОЖ 37.02

Anuarbekova A.A.
(Taraz Regional University named after M.H. Dulati)

THE ROLE OF FEEDBACK IN ENGLISH LANGUAGE ASSESSMENT

Abstract. Feedback is a fundamental element in English language assessment, providing learners with valuable insights into their prograss and areas for any improvement. This article explores the significance of feedback in language learning, highlighting different types, such as teacher, peer, self-assessment and automated feedback. It also examines the psychological impact of feedback, emphasizing the importance of of constructive and balanced approaches to encourage learner confidence and motivation. Best practices for delivering effective feedback are discussed. By integrating these strategies, educators can create a supportive learning environment tghat enhances language acquisition and student success.

Keywords: feedback, assessment, language learning, learners, education.

Introduction

Feedback is one of the most powerful tools in English language assessment. It serves as a bridge between learning and improvement, helping students to understand their strengths and area that need to be developed. Whether given by teachers, peers, ot through self-assessment, feedback play a crucial role in language acquisition. Effective feedback not only enhances language skills but also boosts motivation and confidence in learners. Feedback often refers to an information provided by learners or individuals showing their performance, with the goal of improving for future achievements.

It's natural for everyone to make mistakes and errors, and it's good. Because ny making mistakes we can learn from them, what we did incorrect and what we can improve in ourselves.

Origins of feedback

The first ever concept of feedback was originated in the early 20th century. The term 'feedback' was first used in mechanical and electrical system to say about the process where the system's output returns to its input to ensure stability and improvement. Later on, this phrase were integrated in psychology, education and communication.

In 19th – 20th century, traditional education mainly focused on direct instruction, in which a teacher corrects students without going through the problem in learning process. But in the middle of 20th sentury, introduction of feedback as a rewarding technique or method allowed us to correct the responses and eliminate any mistakes.

Moreover, in the late 20th century, we were introduced into formative and summative assessment methods, which are now essention elements in learning. And now, in 21th century, digital revolution and technologies introduced tools that check grammar, which is based on AI, and automated assessment platforms that make our lives in checking students' achievements and improvements much more easier.

The importance of feedback

As it was said before, feedback is a crucial component in learning, that guides students into the improvement, fosters motivation and boosts their confidence. In 58nglish language lesson, feedback provides educators with their students' achievements, their 58nglish5858 and weaknesses, also allows students to see their mistakes, understand and correct them, and learn from them.

Feedback, mainly, divides into 2 types: formative and summative. Formative feedback evaluates students works after the certain theme and guides students into their own developmemt, while summative feedback evaluates overallstudents' performance and usually given after all the assessments. Both of these types of feedback are crucial and important for academic growth, but, in my opinion, formative feedback is more beneficial, because it allows the students to correct their mistakes and make an improvement in real time.

Types of feedback

1. Peer feedback – in this type of feedback, learners check and evaluate each other's works. This method produce learning in teams and groups.

2. Teacher feedback – in this type of feedback, teacher herself/himself evaluates students' works and gives them feedback on grammar, pronunciation or vocabulary.

3. Self-assesssment – this type allows students to see and evaluate their own mistakes amd correct their works. This method also teaches them to take responsibility for their errors.

4. Automated feedback – with the development of technologies and AI, tools like instant error checkers allows educators to have an immediate feedback from students' works, which also helps them to crrect their mistakes right away.

The role of technology in feedback

The process that 59nglish language learners receive feedback has shifted enormously with the development of technologies. Digital tools, like google classroom, grammarly, and any other AI-based tools, permit students to see their mistakes and get answers immediately. Futhermore, they also gives us full explanations and help students to understand their errors.

However, digital feedback also has its flaws. Technological tools can sometimes make mistakes while evaluating or checking works, also they cmay sometimes not understand a certain answer and grade them lowly, which will be inappropiriate.

The psychological impact of feedback

Feedback has an influence in not only academic growth of a student, but also their metivations, emotions and improvements. The way in which a feedback is given can either encourage students to go further or prevent them from doing it. Psychological impact of feedback plays an essential role in shaping their development and attitudes.

One of the main impact of feedback to students is boosting their confidence in themselves and motivation to try harder. Because effective feedback reassures them that they are doing right even if they are making mistakes. However, if feedback is too strict, students may become distant and they may doubt their abilities and knowledge, and they will not want to try further and make a prograss.

Now let's discuss negative feedback. Because overly negative and harsh feedback can cause emotional damage, amd make them feel anxiety, failure and they can even avoid learning just to not feel this kind of feedback again. There are some specific side effects of negative feedback: lowered confidence, increased anxiety, and low motivation. To reduce this kind of feedback, educators have to give students balanced and gentle 59nglish59 in positive environment.

Practical aspect

Technological advancements hold significant promise for transforming special education by offering alternative communication tools, adaptive learning platforms, and mobility aids. However, in Kazakhstan, access to such assistive technologies remains limited, especially in public schools constrained by tight budgets. A comprehensive analysis by Abdina et al. (2023) highlights that the adoption and utilization of assistive technologies in Kazakhstan are not at an adequate level and this shortfall is attributed to the absence of comprehensive research in the practical application of these technologies and the poor technical equipment of educational institutions [11]. The physical infrastructure of many schools also fails to meet accessibility standards with schools lacking the necessary equipment, such as screen readers for visually impaired students, augmentative and alternative communication (AAC) devices for non-verbal children, and specialized computer software for students with dyslexia. Although some private organizations and NGOs provide support, government-funded initiatives need to expand to ensure equitable access to assistive technologies nationwide. Sometimes schools don't even have wheelchair ramps, elevators, and accessible restrooms, making it difficult for students with physical disabilities to navigate the environment independently.

Multidisciplinary Collaboration as a Key to Success

Addressing the challenges in special and inclusive education requires a collaborative effort among educators, healthcare professionals, and policymakers. Multidisciplinary teams consisting of teachers, psychologists, speech therapists, and social workers can provide holistic support to students with SEN. However, such teams are not yet widely implemented in Kazakhstan's education system. Healthcare professionals play a vital role in diagnosing and managing learning disabilities, yet coordination between the education and healthcare sectors is often lacking. Many children with SEN do not receive early intervention services due to delayed diagnoses and limited access to specialized medical care. Strengthening collaboration between schools and healthcare providers can ensure timely assessments and the development of individualized education plans (IEPs) tailored to each child's needs. Partnerships with non-governmental organizations (NGOs) and international agencies can help bridge gaps in resources and expertise. Some NGOs in Kazakhstan have successfully introduced inclusive education projects, offering teacher training programs and assistive technology grants. Expanding such initiatives through government support and public-private partnerships could significantly enhance educational outcomes for students with SEN.

Proposed solutions

Kazakhstan must expand and standardize inclusive education training, which means all pedagogical universities should integrate mandatory coursework on inclusive teaching methods,

ensuring that future educators are equipped with the skills necessary to support diverse learners. Continuous professional development programs should be implemented, offering teachers opportunities to refine their understanding of inclusive practices through workshops, online training platforms, and hands-on experience. Additionally, financial incentives such as scholarships, higher salaries, and relocation bonuses should be provided to attract and retain special education professionals, particularly in underserved regions.

To bridge the technological advancements gap, the government should establish a national fund dedicated to assistive technology in education, providing schools with essential tools and software. Collaboration with the private sector and NGOs helps co-finance assistive technology programs, ensuring a sustainable supply of resources. Schools should also prioritize the development of open-source educational software that is tailored to students with differentiated learning needs, ensuring affordability and accessibility. In rural areas, increasing internet connectivity and providing digital devices can further support remote learning solutions for students with disabilities.

To foster an inclusive school culture, people in our country must prioritize awareness campaigns and community engagement initiatives. For example, national media campaigns can help challenge misconceptions about disabilities, while school-based programs should encourage acceptance and inclusiveness. Peer support initiatives, such as buddy programs and student-led inclusion committees, facilitate meaningful interactions between students with and without disabilities. Strict anti-bullying policies must be enforced, including mandatory teacher training on intervention strategies and the establishment of anonymous reporting systems for bullying incidents.

A nationwide school accessibility audit should be conducted to identify and prioritize the most urgent infrastructure upgrades. Government grants should be allocated to schools requiring accessibility modifications, ensuring that all students have equal opportunities to participate in academic and extracurricular activities. Stricter enforcement of accessibility laws is needed to ensure compliance with established standards. Transportation solutions, such as wheelchair-accessible school buses and travel subsidies for students with physical disabilities, should also be introduced to improve mobility and attendance rates.

From our side, we must actively contribute to improving inclusive education by advocating for policy changes, raising awareness, and supporting students with educational support needs in our communities. By collectively engaging in these efforts, we will help bridge the gaps in inclusive education and ensure equal opportunities for all students in Kazakhstan.

Adaptive writing and Speech-to-Text assignments for students with musculoskeletal impairments

Inclusive education seeks to ensure that all students, regardless of their physical abilities, have equal access to learning opportunities. For students with musculoskeletal impairments, traditional writing tasks present significant challenges due to limited fine motor skills. To address this issue, the implementation of assistive technology in writing assignments provides a more accessible and effective educational experience. This essay explores an adaptive task designed to support these students, justifies its necessity, and analyzes its effectiveness based on a pilot study.

Proposed task: Speech-to-Text and adaptive writing assignment

To accommodate students with musculoskeletal impairments, an alternative writing task is proposed:

- task description: students will compose a short essay (250–300 words) on the topic of "The importance of learning English" using speech-to-text software;
- final submissions will be assessed based on coherence, organization, and content rather than handwriting or typing speed;

Justification for the task: the task is designed to cater to the specific needs of students with musculoskeletal impairments, ensuring that they can participate in academic activities without undue difficulty. The rationale behind this approach includes the following key factors:

Enhancing accessibility: Speech-to-text technology allows students to focus on their ideas rather than struggling with physical limitations, ensuring their ability to express themselves effectively.

Reducing fatigue: writing for extended periods is physically exhausting for students with limited hand mobility. Utilizing assistive technology minimizes physical strain, enabling sustained engagement in learning activities.

Encouraging expression: Many students with disabilities possess valuable insights but encounter barriers in written communication. By leveraging alternative input methods, they can articulate their thoughts more freely and confidently.

Developing digital literacy: Assistive technologies are becoming integral to education and the workforce. Familiarity with such tools prepares students for future academic and professional settings, equipping them with essential skills for independent functioning.

Analysis of implementation results

To assess the effectiveness of this adaptive task, a pilot study was conducted in a classroom setting with a student who has musculoskeletal impairments. The following observations were recorded:

Completion rate: the student successfully completed the essay using the adaptive methods provided.

Quality of expression: the student demonstrated improved coherence and content richness compared to handwritten assignments.

Engagement level: The student reported a more positive experience using assistive technology compared to traditional writing.


Time efficiency: The time required to complete the task decreased by an average of 35% compared to conventional writing methods.

Data Visualization


To illustrate these findings, the following graphical representations were made:

Comparison of task completion rates between traditional and adaptive methods


2. Time taken for completion: handwriting vs. Speech-to-Text (considering one lesson lasts 40



minutes)



3. Content quality scores before and after adaptive methods



Conclusion

The successful implementation of inclusive education policies in Kazakhstan requires strong government commitment, adequate funding, and clear implementation strategies. While legislative frameworks exist, their execution is often inconsistent due to financial constraints and lack of coordination among stakeholders. To ensure sustainable progress, Kazakhstan must allocate a fixed percentage of its education budget to inclusive initiatives. This funding should be used to improve teacher training, upgrade infrastructure, and provide assistive technologies. Moreover, local education authorities should be granted greater autonomy to implement inclusive education programs tailored to their communities' specific needs. Collaboration between the Ministry of Education, the Ministry of Health, and disability advocacy groups is essential to developing data-driven monitoring systems that track the effectiveness of inclusive education policies. The implementation of assistive technology in writing assignments demonstrates the importance of inclusive educational strategies. By incorporating speech-to-text software and other adaptive methods, students with musculoskeletal impairments can engage in academic tasks without unnecessary obstacles. The results of the pilot study affirm that such interventions not only enhance accessibility but also improve students' confidence, academic performance, and overall learning experience. Educational institutions should actively integrate these solutions to create an equitable and supportive learning environment for all students.

References

1. Warnock, H. M. (1978). Special educational needs: Report of the Committee of Enquiry into

the Education of Handicapped Children and Young People. Her Majesty's Stationery Office. Retrieved from https://www.education-uk.org/documents/warnock/warnock1978.html
2. Education Act 1981, c. 60. (1981). Legislation.gov.uk. Retrieved from https://www.legislation.gov.uk/ukpga/1981/60/enacted
3. UNESCO International Institute for Educational Planning. (n.d.). Kazakhstan – Inclusion in education. Education Profiles. Retrieved from https://education-profiles.org/central-and-southern-asia/kazakhstan/~inclusion
4. Human Rights Watch. (2019, March 14). On the margins: Education for children with disabilities in Kazakhstan. Human Rights Watch. Retrieved from https://www.hrw.org/report/2019/03/14/margins/education-children-disabilities-kazakhstan
5. Nurgul Eleusizova. (2024). Social adaptation assistance for children with autism spectrum disorder in Almaty, Kazakhstan. International Journal of Inclusive Education https://www.tandfonline.com/doi/abs/10.1080/20473869.2024.2385596
6. Zhanna Shayakhmetova. (2021, June). Kazakh government to focus on inclusive environment, education. The Astana Times. Retrieved from https://astanatimes.com/2021/06/kazakh-government-to-focus-on-inclusive-environment-education
7. Makoelle, T. M., & Burmistrova, V. (2021). Teacher education and inclusive education in Kazakhstan. International Journal of Inclusive Education https://www.tandfonline.com/doi/abs/10.1080/13603116.2021.1889048
8. Durdona Yussupova. (2023, June). Analysis of specialists' shortages in schools with inclusive education in Kazakhstan, BULLETIN OF THE KARAGANDA UNIVERSITY ECONOMY SERIEShttps://www.researchgate.net/publication/372558439_Analysis_of_specialists%27_shortages_in_schools_with_inclusive_education_in_Kazakhstan
9. Alzhanova, A. (2021). The attitudes of parents and teachers towards inclusive education in Kazakhstan. В T. M. Makoelle (Ред.), Inclusive education in a post-Soviet context: A case of Kazakhstan (стр. 171–198). Springer https://www.researchgate.net/publication/349646390_The_Attitudes_of_Parents_and_Teachers_Towards_Inclusive_Education_in_Kazakhstan

ӘОЖ 82.091

Ахылова Д.М.
Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Ы.Алтынсарин атындағы №49 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Тараз қ., Қазақстан

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ Ә.ҚОҢЫРАТБАЕВТЫҢ ОРНЫ

Аннотация. Мақалада көрнекті әдіскер-ғалым Ә.Қоңыратбаевтың қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің ғылыми пән ретінде қалыптасып, дамуына қосқан үлесі жайлы дерекқтер тыңғылықты түрде баяндалады. Ә. Қоңыратбаевтың педагогикалық институт қызметкері ретінде қазақ әдебиетін оқыту методикасы мәселелерімен шұғылданып, республикамыздағы әдістеме ғылымының өркендеуіне қосқан үлесі жайлы да деректер сараланып ұсынылады. Оның ғылыми мектеп қалыптастырғандығы жайлы деректер жаңаша көзқараста талданып, түсіндіріледі. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесін пән ретінде жоғары оқу орындарында оқытылғанымен, көпке дейін арнаулы оқу құралдары мен оқулықтары болғандығы, аталмыш олқылықтың орнын толтыруда Ә.Қоңыратбаевтың тигізген ықпалы жайлы да тың деректер баяндалады.

Тірек сөздер: қазақ әдебиеті, әдістеме, оқыту, Ә.Қоңыратбаев, ғылым, әдебиеттану.

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі тарихында өзінің өлшеусіз еңбегімен көзге түсетін ірі тұлға – Ә. Қоңыратбаев. Ол өзінің бүкіл саналы ғұмырын әдебиеттану ғылымына арнап, қазақ

әдебиетінің іргетасын қаласқан, әдебиеттің халықтығын жақтап, қаламгерлерімізді ана тілін аялауға, биік шеберлік пен көркемдікке, әділ сынға, дидактикалық ұстанымға шақырған есімі республикамызға аян ғалым, әдебиетші-әдіскер.

Әдіскер-ғалым қазақ мектептерінің алғашқы оқулықтарын жазудан бастап қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің қалыптасу тарихында үздіксіз еңбек еткен. Ғалымның түркітану, эпостану, қазақ әдебиетінің тарихы, әдебиет теориясы, көркем мәтін поэтикасы, аударматану саласындағы зерттеулері әдебиеттану ғылымына қосқан сүбелі еңбек болып танылады. Әдебиеттану ғылымының әр саласы бойынша іргелі ізденістермен шұғылданған ғалым қазақ әдебиетін дамытудың жарқын жолы әдебиетті тиімді оқыту екендігін парасат пайымымен болжаған. Сондықтан да қазақ мектептерінің алғашқы оқулықтарын жазудан бастап қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің қалыптасу тарихында үздіксіз еңбек еткен. Әуелбек Қоңыратбаев мектепте қарапайым мұғалім болып қызмет атқарған жылдарында әдебиетті оқытудың сан алуан қыр-сырларына терең үңіле отырып, өзінің көл-көсір білімін әдебиетті оқытудың оңтайлы, тиімді әдіс-тәсілдерін ойлап табуға жұмсады. Әуелбек Қоңыратбаевтың басқа әдебиетші - ғалымдардан ерекшелігі мектеп ісін өте жақсы білетін үлкен әдіскер ғалым екенінде жатыр. Әдебиетті түсініп қана қоймай, оны сүю, өнерді түсіну және қадірлей білу - бәрі де мектептен басталатын үлкен ұстаз - Әуелбек Қоңыратбаев берік жанына тұтқан. Әдебиетті оқыту әдістемесінен үлкен шабытпен нақты мысалдарға сүйене отырып, оқытудың белгілі бір өзекті мәселесіне негіздеп оқитын лекциялары, сондай-ақ бұрынғы Одақ кезіндегі педагогика мен методиканың айтулы мамандары мен ғалымдары Столетов, Архангельскийлермен т.б үнемі хат жазысып, пікірлесіп отыруы, әдебиетті оқыту әдістемесінен бірнеше кітаптар жазуы – осының бәрі Ә. Қоңыратбаевтың әдебиетті сүйетін, өз ісін терең білетін нағыз педагог, әдіскер ғалым болғанын дәлелдесе керек [1].

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі кенже дамып келе жатқан ғылым саласы екендігі белгілі. Әдеби таным, әдеби талғам, әдеби білім тарихы ертеректен бастау алғанымен, әдебиетті оқыту әдістемесі ғылымының қалыптасу тарихы әдебиетті пән ретінде арнаулы мектептерде оқытудан басталады. Алғаш қоғамдық пәндердің құрамында оқытылып келген қазақ әдебиеті өзін пән ретінде 1932 жылдан ғана бастаған еді. Алғашқы мектепке арналған оқулықтар Қазақ әдебиетінің алғашқы оқу құралдары әрі оқулық, әрі әдеби, ғылыми, зерттеу еңбегінің нәтижесі болып табылды. Алғашқы оқу құралдары жазылған тұста әдебиеттің тарихи курсы толық анықталмаған кез болатын. Оның үстіне әдебиеттің теориясы қалыптаспаған, сыны жоққа тән еді. Аумалы-төкпелі кезеңде әдеби мұраға деген көзқарастың да тұрақтамаған тұсы болатын. Қазақ әдебиетінің алғашқы сынында сыңаржақтылық басым еді. Әдебиет пәнінің ғылыми негіздерін анықтау да күрделі үдерісті бастан кешіргені мәлім. Сондықтан осы кезеңде жазылған әдебиет майданы мәселелері алғашқы оқу құралдарына енгізіле берді. Сол оқу құралдары өз кезегінде орталау оқу орындарына да қызмет етті. Сондықтан бұл еңбектердің оқулыққа қарағанда хрестоматиялық сипаты басым болды. Қазақ әдебиеті оқулықтарының алғашқы қарлығаштары қатарында ең бірінші болып әдіскер-ғалым Ә.Қоңыратбайұлы, сонымен қатар М.Жолдыбайұлы, М.Қаратайұлының төрт жылдық мектепке арналған «Әдебиет хрестоматиясы» оқулығы бар еді. Бұл хрестоматияның оқушы-шәкірттердің білімін толықтыруға, әдеби эстетикалық танымын қалыптастыруға елеулі ықпалы болды [2].

Қырқыншы жалдарға дейін қазақ әдебиетінің әдістемесінің қалыптасу кезеңі болды деуге болады. Бұл қалыптасу бірнеше бағыттағы үдерістен көрінеді: осы кезеңде мектептің сабақ жүйесі қалыптасты, яғни жалпыға бірдей орталау және орта білім беру жүйесі құрылды; әдебиет оқулықтарының ғылыми-әдістемелік, материалдық базасы қалыптасу үстінде болды; оқу бағдарламалары мен оқулықтарының әдістемелік құрал ретіндегі рөлі күшейе түсті. Әдебиет оқулықтарының оқушы мен мұғалімнің сүйенетін негізгі құрал ретіндегі рөлінің күшейуі ендігі жерде әдістемелік жүйесін де нығайту талабын туғызды. Ендігі жерде мектеп оқулықтарына әдістемелік нұсқаулардың жазылу қажеттігін туындатты. Сол тұстағы идеологияның әсерінен мектепте оқылатын ақын-жазушыларды іріктеу үлкен жауапкершілікпен жүзеге асырылу себепті, ендігі жерде жеке ақын-жазушылар өмірі мен

шығармашылығын мұғалімдерге түсіндіруге арналған танымдық мазмұндағы мақалалар жарияланып, бірлі-жарым әдістемелік кітапшалар пайда болды.

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің осы кезеңдегі өзекті мәселесін көтерген алғашқы мақалалардың авторларының бірі де Ә.Қоңыратбаев еді. 1946 жылы «Халық мұғалімі» журналында жарияланған Ә.Қоңыратбаевтың «Мектепте Абайдың мысал өлеңдерін оқыту туралы» деген мақаласы осы тұста жазылған белгілі бір шығарманы жанрлық ерекшелігіне қарай оқыту жолдарын ұсынған алғашқы мақала болатын. Шағын сюжеттік желіге құрылған мысал өлеңдер табиғаты өзінің көлемі жағынан да ғибраттық мазмұнымен де оқушы түсінігіне жеңіл, қызғылықты шығармалар қатарында бағдарламаға енгізілген болатын. Ал, мысал өлеңдерінің композициялық құрылымында эпикалық текке тән сюжеттік желінің болатыны, ғибартнамалық түйінінің әр түрлі көркемдік тәсілдермен берілу жолы болды.

Әдіскер-ғалымның 1959 жылы «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналында жарияланған «YI класта лирикалық өлеңдерді оқыту» атты мақаласы лирикалық шығармалардың табиғатын танытып, оны оқытудың әдістемелік жолдарын жүйелеген еңбек болып танылады [3]. Мақалада автор орта буын сыныптарда поэзиялық шығармаларды оқытудың ұстанымдарын айқындап, мектеп бағдарламасында оқу материалын сұрыптаудың негізгі қағидаттарын көрсетеді. Мәселен, «YI-класта Абайдың «Жазғытұры» деген пейзаждық өлеңінен оның абстрактілі түйіндеуге, ішкі сезім толқынына, сол сезім арқылы терең этикалық ғибратқа құрылған «Әсемпаз болма әрнеге» деген лирикасының бұрын берілуі орынсыз. Дәл осындай жай Ы.Алтынсарин өлеңдерінің орналасуынан да ұшырасады» - дей келіп, өлеңді мектеп бағдарламасы мен оқулықта берудің рет, тәртібінде әдістемелік жүйе болу керектігін, шығарманың жанрлық ерекшелігіне қарай ұсыну керектігін орынды ескертеді. Автордың пікірінше өлеңнің жанрын таныту үшін әуелі пейзаждық, портреттік, суреттемелік үлгілерін таныстырып, содан соң күрделі әлеуметтік мәселелерді қозғаған тақырыптық өлеңдерді ұсыну керектігін айтады. Осылайша оқыту үдерісін оңайдан күрделіге қарай негіздей құру ұстанымдарын танытады.

Мектеп практикасында лирикалық шығарманы оқыту әдістемесін жетілдіру қажеттігі күннен күнге айқындалу үстінде. Өлең мәтінінін оқуда шығарманы көркем қабылдау мен терең тану мүмкіндіктерін туғызбай, жалаң қасихат пен таңырқау мен тамсанудың орын алуы бүгінгі сабақтарда да жиі ұшырасатыны жасырын емес. Әдіскер-ғалым шығарма табиғатын, жанрлық қырын терең тани отырып, бүгінгі әдебиет пәнін оқытуда өзекті болып отырған біраз жайды сол тұстың өзінде айқын таныған. Соның бірі мәтінге интерпретация жасай оқыту қажеттігі. Автор: «...сабақты жалаң «түйіндеуге» құрсақ, сөзуарлық, жалпылық бел алып, әдебиеттік оқудың басқа міндеттеріне көңіл бөлінбейді. Өлеңнің басты әсері оның эмоциялық-сезімталдық, эстетикалық мәнінде десек, ал идеялық, тәрбиелік мәні текстті тікелей оқып талдаудан, содан нәр алудан келіп тууға тиіс», деген пікірді өлең мәтінін оқытудың нақты жүйесін ұсынумен кеңейте түседі. Прозалық шығарма мен өлең мәтінін талдауда екі түрлі жүйені ұсынады. Прозалық шығармаға талдау→жинақтау әдісі ұсынылса, өлеңді оқытуда жинақтау →талдау→жинақтау әдісінің тиімділігін көрсетеді. Автор алғашқы жинақтауға өлеңнің жазылу тарихы мен авторына қатысты әңгімені жатқызады. Лирикалық шығармалардың жанрлық ерекшеліктерін түсіндіре келе, «лирикалық шығарманың эстетикалық әсерін сақтау үшін, поэтикалық мәтінге прозалық түсініктеме жасамаңыз, граматикалық жаттығу бермеңіз деген кеңес айтамыз» дейді. Өлең мәтінін оқытуды мазмұндаудан бастамай, композициялық талдаудан бастау керектігін, өлеңнің әрбір бөлшегінің қызметі мен суреттеу, образдау тәсілдерін анықтау, талдау оның идеясы айқындаудың ретті жолы екендігін ашып көрсетеді. Мектеп бағдарламасында белгілі бір автордың шығармаларын сол тақырыптар бойынша қалыптастырылатын әдеби-теориялық білімге сәйкес жүйелеп беру оқу үдерісінің оңтайландырып, білімді мазмұнды ететінін анық. Мақаланың құндылығы сонда, автор бір мақала көлемінде-ақ лирикалық шығарманы оқытудың жүйесі мен әдістемелік жолын айқындап бере білген. Автордың әдістемелік жүйесі әдебиетті оқытудың бірден бір тиімді амал-тәсілі ретінде танылып, тұрақтанған. Осылайша әдебиетті оқыту әдістемесінің дәстүрлі жүйесін құруға негіз болғанын атап айту орынды.

Алпысыншы жылдары Ә. Қоңыратбаев педагогикалық институт қызметкері ретінде қазақ әдебиетін оқыту методикасы мәселелерімен шұғылданып, республикамыздағы әдістеме ғылымының арқауын тартты. Оның «Әдебиетті оқыту методикасының очерктері» (1962) және «Әдебиетті оқыту методикасы» (1966) атты еңбектері соның жарқын дәлелі. Бұл методикалық құралдарында әдіскер ғалым тұңғыш рет орта мектептегі V – VIII және IX – X сыныптарға арналған қазақ әдебиеті курсының толық методикалық негіздерін жасап шықты. Әдебиетті оқыту методикасы, жалпы педагогика мәселелері Ә.Қоңыратбаевтың бүгін келген тақырыбы емес. Бұл салада ғалым сонау 40 – жылдары өзінің күш-қажырын байқап көрген болатын. 1945 жылы Қ.Төлебаев, А.Айдаровтармен бірігіп бастауыш мектептің 2 – сыныбына арналған «Оқу кітабын» жазып, онысы 7 рет басылым көрген еді. Сол жылдары ғалымның «Мектепте Абайдың мысал өлеңдерін оқыту туралы» («Халық мұғалімі») 1946, №9-10), «Ыбырай Алтынсарин» («Ленин жолы»,149, 17.07), «Великий просветитель казахского народа» («Ленинский путь»), 1949, 17 июля, №136), «Орта мектепте шығарма жазуды үйрету» («Қазақ тілі мен әдебиеті», 1958, №5), «VI класта лирикалық өлеңдерді оқыту», «Қазақ тілі мен әдебиеті», 1959,№3) атты мақалалары жарияланып тұрған.

1948 жылдан бері Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтында қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасын басқарған Ә.Қоңыратбаевтың әдебиетті оқыту методикасына терең бойлауының негізгі себебі осында. Тәжірибелі ұстаз, әдіскер, педагогтың елеулі еңбегінің бірі - тұңғыш республикамыздағы алғашқы мектеп оқулықтары жоғарғы оқу орындарының студенттері, жалпы орта мектеп мұғалімдеріне арналған әдістемелік зерттеулері жанжандыра жүргізуі еді.

Әуелбек Қоңыратбаевтың «Әдебиетті оқыту методикасының очерктері» (1962) деген құнды еңбегі мектеп ісіне жаңа арнада болысудың басы болды. Ұзақ жылдар бойына мұндай құралды мектеп мұғалімдері сусап күткен еді. Бұл еңбектің жұртшылыққа ұнайтын жері – онда әдістеме мәселесі жалаң қағида түрінде емес, V-VIII сыныптардағы әдебиеттік оқудың алуан түрлі проблемалары – оқу, талдау, түйіндеу, көркем оқу, жазба жұмыстары мәселелері тәжірибеге негізделіп, теория, методика, жалпы педагогика талаптары тұрғысынан мазмұнды түрде баяндалған болатын.

Ә.Қоңыратбаев – көрнекті әдебиет зерттеушісі ретінде де ғылыми мектеп қалыптастырғанын көруге болады. Оның негізгі ғылыми еңбектері 1945 – 1948 жылдары Қазақ КСР Ғылым академиясында баспасөз беттерінде, түрлі ғылыми жинақтарда жарық көрген. Ә.Қоңыратбаев сол тұста қазақтың М.Әуезов, С.Мұқанов, Е.Ысмайылов, Б.Кенжебаев сияқты көптеген белді де беделді ғалымдарымен бірге «А.Құнанбаев» (1945), «Қазақ әдебиетінің тарихы» (1948), «Қазақ кеңес әдебиетінің очерктері» (1949), «Қазақ кеңес әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші» (1950) атты басылымдарға белсене қатысып, тиісті бөлім, тарауларын жазды.1956 жылы басылған «шолпанның ақындығы», 1959 жылы жарық көрген «Қазақтың «Қозы Көрпеш жыры туралы» зерттеулері де ғылыми қауым тарапынан тәуір бағаланды.

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесін пән ретінде жоғары оқу орындарында оқытылғанымен, көпке дейін арнаулы оқу құралдары мен оқулықтары болған жоқ еді. Бұл міндетті атқарған алғашқы оқу құралының авторы да Ә.Қоңыратбаев болды. Автордың «Әдебиетті оқыту методикасы» атты оқу құралы 1966 жылы жарық көрді [4]. Бұл еңбек қазақ әдебиеті әдістеме ғылымының елеулі белесі болды. Еңбекте жоғары сыныптарда әдебиетті оқыту әдістемесінің негізі жасалып берілді. Онда VIII-X сыныптарда «Әдебиет тарихын оқытудың методикасы», «Лекциялық әдіс» деген сияқты іргелі мәселелерді жаза келіп автор әдебиетті тарихи курс жүйесімен оқыту әдістемесінің басты-басты элементтерін ашып береді. Мәселен, «Оқушыларды мәтін талдауға әзірлеу», «Шығарма және оны талдау», «Жоғары кластарда оқушылардың әдеби-теориялық ұғымдарын қалыптастыру», «Жоғары класс оқушыларын шығарма жазуға үйрету», «Әдебиет пәніне байланысты кластан және мектептен тыс жұмыстар» деп аталатын тақырыптардың мазмұны жоғары сыныптардағы әдебиет пәнінің негізгі қызметін жүзеге асыру жолдарын талдап сөз етеді.

Ә.Қоңыратбаевтың бұл еңбегі қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі ғылымының қалыптасуына

іргелі үлес қосқан, практикалық маңызы зор еңбек болды. Дей тұрғанмен, сол кездегі жетекші идеологиялық бағыт-кемшіліктен бұл еңбектің де тыс қала алмағандығы байқалады.

Автордың әдебиеттің өзіндік эстетикалық қуат-болмысын сезіндіруден, танытудан гөрі оның идеялық мәніне басымдық беруге ыңғай көрсетуін сол замандағы тарихи-қоғамдық жағдайдың ықпалы деп бағалау керек. Солай болса да Ә.Қоңыратбаевтың бұл еңбегі көркем туындыны оқушыларға «Жазушы және оның стилі», «Шығарма образдарын талдау», «Мінездеме жасау жолдары», «Шығарманың тілін талдау», «Шығарманың композициясы мен сюжетін талдау» деген блоктар бойынша ұсынудың жүйесін жасап беруімен, әдебиетті жас ұрпаққа танытудың жолдарын көрсеткен құндылығымен бағалы [5]. Әдебиет пәні бойынша жұмыстарды бұлай дербес және компоненттерге бөліп оқытуды ұсынуы сол тұстағы әдістемелік ұстаным еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Әдебиет хрестоматиясы. (төрт жылдық мектепке арналған) М.Жолдыбайұлы, Ә.Қоңыратбайұлы, М.Қаратайұлы. - Алматы: 1934 жыл.

2. Ә.Қоңыратбаев. Мектепте Абайдың мысал өлеңдерін оқыту туралы. «Халық мұғалімі» журналы, 1946 жыл.

3. Ә.Қоңыратбаев. YI класта лирикалық өлеңдерді оқыту. «Қазақ тілі мен әдебиеті» 1959 ж, №4.

4. Ә.Қоңыратбаев. Әдебиетті оқыту методикасы «Қазақ мектептерінің IX-X класс мұғалімдері үшін көмекші құрал) Алматы: Мектеп, 1966 жыл.

5. Ә. Қоңыратбаев 4-7 кластарда әдебиетті оқыту методикасы. –Алматы: Мектеп, 1987. -176 б.

ӘОЖ: 81-119

Асильбекова Г.Ү.

(Тараз қаласы білім бөлімінің №49 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі)

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІСТЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация:*Мақала қазіргі уақытта мемлекеттік тілді үйрету бағытында түрлі жаңаша әдістемелік құралдар мен технологиялар жаңартылып, білім беру жүйесінде көп деңгейлі оқулықтар басып шығару жұмысы қарқынды іске асырылуда. Заманауи технологияларды пайдалануда оқытушының рөлі мен атқаратын қызметі маңызды рөлі туралы қарастырылған. Зерттеу қазіргі тіл біліміндгі өзекті мәселелердің бірі болып табылады.*

Кілт сөздер*: қазақ тілі, мемлекеттік тіл, заманауи әдіс-тәсілдер,жаңаша оқыту, әдіс, жаңа технология, оқу, зерттеу.*

Жаһандану дәуірінде өмір сүріп отырған жас буынды түсіндіру мен баяндау арқылы қызықтыра алмайсың. XXI ғасыр өзгерістеріне әр баланы бейімдеу-бүгінгі ұстаздың негізгі мақсаты. Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша жаңартылған оқу бағдарламасында білім алушының бойына XXI ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін қажетті дағдыларды дарыту қажет. Қазақ тілі мен әдебиетін оқи отырып, оқушылар негізгі төрт тілдік дағды, атап айтар болсақ, айтылым, тыңдалым, оқылым және жазылым бойынша түсініктері мен қабілеттерін кеңейтеді. Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды

құралдардың бірі», – деп, білім беру жүйесінде жүргізіліп жатқан реформалар бүгінгі күннің талабынан туындап отырғанын атап көрсетті.

Қазақ тілін білу аясын дамыту бойынша: мемлекеттік тілдің нормативтік базасын күшейту жөніндегі шараларды іске асыру және оны аспаптық әдістермен (ынталандыру, көтермелеу және басқалары) жетілдіру, ғылым және білім, экономика, қаржы және басқару, 14 сот ісін жүргізу және заңнама, сондай-ақ БАҚ пен интернет кеңістік саласында қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейту; қазақ тілінің грамматикалық, лексика-фразеологиялық, оның ішінде терминологиялық және ономастикалық ресурстарын зерттеу, сондай-ақ ғылыми, ғылыми-көпшілік әдебиет, интернет-ресурстар, онлайн оқулықтар, ортологиялық және басқа да құралдар арқылы жаңа ғылыми-лингвистикалық білімді дәріптеу жөніндегі шараларды қолдау көзделген. Демек, білім беру жүйесінде қазақ тілін оқыту әдістемесінің алатын орны өзекті. Әсіресе, өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту мәселесі қоғамдағы өзекті мәселелер қатарында. Сол себепті, білім беру ордаларында қазақ тілін заманауи әдіс-тәсілдер көмегімен оқытуға ерекше көңіл бөлу керек.

Қазіргі уақытта мемлекеттік тілді үйрету бағытында түрлі жаңаша әдістемелік құралдар мен технологиялар жаңартылып, білім беру жүйесінде көп деңгейлі оқулықтар басып шығару жұмысы қарқынды іске асырылуда. Заманауи технологияларды пайдалануда оқытушының рөлі мен атқаратын қызметі маңызды рөл атқарады. Оқытушының басты міндеті - студентке бағытталған қолайлы оқу ортасын жасау және тілді оқыту барысында тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану.

Сол себептен де, қазақ тілі пәнінің оқытушылары қазақ тілін екінші тіл ретінде (шетел тілі ретінде) оқытудың жаңаша цифрлы құралдары бойынша шығармашылық ізденіс жұмыстарын жүргізуі қажет. Жуанышпаева С. Ж., Баекина Н. М., Мұхамеджанова Г. Т. «Қазақ тілін деңгейлеп оқыту әдістемесі» атты ғылыми мақаласында: «мультимедиа материалдар арқылы алатын білім аса тиімді әрі нәтижелі. Мультимедиа форматындағы құралдар (аудио және бейнемәтіндер және т.с.с.) ерекше методологиялық үлгілерден және лингвистика мен әдістеме теорияларына сай тілді оқыту мақсаттарына байланысты сұрыпталып алынады. Қатысымдық біліктерді дамыту үшін сұрыпталып алынған материалдың мақсаттары анық болуы тиіс.

Қазақ тілін оқыту әдістемесін алатын болсақ, осы тілде көркем фильмдерді қарап, сол тілдік ортаға еніп, тілді сіңіру жұмысы аса тиімді болып табылады. Тілді тиімді меңгерту төрт дағды арқылы жүзеге асырылады. Олар: оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым дағдылары. А1 деңгейде оқитын студенттерге қазақ тілін үйретуде бұл сөздер шектеулі түрде беріледі. Сондықтан оқытушы лексикалық минимумның шегінен асып кетуге болмайтынын ұмытпағаны жөн. Тілдік аспекті ретінде лексиканы меңгертуде грамматикамен тығыз байланыста жұмыс жасалуы қажет.

Оқушылардың білім, білік дағдыларына қойылатын талаптар стандартқа сай белгіленеді. Айтылым бойынша: логикалық бірізділікпен әңгіменің сабақтастығын сақтап баяндауды, сегіз-тоғыз сөйлем арқылы затты, құбылысты, іс-әрекетті сипаттауды, естіген, оқыған ақпаратты қайта баяндауды; тыңдалым бойынша: он-он екі сөйлемнен тұратын диалогтағы мұғалімнің, білім алушылардың сөзін, ақпараттарды түсінуді, тыңдаған материал бойынша өз көзқарасын білдіруді; оқылым бойынша: шағын мәтінді түсініп оқуды, тақырып, жоспар, сұрақтар құруды, өз пікірін бағалауды, білдіруді; жазылым бойынша: естіп отырып сауатты жазуды; грамматикалық дағдыларды бекітуге арналған тапсырмаларды орындауды; өз кестесін құруды (күн тәртібі, сабақ кестесі т.б.); ашық хатқа құттықтау сөздер мен тілектер жазуды меңгеруі тиіс» [1, 110 бет].

Біз тәжірибелік сабақтарда тілдік дағдыларды меңгерту мақсатында келесідей жұмыстар жүргіздік: айтылым дағдыларын қалыптастыру мақсатында СТО технологиясының «Миға шабуыл», «Қар кесегі» стратегияларын сабақтың кіріспе және негізгі бөлімінде қолданамыз. Бұл сабақтың тақырыбына деген қызығушылықты арттыру және сөйлесім қабілеттерін дамытуда тиімді болып табылады. Бұл әдістерді студенттер өзара және оқытушымен бірлесе іске асырады. Егер лексикалық тақырып мазмұнына сай танымал әндер

бар болатын болса, «караоке» әдісін қолдануға болады. Мысалы, «Менің Отаным» лексикалық тақырыбы берілетін болса, «Батырлар ұраны», «Мен қазақпын» сынды патриоттық әндерді таңдап, студенттермен бірлесіп «караоке» әдісі арқылы шырқауға болады. Тәжірибе көрсеткендей, көпшілік студенттерге ән айтқан ұнайды, сол себептен ән мәтінін өз құлшыныстарымен тез жаттайды.

Оқытушы ән мәтінінің аудармасымен жұмыс жүргізіп, сабақтың қорытынды бөлімінде осы әдісті қолдануға болады. Бұл әдістің тиімділігі: дұрыс айтылым, тыңдалым және оқылым дағдыларының қатар меңгереді. Сонымен қоса, лексикалық және грамматикалық дағдыларды да ұтымды меңгереді. «Есту – бұл ауызша және дауысты жазбаша сөйлеудің дыбысталуын семантикалық қабылдау. Мақсатты тыңдау – өте қиын міндет. Лай-ман Стил «Тыңда, сен тыңдай алмайсың!» кітабының авторы, тыңдау қабілеті туралы жазады.

Тыңдауға арналған арнайы жаттығулар сөйлеуді есту, сөйлеу есте сақтау қабілетін дамытуға, ауызша сөйлеудің қалыптасуына, атап айтқанда оның мәнерлілігіне, айтылу нормаларын меңгеруге жақсы әсер етеді. (Абдразахова, 2003, 28 б.). Қазақ тілі сабақтарында тиімді тыңдау 4 қабілетті қамтиды:1) есту қабілеті; 2) ойлау қабілеті; 3) түсіндіру, өз сөзімен айта білу; 4) есте сақтау қабілеті» [2, 96 бет].

Тыңдалым дағдыларын дамыту жұмыстарын мультимедиалық тапсырмалар арқылы ұйымдастыру тиімдірек деп есептейміз. Әсіресе, ұзақтығы 2-5 минуттық мультфильмдер, түрлі видеолар пайдалану студенттердің тілді меңгеру ынтасын арттырады. Сабақ барысында бейне форматты қолданудың артықшылықтары: дыбысталудың әртүрлі болуы (басқаша айтқанда, түрлі акценттерді есту студенттің 15 шынайы тілдік ортаға енуіне ықпал тигізеді), лексикалық минимумның практикалық қолданысының көрсетілуі (студент қандай жағдайда қандай сөздерді дұрыс пайдалануы керектігін түсіне алады) және тілді меңгеруге деген қызығушылықтың оянуы. Оқылым дағдыларын меңгеру кезінде мәтін мазмұнындағы ақпаратты түсіну деңгейін анықтау мақсатында «Шындық және жалған», кестеге ақпаратты енгізу, сұрақтарға жауап табу сынды үлестірмелі қағаздармен тапсырмалар ұсынамыз.

Бұндай тапсырмалар студенттердің ақпаратты түсіну, талдау және бағалау дағдыларын меңгеру мен тексеруде септігін тигізеді. Оқытушы үшін жазылым дағдыларын қалыптастыру үлкен жауапкершілікті талап ететін, күрделі дағдының бірі болып табылады. Себебі, жазылым дағдысы студенттің бойынан сауатты жазуды, грамматикалық құрылыстарды дұрыс қолдануды, лексикалық қорды мәтін мазмұнына лайықты таңдауды талап етеді. Сондықтан да, оқытушының басты міндеті - сабақтың әрбір грамматикалық және лексикалық тақырыбын тиянақты түсіндіру. Яғни, грамматикалық тақырыптар бойынша бекіту жұмыстарын, лексикалық минимумды дұрыс қолдану жолдарын үйрету керек.

Қарапайым тапсырмалардан (өмірбаян жазу, күн тәртібін құру т.б.) күрделі тапсырмалар (мәтіндер, әңгімелер жазу) жүйесіне көшу қағидасын ұстану керек. Міндетті түрде жіберілген қатемен жұмыс жүргізуге уақыт бөлу керек. Бұл дағдыны дамыту кезінде мотивациялық жұмыстарды ұйымдастырудың маңызы зор.

Бұдан бөлек, ойын технологияларын қолдану тіл үйренуге қызығушылықты арттыруда тиімді әдіс-тәсілдердің бірі. Шыныменде, сабақты өткізу барысында үлкен аудиторияға ақпаратты толық, әрі тиімді жеткізу де заманауи әдіс-тәсілдердің тигізер пайдасы көп. Қазақ тілі сабағында лексика-грамматикалық тақырыптарды жоғарыда көрсетілген стратегияларды қолдану арқылы сабақты түрлендіріп өткізуге мүмкіндік жасайды. Бұл смарт технологиялардың артықшылығы: түрлі сатыдағы ақыл-ой қызметін қажет ететін жұмыстарды арнайы тәсілдер көмегімен орындауға ықпал жасайды.

Мысалы, мультимедиялық құралдарды, анимациялық кескіндер мен түрлі деңгейдегі жаттығуларды өз бетімен орындауға болады. Жоғарыдағы тәжірибелік сабақтарды қазақ тілін оқытудың: а) ана тілі ретінде оқыту; ә) екінші тіл ретінде оқыту; б) шет тілі ретінде оқыту бағыттарында да қолдануға болады.

Бұлардың әрқайсысының өзіне тән мазмұны, әдістемесі, құралдары болады [3, 201 бет]. Шет тілін үйрету тіл үйренушілердің мәдениетаралық қарым-қатынасқа жеке және тең дәрежеде қатыса алатындай би/полимәдениеттік тілдік тұлға мінезін қалыптастыруға

бағытталуы тиіс. Тілді мәдениетаралық қарым-қатынас құралы ретінде меңгеру тек мазмұны шынайы қарым-қатынасқа негізделген жағдайда ғана үйрене алады. Бұл ұстаным бір-бірімен тығыз байланысқан ауызша сөйлеу мен оқу және жазу әрекеттеріне тікелей қатысты [4, 283 бет]. Қорытындылай келе, студенттер үшін сабақ кезінде қарапайым да қызықты, әртүрлі заманауи әдістәсілдерге негізделген тапсырмаларды қолдану арқылы білім алушылардың бойында тілге деген қызығушылықты арттыруға, сөздік қорын байытуға, сауатты жазу дағдысын қалыптастыруға, есте сақтау қабілетін күшейтуге, тілге деген құрметін оятуға болады.

Сол себептен әр өткізген сабақты түрлендіріп, студенттердің белсенділігінің пайда болуына, өздеріне деген сенімінің артуына, бір-бірімен өзара әрекеттесіп, тапсырмаларды орындау арқылы тілді үйренуге деген қызығушылықты арттыруға болады. Бүгінгі күні өзге тілді аудиториядағы қазақ тілі сабағы сөйлеу әрекетінің барлық түрлеріне мұқият назар аударуды талап етеді.

Жазылым, айтылым, оқылым тапсырмаларын нәтижелі ұйымдастыру үшін дұрыс мақсат пен тиімді заманауи жаңаша әдіс-тәсілдерді қолдану маңызды. Сондықтан да, студенттердің заман талабына сай бәсекелестікке қабілетті болып қалыптасуы үшін мемлекеттік тілді білуі өзекті болып табылады. Жаңа цифрлы технология түрлерін сабақ үрдісінде пайдалану, студенттердің коммуникативтікіскерлік қабілетін дамытады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Жуанышпаева С.Ж., Баекина Н.М., Мұхамеджанова Г.Т. «Қазақ тілін деңгейлеп оқыту әдістемесі» // – 2021.

2 Базарбай, Ә., Оразханова, М. . (2023). «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілін оқыту әдістемесі туралы». Тіл және әдебиет: теориясы мен тәжірибесі, (3), 92–100

3 Жусанбаева С.Б. «Қазақ тілін оқыту әдістемесінің кейбір өзекті мәселелері» // Вестник КазНУ. Серия филологическая. – 2015. – Т. 155. – №. 3.

4 Мұсаева Г.Ә. «Тілді оқытуды ұйымдастыру» (қазақ тілі) // Вестник КазНУ. Серия филологическая. – 2015. – Т. 130. – №. 6.

УДК 37.091.2-028.31

Ахметова М.К.
(Таразский университет им.М.Х.Дулати, Тараз)
Мадыгулова А.В.
(Таразский университет им.М.Х.Дулати, Казахстан, Тараз)

КРИТЕРИАЛЬНОЕ ОЦЕНИВАНИЕ В УСЛОВИЯХ ОБНОВЛЕННОГО СОДЕРЖАНИЯ СРЕДНЕГО ОБРАЗОВАНИЯ.

Аннотация. В настоящем исследовании рассматривается система критериального оценивания в условиях обновленного содержания среднего образования в Казахстане. Делается попытка определить её педагогическую эффективность, выявить ключевые особенности и функции, а также проанализировать влияние на учебный процесс. Актуальность статьи обусловлена необходимостью повышения объективности и эффективности системы оценивания в условиях обновленного содержания среднего образования в Казахстане.

В статье анализируются особенности данной системы, её влияние на образовательный процесс, а также роль формативного и суммативного оценивания в развитии самостоятельности, аналитического мышления и мотивации школьников.Рассматриваются преимущества критериального оценивания, возможные трудности его реализации и пути дальнейшего совершенствования.

Ключевые слова: критериальное оценивание, формативное оценивание, суммативное оценивание, обновленное содержание образования, учебные достижения, оценка знаний.

Akhmetova M.K.
(M.*Kh. Dulati Taraz University)*
Madygulova A.V.
(M.Kh. Dulati Taraz University, Kazakhstan, Taraz)

Criterion-Based Assessment in the Context of Updated Content of Secondary Education

Abstract. This study examines the system of criterion-based assessment within the context of the updated content of secondary education in Kazakhstan. An attempt is made to determine its pedagogical effectiveness, identify key features and functions, and analyze its impact on the educational process. The relevance of the article is due to the need to enhance the objectivity and effectiveness of the assessment system within the updated content of secondary education in Kazakhstan. The article analyzes the features of this system, its influence on the educational process, as well as the role of formative and summative assessment in the development of students' independence, analytical thinking, and motivation. The advantages of criterion-based assessment, potential challenges in its implementation, and ways for further improvement are discussed.

Keywords: criterion-based assessment, formative assessment, summative assessment, updated education content, academic achievements, knowledge assessment.

Одну из ключевых ролей в развитии общества играет образование, качество которого напрямую зависит от эффективности методов оценивания полученных знаний у школьников. Долгое время в школах Казахстана использовалась стандартная пятибалльная шкала оценивания, однако ввиду своей малоэффективности возникла необходимость в ее модернизации.

На протяжении многих лет подобная шкала отметок оставалась единственным способом выявления уровня знаний у учащихся, при этом имея ряд недостатков, таких как субъективность, недостаточная информативность и ограниченность в оценке реальных знаний и навыков школьников. В связи с этим в условиях обновленного содержания среднего образования в Казахстане была внедрена система критериального оценивания, направленная на повышение объективности и прозрачности оценочных процедур.

Критериально-ориентированное оценивание позволяет не только измерять уровень знаний школьников, но и способствует развитию аналитического мышления, самостоятельности и осознанного подхода к обучению. Важной целью этой системы является создание единого образовательного пространства, в котором ученик получает не просто отметку, а развернутую обратную связь, позволяющую ему осознать свои достижения и зоны дальнейшего развития.

В данной статье рассматриваются особенности критериального оценивания в Казахстане, его роль в обновленном содержании образования, основные достоинства и возможные трудности в реализации. Анализ данного вопроса позволит оценить эффективность новой системы и определить пути её дальнейшего совершенствования.

Тема нашего исследования была отражена и рассмотрена в трудах многих ученых. Р.Ю. Гейзер [1] в своей работе исследовал критериальное оценивание как процесс, способствующий определению соответствия между достигнутым и планируемым уровнями учебных достижений обучающихся.

Ш.А. Амонашвили [2], исследуя данную тему, сделал акцент на том, что это процесс соотнесения хода и результата деятельности с намеченными эталонами для установления уровня и качества продвижения в обучении.

Интерпретация критериального оценивания у О.И.Можаевой, А.С.Шилибековой, Д.Б.Зиеденовой [3] трактуется как процесс, основанный на сравнении учебных достижений учащихся с четко определенными, коллективно выработанными, заранее известными всем

участникам процесса критериями, соответствующие целям и содержанию образования, способствующий формированию учебно–познавательной компетентности учащихся.

Анализ выше указанных работ позволяет представить критериальное оценивание, как комплексный и многоуровневый процесс, направленный на всесторонний анализ образовательных достижений обучающихся, который в отличие от традиционных методов, позволяет учителю и ученику глубже погружаться в процесс обучения, выявлять сильные стороны и зоны роста, а также выстраивать индивидуальные образовательные траектории. Именно поэтому структура критериального оценивания подразделена на несколько этапов:

1)Формативное оценивание (текущие отметки);

2) Суммативное оценивание (по завершению разделов учебной программы, итоговое оценивание за четверть и год).

В целом, в течение учебного года осуществляется два вида оценивания: формативное и суммативное.

Формативное оценивание проводится на каждом занятии и позволяет учащимся получать обратную связь для дальнейшего развития, тогда как суммативное оценивание осуществляется по завершению раздела, четверти, триместра или учебного года и служит для подведения итогов усвоенного материала. Для наглядности структура оценивания в обновлённом содержании и образовании и представлен схематично следующим образом:

(рисунок 1)

Таким образом, критериальное оценивание представляет собой современный подход к оценке учебных достижений учащихся в рамках обновленного содержания среднего образования.

Основная педагогическая идея данной технологии заключается в развитии у школьников готовности и способности к самостоятельной учебно-познавательной деятельности.

Наряду с понятием критериального оценивания, нами был рассмотрен термин «учебные достижения», встречающийся с периодической частотой в государственном общеобязательном стандарте начального образования, а также в педагогической литературе, посвященной вопросам оценивания результатов учебной деятельности.

В толковом словаре С.А.Ожегова слово «достижение» определяется как успех, положительные результаты усилий к какой–либо деятельности [4]. Однако анализ научной литературы показывает, что многие исследователи рассматривают учебные достижения как процесс и одновременно его результат, отражающий продвижение школьника в учебной деятельности .

Согласно мнению Е. В. Луцай, для успешного развития учащемуся важно осознавать, понимать и анализировать свои достижения, поскольку именно это мотивирует его к дальнейшему росту. Очевидно, что успехи в учебной деятельности традиционно оцениваются через достижения, которые служат показателем позитивного развития ребенка в школьной среде.[5]

А. П. Тряпицына отмечает, что личностные достижения учащихся отражают их индивидуальный опыт в самовыражении и саморазвитии, при этом особое внимание уделяется творческой активности, основанной на познавательной деятельности. Также она выделяет академические достижения, которые способствуют самореализации личности в учебной, исследовательской и социальной сферах [6].

Т. Г. Абрамова и Н. Г. Корнещук рассматривают индивидуальные достижения учащихся как совокупность всех образовательных результатов, позволяющих успешно адаптироваться в обществе и раскрыть свой потенциал в различных областях [7]. Структура индивидуальных достижений включает образовательные и социально-личностные успехи, а также ключевые компетенции. По мнению авторов, оценка общеобразовательных достижений заключается в анализе конкретных знаний, умений и навыков, приобретенных в ходе изучения учебных предметов.

Анализ психолого-педагогической литературы подтверждает, что «учебные достижения» рассматриваются и как процесс, и как итог обучения, отражающий переход учащегося с одного уровня подготовки на следующий в соответствии с образовательными стандартами.

Одной из форм отслеживания учебных достижений является «учебное портфолио» или «портфолио достижений ученика», представляющее собой систему накопительной оценки,

СТРУКТУРА СИСТЕМЫ КРИТЕРИАЛЬНОГО ОЦЕНИВАНИЯ



которая позволяет учитывать индивидуальный прогресс ученика. Данный метод располагает следующими критериями, которые базируются на академических и внеурочных успехах учащихся:

1)Сборник учебных достижений учащегося за определённый период.

2)Организация, анализ и оценка учебной деятельности (количественная и качественная).

3)Коллекция работ, отражающая успехи, динамику и усилия ученика.

4)Инструмент самооценки и рефлексии учебной и творческой деятельности.

5)Способ фиксации и анализа индивидуальных достижений ученика.

В учебно-методической литературе выделяют несколько видов портфолио: документы, работы и отзывы. Это форма оценивания помогает отслеживать развитие учащегося в различных областях, включая учебную, творческую и коммуникативную. Портфолио является эффективным дополнением к традиционным методам контроля и оценки, расширяя возможности обучения и саморазвития. Оно способствует формированию у студентов навыков самостоятельной работы, повышает их активность, развивает рефлексию и мотивацию к обучению. В педагогической практике портфолио применяется широко и рассматривается как перспективная форма демонстрации индивидуальных достижений. В настоящее время система оценивания претерпевает изменения, направленные на модернизацию методов контроля и оценки. Эти изменения требуют от педагогов знаний современных подходов к оценке образовательных результатов.

Аннотация. Бұл мақалада қазақ тілі синтаксисіндегі қыстырмалардың қатысымдық сипаты қарастырылады. Қыстырмалардың сөйлемнің құрылымында, мағыналық және интонациялық ерекшеліктерінде қалай қолданылатыны көрсетіледі. Сонымен қатар, қыстырмалардың түрлі синтаксистік байланыстардағы қызметі мен олардың сөйлемдегі коммуникативтік мақсаттарға сай қолданылуы қарастырылған. Автор қыстырмалардың қазақ тіліндегі синтаксистік құрылымда маңызды орын алатынын және оларды қолданудың қатысымдық аспектілерін терең түсінудің оқушылардың тілдік дағдыларын жетілдіруде тиімді болатынын атап өтеді. Мақала қыстырмалардың қатысымдық қызметін зерттеудің тіл білімінде маңызды мәселе екенін көрсетіп, оның қазақ тіл біліміндегі орнын анықтайды.

Тірек сөздер: қыстырма, сөз тіркесі, синтаксис, қатысымдық сипат, коммуникативтік қызмет.

Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі көп аспектілі ғылым ретінде қалыптасып келеді. Синтаксис қарымқатынастың шынайы құралы ретінде зерттеле бастады. Яғни, синтаксис байланыстырып сөйлеудің құрылысын зерттейді. Синтаксистік құрылыс – синтаксистік тұлғалар мен тәсілдердің жиынтығы.

Қатысымдық бірліктер синтаксистік тұлғалар: сөз, сөйлем, мәтіндерден тұрады. Сөйлем – тілдік қарым-қатынастың жүзеге асуында өзіндік орны бар қатысымдық тұлға болып табылады. Бұл қатысымдық тұлға арқылы адамдар бір-бірімен пікір алысып, ой бөліседі. Сондай-ақ сөйлем басқа қатысымдық тұлғалармен тікелей байланыста болады, яғни ең алдымен мәтіннің негізгі құраушы элементтерінің бірі болып саналады. Кез келген сөйлемдегі ой белгілі бір мәтінде, мәтін ішінде ғана түсінікті.

Қыстырма сөз тіркесінің құрамы да, грамматикалық тұлғасы да әрқилы [1, 213]. Бірақ бұлардың барлығына ортақ заңдылық - әрқайсысы да сөйлем құрамында қалыптасып, қолданылу ерекшелігіне қарай қыстырмаға айналғандар. Олардың көбісінің-ақ белгілері белгілі бір септік жалғауында (қорыта келгенде, не дегенмен, т.б.), жіктік, тәуелдік жалғауларында (несін айтасың, бір ғажабы) немесе предикативтік тұлғада (солай бола тұрса да), адвербиалдық тұлғада (оның ұғымынша, соның айтуынша) келуі осы пікірді дәлелдейді [2, 42].

М.Томановтың пікірі бойынша, қыстырмалардың кейбірі ең әуелден-ақ, осы қызметте жұмсалып қалыптасты (мысалы: әрине, сірә,т.б.) деп айта алатын болсақ, қыстырма сөз тіркесінің арасында мұндай құбылыс байқалмайды. Біздің байқауымызша, о баста сөйлем құрамында жұмсалмай, тек қыстырма қызметінде қалыптасқан сөз тіркестері жоқ. Қазіргі әдеби тілімізде қыстырма қызметінде жұмсалатын сөз тіркестерінің қайсысы да сөйлем құрамында жұмсалып, келе-келе қолдануына қарай интонациялық жағынан ерекшеленген [2, 134]. Сөйтіп, қыстырма сөз тіркестерінің қалыптасу жолын сөйлем құрылысының даму, жүйелену тұрғысынан қарастырылғаны дұрыс деп есептелінеді. Мұның өзі қыстырмалардың сөйлем құрамынан бөлінбес синтаксистік категория екендігін көрсетеді. Қазақ тіліндегі қыстырмалар шартты түрде морфологиялық құрамына қарай есімді және етістікті қыстырмалар болып бөлінеді [3, 106-107].

1.Есімді қыстырма сөздерге: көбінесе, керісінше, мысалы, рас, расында, әлбетте, мүмкін, қысқасы, ендеше, сіздіңше, біздіңше, меніңше, бірінші (ден), екінші (ден), т.б. жатқызуға болар еді.

2.Етістік тұлғалас қыстырма сөздерге: сөйтіп (солай етіп), өйткені (олай еткені), дегенмен, демек сияқты, т.б. сөздерді жатқызуға болады. Сөз тіркесті қыстырмалардың құрылымдық сипаты төмендегіше ашылады:

1) Кейбір сөз тіркестері екі есім сөздің тіркесуінен құралады. Мысалы:бірғажабы, сол дағдымен, сонан соң, не пайда, т.б.

2) Кейбір тіркестер есім мен етістіктің құрамынан тұрады. Мысалы:былайша айтқанда, несін айтасың, жалпы алғанда, не қылғанмен, не дегенмен.

3) Тек қана етістік сөздерден тұратын сөз тіркестері де кездеседі: сайып келгенде, қорыта келгенде, т.б.

4) Шылау мен толық мағыналы сөздерден құралады: сонан соң, оның үстіне. Мұндай тіркестер сөз тіркестерінен гөрі сөйлемнің күрделі мүшелеріне, бір ритмикалық топтың элементіне жақын болып келеді.

М.Томанов қыстырма сөз тіркестерінің құрамында белгілі басыңқы сөздердің рөлі басым болатындығын атап көрсеткен. Есімдерден құралған сөз тіркестері көбінде (пайда, салдар, жоқ, дағды, ғажап, т.б.) осылар тәрізді абстракт сөздердің айналасына топталып, осылардың жетегінде болады. Етістік қыстырма сөз тіркестерінің басыңқы сыңары болып көбінесе (айту, қою, алу, келу, де) етістіктердің жіктік, шартты рай тұлғалары да кездеседі. Бірақ, бұлар өте сирек қолданылады. Қыстырма сөз тіркестерінің құрамында қолданылатын сөздер сілтеу, сұрау, белгісіздік есімдіктері кейбір үстеу тұлғалы сөздер. Дегенмен, қыстырма сөз тіркестерінің құрамында жұмсалатын сөздер санаулы ғана. Бұл қыстырма қызметінде сөз тіркестерінің барлығы бірдей жұмсала алмайтындығы және олардың өзі қалыптасқан,

тұрақталған болып келетіндігі.

Р.Сыздықова қыстырмалардың есім түбірлілеріне зат есім мен есімдіктің (не шара, амал қанша, амал не, амал нешік, бір жағы, бір жағынан), есім мен шылаудың (бақытымызға қарай, сорыма қарай, өкінішке орай), есім мен үстеудің (әлі есімде, күні бүгін), есім мен бейтарап сөздердің (сөз жоқ, не керек), үстеу мен үстеудің (ең алдымен, ең әуелі), сан есім мен зат есімнің (бірінші жақтан, екінші жақтан) тіркестерінен жасалған қыстырмалар жатады.

Етістік түбірлі қыстырмаларға есім және үстеу мен етістіктен (кім біледі, соры қайнағанда, шынын айтқанда, жалпы алғанда, бір сөзбен айтқанда, былайша айтқанда, жоғарыда айтқандай, т.б.) және етістік пен етістіктен (көріп отырсыз, қорыта айтқанда, қорыта келгенде, т.б.) жасалған қыстырмалар жатады.

Профессор Р.Сыздықова қыстырма сөз тіркестерін тұрақталған түрлері және жақтық, шақтық, жекеше-көпшелік жағынан құбылмалы немесе басқа түсіндірме сөздермен жойылып кете алатын тұрақсыз тіркес түрлері болады, - деп қарастырады.

1) Тұрақты қыстырма сөз тіркестеріне: сөз жоқ, не шара, амал қанша,амал не, амал нешік, не керек, ең алдымен, ең әуелі тәрізділер жатады.

2) Құбылмалы қыстырма сөз тіркестеріне: қорыта келсек (қорытып келгенде, қорыта айтсақ, қорыта айтсам, т.б.), сорыма қарай (сорыңа қарай, сорына қарай, сорымызға қарай), оның айтуынша (жұрттың айтуынша, сенің айтуыңша, т.б.), өздеріңізге мәлім (бұрыннан өздеріңізге мәлім, өздеріңізге мәлім болар, т.б.), шынын айтқанда, (шынымды айтайын, шынын айтсақ, шынын айтса, шынымды айтсам, т.б.) жатады [1, 42].

Құрылысы сөз тіркесті қыстырмалар да, сөйлем құрылымды қыстырмалар да тұрақты тіркестерден немесе мақал-мәтелдерден жасалады. Тар ұғымда алынатын фразеологиялық единицалар мен мақалмәтелдердің арасында үлкен айырым бар. Мақал-мәтел фразеологиялық единицалардан өзінің сөз қолданыс мағыналық жағынан ерекшеленіп тұрады.

Қазақ тіліндегі қыстырма сөздердің құрылысы бір сөзден, екі немесе одан да көп сөзден жасалады. Бір сөзді қыстырмалы сөз, құрылысы сөз тіркесті қыстырмалы сөз тіркесі, сөйлем құрылымды қыстырмаларды қыстырма сөйлемдер ретінде қарастырылады.

Қыстырмалар дегеніміздің өзі сөйлеушінің айтылған ойға әр алуан қатынасын білдіретін, сөйлем мүшелерімен синтаксистік белгілі тәсілдермен байланыспайтын жеке сөздерді де, сөз тіркестерін де, сөйлемдерді де айта аламыз. Алғыс, қарғыс, тілек мәнді тұрақты тіркес түрінде келген қыстырмалар қазақ тілінің сөздік қорында көп кездесіп отырады: бағың күйгір, жаққұрт келсін, атаңа нәлет, іске сәт, басыңа көріңгір, жүгермек келгір, атаңның көрі, тілеуің бергір, т.б.

Бұл тіркестердің қыстырма ретінде қолданылуы тек мәнмәтінде ғана байқалады. Себебі, бұлар жеке тұрғанда атқаратын функциясы басқа да, сөйлеу барысында басқаша болады. Олардың қыстырма ретінде қолданылуына көз жеткізу үшін мысалдар келтірейік. Мысалы, Атаңның көрі,кісілер қайда бұл үйдің? Көрдей ғой (Ә.Нышанов). Мұндағы қыстырма сөз түрінде келіп тұрған қарғыс мәнді тұрақты тіркес атаңның көрі сөйлеушінің кейігендігін білдіріп, сөйлемді тұтас кею мәніне айналдырып тұр.

Тіріде сыйласпаған туыс, көзіңе құм құйылсын, өлгеніңде жылама (Ш.С). Таң атқан соң қарасам, көзін ашпағыр, май жағылмаған етігім өкпелеп, түнде қашыпты да кетіпті (Қ.Е.). Қанжауғыр,баланың қай жылағаны есте тұратын еді (Ғ.М.). Көкжалды соғып алып кері қайттық. Содан кейін, көзіңіз жамандық көрмесін, қасқыр атаулы шаңымызға да жоламай кетті (Қ.Е.). ... қолдарыңнан келсе, құдай тілеуіңді берсін,осы бүгін оралыңдар (М.Ә.).

Міне, осы жоғарыда келтірілген мысалдардан көріп отырғанымыздай, алғыс және қарғыс мәнді тұрақты тіркесті қыстырмалар адамның объективтік өмірге, басқа адамға деген әрқилы реалдық қатынасын білдіретін болғандықтан, олардың мағыналық қызметтері де әр алуан болады. Мысалы, көзіңе құм құйылсын, көзін ашпағырдеген қарғыс мәнді тұрақты тіркесті қыстырмалар кейіс, ренжу мәнін білдіріп, сөйлеушінің келесі біреуге қарым-қатынасын білдірсе, көзіңіз жамандық көрмесін, құдай тілеуіңді берсін деген алғыс, тілек мәнді тұрақты тіркесті қыстырмалар тыңдаушыға разы болған мәнде жұмсалып, яғни сөйлеушінің айтылған ойды эмоциялық жағынан қалай бағаланғанын білдіріп тұр.

Алғыс және қарғыс мәнді тұрақты тіркесті қыстырмалардың орын тәртібі жоғарыда көріп отырғанымыздай, олардың сөйлем ішіндегі орналасу тәртібі тұрақты емес. Кейде сөйлемнің басында келсе, (атаңның көрі, қан жауғыр), кейде сөйлемнің ортасында да келіп жатады (көзіңе құм құйылсын, көзіңіз жамандық көрмесін, құдай тілеуіңді берсін,т.б.). Ал бұлардың тыныс белгілеріне келетін болсақ, егер алғыс-қарғыс мәнді қыстырмалар сөйлемнің басында келсе, үтір арқылы ажыратылады, ал сөйлемнің ортасында келген кезде алдына және артына үтір қойылып, сөйлемнің басқа мүшелерінен оқшауланып ажыратылады.

Мақал-мәтелдерден қазақ халқының ақыл-ойы мен даналық тапқырлығы танылады. Қай тілде болмасын, мақал-мәтелдер тұрақты тіркестердің аясында қарастырылады. Өйткені, мақал-мәтелдердің қалыптасуының өзі – тарихи құбылыс. Дегенмен, олардың тұрақты тіркестерден айырмасы бар, ол – мақал-мәтелдердің құрамында енген сөздер өздерінің лексикалық мағынасын толық сақтап, сөйлем мүшесіне талдауға келетіндігі.

Ұқсас жағы ондағы сөздердің орын тәртібінің тұрақтылығы мен сыртқы формасының бірдейлігінде.

Демек, мақал-мәтел тұтасымен сөз тіркесінің сыңары, түйдегімен сөйлем мүшесі қызметінде жұмсалады. Сондай-ақ, мақал-мәтелдер сөйлемде оқшау сөз қызметін де жұмсалатындығы тілдік деректер арқылы дәлелді. Мақал-мәтелдердің құрамындағы семантикалық, структуралық тұрақты бір тұтас дүниеге айналған сөздерді синоним сөздермен алмастыруға көнбейді. Мақал-мәтелдердің сөйлемде қыстырма сөйлем болуының өзіндік ерекшелігі бар.

Біріншіден, мақал-мәтелдер көмекші сөздердің тіркесуі арқылы қыстырмалық қызметте жұмсалады. Мысалы: "Батпан құйрық, жол үстінде не қылғанжатқан құйрық", - дегендей, бұл не қылған майқалаш? Артын күтейік, - десті олар (Қ.Әміров). «Ер шекіспей, бекіспейді» деген, шекістім - сен жеңдің деймін,-дейді ішінен Қоңырқұлша, - міне қолым (І.Есенберлин). «Ағашқа мәуе бітсе, бәсеңбәсең» дегендей, төрт жылда төрт қара да табан ақы, маңдай теріміз, тамағымыз бен киімімізден артылмады (Ж.Жұмаханов).

Екіншіден, мақал-мәтелдер көмекші сөздердің тіркесуінсіз қыстырмалар қызметінде жұмсалады. Мысалы: «Жаман айтпай жақсы жоқ», егер адаса қалсаңыз, сонау көрінген обалардың біріне қарай маңдай алыңыз да, тарта беріңіз (Ә.Әбішев). «Байтал тұрсын, бас қайғы», молдекеңнің бес теңгелік ақ шапаны да әркімнің қолында кетті (С.Торайғыров). «Игіліктің ерте-кеші жоқ», жоспарыңызды қалдырып кетіңіз (Ғ.Мұстафин).

Қорыта айтқанда, қазақ тіл білімінде қыстырма сөйлемдер арнайы зерттелгенімен, оның зерттеу нысаны ретінде жай сөйлемдер немесе қыстырынды сөйлемдер алынды. Мақал-мәтелдердің сөйлемдегі қыстырма сөйлем ретінде жұмсалуы, оның әр түрлі мағыналық реңктері, негізгі сөйлеммен мағыналық бірлікте жұмсалуы сөз болмаған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақтілінің грамматикасы. II. Синтаксис. – Алматы: Ғылым, 1967.

2. Томанов М. Қазақ тіліндегі қыстырма сөздер мен сөз тіркестері және қыстырмасөйлемдер туралы //ҚазССР Ғылым Академиясының хабарлары, 1961, No3, 42-6.

3. Есенов Қ. Қыстырма сөйлемдердің құрылысы жайында. Кітапта: Қазақтілі грамматикасы бойынша зерттеулер. –Алматы: Ғылым, 1975.

ӘОЖ 81-139

Байниязова Б.Қ

Жәния Әубәкірованың авторлық мектебі, Алматы қ., kystaubaikyzy@mail.ru

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНДЕР

Аннотация. Бұл мақалада қазақ тілін оқытуда оқу-әдістемелік кешендерді (ОӘК) қолданудың тиімділігі қарастырылады.Дәстүрлі және цифрлық білім беру ресурстары, сондай-ақ олардың оқушылардың үлгерімі мен мотивациясына әсері талданады. Зерттеу интерактивті тапсырмаларды, цифрлық платформаларды және мультимедиялық материалдарды қамтитын аралас оқыту тілді меңгеру тиімділігін арттыратынын көрсетті. Алынған нәтижелер аралас білім беру технологияларын одан әрі дамыту және оқу материалдарын білім алушылардың жеке ерекшеліктеріне бейімдеу қажеттілігін растайды.

Түйін сөздер: қазақ тілі, оқу-әдістемелік кешен, цифрлық оқыту, аралас әдістер, тілдік құзыреттілік.

Қазіргі білім беру үрдістері оқу материалын сапалы меңгеруді және білім алушылардың негізгі құзыреттерін дамытуды қамтамасыз ететін тиімді оқу- әдістемелік кешендерді (ОӘК) құруға бағытталған. Қазақстанның көптілді қоғамы жағдайында дәстүрлі әдістерді ғана емес, сонымен қатар оқушылардың қабылдау ерекшеліктеріне бейімделген заманауи педагогикалық технологияларды да ескеруі тиіс қазақ тілін оқыту үшін ОӘК әзірлеу және қолдану ерекше маңызға ие.

Қазақ тілін үйренуде оқу-әдістемелік кешендерді пайдалану оқу процесін жүйелендіруге, оны қолжетімді әрі тиімді етуге мүмкіндік береді. Оларға коммуникативтік дағдыларды дамытуға, тілдік ортаны қалыптастыруға және мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін арттыруға бағытталған оқулықтар, жұмыс дәптерлері, цифрлық ресурстар және әдістемелік ұсынымдар кіреді. Сонымен қатар, цифрлық білім беру платформалары, интерактивті тапсырмалар және мультимедиялық қосымшалар сияқты инновациялық технологиялардың интеграциясы ерекше рөл атқарады [1], бұл неғұрлым серпінді және ынталандыратын білім беру процесін құруға ықпал етеді.

Қолданыстағы оқу-әдістемелік кешендерді талдау, олардың күшті және әлсіз жақтарын анықтау, сондай-ақ оларды жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірлеу қазақ тілін оқыту әдістемесі саласындағы ғылыми зерттеулердің маңызды бағыты болып табылады. Осы тақырыпты зерттеу тілдік құзыреттілікті қалыптастырудың неғұрлым тиімді тәсілдерін айқындауға, сондай-ақ білім алушылардың әртүрлі білім деңгейлері мен санаттары үшін оңтайлы әдістемелік шешімдерді ұсынуға мүмкіндік береді.

Қазақ тілін оқыту үшін ОӘК дамыту қолданыстағы бағдарламалар мен әдістемелерді талдаудан бастап, оларды сынақтан өткізумен және білім беру процесіне енгізумен аяқталатын бірнеше кезеңнен өтеді. Қазіргі уақытта дәстүрлі баспа оқулықтарынан аралас және цифрлық оқыту форматтарына көшу үрдісі байқалады, бұл оқушылардың мотивациясын арттыру және оқу процесін заманауи жағдайларға бейімдеу қажеттілігіне байланысты [2].


Қазақ тілі бойынша оқу-әдістемелік кешендердің мазмұны мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес айқындалады және фонетикалық, лексикалық, грамматикалық және коммуникативтік дағдыларды қоса алғанда, тілдік құзыреттіліктің барлық аспектілерін қалыптастыруға бағытталған [3]. ОӘК құрылымында оқу процесін ұйымдастыру, оқытудың барынша тиімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін әдістемелер мен тәсілдерді таңдау бойынша егжей-тегжейлі нұсқауларды қамтитын оқытушыларға арналған әдістемелік ұсынымдар маңызды орын алады. Соңғы жылдары сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған коммуникативті және белсенді тәсілдер тұжырымдамалары белсенді дамып келеді, бұл оқушылардың әртүрлі коммуникативті жағдайларда тілді еркін меңгеру дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

ОӘК-нің маңызды элементтерінің бірі – әртүрлі форматтарда ұсынылуы мүмкін оқу құралдары [4]. Дәстүрлі түрде олар материалды кезең-кезеңімен игеруге арналған оқулықтар мен жұмыс дәптерлерін қамтиды. Қазіргі жағдайда цифрлық оқу құралдары, мультимедиялық курстар және интерактивті жаттығулар, тесттер, бейне дәрістер және оқытудың ойын түрлерін ұсынатын электрондық платформалар ерекше рөл атқара бастайды. Цифрлық технологиялар әр оқушыға материалды игерудің жеке қарқынын ескеруге мүмкіндік беретін, сондай-ақ әртүрлі тілдік ресурстарға қол жеткізуге мүмкіндік беретін бейімделген оқыту мүмкіндігін

қамтамасыз етеді [5].

Аталған деректерді өңдеу келе, зерттеу аясында 8-сынып оқушылары арасында қазақ тілін оқытуда әртүрлі оқу-әдістемелік кешендердің (ОӘК) тиімділігін бағалау жүргізілді. Зерттеуге екі топқа бөлінген 27 оқушы қатысты: бақылау (13 оқушы) және эксперименттік (14 оқушы). Зерттеудің негізгі мақсаты бақылау тобында қолданылған дәстүрлі ОӘК тиімділігін және эксперименттік топта қолданылған баспа және цифрлық материалдарды қамтитын аралас оқу- әдістемелік кешенді салыстыру болды. Зерттеу процесі жаңа әдістемелер енгізілмес бұрын оқушыларға тестілеуді және оқу кезеңі аяқталғаннан кейін соңғы тестті жүргізуді қамтыды. Бақылау тобында дәстүрлі оқулықтар мен жұмыс дәптерлері пайдаланылды, ал эксперименттік топта оқыту стандартты оқу құралдарына қосымша электрондық білім беру платформаларын, интерактивті тапсырмаларды және мультимедиялық материалдарды пайдалана отырып жүргізілді.


Ең алдымен оқушылардың үлгерім дәрежелері тест сұрақтарының негізінде жүргізілді. Сұрақтардың жалпы саны – 25. Зерттеу нәтижелері 1-суретте көрсетілген.



Сурет-1 – Білімгерлердің зерттеуге дейінгі және кейінгі үлгерім көрсеткіштерін салыстыру диаграммасы (орташа балл)

1- суретте көрсетілгендей, зерттеуге дейінгі және кейінгі үлгерімді талдау бақылау тобында орташа балл 60-тан 67-ге дейін өскенін көрсетті, бұл 12% өсімге сәйкес келеді. Эксперименттік топта бұл көрсеткіш 59-дан 80-ге дейін өсті, бұл өсімнің 21% құрайды. Бұл цифрлық және дәстүрлі ресурстарды қамтитын оқытудың біріктірілген тәсілі материалды игеруге тиімдірек ықпал ететінін көрсетеді.

Зерттеу әдістерінің тиімділік дәрежесі 10-баллдық шкала негізінде оқушылардың функционалды сауаттылық деңгейлері, қызығушылық және белсенділік деңгейлерінің негізінде құрастырылды. Нәтижелер 2-суретте көрсетілген:



Сурет-2 – оқытудың әртүрлі әдістерінің тиімділік диаграммасы

2- суретте көрсетілгендей, оқытудың әртүрлі әдістерінің тиімділігіне қосымша жүргізілген талдау аралас әдістің ең жоғары баға алғанын көрсетті (10- нан 9.1), бұл оның тиімділігін растайды. Цифрлық және жеке әдістер де жоғары өнімділікті көрсетеді (сәйкесінше 8.2 және 8.5), ал дәстүрлі әдістің тиімділігі төмен болып шықты (6.5). Бұл нәтижелер оқу процесін жаңғырту және қазақ тілін оқытуда жаңа технологияларды белсенді енгізу қажеттігін айғақтайды.

Осылайша, зерттеу нәтижелері дәстүрлі және цифрлық оқыту құралдарын біріктіретін аралас оқу-әдістемелік кешеннің тиімділігін растайды. Мұндай ОӘК қолдану оқушылардың үлгерімін арттырып қана қоймай, олардың қазақ тілін үйренуге деген ынтасын арттырып, оқу процесін қызықты әрі серпінді етуге мүмкіндік береді. Алынған мәліметтер негізінде қазақ тілін оқыту практикасына аралас білім беру әдістемелерін енгізу, сондай-ақ олардың тілдік құзыреттерді меңгерудің ұзақ мерзімді нәтижелеріне әсерін одан әрі зерттеу ұсынылады.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу нәтижелері қазақ тілін оқытуда біріктірілген оқу-әдістемелік кешен (ОӘК) шеңберінде дәстүрлі және цифрлық ресурстарды интеграциялаудың тиімділігін растады. Бұл тәсілді қолдану білім алушылардың үлгерімін арттыруға ғана емес, сонымен қатар білім беру процесін серпінді және қызықты ете отырып, тілді үйренуге тұрақты мотивацияны қалыптастыруға ықпал етеді.

Оқытудың әртүрлі әдістерін талдау цифрлық білім беру платформаларын, интерактивті тапсырмаларды және мультимедиялық материалдарды қамтитын оқытудың біріктірілген форматы материалды игеру тиімділігі тұрғысынан дәстүрлі әдістерден айтарлықтай асып түсетінін көрсетті. Бұл зерттеулер сонымен қатар оқу-әдістемелік кешендерді оқушылардың жас және когнитивтік ерекшеліктеріне бейімдеудің маңыздылығын көрсетеді, бұл мемлекеттік тілді меңгеру үшін дараланған және өнімді жағдайлар жасауға мүмкіндік береді.

Алынған нәтижелер негізінде қазақ тілін оқыту процесіне аралас білім беру технологияларын одан әрі дамыту және енгізу ұсынылады. Дәстүрлі және цифрлық құралдардың оңтайлы үйлесіміне, сондай-ақ тілді тереңдетіп оқыту үшін пәнаралық байланыстарды кеңейтуге бағытталған оқытушыларға арналған әдістемелік ұсыныстарды әзірлеуге ерекше назар аудару қажет. Болашақта инновациялық білім беру технологияларының оқушылардың тілдік құзыреттілігін ұзақ мерзімді дамытуға әсері бойынша зерттеулерді жалғастырған жөн, бұл қазіргі заманғы білім беру жүйесі жағдайында қазақ тілін оқытудың неғұрлым тиімді стратегияларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Жұмашова З. и др. Challenges and recommendations for teaching and learning Kazakh as a second language // *International Journal of Society, Culture & Language*. – 2023. – Т. 11. – № 2 (Themed Issue on Language, Discourse, and Society). – С. 119- 131.

2 Айтим А. Developing methods for automatic processing systems of Kazakh language // *Вестник КазАТК*. – 2024. – Т. 133. – № 4. – С. 254-265.

3 Сулейменова Г. С. Effectiveness of teaching kazakh onomastics and toponyms to university students // *Вестник университета Ясави*. – 2023. – Т. 4. – № 130. – С. 318-328.

4 Thompson Burdine J., Thorne S., Sandhu G. Interpretive description: A flexible qualitative methodology for medical education research // *Medical Education*. – 2021. – Т. 55. – № 3. – С. 336-343.

5 Mirzayevna M. Innovative technologies in foreign language teaching methodology // *ACADEMICIA: An International Multidisciplinary Research Journal*. – 2021. – Т. 11. – № 12. – С. 465-467

ӘОЖ 81-139

Байсерикова А.Г.
(Абай атындағы мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиеті тереңдете оқытатын мектеп – гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі)

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ДЕҢГЕЙІ: ВИРТУАЛДЫ ОРТА ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

Аннотация. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың жаңа деңгейі – жасанды интеллект пен виртуалды ортаны тиімді пайдалану арқылы тілдік дағдыларды жетілдіру. Мақалада білім беру процесінде қолданылатын заманауи технологиялардың артықшылықтары, олардың оқушының танымдық белсенділігіне және шығармашылық ойлау қабілетіне әсері қарастырылады. Жасанды интеллектке негізделген платформалар, чат-боттар, мобильді қосымшалар, сондай-ақ виртуалды және толықтырылған шындық құралдары қазақ тілін тереңдете оқытуда тың мүмкіндіктер ашуда.Виртуалды шындық, жасанды интеллектке негізделген платформалар, интерактивті тапсырмалар мен онлайн ресурстар қазақ тілін тереңдете оқыту барысында оқушылардың тілдік құзыреттілігін жетілдіруге мүмкіндік береді. Мақалада оқыту процесінде қолданылатын тиімді технологиялық әдістер, олардың артықшылықтары мен болашақта білім беру саласында қолдану мүмкіндіктері талданады. Цифрлық ресурстарды қолдану арқылы оқушылардың қазақ тілін үйренуге деген қызығушылығы мен ынтасы артып, оқу нәтижелері жақсарады.

Тірек сөздер: деңгей, мемлекеттік тіл, ұлттық стандарт, жүйе, сапа, құзыреттілік.

Жасанды интеллект – әдетте адамдарға жүктелетін когнитивті тапсырмаларды шешумен айналысатын информатика саласы. Мұндай тапсырмаларға оқыту, үлгі құру және үлгіні тану жатады. Заманауи ұйымдар әртүрлі көздерден үлкен көлемдегі деректер жинайды: смарт сенсорлар, бақылау құралдары, жүйелік журналдар және адам жасаған мазмұн. Жасанды интеллекттің мақсаты деректерден мағына шығаратын өздігінен білім алатын жүйелерді құру болып табылады. Содан кейін жасанды интеллект бұл білімді адам сияқты жаңа мәселелерді шешу үшін қолдана алады. Мысалы, жасанды интеллект технологиясы адамның сөйлеуіне тиімді жауап бере алады, түпнұсқа суреттер мен мәтінді жасай алады және нақты уақыттағы

деректер негізінде шешім қабылдай алады. Жасанды интеллект — компьютерлер мен машиналардың адам сияқты интеллектуалды әрекеттерді орындау қабілеті. Жасанды интеллект алгоритмдері мен модельдері деректерді талдау, үйрену, шешім қабылдау, табиғи тілде сөйлесу және басқа да тапсырмаларды орындау үшін қолданылады.

Қазақ тілі – бай, ауқымды болғандықтан, оны цифрлық технологияларға бейімдеу трансформациялық әлеуетке ие. Цифрлық технологиялар тілдің сақталуына, үйренем деушілерге қолжетімді, ыңғайлы болуына, жиі қол-даныста болуына ықпал етеді. Қазақ тілін цифрлық платформаларға интеграциялау оның танылуына, қолданылуына жақсы әсер етеді және қазіргі заманғы коммуникация арналарына мейілінше интеграциялайды. Бұл жас ұрпақты тіліміздің маңызы мен ерекшелігін ұғынуға, сөйлеуге, үйренуге ынталандыратыны сөзсіз. Сонымен қатар қазақ тілін жасанды интеллект, ақпараттық технологиялар және табиғи тілді өңдеу саласында қолдану білім беру, экономика және мәдениеттің дамуына айтарлықтай ықпал етеді, практикалық маңызы да өлшеусіз. Цифрлық технологияларды пайдалана отырып қазақ тілін дамытуға, әлемнің динамикалық тілдік ландшафтына өз үлесімізді қоса аламыз. Бұл біздің әлеммен байланысымызды нығайтып, географиялық шекараларды еңсеруге мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Жасанды интеллектінің (ЖИ) негізгі түрлері:

1. Тар ЖИ: Белгілі бір тапсырмаларды орындауға арналған, мысалы, дауыстық көмекшілер (Siri, Google Assistant) немесе бет танып білу жүйелері.

2. Жалпы ЖИ: Адамның интеллектуалды қабілеттерін толықтай имитациялай алатын, бірақ қазіргі уақытта әлі дамымаған.

ЖИ-дің қолдану салалары өте кең, оның ішінде медицина, білім беру, қаржы, көлік және т.б. бар. Жасанды интеллект технологиялары адамдардың өмірін жеңілдетіп, тиімділікті арттыруға мүмкіндік береді. Жасанды интеллект (ЖИ) қазіргі заманғы білім беру жүйесінде маңызды рөл атқаруда.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында ЖИ-ді қолдану оқушылардың білімін арттыруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, және тілдік дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді. Бұл мақалада ЖИ-дің қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында қолданудың тиімділіктері қарастырылады.

1. Жеке оқыту

Жасанды интеллект оқушылардың деңгейі мен қажеттіліктеріне сәйкес жеке оқыту бағдарламаларын құра алады. Мысалы, ЖИ-дің көмегімен оқушылардың тілдік дағдыларына қарай тапсырмалар мен жаттығулар ұсынылады. Бұл әдіс әрбір оқушының өз қарқынында оқуына мүмкіндік береді.

2. Тілдік дағдыларды дамыту

ЖИ-ді қолдану арқылы оқушылардың тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу дағдыларын дамытуға болады. Мысалы, автоматтандырылған тіл үйрету платформалары мен қосымшалары арқылы оқушылар қазақ тілінде сөйлесуді, тыңдауды және жазуды үйрене алады. ЖИ алгоритмдері грамматикалық қателерді түзетіп, дұрыс сөйлем құрастыруға көмектеседі.

3. Әдебиетке қызығушылықты арттыру

Жасанды интеллект әдеби шығармаларды талдауда және түсінуде көмек көрсете алады. Оқушыларға белгілі бір шығарманың мазмұнын, кейіпкерлерін және тақырыптарын түсінуге арналған интерактивті құралдар ұсынылуы мүмкін. Мысалы, ЖИ негізіндегі әдебиет талдаушысы оқушыларға шығармаларды тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді.

4. Шығармашылық қабілеттерді дамыту

ЖИ шығармашылық жазу тапсырмаларын орындауға көмектеседі. Оқушыларға тақырып берілгенде, ЖИ оларға идеялар мен шабыт бере алады. Сонымен қатар, ЖИ-дің көмегімен оқушылар өз шығармаларын бағалап, жетілдіре алады.

5. Уақытты үнемдеу

Мұғалімдер үшін ЖИ-дің көмегімен оқу процесін ұйымдастыру жеңілдейді. Автоматтандырылған тестілеу жүйелері мен бағалау құралдары мұғалімдердің уақытын

үнемдеп, оқушылардың жетістіктерін жылдам бағалауға мүмкіндік береді.

Соңғы жылдары оқу процесінде жасанды интеллектті пайдалану өзекті бола бастады. Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту контекстінде ЖИ оқу тиімділігін арттырудың бірегей мүмкіндіктерін ұсынады. Жасанды интеллектінің оқу үдерісіне енгізудің негізгі артықшылықтары мен әдістеріне тоқталуға болады. Жасанды интеллект әрбір оқушыға жеке көзқарас – табысты оқудың кепілі. Жасанды интеллект оқушылардың білім деңгейін, қызығушылықтары мен қабілеттерін талдай алады, бейімделген оқу материалдары мен тапсырмаларын ұсына алады. Бұл әр оқушының қажеттіліктерін ескеруге мүмкіндік береді және оқу процесін тиімдірек және қызықты етеді. Оқытудың көп уақытты қажет ететін аспектілерінің бірі – жазба жұмыстарын бағалау. ЖИ грамматикалық және стилистикалық қателерді автоматты түрде тексеріп, жылдам кері байланыс береді. Бұл мұғалімдердің уақытын үнемдеп қана қоймайды, сонымен қатар оқушыларға өз қателерін түсіну және оларды түзету бойынша ұсыныстар алу арқылы материалды тез меңгеруге көмектеседі. Жасанды интеллект қазақ әдебиеті классиктерінің мәтіндерін, аудиокітаптарды және бейне сабақтарды қамтитын оқу материалдарының ауқымды дерекқорына қолжетімділікті қамтамасыз ете алады. Бұл әртүрлі форматтар оқушыларға ақпаратты жақсы қабылдауға және пәнге деген қызығушылықты дамытуға көмектеседі. Чатботтар сияқты интерактивті қолданбаларды сауалнамалар, викториналар және оқушыларың оқу процесіне қатысуын ынталандыратын басқа әрекеттерді жүргізу үшін пайдалануға болады. Оқушылар нақты уақыт режимінде сұрақтар қойып, оларға жауап ала алады, ыңғайлы оқу ортасын жасайды. ЖИ күшті және әлсіз жақтарын анықтай отырып, оқушылардың үлгерімі туралы деректерді жинап, талдай алады. Бұл мұғалімдерге оқу үрдісінің сапасын арттыра отырып, оқыту әдістерін түзетуге мүмкіндік береді. Оқушылардың үлгерімін уақыт бойынша бақылауға болады, бұл проблемаларды дер кезінде анықтауға және қажетті шешімдерді ұсынуға көмектеседі. Қазақ тілі мен әдебиеті мәдени контекстпен тығыз байланысты. ЖИ Қазақстанның мәдени аспектілері, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлері туралы қосымша ақпарат бере алады, бұл материалды түсінуді тереңдетеді және оны бай және қызықты етеді.

Қорытындылай келе, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жасанды интеллектті қолдану оқу-тәрбие үрдісінің жаңа көкжиектерін ашады. Жасанды интелекттіні оқытуды жекелендіруге, күнделікті тапсырмаларды автоматтандыруға, ресурстарға қолжетімділікті кеңейтуге және интерактивті ортаны құруға көмектеседі. Бұл технологияларды оқу үдерісіне енгізу оның тиімділігін арттырып қана қоймай, оны оқушылар үшін қызықты әрі мазмұнды ете алады. Болашақта интеллектіні одан әрі дамыту Қазақстандағы және әлемдегі білім беруді трансформациялауда шешуші рөл атқарады. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жасанды интеллекті қолдану білім беру процесін тиімді әрі қызықты етеді. ЖИ-дің көмегімен оқушылардың тілдік дағдылары мен шығармашылық қабілеттері артып, жеке оқу жолдары қалыптасады. Білім беру саласында ЖИ-ді қолдану – болашақтың қажеттілігі, және оның мүмкіндіктерін пайдалану арқылы біз сапалы білім алуға қол жеткізе аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Құнанбаева С.С. Қазақ тілін оқытудың инновациялық әдістемесі. – Алматы: Қазақ университеті, 2015.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999.
3. Иманбекова Г. Тілді меңгертудегі заманауи әдіс-тәсілдер. // «Білім беру технологиялары» журналы, 2021.
4. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
5. Смирнова Е.А., Петров В.В. Цифрлық білім беру технологиялары. – Мәскеу: Педагогика, 2020.
6. Рахметова Р.С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Атамұра, 2013.

ӘОЖ 81-139

Бейсенұлы Жақып
("Қазақ тілі мен әдебиеті" кафедрасының
қауымдастырылған профессор м.а PhD
Филология және гуманитарлық ғылымдар факультеті,
М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті,
Қазақстан, Тараз)
Қуанышбек Нұрдәулет Қаныбекұлы
(қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының
2 курс студенті
М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті,
Қазақстан, Тараз)

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ХАЛЫҚТАР АРАСЫНДАҒЫ РУХАНИ МҰРА РЕТІНДЕГІ РӨЛІ

Аннотация. Мақалада мақал-мәтелдердің халық мәдениетіндегі орны мен маңызы қарастырылады. Әсіресе, түркі халықтарының мақал-мәтелдерінің өзара ұқсастықтары мен айырмашылықтары, олардың тарихи және мәдени байланыстары зерттеледі. Мақалдардың халық арасындағы қарым-қатынасты нығайтудағы рөлі, сондай-ақ әлем халықтарының мақал-мәтелдерін салыстыру арқылы түрлі халықтардың ортақ ойлары мен даналығын көрсету туралы айтылады. Түркі халықтарының, әсіресе қазақ, өзбек, түрік, және мажар тілдеріндегі мақал-мәтелдердің мазмұндық жағынан ұқсастықтары мен айырмашылықтары талқыланып, олардың мәдениетаралық байланыс пен түсіністік қалыптастырудағы маңызы көрсетіледі.

Тірек сөздер: мақал-мәтел, түркі халықтары, мәдени байланыс, тарихи тамырлас, аударма.

Дүниежүзінің қай халқы болса да, өз мақал-мәтелін жоғары бағалаған, керекті жерінде заң орнына қолданған. Оның басты себебі – халық мақал-мәтелді рухани ақылгөйі деп түсінген, реті келгенде, «екі ауыз сөз» ердің құнын да шешіп кеткен.

Көптеген мақал-мәтелдерді салыстырып, зерделеп қарағанда, асыл сөзде, терең ойда шекара болмайтын сияқты болып көрінеді. Бұл жерде «мына мақал – мына тілден қабылданды» деп үзілді-кесілді айтудың өзі қиын. Біл нәрсе ғана анық. Ол – мақал-мәтелдердің өз бастауын зиялылардың сөздерінен алғандығы. Көптеген тілдерде мақал-мәтелдердің ой-түйсігінің бір жерден шығуы, ұқсауы негізінен екі түрлі жолмен пайда болса керек деген қорытындыға келдік. Біріншіден, халықтардың тікелей қарым-қатынасы арқылы. Бұл жерде әрбір халықтың өткен тарихи кезеңдерін де естен шығаруға болмайды. Қазақстан пен Орта Азия тарихында Жібек жолының маңызы да аз болған жоқ.

Зерттеулерге қарағанда, түркі тілдері араб, парсы тілдерімен тығыз, тең қарым-қатынаста болған. Түркі тілдерінің бұлай қанат жаюына «Жібек жолының» маңызы да күшті болған. Жібек жолы араб-парсы елдерімен сауда-экономикалық қатынастарда да күшейе түсті. Көптеген жазба деректерде Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу, жалпы Орта Азияның қалаларын араб елдері және Иранмен, Кавказбен, Византиямен, Сібірмен, Қытаймен, Моңғолиямен, Шығыс Түркістанмен тығыз сауда байланыстарын дамытып, халықаралық саудасында Жібек жолының күшті рөл атқарғаны дәлелденді.

Екіншіден, озық ойлы кісілер дүниенің төрт бұрышының қай жерінде жасаса да, олардың ой-пікірінің бір-бірімен түйісіп жататынын көреміз.

Озық ойлардың тоғысуының жолдары өте көп. Оны халық мақал-мәтелдерінің өзі айтып, өзі дәлелдеп отырады. Түркі тілдері мен басқа тілдерді салыстырғанда, озық ойлы, ортақ пікірлер туындап жатады. Махмұд Қашқаридың «Диуанында» көрсетілген мына мақал әлемге тараған.

Диуанда: Тағ тағқа kawушмас,

Кіші кішігä kawушур.
Қазақта: Тау таумен қауышпас,
Кісі мен кісі қауышар.
Өзбекте: Тоғ тоққа ковушмайды,
Одам одамға ковушади.
Түрікте: Dag daga kavusmaz,
Insan insana kavusur.
Татарда: Тау тауга кушылмас,
Адәм адәмгә кушылар.

Башқұртта: Тау тау менән кушылмай,
Кеше кеше менән кушыла.
Тувада: Ийн догның бажы чоок-даа болза дээшпес,
Ийй кижиниң аразы ырың-даа болза көржүр.
Қазақшасы: Екі таудың басы жуықта болса (да) тиіспес,
Екі кісінің арасы жырақта болса (да) көрісер.
Қырғызда: Эки тоо кошулбайт,
Эки киши көрүшөт.

Бұл жерде біздің айтпағымыз олардың бір-бірімен айнымай айтылған лексика-грамматикалық құрылымы емес, басқа, екінші жағы. Ол дәуірге, өмірге байланысты мәселелер. Шындығына келгенде, бұл мәселені мақалдың өзі-ақ шешіп тастаған сияқты. «Тау тауға қауышпайды», ал «адам адамға қауышады» деген тармағының жүгі өте ауыр. Демек, адам баласы әлемнің қайсы бұрышында жасаса да, бір-бірімен кездесуі, көрісуі мүмкін деп дәл айтқан. Бұл пікір қазақта мықты дамыған: «Ат баспаймын деген жерін үш басады, ер көрмеймін деген жерін үш көреді».

Түркі мақал-мәтелдерін жинап, сақтап, зерттеп, әлем тілдеріне аударуда түріктердің орны бөлек. Түркі халықтарының ішінде ең алғаш «Оғызнаме», «Китәб Дәдәм Коркуд» эпостары, «Көроглу» дастандары ерекше аталған. «Китаби Коркуд» немесе «Китаби Дәдә Горгудты» әзірбайжан, түрік ғалымдары «Нақылдар жинағы» деп атаған.

«Китаби Коркутты» алғашқы зерттеуші В.В.Бартольдпен қатар Диц өзінің қолжазбасын «Аталар созю» («Слова предков») деп атап, онда бірнеше мың мақал-мәтелдердің бар екендігін сипаттап жазып, сонан 400 мақалды неміс тіліне аударып, бастырғандығы белгілі. Түрік ғалымдары алғашқылардың бірі болып Вольфганг Мидердің «Мақалдардың әлем энциклопедиясына» жоғары баға беріп, онда 18500-ден артық «әлем мақалдарының» жинақталып, жүйелі түрде зерттелгенін атап өтеді.

Дүние жүзі ойшылдарының мақалдар жөнінде жылы лебіз білдірмегені кемде-кем. 1597 жылы Фрэнсис Бэкон «Эсселер» деген еңбегінде: «Халықтың даналығы, тілінің өткірлігі мен рухы оның мақалдарында ашылады» деп жазса [1], Иржи Глуски «Латын тіліндегі қосымшасымен Ағылшын, француз, неміс, итальян, испан және орыс мақалдарының салыстырмалы кітабы» деген еңбегінде: «Әлем мақалдарын салыстырмалы түрде зерттеу, олардың кейбір жағдайларда халықтардың арасында өзара түсінісу мен жақындасуына үлес қосатын фактор ретінде қаралуы мүмкін» деген болатын [2].

Салыстырмалы паремиология (мақал зерттеу, мақалтану) әлем халықтарының, оларды бөліп тұрған шекаралар мен қашықтықтарға қарамастан және олардың әр түрлі даму жағдайларына немесе саяси және экономикалық жүйелерінің әр түрлі формаларына қарамастан, көп нәрсесі ортақ екендігін және бір үлкен жанұяға ұқсайтынын көрсетеді. Европа халықтарының мақал-мәтелдері көптеген ғалымдардың зерттеу нысанына айналды.

Мақалдардың бір тілден екінші тілге ауысуы – заңды құбылыс. Ол қоныстың жақындығына, бір-бірімен барыс-келіске, қатынасқа байланысты. Мәселен, Аристотельдің еңбектерінде «Бір қарлығашпен жаз болмас» – «One swallow does not make a summer» – «Одна ласточка весны не делает» деген мақал келтірілген [3]. Бұл мақалды Аристотель гректерден алған деп жазды. Дұрысына келгенде, бұл түріктердің төл мәтелі. Алдымен гректерге, соңынан

басқа тілдерге кірісіп кеткен.

Түрікше: Bir kirlangicia yaz gelmez.
Бір қарлығашпен жаз келмес.
В.В.Радловта: Бір қырлаңқыш-ыла јаз кälмäз.
Бір қарлығашпен көктем келмес.
Ағылшынша: One swallow does not make a summer
Немісше: Eine schwalbe macht noch keinen sommer.
Французша: Une hirondelle ne fait pas le printemps.

Роман-герман тобындағы тілдерді, семит-хамит немесе түркі тілдерімен салыстырғанда жасалу тәсілдері бір-біріне ұқсамаса да, мазмұндарында жақындық жақтары күшті сезіледі. Олардың көпшілігі: адамдық, адалдық, батырлық, білім, ақыл-ой, парасат сияқты жағымды, оң қасиеттерге жетелеу; опасыздық, ұрлық, өтірік, өсек, т.б. жақсы көре алмау сияқты жағымсыз, теріс қасиеттерден сақтандыру мақсатында. Деректерге қарағанда, «қасиетті, киелі мақал-мәтелдердің» негізінде Хадистің шарифіндегі сөздері жататынын байқау қиын емес.

Абай өзінің отыз алтыншы сөзінде: «Пайғамбарымыз салалалаһу ғалайһи уәсәлләмнің хадис шарифінде айтыпты: «Мән лә хаячун уәлә иманут ләһу» деп, яғни кімнің ұяты жоқ болса, оның иманы да жоқ деген. Біздің қазақта өзінің мақалы да бар: «Ұят кімде болса, иман сонда», яғни ұяты жоқтың – иманы жоқ деген мақалмен ұштасып жатады» [4]. Абай ұят – иманның бір мүшесі екендігін түсінікті тілмен дәлелдеп береді.

Зерттеулерге қарағанда, өсиетнама мақсатында қолданылатын мақал-мәтелдер өз бастауын Құран-Кәрім мен Хадистен алған.

Араб мақал-мәтелдері түркі халықтарына жат емес. Бірнеше араб мақал-мәтелдерін келтірейік.

Уақыт – ұлағатты ұстаз.

Әр талдың өз құрты бар, әр елдің өз ғұрпы бар.

Көзден таса – көңілден жат.

Өзгені танудан өзіңді ұғу қиын.

Адамның ақылын – ісінен, білімін – сөзінен танисың.

Халықты хан билейді, ханды ғалым билейді.

Араб және парсы тілдері, әсіресе түркі тілдерінің даму тарихында айтарлықтай қызмет атқарғанын кезінде бірқатар көрнекті шығыстанушы ғалымдар атап көрсеткен болатын.

Түркі тілдері мақал-мәтелдерінің құрамында араб, парсы сөздері көптеп кездеседі.

Ауру қалса да, әдет қалмайды.

Ант бұзған оңбайды, салт бұзған сорлайды.

Жат асыңа қарайды, дос басыңа қарайды.

Орта Азия мен Қазақстан түркі халықтары парсы әдебиетімен терең қарым-қатынаста болған. Фирдоусидің «Шахнамасы», Низамидің «Ескендірнама», «Жүсіп-Зылиха», «Кәлилә мен Димна» ерте замандардан-ақ өзбек, түркімен, қазақ тілдерінде жырланып, төл туындысындай болып кеткен.

Парсы халықтары мақал-мәтелдерге өте бай болған. Парсының атақты фольклорисі Әли Ақбар алпыс мың мақал-мәтелді жинап, төрт томдығын басып шығарған. Академик В.А.Гордлевскийдің «Персидские пословицы» деген еңбегі көп тілдерге аударылған. Біздің айтпақшы болғанымыз – парсы мақал-мәтелдерінің көпшілігі түркі тілдерімен мазмұндас, сарындас болып келеді.

Парсы тілімен сарындас мақал-мәтелдер:

Ескіні еске алмай, жаңа жадыңа түспейді.

Қызыл гүл – жердің дәулеті, асыл жар – ердің сәулеті.

Жақсы лепес – жарым ырыс.

Жеті дәруіш сиса да бір кілемге, екі патша симайды бір елге.

Жомарт бергенін айтпас, ер айтқанынан қайтпас.

Ал Еуропаға осыдан он ғасыр бұрын қоныс аударған мажар халқы мен қазақ мақалдарының ұқсастығы тарихи тамырластықты көрсетеді.

Мақалдардың бір бөлігі мажар және қазақ халқының моральдық-этикалық байланыстарының сәйкестігінен түсіндіріледі деуге болады. Мәселен, «Қызым саған айтам, келінім сен тыңда» (қазақ) – «Қызыма айтам, келінім сен ұқ» (мажар). Алайда мажар тілінде мұның басқаша түрі де орын тапқан: «Ұлына айтады, келіні ұғады». Қазақ халқындағы келінге деген қарым-қатынастың ерекшелігі осы мақал арқылы көрінеді. Бұл мақалдың мажар тілінде осы мағынада қолданылатынын айту керек. Әрине, негізінде келін мен ене арасындағы байланыс жатқан бұл мақалдың мағынасы кейініректе кеңейіп, бір нәрсені тыңдаушыға тура қаратпай, жанама түрде айтуға қатысты қолданыла бастағаны мәлім.

«Таспен ұрғанды аспен ұр» деген мақалды қазақтың «Жақсылыққа жақсылық – әр адамның ісі, жамандыққа жақсылық – ер адамның ісі» деген ашық мағыналы мақалмен түсіндіруге болады. Екіншіден, қазақ халқы үшін астың, дастарханның мәні зор екендігін көрсетеді. Мажар тілінде бұл мақал былай кездеседі: «Кім саған тас лақтырса, қайта нан лақтыр». Қазақ тіліндегі мағынамен айтылатын мақалда тастан нанның құдіретінің күшті екендігі де сезіледі. Қазақта «Қарғыстың үлкені: Нан ұрсын!» осы ойымызды айғақтайды.

Тәлім-тәрбиеге қатысты мақалдардың қатарына қазақ тіліндегі «Жаста берген тәрбие жас қайыңды игендей» мақалын жатқызуға болады. Ал мажар тіліндегі «Кәрі теректі ию қиын» деген мақалдың осы мағынадан алшақ еместігін ұғамыз. «Анасына қарап қызын ал, аяғына қарап асын іш» деген мақал мажар халқында екінші тармағынсыз айтылады: «Анасына қарап қызын ал». Қазақ тілінде «Отырған қыз орнын табар» деген мақал мажар тілінде айтылуы біраз басқаша, бірақ қазақ түсінігіне жақын: «Күткен қыз қамал алар».

Бұлардан басқа образды ойлауы, ойды жеткізуі жағынан мынадай ұқсас мақалдарды келтіруге болады:

1. «Жыламаған балаға емшек бермейді» (қазақ) – «Үндемеген баланы анасы түсінбес» (мажар).

2. «Жел соқпаса шөптің басы қимылдамайды» (қазақ) – «Жел соқпаса құрғақ жапырақ сыбдырламайды» (мажар).

3. «Тауықсыз да таң атады» (қазақ) – «Қораз шақырмаса да таң атады» (мажар).

4. «Қарға баласын аппағым дейді» (қазақ) – «Жапалаққа да өз баласы ең әдемі көрінеді» (мажар).

5. «Өлі арыстаннан тірі тышқан артық» (қазақ) – «Өлі арыстаннан тірі ит артық» (мажар).

6. «Шегірткеден қорыққан егін екпес» (қазақ) – «Құстан қорықсаң, тары екпе» (мажар) т.б.

Мақалдар мен тіркестерді салыстыру барысында «жеті» санының жиі кездесетінін байқауға болады. Қазақта «жұт жеті ағайынды» деген сөз бар. Мажар тілінде «Жеті жамандық болады» дейді біреуді қорқытқанда. Егер мажарлар жинала қалғанда жетеу болса, бір-біріне «зұлымдардай жетеуміз» дейді. Егер жеті адам бірігіп бір жерге бара жатса: «Жамандық жетеу жүреді» деп қалжыңдайды. Сонымен қатар, ерекше жолы болғыш адамды «анасының жетінші баласы» дейді. Қазақта әйел затының төзімділігі, қажырлылығы туралы «Әйел қырық шырақты» деген мақал болса, мажарлар: «Әйелдің жеті терісі бар» дейді. Әрине, әр халықтың тұрмыстық, ұлттық ерекшелігіне байланысты мақалдары да өзгеше, кейде тіпті кереғар келіп жатады. Мәселен, қазақ: «Әке қарғысы – оқ, ана қарғысы - боқ» десе, ал мажар халқында «Ана қарғысы орнын іздейді» деген мақал бар.

Қорыта келе, мақалдарды салыстыру арқылы екі халықтың арасында тарихи тамырластық, рухани байланыс мықты екендігіне көзіміз жете түсті десек, мақалдар халықтың тарихын, мәдениетін дәл, сенімді түрде жеткізетін ауыз әдебиетінің асыл қазынасы. Мақал-мәтелдер, міне, осылай өздерінің аз сөзбен көп мағына беруі, көркемдігі мен көсемдігі арқылы халықтардың алтын қазынасына айналған. Асыл сөздің де жақсы адамдай еш жаттығы болмаса керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Бэкон Ф. Эсселер. 1597.

2. Луский И. Латын тіліндегі қосымшасымен ағылшын, француз, неміс, италян, испан және орыс мақалдарының салыстырмалы кітабы. 1971.
3. Аристотель. Поэтика.
4. Абай. Қарасөздер. Поэмалар. Алматы: Ел, 1993.

ӘОЖ 82-32

Бейсенұлы Жақып
("Қазақ тілі мен әдебиеті" кафедрасының
қауымдастырылған профессор м.а PhD
Филология және гуманитарлық ғылымдар факультеті,
М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті,
Қазақстан, Тараз)
Шералы Аружан Нұржанқызы
(қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының
2 курс студенті
М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті,
Қазақстан, Тараз)

КӨНЕ ӘДЕБИЕТТЕГІ МИФТІК МЕТАМОРФОЗА

Аннотация. Мақалада мифтік сана мен мифологиялық ұғымдардың эволюциясы қарастырылады. Ежелгі архаикалық мифтердің ерекшеліктері, олардың адам мен табиғат, аспан мен жер арасындағы бірлікті түсінуімен байланысты сипаттары талданады. Сонымен қатар, мифтің уақыт өте келе өзгеріп, адам санасының дамуына қарай түсіндірмелі және этиологиялық сипат алғаны көрсетіледі. Қазақ фольклоры мен жазба әдебиетіндегі мифологизмнің рөлі қарастырылып, оның поэтикаға, бейнелі ойлауға, дүниетанымға әсері анықталады. "Ер Төстік", "Алпамыс батыр" секілді шығармалардағы мифологиялық сюжеттер, метаморфоза құбылысы, аруаққа сыйыну сенімі мен түс көру мотивтері талданады. Қазақ мифологиясының халық дүниетанымындағы орны мен оның әдебиетке ықпалы зерттеледі.

Тірек сөздер: мифология, фольклор, метаморфоза, мифтік сана, батырлар жыры.

Ежелгі архаикалық мифтің белгілері былай сипатталады: “Олар мыналар: мифтік уақыт пен мифтік сана, мифтік ұғым мен мифологиялық ұғым; осылардан барып мифтік дәуірде аспан мен жер - бір, адам мен табиғат - бір деп түсіну басым. Сол себепті ежелгі классикалық мифтің мазмұны-әлемнің жаратылуы, алғашқы адамның дүниеге келуі мен оның жасампаздығы болып келеді” [1]. Адамзат қоғамы мен адам санасы ілгерілеген сайын мифтің де мазмұны өзгере түсті. Мифтік сананың алғашқы дәуірінде адам мен табиғатты бір деп түсіну басым болса, кейінірек адам өзін қоршаған ортадан бөліп алып, табиғаттағы аң, құс, басқа да заттардың өзінің ерекше екенін түсіне бастады, өзін қоршаған ортаға қарсы қойып, айналадағы заттардың шығу тегін, әр түрлі құбылыстардың мәнін ашуға талпына түсті. Түсіндірмелі, этиологиялық мифтердің шығуын ғалымдар осылайша пайымдайды. Біз келтіріп отырған бұл анықтама метаморфозаның түп тамырын көрсетуге мұрындық болады.

Ұлттық әдебиеттану және фольклортану ғалымдарында мифология туралы әр түрлі пікірлер айтылуда. М.Тілеужанов мифологиялық түсініктердің жөн-жосық, наным-сенім, ырымдарда, ауыз әдебиетінің басқа жанрларында көрініс табуын сөз етсе, Б.Уахатов қазақтың халық өлеңдерінің поэтикасында мифологиялық түсініктердің өзгеріп қолдануын сөз етеді [2].

“Мифтегі оқиғалардың болатын шағы - мифтік дәуір. Ол қасиетті уақыт деп есептелген, себебі барлық заттардың пайда болуы, осы күнгі түр-түсі, ерекшелігі сол заманда орныққан деп түсіндірілген” деп жазады С. Қасқабасов [1].

Мифологизм, белгілі дәрежеде әдебиет үшін көркемдік әрі танымдық қызмет атқарып

келді және бұл қызметін әлі де жалғастыруда. Әсіресе, фольклорда мифологизмнің әсері белсенді болды. Фольклордық туындылардың қай-қайсысында да мифологиялық ойлау айқын. Біз әдебиетті бейнелі ойлаудың жемісі десек, оның алғашқы сатысы – фольклорда бейнелі ойлау түрімен адамдар өзін қоршаған әлемді тануға ұмтылды. Фольклорлық мұраларға, философия мен әдебиеттің дамуына мифологизмнің қосқан үлесі ерекше. Фольклорлық шығармалар – халық ақыл-ойының, қабілетінің жиынтығы, қазынасы. Көне дәуірлерден адамдар жады арқылы сақталып жеткен ертегілер мен аңыздардан, эпостық туындылардан мифтік танымның көрініп отыруы заңдылық. “Мифтер тайпалардың қасиетті рухани қазынасын құрайды. Олар ұлттың дәстүрімен, ырым-жоралғылармен тікелей байланысты”[3]. Бұл – С.Токарев, Е.Мелетинский пікірлері. Миф зерттеушілерінің пікірі бойынша, миф таза түсінік күйінде кездесе бермейді. Қазақ фольклорындағы мифологизмнің көріністері дегенде, ең алдымен ертегілерді, аңыз, хикаяларды, сонан соң тұрмыс-салт жырларын, эпостарды, ырым-тыйымдарды еске алуға болады.

Көне ертегілер мен алғашқы қауымдық мифтердің ара жігін ажырату қиын. Ертегілердің мифтік нанымдар негізінде туғанына зерттеушілердің көпшілігі күмән келтірмейді. Өйткені, көне ертегілер мен алғашқы дәуірдегі мифтер арасындағы оқиғалар желісі бір-бірімен үндесіп отырады. Әлемдік әдебиетке назар салсақ, мифологиялық ойлау адам санасында сәулеленіп, сол арқылы фольклорлық туындыларға сіңісіп кеткенін көреміз. Мифологиялық ойлаудағы басты нысан – табиғат пен адам. “Мифтік санаға табиғат пен рухтың бірлігі тән. Осыдан барып оның негізі болып теңдік заңы саналады (Закон тождества). Өзінің даму жолында мифтік сана екі түрлі сатыдан өтеді деуге болады. Бірінші кезеңде рух пен табиғат толық тең. Екінші кезеңде адамның табиғат қойнауынан алшақтауына байланысты жаңағы айтқан теңдік бұзыла бастады” [1] деген С. Қасқабасов пікіріне әр кезеңде туындаған фольклорлық туындылар нақты дәлел бола алады.

Табиғатқа табыну қазақ мифтерінде ерекше орын алады. Ш.Уәлиханов қазақтар арасындағы шамандық дін туралы айта келіп, оның дүниеге келуі табиғатқа жалпылай және жекелей сыйынуға байланысты дейді [4]. Табиғаттағы зат пен құбылыс атаулы адам сияқты түйсінеді, тіршілік етеді деген түсініктің өзі табиғатқа табыну, табиғат пен рухты тең деп түсіну сенімімен туындаған. Кейбір зерттеушілердің пікірінше, шамандық сенім – қазақтардың дүниетанымы, яғни мифологиясы.

Көне дәуірлерден жеткен фольклорлық мұралардың бір саласы – ертегілер. Ертегілердегі жануарлардың адамға, адамның жануарға айналуы, табиғаттың барлық жанды-жансыз затымен тілдесе беру, небір ғажайып оқиғалар мифтік санадан туындаған сенім. Фольклорлық туындыларда мифтік қаһармандар бейнесіне де ерекше назар аударылады. Қазақ мифологиясында көп ұшырасатын мифтік қаһармандар – Көлтаусар, Желаяқ, Таусоғар, Саққұлақ. Аталған кейіпкерлер халықтық қаһарманға дос болып, оған көмектесіп, арман-мақсатына жеткізеді. “Күн астындағы Күнікей қыз”, “Ер Төстік”, “Қараүйрек” ертегілерінде бұл кейіпкерлер оқиға барысында көрініп отырады. Ертегі кейіпкерлеріне қиналған сәтінде тылсым, ғажайып күштер көмек көрсетіп, жөн сілтейді. Кейде мифтік бейнелер жағымсыз, қаскөй әрекеттерімен көрінеді. Мысалы, Жезтырнақ, Жалмауыз кемпір, Жеті басты Дәу, т.б… Мифтік аң – құстар да фольклорлық туындыларда айтылады (жеті басты айдаһар, самұрық, т.б).

Numerous activities can be incorporated into English language lessons to promote functional literacy. For example, students can work in groups to analyze and interpret data presented in graphs or charts, using English vocabulary and grammar to describe the trends and patterns. Role-playing scenarios, such as customer service interactions or job interviews, are effective for developing communication and problem-solving skills. Furthermore, using technology tools, such as online forums or collaborative platforms, provides opportunities for students to interact and communicate in English for various purposes [4]. These activities foster critical thinking, collaboration, and communication skills.

Challenges and Solutions

Implementing functional literacy development in English lessons presents certain challenges. One common issue is the time constraint within the curriculum. To address this, teachers can design activities that integrate functional literacy skills into existing lesson plans, making use of short but meaningful activities rather than large-scale assignments [5]. Another challenge is the lack of

resources or materials that cater specifically to functional literacy. Teachers can overcome this by utilizing readily available online resources and tailoring activities to meet the specific needs of their students.

Conclusion

Integrating functional literacy into English language teaching is crucial for preparing students for the demands of a globalized world. By utilizing diverse activities and materials, teachers can effectively equip students with the skills to engage with authentic language in various contexts. This approach fosters not only linguistic competence but also critical thinking, communication, and problem-solving skills, ultimately contributing to the overall success and well-being of learners.

References

1. Smith, P. (2010). «Functional English for Academic Purposes». New York: Routledge.
2. National Geographic Learning. (2023). «English Language Learning Materials».
3. Cambridge University Press. (2020). «Teaching English as a Second Language».
4. Khan Academy. (2023). «English Language Skills».
5. Richards, J.C., & Rodgers, T.S. (2014). «Approaches and Methods in Language Teaching». Cambridge University Press.

ӘОЖ 81`243

Жайдакбаева Д.К.
(Учитель казахского языка и литературы опорной средней общеобразовательной школы-гимназии (ресурсный центр). Асанбай Аскарова)

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ОҚЫТУ

Аннотация. Бұл мақалада Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту әдістері мен тәсілдері қарастырылады. Функционалдық сауаттылық қазіргі білім берудің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, өйткені ол студенттерге алған білімдерін нақты өмірде қолдануға, ақпаратты сыни тұрғыдан талдауға және өз қорытындыларын тұжырымдауға мүмкіндік береді. Мақалада цифрлық технологияларды, жобалық тапсырмаларды және пәнаралық тәсілдерді қолдануды қоса алғанда, оқытудың инновациялық әдістері келтірілген. Әдеби шығармаларды талдау, мәтіндермен жұмыс және пікірталастар арқылы оқырмандық, тілдік және коммуникативтік сауаттылықты дамытуға ерекше назар аударылады.

Ключевые слова: функционалдық сауаттылық, қазақ тілі, әдебиет, сыни ойлау, цифрлық технологиялар, оқу сауаттылығы, коммуникативтік дағдылар, оқытудың инновациялық әдістері.

D.K. Zhaidakbayeva
(Teacher of the Kazakh language and literature at the basic secondary school-gymnasium (resource center). Asanbai Askarova)

TEACHING FUNCTIONAL LITERACY TO STUDENTS IN KAZAKH LANGUAGE AND LITERATURE LESSONS

Annotation. This article discusses methods and approaches to the development of functional

literacy of students in the lessons of the Kazakh language and literature. Functional literacy is an important component of modern education, as it allows students to apply their knowledge in real life, critically analyze information and formulate their own conclusions. The article presents innovative teaching methods, including the use of digital technologies, project assignments and interdisciplinary approaches. Special attention is paid to the development of reading, language and communication literacy through the analysis of literary works, work with texts and discussions.

Keywords: functional literacy, Kazakh language, literature, critical thinking, digital technologies, reading literacy, communication skills, innovative teaching methods.

Қазіргі білім оқушылардан теориялық білімді игеруді ғана емес, оларды практикада қолдана білуді де талап етеді. Жылдам өзгеретін әлем жағдайында функционалдық сауаттылық жеке тұлғаның қоғамға сәтті бейімделуінің маңызды факторына айналады. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында функционалдық сауаттылық оқу белсенділігін, сыни ойлауды, мәтіндерді түсіндіру және талдау дағдыларын дамыту арқылы қалыптасады.

Функционалдық сауаттылықты дамыту әдістері

Оқу сауаттылығы-әр түрлі жанрдағы мәтіндермен жұмыс, көркем шығармаларды талдау, негізгі ойды бөліп көрсету және өз көзқарасын дәлелдей білу.

Тілдік сауаттылық-орфографиялық, грамматикалық және стилистикалық дағдыларды дамыту, сөздік қорын кеңейту бойынша жұмыс.

Қарым-қатынас дағдылары-пікірталастар, пікірталастар, эссе жазу және шығармашылық жұмыстар арқылы ауызша және жазбаша сөйлеуді дамыту.

Цифрлық технологияларды қолдану-пәнге қызығушылықты арттыру үшін интерактивті платформаларды, электронды оқулықтарды, онлайн-тестілерді және мультимедиялық ресурстарды қолдану.

Жобалық қызмет-Қазақ әдебиеті мен тілін үйренуге байланысты зерттеу және шығармашылық жобаларды орындау.

Пәнаралық тәсілдер-мәтіндерді терең түсіну үшін тарих, география, мәдениет материалдарын біріктіру.

"Қазақ тілі мен әдебиеті" пәні тіл мен әдеби шығармашылықта көрініс тапқан халықтың рухани мәдениетін зерттейтін тұтас жүйе ретінде оқушылардың жалпы филологиялық білімінің негізін қалады. Оқытудың мақсаты-сипаттамалық функционалды тіл жүйесін, тілдік жүйені қолдану нормаларын, сөздік қорын, сөйлеудің синтаксистік құрылымын байыту, үйлесімді тұжырым құру заңдылықтарын, қарым-қатынастың жалпы мәдениетін, сөйлеуді жетілдіру тетіктерін және тілді шығармашылық қолдану негізінде тілдік, сөйлеу, коммуникативті құзыреттілікті қалыптастыру арқылы Шығармашылық Белсенді тілдік тұлғаны тәрбиелеу. Бұл мақсат қоғамның өскелең ұрпақтың бәсекеге қабілеттілігі үшін функционалдық сауаттылығын арттыру қажеттілігімен айқындалады. Функционалды сауаттылық дегеніміз не? Функционалдық сауаттылық-қоғамдық әл-ауқаттың көрсеткіші. Жақын болашақта функционалдық сауаттылық өркениеттің, мемлекеттің, ұлттың, әлеуметтік топтың, жеке тұлғаның дамуының көрсеткіші болады. Жоғары деңгей қоғамның әлеуметтік-мәдени жетістіктерін көрсетеді; төмен-ықтимал әлеуметтік дағдарыстың алдын алу,оның нәтижесі болуы мүмкін:әлеуметтік бейімделу қабілетінің төмендігі; отбасында, еңбек ұжымында қарым-қатынас парадигмасын құра алмау; өз құқықтары мен міндеттерін білмеу.[1]

Сондықтан мектеп үшін өте маңызды мақсат туындайды: жеке элиталық оқушыларды өмірге дайындау емес, қажет болған жағдайда мамандықты тез өзгертуге, жаңа әлеуметтік рөлдер мен функцияларды игеруге, бәсекеге қабілетті мобильді тұлғаны оқыту. Сонымен, Қазақстан үшін оқушылардың функционалдық сауаттылық деңгейін зерттеу ерекше өзекті болып отыр, өйткені осы функционалдық дағдылардың барлығы мектепте қалыптасады. Бүгінгі таңда мектептегі білім берудің негізгі міндеттерінің бірі-оқушыны қазіргі әлемде бейімделуге дайындау.

Функционалдық сауаттылықтың негізгі дағдысы-оқу сауаттылығы. Қазіргі қоғамда

ақпаратпен жұмыс істей білу сәттіліктің міндетті шарты болып табылады. Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, функционалдық сауаттылық-адамның, қоғамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсу қабілеті және өзгермелі жағдайларда тез бейімделу қабілеті. Функционалдық сауаттылықтың негізгі формалары: әртүрлі технологияларды таңдау және пайдалану мүмкіндігі. Мәселелерді көру және оларды шешу жолдарын іздеу мүмкіндігі. Өмір бойы оқу қабілеті. Функционалды сауаттылықтың негізгі тұжырымдамасы-адамды достық пен достық рухында тәрбиелеу, бұл қарым-қатынас мәдениетін қамтамасыз етеді.Әрине, әлеуметтік қатынастар саласындағы функционалдық сауаттылық білім берудің жалғыз мақсаты бола алмайды.Бірақ бұл шығармашылық тәжірибе мен қабілеттерді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мемлекет тарапынан функционалдық сауаттылықты дамытудың маңыздылығы мен маңыздылығын ескере отырып, білім беру мазмұнын жаңартуға қатысты елеулі іс-қимылдар жасалды. Тарихта тұңғыш рет қосымша білім беру ұйымдарын қолдау жобалары әзірленетін болады. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру және дамыту Мемлекет басшысының басым міндеті болып табылады.Ол үшін елімізде қажетті шаралар қабылданды.[3]

Сынып ұжымының фронтальды оқыту нысандарынан әр оқушының жеке білім беру траекториясын іске асыруға, оның ішінде интерактивті, Инновациялық, жобалау-зерттеу технологияларын, цифрлық инфрақұрылымды пайдалана отырып, көшу қамтамасыз етілетін болады.Көптеген міндеттерді шешу педагог кадрлардың кәсібилігіне байланысты. Қазақстандық мектептің мықты әлеуеті оның мұғалімдер корпусы болуы тиіс. Мұғалім оқушыларды оқытуда, тәрбиелеуде және дамытуда ақпараттандыру құралдары мен ақпараттық технологияларды қолдануға дайын болуы керек. Оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру үшін мұғалімнің өзі осындай мәдениетке ие болуы керек. Әр мұғалім жеке тұлғаны қалыптастырудағы өз рөлін түсінуі керек. Мұғалімнің жеке құмарлығы білім беру реформаларын енгізуде сәттілік тудырады.[4]

Мектептегі білім беру жүйесіндегі гуманитарлық циклдің жетекші пәндерінің бірі-Қазақ тілі мен әдебиеті. Мұғалім-сөздіктердің мақсаты: Оқушыларды туған сөз әлеміне енгізу, балаларға қазақ тілінің ғажайып тереңдігін көрсету, оны өмір бойы жақсы көретіндей етіп жасау. Мұғалімнің міндеттерінде оқушыларға білім беру емес, өз бетінше білім алуға жағдай жасау. Қазіргі оқушылар ойлардың прагматизміне, еркіндікке және тәуелсіздікке ие және бұл өзгерістер практикалық дағдылардың қалыптасуына жағымды әсер етеді.Енді сабақтар әлеуметтік-құрылымдалған педагогикалық жағдайларға негізделуі керек, онда оқушылардың іс-әрекеті жеке тұлғаның қажетті қасиеттерін тәрбиелейді. Мысалы, жауапкершілікті өз мойнына алу, шешім қабылдау, әрекет ету және командада жетекші және жетекші ретінде жұмыс істеу, гипотеза жасау, сынға алу, басқаларға көмектесу, оқу қабілеті және т.б. Көптеген қиындықтар бар, бірақ оларды жеңудің нақты жолдары қазірдің өзінде көрінеді. Мұндай сабақтардың сипаты түбегейлі өзгереді. Оларда өзара сенім, өзара көмек және ынтымақтастық ахуалы өркендеп келеді. Мұндай жағдайда бала сабырлы және өзіне сенімді, яғни өзін жайлы сезінеді. Сабақтар одан да алуан түрлі, эмоционалды, белсенді және шығармашылық болады. Нәтиже әрқашан әртүрлі. Бұл сабақтың тақырыбына, оқушылардың қабілеттеріне және қазіргі кезде баланың эмоционалды көңіл-күйіне байланысты. Әдістер мен стратегиялардың алуан түрлілігі іс-әрекет пен рефлексияға үлкен өріс береді.Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың ең таңдаулы стратегиялары: "ПРИМА", "Алты ойлау қалпағы", "Блум Түймедақ", "РАФТ", "Кубизм", "Джигсоу" мозаикасы, "Синквейн". Сабақтарда жиі қолданылатын әдістер: кестелердің әртүрлі түрлері (Т-кесте, тұжырымдамалық және т.б.), инсерт, кілт сөздер, кластер, болжау ағашы, дәріс-визуализация, материалды болжаудың әртүрлі әдістері, Шатастырылған логикалық тізбектер, ассоциациялар. Кейбір балалар ақпаратты шығармашылықпен, жаңа тәсілдермен ұсынғанды ұнатады. Сондықтан сараланған тәсіл мен дараландыруды жүзеге асыру қажет. Сабақтарда сіз "материалдың бөліктерін" мөлшерлеуіңіз керек, өйткені барлық балалар бірдей қарқынмен жұмыс істей алмайды, қабылдау техникасы бірдей емес. Мен виртуалды кеңістікте бөлек қалғым келеді. Әлемді бейнелеудің, АКТ-ның түйіскен жерінде пайда болған интернет жеке тұлғаны әлеуметтендіру

процесінде үлкен рөл атқарады. Бұлбілім сапасын жақсартудың тағы бір сенімді жолы, өйткені қазіргі уақытта оқушыны ассоциативті түрде, яғни дыбыстық және визуалды бейнелер арқылы қызықтыру және оқыту оңайырақ. Заманауи оқыту құралдарын қолдана отырып, виртуалды кеңістікке ену визуалды саяхат жасауға, басқа жолдармен көрсету мүмкін емес құбылыстарды көрнекі түрде ұсынуға мүмкіндік береді.Егер сөз әрқашан ашылуы керек ұғымды білдірсе, онда сурет затты көрсетеді. Сурет эмоцияларға шақырады. Кейде заттың қасиеттерінен гөрі оның сыртқы түрі маңыздырақ болады. Мұндай сабақтар визуалды қабылдау, дәлелдеу дағдыларын дамытады, эстетикалық дамуға, сөйлеуді дамытуға, логикалық ойлауға, пікірталас мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді. Веб-сабақтар-қашықтықтан оқыту сабақтары, семинарлар, іскерлік ойындар, зертханалық жұмыстар, семинарлар, телеконференциялар — оң сынақтан өтіп, тәжірибеге тартылды.Білім беру процесінің мазмұнына АКТ енгізу әртүрлі пәндік салаларды информатикамен біріктіруді білдіреді. Бұл процестің бір бөлігі ретінде интеграция білім берудегі барлық өзгерістердің негізі болады.

Сондықтан әдеттегі көзқарасты өзгерту уақыты келді. Ғылым мен техника дамыған сайын білімге қойылатын талаптар артып, олардың ауқымы кеңейіп, жаңа сапалық белгілер қалыптасуда. Сондықтан адамның функционалдық сауаттылығы оның микроәлеуметтік жағдайларға бейімделу қабілетінің көрсеткіші деп айтуға болады. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру үшін сабақта ғана емес, сабақтан тыс уақытта да арнайы білім беру ортасын құру қажет. Жоғарыда айтылғандардан функционалдық сауаттылықты оқытудың тиімділігі мұғалімдердің қазіргі ғылымның барлық жетістіктерін пайдалануға, жоғары мәдениетті тұлғаны қалыптастыратын дағдыларды, дағдыларды қолдануға және дамытуға дайындығына байланысты екендігі шығады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Гликман И.З. Методика или технология/ И.З. Гликман //Методист.-2007.-№3.-С.59-62.
2. Ильин Г.Л. Педагогическая технология новой образовательной парадигмы/ Г.Л. Ильин //Образовательная технология.-2008.-№3.-С.110-119.
3. Колеченко А.К. Энциклопедия педагогических технологий: пособие для преподавателей. - СПб.: Каро,2009.-367с.
4. Минаева С. Формирование вычислительных умении в основной школе // Математика в школе.- 2006.- №2.- С. 3-6.

ӘОЖ 821.512.122:34

Жайнакова А.М.
(№112 жайлы орта мектебі, Қазақстан, Астана)

Р.НИЯЗБЕК ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ САРЫН

Аннотация. Ғылыми мақаланың негізгі мақсаты – Рафаэль Ниязбектің поэзиядағы ақындық шеберлігін таныту, ақын шығармашылығының азаматтық болмысын ашу, автордың шығармашылық психологиясын, өлеңдерінің мазмұнын ашу. Зерттеу барысында ақын Рафаэль Ниязбектің шығармашылық психологиясы, ақын жүрегінен қорытылып шыққан заман көрінісі, уақыт картинасы, заман мен адам жайлы ойлары, асқақ рух, азаматтық сарын, биік рух пен өршіл пафос, қайтпас жігер мен мұқалмайтын қайсарлықты суреттеу шеберлігіне жан-жақты талдау жасалған. Ақынның поэтикалық мұратын айқындай отырып, ерлік пен өрліктің тың формасын жасаған ақын шеберлігі дәлелденеді. Қоршаған орта, өмір тіршілігі ақын сезімімен бірлікте қарастырылады. Ақынның азаматтық позициясы айқындалып, өлеңдерінің идеясы анықталады.

Тірек сөздер: поэзия, ақын, асқақ рух, пафос, азаматтық позиция

Jainakova A.M.
(High school number 112, Kazakhstan, Astana)

CIVIL ESSENCE IN THE POETRY OF R. NIAZBEK

Abstract. The main purpose of the scientific article is to show Rafael Niyazbek's poetic skill in poetry, to reveal the civil nature of the poet's work, to reveal the creative psychology of the author, the content of his poems. In the course of the research, a comprehensive analysis was made of the creative psychology of the poet Rafael Niyazbek, the vision of the times digested from the poet's heart, the picture of time, his thoughts about the times and people, his lofty spirit, civility, lofty spirit and ambitious pathos, indomitable courage and indomitable courage. By clarifying the poetic ideal of the poet, the skill of the poet who created a new form of bravery and bravery is proven. The environment and life are considered together with the poet's feelings. The civil position of the poet is defined and the idea of his poems is determined.

Keywords: poetry, poet, lofty spirit, pathos, civic position

Ақын Рафаэль Ниязбектің ақындық жолын, шығармашылық келбетін білмейтіндер, оның тұрымтайдай бір уыс пішініне қарайды да ешкімнің бетіне жел болып тимейтін биязы, жүндеуге көнбіс жуас ақын деуге бейім тұрады. Сырттан қарағанда шынында да солай сияқты. Алайда, Рафаэль Ниязбектің шығармаларын мұқият қадағалап жүретін адам ол пікірмен мүлде келіспес еді. Өйткені оның оқырманға белгілі алғашқы жырларының өзінен-ақ үлкен азаматтық жүректің дүрсілі мен елдік, ерлік дауыстың үні естіліп тұрады. Биік рух пен өршіл пафос, қайтпас жігер мен мұқалмайтын қайсарлық – оның өлеңдерінің негізгі лейтмотиві.

Қыран құстар қағып өтсе қанатын,
Арғымақтар көкке атылып қалатын.
Шабыс тілеп қосылғанда бәйгіге
Теңіз – жаным толқып, тасып алатын.
Немесе:
Кей адамның жүрегіне бітпеген
Алау оттар
Арғымақтың тұяғында жанады.
Сол секілді:
Ақымақтар жүріп өткен жерлерді,
Арғымақтың тұяғымен тазартам.
Тағы да:
Жабы болып қалар ма еді, кім білсін,
Бір арғымақ маған бола тумаса [1: б.119].

Бұл жолдар ақынның 1969 жылы «Жазушы» баспасынын шыққан «Келер күндер» атты тұңғыш жинағынан алынып отыр. Аспанда қырандар қанатын қаққанда жердегі ай кекіл арғымақтардың қайыс құлағын қайшылап, көкке қарай емексіп қалатыны рас. Немесе, «Адамның жүрегіне бітпеген алау оттар арғымақ аттың тұяғында жанып» бара жатқандағы суретті көз алдыңызға елестетіңізші… Ғажап қой! Арғымақ болудан дәметпейтін ақын не ақымақ, не тумысында жабы. Жабыдан жүйрік шығарамын десеңіз, босқа арам тер боласыз. Өйткені жабының аты – жабы, оны қанша бағып, қақсаңыз да, одан желмен жарысқан жүйрік бәрібір шықпайды. Ақынның «Бір арғымақ маған бола тумаса, жабы болып қалар ма еді, кім білсін» деп жұмбақтап отырғаны сол. Ақын болсаң – арғымақ бол деген емеурін. Мінекей, осы жолдар ақынның шығармашылық мінезін дәл ашып тұрғандай. Ал, ондай мінез ішкі қуаты мен ішкі қайшылығы қым-қиғаш жандарда кездеседі. Оның үстіне «Ақымақтар жүріп өткен жерлерді, арғымақтың тұяғымен тазартқысы» келетін ақын өршілдігі қандай! Астарынан динамикалық ырғақ пен екпіндегі еркіндіктің тереңінен лықсып көтерілген қайратты лепті сезінесің. Арғымақтың ай болып түскен ізі секілді, оқылған кезде шатырлап ойнап, делебеңді

қоздырып шыға келетін оның кейінгі кездегі жазған көптеген жырлары да осы сөзіміздің толық дәлелі.

Баршаға белгілі, әр ақынның өзіне тән талант табиғаты, өзіне тән дүниетанымы болады. Алайда өзі ғана еншілеп, өзі ғана иемденіп, отау үй ғып тігіп алған тақырыбы болмайды. Әңгіме оны қалай игеруде, қай қырынан келуде, қандай өлшемге сүйенуде болса, онда сөз басқа. Мәселеге осы талап тұрғысынан келсек, онда Рафаэль Ниязбек ақындық мұраты айқын, тақырып аясы кең, ізденіс соқпағы сан тарау талант ретінде өзінің ең басты миссиясын орындап жүргені сөзсіз. Өйткені ол қайсы тақырыпты қозғаса да, ойды әйтеуір айту керек болған соң айтпайды, мүмкіндігінше жүрек – таразыға тартып, талғам көрігінде қорытып, елдік, жасампаздық мүдде мұраттарын ішкі стихиясы арқылы алға шығаруға бейім.

Басқаша айтқанда, тарих пен таным, тұлға мен тағдыр, адам мен адамгершілік, қоршаған орта экологиясы мен рухани экологияның байланысы, ұлт пен ұрпақ болашағы, елдік пен ерлік мұраттары, жастық пен достық тақырыбы оның өлеңдерінде сыр мен сезімге үйлесіп, біртұтас денеге айналып кетеді. Мәселен, Рафаэль қазақ жырының наркескені атанған Махамбеттің 200 жылдығына арнап 200 өлең жазды. Арада жеті-сегіз жыл өтер-өтпестен поэтикалық қуаты одан бір де кем емес тағы бір өлеңдер топтамасын дүниеге келтірді. Осы бақандай 300 өлеңнен тұратын бұл топтаманың қаһарманы кім дейсіз ғой? Заманымыздың кемеңгері дәрежесіне көтерілген Дінмұхамед Қонаев. Енді мынаған қараңыз: «Махамбет азаттық жолында басын бәйгеге тіккен батыр, күрескер ақын ғана емес, ол – жығылып жатса да тілін тартпайтын, керек десеңіз тағдырдың өзімен жағаласып өтетін қазақтың қайсар мінезі, кеткен кегі, ызасы, наласы, намысы, мұқалмас жігері. Яки, Махамбет қазақтың кегі мен ызасынан, намысы мен жігерінен жаралған наркескен рухани қару» [2: б.3].

Дегенмен, біздің шамалауымызда Рафаэль Ниязбектің азамат ақын, қайраткер қаламгер деген атын шығарған «Шешендер» дастаны дер едік.

«Шешендер тарихы – аса өршіл әрі қайғылы тарих. Азаттық үшін қан кешкен шешендер күресі – қасиетті де қасіретті күрес. Ресей империясының тау халықтарына жасаған басқыншылық жорықтары мен қолдан ұйымдастырған сойқан қырғындарын ештеңемен ақтауға болмайды» [3: б.2]. Ақын Рафаэль Ниязбек осы ешкімге опа бермейтін, сұрауы жоқ адам өлтіру ойынына лағнет айтты. Сөйтіп шешеннің шерлі шежіресін өлең түрінде сөйлетті. Р.Ниязбекке осы дастаны үшін Шешенстанның ең жоғарғы мемлекеттік «Ұлт намысы» ордені мен мемлекеттік сыйлығы берілгені белгілі. Оны шешендердің сол кездегі аты шулы президенті Аслан Масхадов өз қолымен табыстаған болатын. Шын мәнінде, бұл дастанды тұтас бір ұлт рухының, рух сілкінісінің поэтикалық галереясы деуге болар еді. Дастанды оқи бастағаннан-ақ әр өлеңнің өн бойынан тартысқа толы тұтас бір дәуірдің үні атойлап алдыңнан шығады. Әр өлеңнің тұла бойынан сол бір зар заманның зарлаған дауысын, қоғамдық шарпысулардың болмыс-бітімін бірден танисыз. Бұғаулы рух бұлқынбай тұрмайды. Бұлқыныс бұл – жанды процесс. Рухты, анығырағы адам жанының ең бір нәзік қыл ішектерін қозғалысқа келтіретін ұлы ырғақ. Образ, ой дейсіз бе, теңеу, метафора, эпитет дейсіз бе, кез келген әдеби өлшем осы рухтың ырғағына байлаулы. Яғни, бұлардың ешқайсысы да рухсыз өмір сүре алмайды, ал рух оларсыз да өмір сүруін жалғастыра беруі мүмкін. Міне, халық бұғауда отыр. Халықты халық қылатын намыс пен жігер. Намысы бар халық ешуақытта бұғау мен кісенге шыдамақ емес. Жігері бар халықтың түптің түбінде әйтеуір бір қайрат көрсетері хақ. Ондай ұлттың қолын бұғау неғұрлым қаттырақ қысқан сайын, соғұрлым өжеттеніп, өршеленіп шығады. Ондай ұлт бұғауда тұрып та ықтырып сөйлейді. Асқақ, тәкәппар көрінеді. Сайып келгенде, бұл дастан – азттық аңсаған ұлттың ой-арманы, сол жолда көрген қиямет-қайымы, тар жол, тайғақ кешулері ғана емес, бұл дастан – тарих пен танымға, елдік пен ерлікке үңілудің жаңа бір тың формасы. Басқаша түсіндіргенде, тарих пен өзіміз өмір сүріп отырған ортаның кескін-келбеті мен тұтас бір әлеуметтік қоғамның психологиялық мінезін өлең арқылы ашу. Шығарма идеясы осынысымен құнды. Ақынның «Соғыста туған қанжарлар» өлеңін оқып көрейік:

Арсыздың азғын баласы,
Жасымен көздің бет жуған.

Кек қуған шешен анасы,
Нәресте емес, кек туған.
Зұлымдығы кейде шаң берген,
Байқастап дүние ажарын, –
Құрсақта жатып қан көрген,
Қолға ұстап туған қанжарын.
Сойқаның тұрса бәрі есте,
Қатерге тікпес кім басын?
Соғыста туған нәресте,
Қанжар боп неге тумасын?!
Кавказдың таулы даласы
Жеңіле қоймас ақпанда, –
Ызалы шешен анасы,
Кіл қанжар туып жатқанда! [4: б.56]

Дәл осы жыр жолдарында бүкіл бір халықтың драмасы мен трагедиясы жатыр. Ақын жүрегінен қорытылып шыққан заман көрінісі. Уақыт картинасы. Ұлт қамы үшін басын қатерге тігу – ол ерлік қана емес, ол азаматтық, ол өнеге. Өнегесіз ел де, ер де болмайды. «Кек – кекті тудырады» демекші, соғыста туған нәресте тек соғыс туралы түс көреді. Шырқайтын әні де, билейтін биі де, ойнайтын ойын да тек соғыс туралы болады. Соғыста туғандар соғыс әкелген лаңнан басқа не көріп, не шырқауы мүмкін? Сосын олар өзінен өзі алтын сап, алмас жүзді қанжарға айналмағанда қайтеді?! Ұлттық трагедия деген – осы. Мұның сұмдығын тек қып-қызыл оттың ортасында ана жатырын қанжар болып жарып шыққан шешен баласы ғана сезінетін шығар. Ал осы өлеңді асқақтатып тұрған төртінші шумақтағы соңғы екі жол. Шешен анасы үшін бұл соғыс – ар мен ождан үшін соғыс. Сондықтан да олардың соғысы адал. Сондықтан да бұл соғыста олардың мерейі үстем. Ана ерлігі – ар ерлігі, ождан ерлігі ғана емес, ұлт ерлігі. Олардың оқтары – қарғыс. Қарғыстың оғынан бұ дүниеде ешкім құтылған емес. Сол себептен де қарғыспен қаруланған «ызалы шешен анасы кіл қанжарды» дүниеге әкеліп жатыр.

Ойдан ой туады. Ақынның «Қоғам» деген өлеңінен үзінді:
Жетілдің өсіп күшті елде,
Дүние сырын ұғынып.
Ұлт тағдыры сынға түскенде,
Үндемей қалма бұғынып.
Ұлтыңды қорға, шырылда,
Қорғайды құс та мекенін.
Үндемей қалу шынында,
Ұмытпа қылмыс екенін, -
деп келеді де:
Намысы қайда жұртыңның,
Әділдік іздеп жол шегер.
Қолыңнан бірақ не келсін:
Өлтірген рухын ұлтыңның,
Қоғамның өзі болса егер, - [5: б. 72]
деп аяқталады.

Бұл жерде ақын Абаймен үндес. Абайдың да бүкіл шығармашылығы нала мен өкініштен, күйініш пен ызадан, қайғы мен қасіреттен тұрады. Елімді қайткенде қараңғылық түнегінен құтқарамын, қайткенде басқа жұрттың қатарына қосамын деген ниетпен ол қазақтың бойына меңдеп кіріп, ендеп алған арамдық пен қулық, зұлымдық пен зымияндық, дарақылық пен даңғойлық, аярлық пен алакөздік сияқты мінездерімен күресті. Қазақтың рухы сонда көтеріледі деп ойлады. Осы мақсатта ұлы Абай қазақты төске сап, балғамен соқты, табаққа сап, тарыдай қуырды.

Сонда, бар қазақ бір қазақ болу үшін бізге не жетпейді? Барды бағалау жетпейді. Олай болса, осы барды әр қазақ жүрегінің ең төрінде ұстауы тиіс.

Ей, ағайын!
Үш арысқа бөлініп,
Қайдағы жоқты неге толғайсың.
Бір тұтас елге айналып,
Тұлғаңды қашан сомдайсың?
Алпауыттардың ауызында
Шырылдаған торғайсың.
Жұтылып кетсең егер де,
Тұқымың құрып сорлайсың.
Өзіңді қорғай білмейсің,
Тәуелсіздікті қалай қорғайсың?! [5: б.75]

Бір қарағанда қарапайым жолдар, бірақ астарына үңілсеңіз, әр сөздің терең түкпірінен құйын үйіріліп, дауыл көтеріліп келе жатқандай. Адам өзін, ана тілін, дінін, салт-дәстүрін, ұлттық мінезін қорғай білмесе Тәуелсіздікті қалай қорғайды? Ақынның азаматтық позициясы деген не? Ол – кез-келген пенде айта алмайтын ащы ақиқатты айта білу. Ол – ар мен намысты ту ету, ол - өжеттік пен өрлікті асқақтату. Сондай-ақ, өті жарылып кетсе де шындықтың көзіне тайсалмай тура қарау. Шындықтың көзіне тек қажырлы, жігерлі таңдаулылар ғана тура қарай алады. Міне, сан алуан ізденістерді артта қалдырып, уақыт сынынан сүрінбей өткен Рафаэль Ниязбек осындай қажырлы, қайратты, жігерлі, жаужүрек ақын.

Қорыта айтқанда, Рафаэль Ниязбек поэзиясы негізінен ішкі динамикалық қуатқа, динамика – ішкі драмалық қайшылыққа құралған өз дауысы, өз үні, өз ерекшелігі бар ақын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ниязбек Р. «Қыдыр ғұмыр». – Алматы: «Жалын» баспасы, 2002 жыл.
2. Ниязбек Р. «Махамбет майданы». – Алматы: «Өлке» баспасы, - 2018ж.
3. Ниязбек Р. «Шешендер». Өлеңдер. – Алматы: «Жібек жолы» баспасы, 1991 жыл.
4. Ниязбек Р. «Кемеңгер». – Алматы: «Аң Арыс» баспасы, - 2015ж.
5. Ниязбек Р. «Тауқымет». – Алматы: «Алматы» баспасы, - 2016ж.

ӘОЖ 37.37.02

Жалбиева А. С.
(«Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының Тараз қаласы білім бөлімінің Н. Т. Данаев атындағы орта мектебі» КММ)

ТІЛ ДАМЫТУДАҒЫ МӘТІННІҢ РӨЛІ

Аннотация. Бұл мақалада тіл дамытудағы мәтіннің рөлі туралы кеңінен тоқтала отырып, мәтінмен жұмыс түрлері зерделенеді. Сонымен қоса, тіл дамытудағы маңызды аспектілерге пайымдау жасалған. Оқушының когнитивті дамуы, коммуникациялық сөздік қорының молаюына арналған дағдыларға баса назар аударылған. Сонымен қатар, «мәтін - тәрбиенің басты құралы» екендігіне дәлелдемелер айтылған. Мақала жаңартылған білім беру мазмұнындағы функционалдық сауаттылықты арттыру ерекшеліктеріне бағытталған.

Тірек сөздер: мәтін, когнитивті даму, зейін, сыни ойлау, коммуникациялық дағды

Zhalbieva A. S.
(High school named after N. T. Danaev of Taraz City Education Department of Zhambyl Oblast Administration of Education)

THE ROLE OF TEXT IN LANGUAGE DEVELOPMENT

Abstract. In this article, the role of the text in language development is discussed, and the types of work with the text are studied. In addition, the important aspects of language development are considered. Emphasis is placed on the skills for the cognitive development of the student, the expansion of the communication vocabulary. In addition, there are evidences that "the text is the main tool of education". The article focuses on the features of increasing functional literacy in updated educational content.

Key words: text, cognitive development, attention, critical thinking, communication skills

Тіл- тәрбиенің басты тірегі. Қазіргі заман талабына сай ұрпақ өсіру, оларға білім беру – әр ұстаздың басты мақсаты. Ана тілі арқылы жас жеткіншектерді халқымыздың озық ойымен, әдебиетімен, мәдениетімен, тіршілігімен таныстырамыз. Осының бәрін біліп қана қоймай, бала оны жеткізе де білуі керек. Сондықтан бастауыш сынып мұғалімі әр сабағында бала тілін дамытып, сөздік қорын байытуға әр түрлі тәсілдерді қолдана білуі тиіс деп ойлаймын. Тіл дамытудағы мәтіннің рөлі өте маңызды, себебі мәтіндер адамдардың тілдік дағдыларын, ойлау қабілеттерін және мәдениетаралық қатынастарын дамытуға ықпал етеді. Мәтіндер арқылы оқушылар мен тыңдаушылар жаңа сөздер, грамматикалық құрылымдар және тілдің стильдік ерекшеліктері туралы білім алады. Ал енді тіл дамытудағы мәтіннің рөліне тоқталар болсақ, ең алдымен

Мазмұнды түсіну: мәтіндер ақпаратты жеткізу мен түсінуге көмектеседі. Олар идеяларды, пікірлерді және фактілерді жүйелі түрде ұсынады. Мәтіндегі мазмұнды түсіну – бұл мәтіннің негізгі идеясын, ақпаратын және мағынасын толық қабылдау процесі. Бұл процесс бірнеше кезеңдерді қамтиды:

Деректерді тану: Мәтінді оқыған кезде, алғашқы кезеңде сөздер мен сөйлемдерді тану, оқу және түсіну керек. Бұған әрине мұғалімнің ықпалы қажет. Яғни бастауыш сынып оқушыларына мәтінді түсіну үшін әрбір деатліне түсінік беруді қажет етуі мүмкін. Оқу барысында мақсатқа жету үшін әртүрлі тәсілдерді қолданып (дауыстап, ішінен, сын тұрғысынан, түртіп алып, егжей-тегжейлі, тыңдап, шолу жасап) оқу керек.

Мазмұнды талдау: Мәтіннің құрылымын, логикалық байланыстарын анықтау. Мәтіндегі негізгі идеяларды, тақырыптарды, аргументтерді және мысалдарды бөліп көрсету маңызды. Мәтіндегі әрбір диалог, тыныс белгілерге мән бере отырып, абзацтар саны, абзац дегеніміз не, кіріспесі, негізгі бөлімі, қорытындысы, сөз санына дейін тоқтала отырып, сөйлемдер арасындағы логикалық байланыс қандай соларды анықтай отырып, мәтінді талдау тіл дамытуда үлкен рөл атқарады.

Контексті түсіну: Мәтіннің жазылған контекстін (мәдени, тарихи, әлеуметтік) ескеру қажет. Бұл мәтіннің тереңірек мағынасын түсінуге көмектеседі. Контексті түсіну үшін мәтін мазмұны әңгімеу ме, сипаттау ма, әлде пайымдау мәтіні ме, соған назар аудару қажет.

Салыстыру және байланыс орнату: Мәтіндегі ақпаратты бұрынғы біліммен, тәжірибемен немесе басқа мәтіндермен салыстыру. Бұл түсінуді тереңдетеді.

Сыни ойлау: Мәтінді тек қабылдамай, оған сұрақтар қойып, пікір білдіру. Мәтіндегі аргументтерді бағалау және олардың шындыққа қаншалықты сәйкес келетінін анықтау.

Қорытынды жасау: Мәтіннен алынған ақпараттарды жинақтау және жалпы қорытынды шығару. Бұл кезеңде оқырманның алған білімін өмірде қолдану мүмкіндігі туындайды. Оқушы мәтін мазмұнын меңгергеннен кейін бұл білімді мен қашан пайдаланамын? қайда пайдаланамын? қалай пайдаланамын? деген сұраққа жауап беруі керек. Бұл дегеніңіз оқушының функционалдық сауаттылығын арттырады.

Зейін қою – тіл дамытудағы маңызды аспектілердің бірі, себебі ол оқушылардың оқу, жазу, тыңдау және сөйлеу дағдыларын дамытуға ықпал етеді [1: б. 7]. Бұл тұрғыда оқушы зейінін үш тұрғыда қарастырдым.

1. Ерікті зейін – саналы түрде белгілі бір затқа зейін аудару. Тіпті ол затқа деген қызығушылық болмаса да, белгілі бір себептерге байланысты көңіл бөлу.

2. Еріксіз зейін – ойламаған жерде жаңа, көзге жарқ етіп көрінген немесе әдеттен тыс заттарға көңіл бөлу.

3. Үйреншікті зейін – арнайы көңіл бөлуді қажет етпейтін, әдетке айналған үйреншікті заттарға аударылған назар.

Бұл тұрғыда оқушыларға зейінді арттыратын жаттығулар жасатса болады.

Сөздік қорды байыту: жаңа мәтіндер арқылы білім алушылар жаңа сөздермен танысады, оларды контексте қолдану тәжірибесін алады. Сөздік қорды байыту – тіл дамуының маңызды аспектісі, ол адамдардың тілдік дағдыларын, қарым-қатынас қабілетін және жалпы білім деңгейін арттыруға жәрдемдеседі. Сөздік қорды байытудың бірнеше тиімді тәсілдері бар: әртүрлі жанрдағы мәтіндерді оқу жаңа сөздермен танысуға мүмкіндік береді. Оқу барысында жаңа сөздердің мағынасын контекст арқылы түсіну маңызды [3: б. 520]. Сөздік жасау: жаңа сөздерді немесе фразаларды жазып, олардың мағыналарын, синонимдері мен антонимдерін, қолдану жағдайларын қолданыста айтылып жүрген тіркестерімен сөздік жасау. Бұл әдіс сөздерді есте сақтауға көмектеседі. Сөйлеу практикасы: жаңа сөздерді сөйлеу кезінде қолдану. Достармен, отбасы мүшелерімен немесе мұғалімімен сөйлесіп, жаңа сөздерді күнделікті өмірде үнемі пайдалану. Жазу: әлгі сөздікте жазған сөздерін қосып жазбаша жұмыстар (эссе, күнделік, хабарламалар) жазу арқылы жаңа сөздерді қолдану. Жазу процесі сөздерді қолдану мен оларды есте сақтауға ықпал етеді. Сұрақ-жауап әдісі: жаңа сөздер бойынша сұрақтар құрастыру немесе дайын сұрақтарға жауап беру. Бұл сөздерді түсіну мен қолдануды тереңдетеді. Ойындар мен жаттығулар: сөздік ойындар (кроссвордтар, сөзжұмбақтар, сөздік жарыстар) мен жаттығулар сөздік қорды қызықты және тиімді түрде байытуға көмектеседі. Мультимедиялық ресурстар: фильмдер, подкасттар, әндер тыңдау немесе көру арқылы жаңа сөздермен танысу. Бұл тәсіл тыңдау дағдыларын дамыта отырып, жаңа лексиканы меңгеруге ықпал етеді.

Когнитивті дамуы: мәтіндер оқушылардың ойлау қабілетін дамытады, логикалық құрылымдарды түсінуге және сыни ойлауды қалыптастыруға септігін тигізеді. Когнитивті даму – бұл оқушының танымдық қабілеттерінің, яғни ойлау, есте сақтау, назар аудару, проблемаларды шешу, үйрену және ақпаратты өңдеу дағдыларының қалыптасуы мен жетілу процесі[2: б. 15]. Бұл даму оқушының білім алуына, әлеуметтік қатынастарын нығайтуға және өмірлік дағдыларды меңгеруге маңызды әсер етеді. Когнитивті дамудың негізгі аспектілері: ойлау қабілеті. Ойлау әдістері, логикалық ойлау, сыни ойлау, шығармашылық ойлау сияқты түрлері бар. Есте сақтау. Ақпаратты қабылдау, сақтау және қайтадан еске түсіру қабілеті. Есте сақтау процесі жаңа білімді меңгеру үшін маңызды, ал сөздік қорды байытуда да рөл атқарады.Назар аудару. Ақпаратқа назар аудара білу және оны сараптау. Назарды шоғырландыру, ақпаратты таңдауға мүмкіндік береді. Проблемаларды шешу. Тапсырма немесе қиындықтарды шешу үшін логикалық және шығармашылық әдістерді қолдану. Бұл дағды өмірде кездесетін әртүрлі жағдайларға бейімделуге көмектеседі.Танымдық икемділік. Жаңа ақпаратқа және өзгерістерге бейімделу қабілеті. Бұл дағды адамға жаңа жағдайларға жылдам жауап беруге мүмкіндік береді.Тіл дамуы. Тіл когнитивті дамудың маңызды бөлігі. Тіл арқылы адамдар өз ойларын білдіріп, ақпарат алмаса алады, бұл өз кезегінде танымдық процестерді дамытуға ықпал етеді.

Когнитивті даму мектеп жасындағы балалардан бастап, ересектерге дейін маңызды. Оқу, тәжірибе, әлеуметтік қатынастар мен мәдениет адамның когнитивті дамуына әсер етеді. Тиімді оқу бағдарламалары мен әдістері когнитивті дағдыларды дамытуға арналған, бұл жеке тұлғаның толыққанды дамуына ықпал етеді.

Коммуникациялық дағдылар: Мәтіндер тыңдаушылар мен оқушыларға тілдік қарым-қатынасқа қатысуға, пікір алмасуға мүмкіндік береді. Коммуникациялық дағдылар – бұл адамдардың өзара әрекеттесу, ақпарат алмасу, пікір білдіру және түсіну қабілеттері. Бұл дағдылар әлеуметтік қатынастарды нығайту, жұмыс орнында тиімді қарым-қатынас жасау және жалпы өмір сапасын жақсарту үшін өте маңызды. Коммуникациялық дағдылардың негізгі аспектілері: тыңдау,сөйлеу, жазбаша коммуникация, T body language (дененің қимылдары, мимика, көзқарас), сыни ойлау, эмпатия, келіспеушіліктерді шешу[2: б. 14].

Бастауыш сыныпқа арналған мәтіндік тапсырмалар оқушылардың оқу, жазу, тыңдау, сөйлеу дағдыларын дамытуға көмектеседі. Мұнда бірнеше мысал келтірейін:

Мәтіндік тапсырмалар

Мәтінді оқу және сұрақтарға жауап беру:

Мәтін:

"Бір күні Әсет пен оның достары саябаққа барды. Олар футбол ойнады, сурет салды және тәттілер жеді. Күн өте жылы болды, барлығы үйлеріне көңілді қайтты."

Сұрақтар:

Әсет пен оның достары қайда барды?

Олар не істеді?

Күн қалай болды?

Мәтінді толықтыру:

Мәтін:

"Менің сүйікті жануарым — _. Ол _. Мен оны _ деп атаймын. Біз бірге _ жасаймыз."

Мәтін бойынша қысқаша әңгіме жазу:

Тақырып: "Менің жазғы демалысым"

Нұсқау: Өткен жазғы демалысыңда не істегеніңді, қайда барғаныңды және кімдермен болғаныңды жаз.

Сөйлемдерді құрастыру:

Сөздер: "гүл", "сүйікті", "бақша", "менің"

Нұсқау: Берілген сөздерден сөйлем құрастыру.

Мәтіннің мазмұнын айту:

Мәтін: "Көктем келді. Ағаштар гүлдей бастады, құстар ән салады. Балалар сыртта ойнайды."

Нұсқау: Мәтінді оқып, оны өз сөзіңмен айтып бер.

Сөздік жұмыс:

Сөздер: "табиғат", "саяхат", "достар", "ойын"

Нұсқау: Әр сөздің мағынасын түсіндіріп, сөйлем ішінде қолдан.

Көркем шығарма жазу:

Тақырып: "Менің сүйікті күнім"

Нұсқау: Сүйікті күніңде не істейтінің, қандай эмоциялар сезетінің туралы жаз.

Сурет бойынша әңгіме жазу:

Нұсқау: Берілген суретке қарап, сол суреттегі оқиға туралы әңгіме жаз.

Оқушыларға тапсырмаларды орындау барысында көмектесу, шығармашылық тұрғыдан ойлануға ынталандыру, және жақсы жазу дағдыларын дамыту маңызды. Тапсырмалар әртүрлі деңгейде болуы мүмкін, сондықтан оқушылардың жасына және білім деңгейіне сәйкес таңдау жасаймыз.

Тіл дамытудағы мәтіннің рөлі жеке өмірде де, кәсіби салада да маңызды. Олар адамдардың бір-бірімен тиімді қарым-қатынас жасауына, түсіністік пен өзара құрмет орнатуына ықпал етеді. Мәтінмен жұмыс мәдениет, дәстүрлер мен құндылықтарды жеткізіп қана қоймай, бұл адамдардың бір-бірін жақсы түсінуіне және құрметтеуіне көмектеседі. Сондықтан, тіл дамытуда мәтіндерді тиімді пайдалану өте маңызды, себебі олар оқыту процесінің негізі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «Ана тілі» газеті// Алматы 2019 №35 .7-б.
2. А.Н.Джуринский «Развитие образования в современном мире: Учебное пособие»// Алматы. 2008, 14-15-б.
3. Пиаже Ж. «Речь и мыщление ребенка»// Пер. С фр. И англ. Алматы. Педагогика-пресс 1999. 520-б.

ӘОЖ 81.1

Жанкулова Майра Балгабаевна

("Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының Тараз қаласы білім бөлімінің №24 гимназиясы" КММ)

СӨЙЛЕУ ТІЛІ МЕН ЖАЗБА ТІЛДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация. Бұл мақалада сөйлеу тілі мен жазба тілдің негізгі ерекшеліктері қарастырылған. Мақалада екі тіл түрінің қоғамдағы маңызы мен олардың бір-бірін толықтыратын рөлі де көрсетілген. Тіл мәдениеті мен қарым-қатынас сапасын арттыру үшін, сөйлеу тілі мен жазба тілді дұрыс және тиімді қолданудың маңызы зор.

Кілт сөздер: сөйлеу тілі, жазба тілі, тіл ерекшеліктері, ауызша қарым-қатынас, жазбаша қарым-қатынас.

Ауызекі сөйлеу – адамдар арасындағы коммуникативтік қатынастың және бәсекеге қабілетті тұлғаны даярлау негізінің басты әрі жиі көрінетін формасы. Осыған байланысты тіл білімінде тілдің ауызекі сөйлеу ерекшеліктерін арнайы зерттеу негізгі мәселелердің бірі болып келеді. Сонымен бірге ауызекі сөйлеу тілін зерттеудің бағыт-бағдарын, әдіс-тәсілдері де алуан түрлі. Бірсыпыра еңбектерде лексикология, грамматикалық тұрғыдан ауызекі тілдің лексикалық, грамматикалық ерекшеліктерін тану мақсат етілсе, басқа, мәселен, психолингвистикалық зерттеулерде ауызекі сөйлеудегі сөзді құрау, түсіну процестерінің психикалық астарын ашу мақсат етілген.

Қазақ тіл білімі о бастан ауызекі сөйлеу тілінің фактрлерін зерттеуден басталған. Бұлай болуы, бір жағынан, ол кездегі жазба әдебиеттің шама-шарқына байланысты болса, екіеші жағынан, ғалымдардың қазақ тіліннің таза халықтық көзін, негізін тауып, сол фактілерге сүйеніп, зерттеуге талпынуына да байланысты еді. Қазақ тілін алғаш зерттеушілердің бірі – белгілі ғалым Н.И.Ильминский де осы бағытты ұстады. Ол қазақ тілін осы тілде сөйлеушілердің өз аузынан жазып алынған фактілер негізінде зерттеу қажет, қазіргі кітаби материалдарда қазақ тілінің өз заңдылықтарына сай келе бермейтін шағатай тілін элементтері көп деп үнемі ескертіп отырады. Н.И.Ильминский қазақтардың сөзді өнерге балап, оған ерекше талап қойып, мән беруін жоғары бағалады. Ол, Қазақтың шешен кісілерін тыңдау бір рақат нәрсе; олардың сөздері ұйқасты, сымбатты, анық, көркем деп жазды. Қазақ тілі жөнінде алғаш толық, жүйелі лингвистикалық еңбек жазған П.М.Мелиоранский де өзі, негізінен, ауызекі сөйлеу тілінің фактілеріне сүйенетінін ерекше атап отырады. Қазақ тіліне арналған алғашқы бұл зерттеулерде оның басты фонеткалық, грамматикалық жүйесін анықтауға ғана баса мән беріліп, стильдік тармақтарын даралап тану міндет етіледі [1].

Қазіргі кезде қазақ тілін зерттеудің бағыт, мазмұны мүлде өзгерді, ол тарихи ұлы міндетке - қазақ халқының жаңа мәдениетін жасау, соған жол ашу мүдделеріне қызмет ету мақсатын көздеді. Сондықтан да бұл кездегі қазақ тіл білімі баса көңіл бөлген мәселелер – әдеби тіліміздің фонетикалық, грамматикалық жүйесін тану болды. Ауызекі сөйлеу тілінің ерекшеліктері, ауызекі сөйлеу тілі мен жазба әдеби тілінің арасындағы өзара қатынастың сыры ашылмады. Ауызекі сөйлеу тілі – қазақ тілінің қайнар көзі, негізі дегеннен аса алмады.

Бәсекеге қабілетті тұлғаның білім, мәдениет дәрежесінің өсуі, олардың қоғамдық өрісінің ұлғаюы, творчестволық белсенділігінің артуы ауызекі сөйлеу тілінің рөлін көтереді. Ауызекі сөйлеу тілінің жұмсалу аясы да орасан кеңіді, тақырыбы кеңейіп, мазмұны да күрделенді. Сондықтан жұртшылықтың ауызекі сөзге қоятын талабы да өсті, білік дағдыларын қалыптастыру жағдайларындағы бәсекеге қабілетті тұлғаны даярлау негізі болды. Тіл білімі саласында ауызекі сөйлек тіліне ден қою бәсекеге қабілетті тұлғаны

даярлау, осы қоғамдық, әлеуметтік талапқа байланысты. Ауызекі сөйлеу тілін зерттеу оның коммуникативтік (пікір алысу) сипатын анықтап, фонетикалық, грамматикалық ерекшеліктерін, сол грамматикалық тәсілдері қолдану, пайдалану ерекшеліктерін ашуды көздейді, мұның өзі нақты бәсекеге қабілеттіке жетудегі білім жүйесінің негізгі міндеррі және мәдени дәрежесін өсіруге көмектеседі [2].

Сөйлеу тілі дегеніміз әдеби тілге жататын бейресми жағдаятта қолданылатын сөйлеушілердің тікелей қатысуымен жүзеге асатын машықты (спонтанды) сөз.

Қарым-қатынастың бейресмилігі, ситуацияға тәуелділігі, машықтылығы сөйлеушілердің әлеуметтік рөлі, психологиясы, эмоциялық күйі сөйлеу тілінің құралымдық сипатының күрделі екенін танытады. Сөйлеу тілінің эмоционалды-экспресивті бояуы қанық болады және осымен байланысты интонациясы бай, ым, ишара тәрізді бейвербалды таңбалар тілдік таңбалармен жарыса жүреді. Сөзде редукция, эллипсистердің болуы сөйлеу тілінің табиғатына тән. Осылар арқылы нақты тілдік ситуацияда сөз құрылымы басы артық сөздерден арылып отырады. Мысалы: -Мынаны алсам ба? Жоқ, мынау тәуір сияқты. Бұл жерде тілдік емес ситуация – кітап дүкені, әңгіме кітап жайында. Алайда, нақты ситуациядан тыс сөздің не жайында болып жатқанын түсіну қиын.

Тілдің лексикалық, грамматикалық тәсілдерді, сөз тудыру, сөз құбылту, сөйлем құрау ережелерін қамтитыны белгілі. Бірақ тіл қамтитын амал-тәсілдерді әр стиль өзінше жұмсайды, сөйтіп өзінше сөз тіркестіру, синтаксистік форма құрау ерекшеліктерін тудырады. Стильдің өзгешелігіне себеп болатын нәрсе – коммуникативтік сипаты. Пікір алысудың ретінде қарай (диалог, монолог, ауызша, жазбаша түрде пікірлесу), мазмұнына қарай (ғылыми еңбек, көркем шығарма, газет, очеркі т.б.) сөйлеуші тілдік амалдарды талғап жұмсайды.

Ауызекі сөйлеу тілін дара стильдік сала деп танимыз. Мұның солай екендігі, арнайы сөз болмаса да лексикографиялық, лексикологиялық, грамматикалық еңбектерде айтылып тұр. Бұл еңбектерде жеке сөздер, грамматикалық формалар ауызекі сөйлеу тіліне тән фактілер екендігі ара-тұра ескертіліп отырады. Көпшілік жұрт көркем шығармадан, радио, телевидения хабарларынан ауызекі сөйлеу тілі дара стильдік сала ретінде объективтік сала екендігін дәлелдейді [3].

Ауызекі сөйлеу тілінің стильдік мәнерін қалыптастыратын нәрсе оның өзіндік коммуникативтік сипаты болса, бұл ауызекі сөйлеу стиліне коммуникативтік жағдай барлық тілдерде бірдей көрінеді. Ауызекі сөйлеу тілін қалыптастыратын жағдайлардың бастылары ретінде мыналар аталады:

1.Пікір айту ауызша әрі сөйлеуші мен тыңдаушының жүзбе-жүз отырып қатысуы үстінде болады.

2.Пікір айту диалог түрінде, яғни екі немесе бірнеше адамның қатысуымен жүреді.

3. Пікір айту ешқандай дайындықсыз, емін-еркін әңгіме үстінде құралады.

Осы үш шарт ауызекі сөзге бірдей тән болғанымен, оның лексикалық ерекшеліктерін қалыптастыруда соңғы екеуінің мәні ерекше. Тыңдаушы мен сөйлеушінің жүзбе-жүз отырып ауызекі пікір алысуы, информация беруі лекция, баяндама жасау, әңгіме айту кезінде де болатын жағдай. Бұл шарт тек ауызекі сөйлеу тіліне ғана тән емес, ауызекі түрі де жүзеге асатын бірнеше стильдерге де тән. Ауызекі сөздің диалог түрінде жүруі оның синтаксистік құрылысына, лексикасына көп әсер етеді.

Тіл жалпы және абстрактілі құбылыс ретінде әралуан акт қолданыстары мен түрлерінің жүзеге асуы арқылы, белгілі бір нақты жағдаяттардың орындалуы арқылы көрініс табады. Яғни сөйленіс тіл арқылы жарыққа шығады. Бірқатар ғалымдардың зерттеуі бойынша, сөйленімнің түрлері әртекті, әр алуан. Дегенмен, олар екі негізгі формаға сәйкестендіріледі, олар – ауызша және жазбаша формалар. Бұл формалар күрделі бірлікте құрылады және әлеуметтік-тілдік тәжірибеде (қолданыста) бірдей мәнде болады, бірдей қызмет атқарады. Тілдік қарым-қатынас осы екі форманың күрделі тұтастығын білдіргенмен, олардың әрқайсысы жеке дара күйінде көріне алады және жеке (индивидуальді) сипаты мен ерекшеліктері болады. Ең алдымен, тілдің ауызша және жазбаша формалары арасындағы

айырмашылықтар әрқайсысының өзіндік жеке материалды негізінің болуы арқылы, тұрмыстық қолданыстағы ерекшеленген формалары арқылы көрініс табады. Ауызша тілдің материалды негізі – бұл ауада таралатын дыбыстық толқындар; жазбаша тілдің материалдық негізін кез келген тәсілмен жазылған контрастық фондағы әріптер құрайды (бояу, жарық, т.б.). Жалпы ауызша сөзді жазба сөзбен салыстырғанда олардың негізгі ерекшеленетін тұстары айқын байқалатыны белгілі. Ауызша сөз жазба тілдегі нормадан ауытқығанда оның артықшылығы көрінеді деп есептеледі. Сондықтан жазба тіл дұрыс сөйлеудің жалғыз варианты ретінде ұғынылады: «устная речь перестает осознаваться не только как первичный, но вообще и как самостоятельный феномен, имеющий позитивную ценность и позитивные признаки, а рассматривается как результат ситуативной редукции «кодифицированной», «правильной», то есть письменной речи» [4].

Салалық басылымдар дегеніміз – тек бір ғана салаға арналған газет немесе журнал. Қазіргі кезде қазақ журналистикасында салалық басылымдардың үлкен шоғары қалыптасып келеді. Салалық баспасөз туралы белгілі ғалым Т.Бекниязов былай дейді: «Салалық баспасөз – түрлі салаларды қамти отырып бөлінеді. Министрліктер мен комитеттердің жұмына арналады. Сондай-ақ оқу-білімге, өндіріске, ауыл шаруашлығына, құрылысқа т.б. арналуы мүмкін», дей келе ғалым: «...Қазақстанда салалық болып жіктеледі. Әлеуметтік топтарға және тақырыптық бағытта да басылымдар бар».

Қазақ баспасөзі тарихында білімге, өнерге, тек әйелдерге арналған салалық басылымдар болды. Сол салалық басылымдардың өзіндік мақсат-мүддесі болды. Мәселен, өткен ғасырдың 20-шы жылдарында жарық көрген «Жаңа мектеп», «Ауыл мұғалімі», «Қазақстан мектебі» т.б. басылымдардың басты мақсаты сауатсыздықты жою, ағартушылық қызмет жүргізу болып табылды. Бұл басылымдар қазақ халқының рухани дүниесінде үлкен мәнге ие. Оның үстіне қазіргі уақытта кез-келген сала дамып, күрделене түсуде. Осы салаларды саралап, жіктеп таразылайтын жеке-жеке ғылым салалары пайда бола бастады. Сондықтан да салалалық басылымдарға қажеттілік туды.

Осы ретте Ресей ғалымы А. Мураковский мына сөзімен келіспеуге болмас: «Журналистиканы салаландыру өте қажет. Мәселен, физика туралы жазатын журналистер кез келген ғалымдармен ядролық физика туралы тең дәрежеде сөйлесе білетін деңгейде болуы қажет. Бұл жерде журналистке жоғары біліктілік, саланы жете меңгергендік қажет болады. Оның әмбебаптылығынан гөрі, салаланғандығы маңыздырақ. Сондықтан да қазіргі уақытта бір саланы жеттік меңгерген журналистерге сұраныс жоғары. Бір саланы жақсы меңгерге журналист ғана сол саланың барлық проблемасын, оны шешу жолдардарында қандай адамдардың жүргендігін білді, оларды сөзге тарта алады, бір сөзбен айтқанда өзіне не керектігін біледі».

Жалпы салалық басылымдар бүгінгі уақытта жеке зерттеуді қажет ететін тақырыптардың бірі деп шегелеп айтқымыз келеді. Салалық басылымдардың құрылымдық, жанрлық, тақырыптық ерекшеліктеріне жеке-жеке талдау жасау сол арқылы қазақ журналистикасы тарихында салалық басылымдардың орнын анықтау бүгінгі тәуелсіз қазақ журналистикасының маңызды міндеттері деп білеміз. Соңғы уақыттарда қазақ баспасөзін философиялық, тіл саласы бойынша, педагогикалық және тарихи тұрғыдан зерттелген біршама ғылыми еңбектер жарық көрді [5].

Ғалымдар Жарықбаев Қ., Қалиев С. «Қазақ тәлім-тәрбиесі» деген зерттеу еңбегінде қазақ жеріндегі алғашқы басылымдар «Түркістан уалаяты», «Дала уалаяты», «Айқап», «Мұғалім» сияқты баспасөз беттерінде тәлім-тәрбиелік мәселелердің көтерілуін жанжақты ашып қарастырса, П.Сейітқазы «Республикалық мерзімді баспасөз беттерінде мектеп оқушыларын тәрбиелеу мәселелері» атты кандидаттық ғылыми диссертациясында 1960-1985 жылдар аралағындағы «Социалистік Қазақстан», «Лениншіл жас» газеттерінде жарияланған жас ұрпақ тәрбиесіне байланысты мақалаларға талдау жасап, баспасөздің жас ұрпақ тәрбиесіндегі рөліне жоғары баға береді.

Тіл — адамның өз ойын, сезімін, ойын-сауық, білімін бір-біріне жеткізу құралы болып табылады. Тілдің екі негізгі түрі бар: сөйлеу тілі және жазба тіл. Бұл екі түрдің ұқсастықтары да, айырмашылықтары да көп. Әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар[6].

Сөйлеу тілі — күнделікті өмірде адамдардың бір-бірімен тікелей қарым-қатынас жасау үшін қолданатын тіл. Сөйлеу тілі әдетте ауызша болып, интонация, дауыс ырғағы, сөзді айта білу секілді дыбыстық элементтерді қамтиды. Бұл тіл түрі әсіресе эмоциялар мен сезімдер арқылы тікелей байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Сөйлеу тілі ресми емес жағдайда, тілдесу кезінде жиі қолданылады.Сөйлеу тілінің ерекшеліктері:

Ауызша қарым-қатынас: Сөйлеу тілінде адам сөздерді дыбыстап, еркін жеткізеді. Бұл тіл түрі тек аудио немесе визуалды түрде ғана қабылданады.

Қысқа сөйлемдер: Әдетте сөйлеу тілінде сөйлемдер қысқа және қарапайым болады. Сөйлеуші көбіне аз сөзбен және жеңіл түсінікті түрде сөйлейді.

- Автоматты бағалау жүйелері – Эссе, диктант, тесттерді тексеру үрдісін автоматтандыру.

Инновациялық технологиялардың қазақ әдебиетін оқытудағы рөлі:

1. Сандық кітапханалар мен мультимедиялық ресурстар – Қазақ әдебиеті классиктерінің шығармаларын электронды форматта оқуға мүмкіндік беру.

2. Виртуалды және толықтырылған шындық – Әдеби кейіпкерлер мен тарихи оқиғаларды визуализациялау.

3. Онлайн платформалар мен вебинарлар – Әдебиет сабақтарын қашықтан ұйымдастыру.

Жасанды интеллект (ЖИ) – әдетте адамдар орындайтын когнитивті тапсырмаларды шешуге бағытталған информатика саласы. Бұл сала оқыту, үлгі құру және үлгіні тану сияқты күрделі міндеттерді қамтиды. Қазіргі уақытта ұйымдар әртүрлі дереккөздерден үлкен көлемдегі ақпараттарды жинақтайды. Мұндай дереккөздерге смарт сенсорлар, бақылау жүйелері, жүйелік журналдар және пайдаланушылар жасаған мазмұн жатады. Жасанды интеллекттің негізгі мақсаты – алынған деректерден мағына шығарып, өздігінен үйренетін жүйелерді дамыту болып табылады.

ЖИ технологиясы жинақталған білімді қолданып, жаңа мәселелерді адам сияқты шешуге мүмкіндік береді. Мысалы, жасанды интеллект адамның сөйлеуін талдап, оған сәйкес жауап қайтара алады, түпнұсқа мәтіндер мен суреттер жасай алады, сондай-ақ нақты уақыттағы ақпараттар негізінде шешімдер қабылдай алады. Бұл технологияны медицина, қаржы, өндіріс, көлік және басқа да салаларда кеңінен қолдануға болады.

Жасанды интеллекттің басты ерекшелігі – оның алгоритмдер мен модельдер арқылы деректерді талдап, үйренуі және шешім қабылдау қабілеті. Сонымен қатар, ол табиғи тілде сөйлесу, суреттер мен мәтіндерді тану, болжау жасау сияқты күрделі тапсырмаларды орындай алады. Қазіргі таңда жасанды интеллект технологиялары бизнес процестерді оңтайландыруға, ғылыми зерттеулерді дамытуға және күнделікті өмірді жеңілдетуге үлкен үлес қосуда.

ЖИ-дің дамуымен бірге оның қоғамға тигізер әсері де артып келеді. Ол адамдардың жұмыс тәсілдерін өзгертумен қатар, жаңа мүмкіндіктер ашуға көмектеседі. Дегенмен, бұл технологияны этикалық және қауіпсіздік тұрғысынан жауапкершілікпен пайдалану маңызды.

Жасанды интеллект – болашақтың интеллектуалды технологиясы. Ол адамның интеллектуалды қабілеттерін кеңейтіп, көптеген салаларда инновациялық шешімдерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Оның дамуы ғылым мен техниканың өркендеуіне айтарлықтай ықпал етіп, әлемнің интеллектуалды жүйелерге бейімделуін қамтамасыз етеді.

Жасанды интеллектінің (ЖИ) негізгі түрлері:

Жасанды интеллект (ЖИ) – адам интеллектісін имитациялайтын технологиялар жиынтығы. Қазіргі таңда ЖИ-дің екі негізгі түрі бар:

1) Тар шеңберлі ЖИ – нақты бір міндеттерді орындауға бағытталған жүйелер. Мысалы, дауыстық көмекшілер (Siri, Google Assistant), бет-әлпетті тану жүйелері немесе медициналық диагностика құралдары.

2) Жалпы ЖИ – адамның интеллектуалды қабілеттерін толықтай имитациялай алатын жүйелер. Бұл бағыттағы зерттеулер жалғасуда, бірақ мұндай жасанды интеллект әлі толық дамымаған.

Жасанды интеллектінің қолдану салалары: ЖИ технологиялары әртүрлі салаларда кеңінен қолданылады, олардың қатарында медицина, білім беру, қаржы, көлік және тағы басқа салалар бар. Бұл технологиялар процестерді автоматтандыру арқылы адамдардың жұмысын жеңілдетіп, тиімділікті арттыруға көмектеседі.

Жасанды интеллектінің білім беру жүйесіндегі рөлі: Қазіргі білім беру жүйесінде жасанды интеллект маңызды рөл атқарады. Әсіресе, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында ЖИ-ді қолдану оқушылардың білім деңгейін көтеруге, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және тілдік дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді. ЖИ-дің көмегімен білім беру үдерісі интерактивті және бейімделген түрде ұйымдастырылып, әр оқушының қажеттіліктеріне сай жеке оқыту тәсілдерін қолдануға болады.

Жасанды интеллектті білім беру жүйесінде пайдалану – болашақтың қажеттілігі. Бұл технологиялар оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, жаңа білім алу процесін қызықты әрі тиімді етеді.

Соңғы жылдары жасанды интеллект (ЖИ) білім беру саласында қарқынды түрде қолданыла бастады. Әсіресе, қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда бұл технология оқушылардың білім алуын жекелендіріп, оқу үдерісін тиімді әрі қызықты етуге мүмкіндік береді. ЖИ-дің оқу процесіне енгізілуінің негізгі артықшылықтары мен әдістеріне тоқталып өтейік.

Уақытты үнемдеу: ЖИ мұғалімдерге оқу процесін ұйымдастыруды жеңілдетіп, олардың уақытын үнемдеуге көмектеседі. Автоматтандырылған тестілеу жүйелері мен бағалау құралдары оқушылардың жетістіктерін жылдам бағалауға мүмкіндік береді. Бұл мұғалімдерге оқыту сапасын жақсартуға және жеке оқушылармен жұмыс істеуге көбірек уақыт бөлуге мүмкіндік береді.

Оқушылардың үлгерімін бақылау: ЖИ оқушылардың күшті және әлсіз жақтарын анықтап, олардың үлгерімі туралы деректерді жинай алады. Бұл ақпарат мұғалімдерге оқу үрдісін жақсартуға және оқушылардың білім алуын оңтайландыруға көмектеседі. Сондай-ақ, оқушылардың үлгерімін уақыт бойынша бақылауға болады, бұл оқу процесінің тиімділігін арттырады.

Қазақ мәдениетімен байланыс: Қазақ тілі мен әдебиеті мәдени контекстпен тығыз байланысты. Жасанды интеллект Қазақстанның мәдени аспектілері, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлері туралы қосымша ақпарат бере алады. Бұл оқушыларға материалды тереңірек түсінуге және ұлттық мұраны бағалауға көмектеседі.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жасанды интеллектті қолдану білім беру процесінің жаңа көкжиектерін ашады. ЖИ-дің көмегімен оқыту жекеленіп, күнделікті тапсырмалар автоматтандырылып, ресурстарға қолжетімділік кеңейеді. Бұл технологияны оқу үдерісіне енгізу оның тиімділігін арттырып қана қоймай, оны оқушылар үшін қызықты әрі мазмұнды етеді. Болашақта жасанды интеллекттің дамуы білім беру саласында үлкен өзгерістер әкелетіні сөзсіз. Сондықтан оның мүмкіндіктерін барынша пайдалану арқылы біз сапалы білім алуға қол жеткізе аламыз. Жасанды интеллект пен инновациялық технологияларды қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда пайдалану – заман талабы. Бұл тәсілдер оқушылардың тілді меңгеру деңгейін жақсартып қана қоймай, олардың қызығушылығын арттырады. Сондықтан педагогтер мен білім беру ұйымдары жаңа технологияларды оқу үрдісіне белсенді енгізуі қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Интернет жүйесі. www.mail.ru, www.google.ru, www.doklad.ru сайттары
2. Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Инновационные методы обучения, или как интересно преподавать. А.: 2009

ӘОЖ 378.1:37.013

Жуматаева Балжан Сайлаубековна
Бірлесу-Еңбек орта мектебі, Қазақстан,
Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы

ЗАМАНАУИ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ ҚҰРАЛДАРЫ РЕТІНДЕ

Аннотация. Бұл мақалада заманауи оқыту әдістері (Жасанды интелект, LMS, CLT,VR т.б.) мен технологиялары қарастырылады. Олардың білім сапасын арттырудағы рөлі талқыланады. Инновациялық тәсілдердің тиімділігіне баға беріледі. Оқыту процесін жетілдіру жолдары ұсынылады. Мақала білім беру саласының мамандарына арналған.

Кілт сөздер: Заманауи оқыту, ағылшын тілі, технологиялар, коммуникация, жасанды интеллект, білім сапасы, оқыту әдістері, оқушылар.

Коммуникативті оқыту әдісі, тапсырмаға негізделген оқыту, аралас оқыту және дифференциалды оқыту әдістері жан-жақты сипатталып, олардың артықшылықтары көрсетілген. Сонымен қатар, оқу басқару жүйелері, мобильді қосымшалар, виртуалды шындық және жасанды интеллект секілді технологиялардың білім сапасына тигізетін әсері талданған. Мақаланың негізгі мақсаты – заманауи әдістер мен технологияларды қолдану арқылы ағылшын тілі білімін жетілдіру жолдарын ұсыну.

Қазіргі білім беру жүйесі ақпараттық және технологиялық дәуірдің талаптарына сай бейімделуде. Кез келген пәнді әртүрлі салаларда сұранысқа ие болатындай етіп оқыту керек, сондықтан оның сапалы оқытылуы жаһандық маңызға ие. Оқыту әдістерінің жаңаруы және заманауи технологияларды қолдану білім беру тиімділігін арттырып, оқушылардың білімге қызығушылығын оятады.

Бүгінгі білім беру жүйесінде цифрлық білім беру ресурстары маңызды рөл атқарады. Ақпараттық технологиялар мен интернеттің дамуы білім беру саласында үлкен өзгерістерге әкеліп отыр. Цифрлық білім беру ресурстары — бұл оқу материалдарын цифрлық форматта ұсынатын, оқушылардың білімін арттыруға, шығармашылық ойлауды дамытуға және оқу үдерісін тиімді жүргізуге бағытталған құралдар мен платформалар. Бұл ресурстар оқу процесінде оқушыларды ізденуге, өз бетінше жұмыс істеуге ынталандырып, мұғалімдерге жаңа әдістер мен тәсілдерді қолдану арқылы сабақтың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Оқушылардың цифрлық білімді меңгеру қажеттілігі

Қазіргі білім беру үдерісі тек дәстүрлі әдістермен шектелмей, цифрлық ресурстарды қолдану арқылы жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Оқушыларға цифрлық сауаттылықты меңгеру қажеттілігі күн санап артып келеді. Цифрлық білім беру ресурстары оқушылардың ақпаратты іздеу, өңдеу және жүйелеу қабілеттерін жетілдіруге мүмкіндік береді. Осылайша, білім алушылар тек ағылшын тілін үйренумен шектелмей, ақпараттық технологиялар арқылы өз білімін кеңейтіп, білім беру үдерісін жетілдіре алады. Бұдан басқа, цифрлық ресурстар оқушыларға әр түрлі оқыту стиліне және өзіне тән қабілеттеріне сәйкес тапсырмалар мен жаттығулар ұсынуға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде олардың білім деңгейін арттырады.

Заманауи оқыту әдістері

1. Коммуникативті оқыту әдісі (CLT)

Коммуникативті оқыту әдісі тіл үйренуді қарым-қатынас жасау қабілетін дамытуға бағыттайды. Бұл әдіс оқушыларды шынайы өмірдегі жағдайларда ағылшын тілін қолдануға үйретуге арналған. Мысалы қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі, ағылшын тілі пәндеріне мынандай тәсілдер қолданылады:

Рөлдік ойындар: Оқушылар нақты өмірде кездесетін сценарийлерді ойнайды, мысалы, дүкенде сөйлесу немесе қонақүйде орын брондау.

Топтық пікірталастар: Берілген тақырып бойынша топ ішінде өз ойларын жеткізу арқылы тілдік дағдыларын дамытады.

Диалог құру: Шынайы қарым-қатынасқа ұқсас диалогтар арқылы оқушылардың тілдік сенімділігі артады.

Кесте 1. Коммуникативті әдістің артықшылықтары мен кемшіліктері:

Артықшылықтары	**Кемшіліктері**
Оқушылардың белсенділігі артады	Жеткілікті уақыт пен дайындық қажет
Тілдік кедергілерді жеңілдетеді	Кейбір оқушыларға қиын болуы мүмкін

2. Тапсырмаға негізделген оқыту (TBL)

Бұл әдіс оқушыларға ағылшын тілін белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы меңгеруге мүмкіндік береді.

Мысал тапсырмалар:

Мектептегі мәдениет апталығына жоба дайындау. Шетелдік қонақтарға арналған туристік маршрут құру. Проблемаларды шешу, мысалы, экологиялық жобаларды талқылау. Тапсырмалар оқушыларды сыни ойлауға және креативті шешімдер табуға ынталандырады, бұл тілді табиғи түрде меңгеруге ықпал етеді.

3. Аралас оқыту

Аралас оқыту дәстүрлі әдістер мен цифрлық технологияларды біріктіру арқылы білім беру процесін тиімді етеді.

Мысалы:

- Онлайн платформада грамматикалық жаттығулар орындау.
- Бейне сабақтарды көру арқылы тыңдалым дағдыларын дамыту.
- Форумдарда ағылшын тілінде пікір алмасу.

Кесте 2. Аралас оқытудың элементтері:

Дәстүрлі оқыту элементтері	Цифрлық оқыту элементтері
Сыныпта мұғалімнің түсіндіруі	Онлайн тестілер мен викториналар
Топтық жұмыс	Жеке мультимедиалық жаттығулар

4. Дифференциалды оқыту

Дифференциалды оқыту әр оқушының қабілеттерін ескере отырып, білім беру әдістерін бейімдеуді көздейді. Бұл тәсілде:

- Оқушыларға жеке тапсырмалар беріледі.
- Білім деңгейіне қарай ресурстар қолданылады.
- Бағалау критерийлері икемді түрде қолданылады.

Мысалы, сөздік қоры төмен оқушылар үшін жеңілдетілген мәтіндер, ал ілгері деңгейдегілерге күрделі тақырыптар ұсынылады.

Технологияларды қолдану

1. Оқу басқару жүйелері (LMS)

Moodle және Flipped Classroom сияқты платформалар мұғалімдерге сабақ материалдарын ұйымдастыруға және оқушылармен кері байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Бұл платформалар оқыту процесін тиімдірек етуге көмектеседі, мысалы:

Тапсырмаларды басқару: Мұғалімдер тапсырмаларды жүктеп, оқушылардың жұмысын онлайн бағалай алады.

Кері байланыс: Жеке немесе топтық пікір қалдыру арқылы оқушыларға бағыт-бағдар беру.

Жеке оқу траекториялары: Оқушылардың деңгейіне сәйкес оқу ресурстарын таңдау.

2. Мобильді қосымшалар

Duolingo сияқты қосымшалар оқушыларға күнделікті 5-10 минут бөліп, ағылшын тілін оқуға мүмкіндік береді. Бұл әдіс мобильділік пен қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Сонымен қатар:

Геймификация: Қосымшалар ойын элементтерін қолдана отырып, оқуды қызықты етеді.

Жылдам нәтиже: Оқушылар қысқа уақытта нақты дағдыларды жетілдіре алады.

Қолжетімділік: Қосымшаларды кез келген жерде және уақытта қолдануға болады.

3. Виртуалды шындық (VR)

VR технологиялары оқушыларды шетелге барғандай әсер алуға көмектеседі. Мысалы:

Саяхат симуляциялары: Оқушылар шетелдегі көрнекті орындарда виртуалды саяхат жасайды.

Мәдени байланыстар: VR құралдары әртүрлі мәдениетпен танысып, шынайы қарым-қатынас жасауға

жағдай туғызады.

Практикалық тәжірибе: Мысалы, аэропорттағы сұхбаттасуды симуляциялау.

4. Жасанды интеллект (AI)

Жасанды интеллектті құралдар – Grammarly, DeepL және чат-боттар – оқушылардың грамматикалық қателерін түзетіп, мәтінді жетілдіруге көмектеседі. AI құралдарының қосымша артықшылықтары:

Жекелендірілген ұсыныстар: Әр оқушының деңгейіне сәйкес ұсыныстар береді.

Өзіндік оқыту: Оқушылар тапсырмаларды өз бетімен орындап, қателерін нақты түсіне алады.

Айтылым дағдыларын жақсарту: Жасанды интеллект платформалары оқушылардың айтылымын тексеріп, түзету енгізе алады.

Кесте 3. Технологиялардың оқытуға әсері:

Технология	Әсері
LMS	Оқуды ұйымдастыруды оңтайландырады
Мобильді қосымшалар	Тілдік дағдыларды нығайтады
VR	Мәдени тәжірибені байытады
AI	Жазу дағдыларын жетілдіреді

Заманауи оқыту әдістері мен технологиялары білім беру сапасын айтарлықтай жақсартады. Мұғалімдер заманауи құралдарды тиімді қолдану арқылы оқушыларды жаңа деңгейге көтере алады. Қиындықтарды жеңу үшін үздіксіз кәсіби даму қажет. Цифрлық ресурстарды жүйелі түрде қолдану оқу процесінің тиімділігін арттырып, заманауи білім беру талаптарына сай келетін оқу ортасын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Цифрлық технологиялар мен ресурстар білім беру жүйесінде үздіксіз жаңару мен даму процесін қамтамасыз етеді. Оқушылар тек оқып қана қоймай, сандық технологиялар арқылы өз білімдерін тәжірибеде қолдануға мүмкіндік алады. Цифрлық құралдардың үздіксіз қолданылуы оқу ортасын жаңартып, оны заман талабына сай етеді, бұл өз кезегінде білім алушылардың тиімді білім алуына жағдай жасайды.

Осылайша, цифрлық білім беру ресурстарының ағылшын тілі пәнінде қолданылуы оқушылардың тілдік дағдыларын дамытып, олардың оқу үдерісін жаңа деңгейге көтереді. Мұғалімдер мен оқушылар үшін цифрлық құралдар білім беру сапасын арттыруға және оқу процесін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Цифрлық технологияларды қолдану — бұл білім беру саласында маңызды өзгерістерге жол ашып, болашаққа бағытталған инновациялық білім беру ортасын құруға ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1.Құдайбергенова, Р. Ә. (2016). Цифрлық білім беру ресурстарын қолданудың тиімділігі. Қазақстанның білім беру жүйесі: мәселелері мен болашағы, 3(1), 72-78.

2.Мұхтарова, Г. Ж., & Әбдіхалықова, А. М. (2017). Цифрлық құралдар мен мультимедиялық ресурстардың білім беру жүйесіндегі рөлі. Жаңа ақпараттық технологиялар, 5(2), 34-40.

3.Аяған, Ә. С. (2020). Ағылшын тілін оқытуда цифрлық технологияларды қолдану. Қазақстан педагогикасы, 1(3), 14-21.

4.Смағұлова, Г. Қ. (2018). Оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданудың теориялық негіздері. Жоғары білімдегі инновациялар, 10(1), 88-95.

5.Жақыпбекова, Н. Т. (2019). Цифрлық білім беру ресурстарын ағылшын тілін оқытуда қолдану. Қазақ тілінде білім беру мәселелері, 2(4), 55-61.

ӘОЖ 811.512.1

С. СЕЙФУЛЛИННІҢ «ТІКЕНДІ ЖОЛ» («ТАР ЖОЛ, ТАЙҒАҚ КЕШУ»), РОМАНЫНДАҒЫ ТІЛДІҢ БЕЙНЕЛІ-МӘНЕРЛІ ҚҰРАЛДАРЫ

Жусанбаева Гулзат Бейсеновна

Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы № 2 орта мектебі

Аннотация. Бұл мақаланың талдау пәні көркемдік троптардың – метафораның, метонимияның, эпитеттердің және Сәкен Сейфуллиннің «Тікенді жол» романындағы салыстырулардың жұмыс істеуі болып табылады. Зерттеу тақырыбы өзекті ғылыми ізденістерге сәйкес келеді, өйткені тілдік ерекшелігі, жазушының көркем сөзінің ерекшелігі-аз зерттелген сала. Экспрессивтілік құралдарының функциялары мен семантикалық ерекшеліктерін талдауды автор пайдаланылған бейнелі құралдардың семантикалық және құрылымдық арақатынасын құра отырып, жазушы шығармасының құрамына сәйкес жүргізеді. Жазушы қолданған метафоралар формальды-грамматикалық классификация тұрғысынан да талданады-сөз тіркесінің метафораланған мүшесінің грамматикалық байланысы бойынша. Автор метафоралық құрылымдардың стилистикалық бояуына да назар аударады.

Кілт сөздер: тілдің бейнелі-экспрессивті құралдары, метафора, метонимия, эпитет, салыстыру, метафора функциясы.

Сәкен Сейфуллиннің шығармалары қазақ әдебиеті мен қазақ мәдениетінде көрнекті болып табылады. Ақын, жазушы, драматург, «қазақ пролетарлық әдебиетінің жаршысы» [1], тарихшы, педагог – шығармашылық мұрасы баға жетпес, айрықша, айрықша қабілеттері бар адам.

Сәкен Сейфуллиннің қазақ халқының тарихи шежіресіндегі тұлғасы, поэтикалық және драмалық шығармалары, оның жаңашылдығы мен ұлттық әдебиеттегі рөлі-осы қырлардың барлығы ғалымдардың әртүрлі аспектілерде зерттеуі үшін өзекті [2-4].

Сәкен Сейфуллиннің шығармашылығы оның тарихи отанына ғана қызығушылық тудырмайды, өйткені оның өмірбаяны мен тағдыры орен - Бург өлкесімен тығыз байланысты.

Көрнекі-экспрессивті құралдар, атап айтқанда метафора мен метониум-отандық және шетелдік лингвистердің зерттеу нысаны. Метафора теориясы Ю.Д. Апресянның [5], Н.Д. Арутюнованың [6], А. Вежбицкаяның [7] еңбектерінде көрініс тапты. В. Н. Телия метафораның экспрессивті-бағалау функциясын қарастырады [8], Н.Д. Арутюнова көркем сөйлеудегі метафоралық трансферттердің функционалдық маңыздылығын атап көрсетеді [9].

Көркем мәтіндегі метафораның жұмыс істеу ерекшеліктерін зерттеу лингвометафорологияның өзекті бағытына жатады. Қазіргі зерттеушілер жеке авторлардың шығармалары тіліндегі метафора мен басқа да бейнелі құралдарды әлемнің авторлық көзқарасын бейнелейтін және «бейнеленген жаратылыстарға, кейіпкерлерге деген көзқарасын» білдіретін құрал ретінде қарастырады [10, 403 - бет].

Лингвистердің талдау материалы көбінесе поэтикалық шығармаларға айналады, ал проза назардың шетінде қалады. Сәкен Сейфуллин шығармаларының тілі аз зерттелген және оған заманауи үндеу қажет. Көптеген ғалымдар «Тікенді жолды» мемуарлық-тарихи роман деп атайды. Осы зерттеудің міндеттеріне роман – функцияларының тілдік ерекшеліктерін және жазушының көркем троптарды (метафора, метонимия, эпитеттер мен салыстырулар) пайдалану ерекшеліктерін талдау кіреді.

Автор өз романында өмірдің драмалық оқиғалары, Қазақстан даласында Кеңес өкіметінің орнауының қанды кезеңдері, қазақ халқының тарихындағы тағдырлы күндер туралы баяндайды және бұл жағдай шығарманың тілінде толық көрініс тапты. Сәкен Сейфуллиннің метафорасы түстердің сараңдығымен ерекшеленеді, бірақ ол өте сыйымды және қысқа. Сипатталған оқиғалардың лентасы оқырманды өзіне жетелейді, тек кейде бір минут келгенде, автор басын жасырын лақтырып, қоршаған табиғатқа, адамдарға, жануарларға ашкөздікпен қарап, бұл туралы Сараң, бірақ мәнерлі метафоралардың көмегімен айтады.

Бұл метафора, «шешен» құрал бола отырып, жазушы сипатталғанға деген көзқарасын, сезімдердің, азаптардың, эмоционалды тәжірибелер мен қайғылы күйзелістердің барлық спектрін жеткізуге, оқиғаларға баға беруге көмектеседі. Әңгіменің басында («Әупілдек») метафора жеңіл («ол ашық көлеңкеде жүреді»; «әуеннің толып кетуінде жалынды кеңестер естіледі»), эпитет - жарқын және қуаныштысыз («біздің астымыздағы жылқылар»; «нәзік көл қамысы»), салыстыру-өмірді растайтын тондарда («күн құйма сияқты алтын»; «алтын бұршақ күміс табақшаға себілгендей»), табиғатты бейнелейтін бейнелер ешқандай алаңдаушылық тудырмайды («жұлдызды аспан үнсіз»; «мазасыздықты сақтайтын тыныштық жер»; «қамыс сыбырлайды»).

«Шұбырада» әлі де болып жатқанның бәрі бейбіт өмір сезіміне толы: қос метафора жазғы маусымның сұлулығын және жұмыс күндерінің әдемілігін көрсетеді («жаздың басы - шалғындардың хош иісімен мас болған гүлденген уақыт – тамақтандырылған бұқалар майдан құтыла бастайды»; «жылу жұмсарды»; «ауыр жұмыстың жемісі»). Метонимиялық конструкциялар номинативті сипатқа

ие («көп дауысты ауыл тынышталғандай»; «атлас жарқырады, күміс ашық түсті»; «зал көтерілді» және т.б.). Кейіпкерлерді сипаттайтын эпитеттер («алаңсыз, ерікті бай»), салыстырулар («өріс, сәнді өрнегі бар үлкен кілемдермен жабылған сияқты»; «жақсы тамақтанған бұқалар сияқты ойнайды»; «шопандар, қара, күн сәулесінен»), бет-әлпет-жаратылыс («кішкентай өзен жүгіреді»; «жібектей Самал жүзді жағымды сипады») - автор пайдаланған барлық мәнерлі құралдар әлі күнге дейін қазақ даласының өмірін бояуға бағытталған. Мұнда, барлық жерде сияқты, сән-салтанат пен байлық билік етсін, ал кедей адам қорлыққа ұшырайды, бірақ бұл жерлерге әлі аяусыз соғыс келген жоқ.

Жағдай қызып, әдеттегі өмір салты бұзылған сайын, романның стилі мен тілдік құралдары өзгереді. Метафоралық құрылымдардың, салыстырулардың және эпитеттердің нақтылығы әсіресе өткір, олар тек табиғатты, өткір эпизодтарды немесе кез - келген жарқын кейіпкерді сипаттауға байланысты баяндау кенептерінде пайда болады.

Болып жатқан революциялық оқиғалар туралы тарауларға тоқталайық.

«Революцияның алғашқы жылдары». Метафоралар болып жатқан оқиғалардың қызу атмосферасын бейнелейді («адамдардың жүректері қанға боялған»; «біздің қазіргі жазасыздығымыз біздің жүрегімізге әсер етті»; «суық тыныштық орнады»; «мені тірі үшін ренжітті Галаутдиннің табандылығы»). С. Сейфуллиннің романында кеңейтілген метафоралар кеңінен ұсынылғанына назар аударайық («орыс революциясының соққыларының астында ескі ғимарат – құлдық пен құлдық жарылып жатыр»; «шайтандардың көзіне ұқсас, ұйықтап жатқан үйлердің қараңғы терезелері жарқырайды»; «газет ішінен тон киген сияқты»), және «өшірілгендер» («Жас қазақта» жұмыс қызу жүріп жатты). Автор әртүрлі стилистикалық бояулардың метафоралық конструкцияларын қолданады: ауызекі («жердің кіндігі»; «біздің шағымдарымыз желге түсті»; «эх, паровоз, паровоз, темір жаның!» және т. б.), кем дегенде – кітап («еуропалық империализмнің жыртқыштары»; «ашудың барлық ұшқыны революцияның күшті жалынына айналған кезде»; «Батыстың жұмысшылары мен сарбаздары қазірдің өзінде империализмнің бекіністеріне шабуыл жасай отырып, социализм туының астына жиналып жатыр»; «біздің баннерлерімізде біз әлемнің Езілген ұрпақтарына азат етеміз» және т. б.).

Автор лексикалық номинациялардың мағынасын метонимикалық аударуға белсенді түрде кіріседі («қала терең ұйықтап жатты», «бірақ Төралқа бұл Құдайдан Көз алмай отыр»; «рухани шендер қазақ халқына қолдау көрсетпеді»). Құбылыстарды сипаттау кезінде ерекше экспрессивтілік жарқын салыстырулармен жасалады («аспанда жеңіл циррус бұлттары, кейбір жерлерде, сәл күлімсірегендей»; «жиналғандар оның қымбат сөзіне ашкөздікпен назар аударады, әр сөзді шыбын - шіркейде ұстайды, өйткені аш ит тасталған сүйекті ұстайды»; «хазрет кенеттен былғары қақпағынан құтылған бүркіт сияқты бас аулауды көтерді»).

Ақмола түрмесінде қамауға алу туралы тарауда қыз туралы әннің үзіндісі – «қырғыз әйелінің (қазақтың) өзінің таңдаулысына шақыруы», онда әр жол метафоралық («қыз құдіретті дәрі болып көрінді»; «тілектер айраны»; «жанның дала қошқары» және т. б.).

«Тікенді жол» романының метафораларын сөз тіркесінің метафораланатын мүшесінің грамматикалық тиістілігі тұрғысынан қарастыра отырып, етістіктердің басым болуы туралы қорытынды жасауға болады («Байсейіт үмітпен жанды»; «адамның шынайы бет - бейнесі, оның шынайы табиғаты қиын сәттерде көрінеді»; «қатайған жүрек бірден жұмсарады»; «әр тұтқындаушының көзінің астына жасырылған азаптың көлеңкесі жоғалып кетті, үміт сәулелері көздерінде жанып кетті» және т. б.) және генитивті метафоралар («жаудың табандары»; «еркін қазақ даласының ұлы»; «ауыр жұмыстың жемістері»; «от жаңбырының астында»; «күннің қызыл дискісі» және т.б.), хабарланғанның семантикалық жүктемесін күшейтуге қызмет етеді.

Роман мәтініндегі метафоралық конструкциялар бағалауды орындайды («біздің кеудемізде тығыз түйінмен ашуланған»; «қиындық барлық жағынан қоршалған» және т. б.) және номинативті функциялар («түн біздің жолдасымызды жұтып қойды»; «қараңғы түн бәрін қараңғы тұңғиыққа алды түрме»; «вагондарда табыт бағанасы болды» және т. б.).

Көркем мәтіндегі Метафора дәстүрлі түрде метоникалық және салыстырмалы құрылымдармен тығыз байланысты және баяндаудың сыйымды бейнелі кенептерін жасайды. «Тікенді жол» романының мәтінінде метонимия мен салыстыруды қолдану ерекше. Кеңес өкіметінің орнауының қатал уақыты, соғысушы тараптардың соғысы, аштық, тұтқындаудың ауыртпалығы, адамгершілікке жатпайтын азап – мұның бәрі романның авторы басынан өткерген және бұл туралы әңгіме драмаға толы. Сонымен бірге, автор ащы оқиғаны үзіп, біздің назарымызды күн сайын түрмеден ұялып өткен бейтаныс қызға, жаңадан шыққан балапандарды алып жүретін қазға аударады және сезімдердің барлық ауқымын тек жарқын соқпақтар жеткізе алады, бұл бейнеленген құбылыстардың толықтығы мен оқиғалардың сенімділігін көрсетеді. Автор қолданған салыстырмалы конструкциялар егжей-тегжейлі сипатталған және сипаттаманы жандандырады («жылдам ой-ол бостандыққа шығып, зынданды артта қалдырып,

тұтқыннан шыққан сұңқар сияқты алысқа асығады»; «жібектей жазғы Самал бетін ақырын қопсытады»; «ағаштардың жапырақтары әлі жасыл, бірақ теректерде олар қарттың сұр басы сияқты ашық сарыға айналды»).

Көбінесе салыстырулар алдыңғы иллюстрациядағыдай кеңейтілген метафоралық деңгейде енгізіледі («Сарыарқа таулары көптеген қарттардың жүздеріне ұқсайды, терең әжімдермен кесілген қабағы бар беттерге ұқсайды»; «ал Ай-көк шатырдың қоймасына ілінген алтын тағам сияқты»; «барлығы биік аспанға дейін жағымды мас күйінде» және т.б.).

Автор қолданған салыстырмалы конструкциялар біз жеке құбылыстарды бір - бірімен салыстыратын және теңестіретін белгілер бойынша келесідей жіктедік. Ең үлкен топ-бұл объектіні тұрмыстық заттармен теңестіретін салыстырулар («кейде күмістен соғылған сияқты ақ қауырсынды бұлттар өтеді. Ал ай-көгілдір шатырдың қоймасына ілінген алтын тағам сияқты»; «күн, алтын құйма сияқты; алтын бұршақ күміс табақшаға себілгендей»; «жазғы Самал, жібектей, беттерін ақырын жыпылықтайды»; «қажет болған жағдайда, қолды сияқты сермеп, спикер ауаны кесіп өтті»; «біз ауаны құлмақ қымыз сияқты іштік» және т.б.). Екінші орында - объектіні адамдармен салыстыратын салыстырулар («Сарыарқа таулары көптеген қарттардың жүздеріне ұқсайды, терең әжімдермен кесілген қабағы бар жүздер»; «ағаштардың жапырақтары әлі жасыл, бірақ теректерде олар қазірдің өзінде қарттың сұр басы сияқты ашық сарыға айналды» және т. б.). Нысанды жануарлар мен құстармен теңестіретін салыстырмалы конструкциялар жиілігі («жиналған қазақтар шулы түрде қалықтайды»; «басқалары қызға қамқорлық жасау мүмкіндігін іздейді, жақсы тамақтанған бұқалар сияқты қыдырады»; «қатысушылар оның қымбат сөзіне ашкөздікпен назар аударады, әр сөзді шыбын - шіркейде ұстайды, аш ит сүйекті қалай ұстайды» және т.б.).

Романның ерекшелігі объектіні табиғат құбылыстарымен салыстыратын салыстыруларды қолданудың аздығына әкелді («аналардың мұңы – тұман»; «далаға Қара Оба шабуыл жасағандай»; «бұл ойлар мені қара бұлт сияқты қысып жіберді»).

Метонимиялық трансферт («ауыл шырт ұйықтап жатыр»; «бізді қуып жібергенде, бүкіл лагерь кездесуге шықты»; «қала әлі ұйықтап жатыр») әдетте метафорамен толықтырылады («соғыстан зардап шеккен Еуропа халықтары бізге бейбітшілік жасау үшін қолдарын созып жатыр»). Семантикалық сыйымдылық, толықтығы даралануға да тән («домбыра бір нәрсе туралы ойлағандай дірілдейді»; «күннің алтын дискісі Баянның иығына отырды»; «жұлдызды аспан үнсіз» және т.б.).

Роман мәтініндегі эпитеттер аз мөлшерде кездеседі («бұл әйгілі керемет бай»; «әңгіме өткір, салқын басталды»), жеткілікті - бірақ көбінесе эпитеттер, салыстырулар сияқты, метафоралық айналымға енеді: «қайғылы, жылап тұрған күй өзімен бірге алып кетеді, қайғылы тұтқыннан босатпайды» және т. б.).

Осылайша, Сәкен Сейфуллиннің «Тікенді жол» шығармасының тілдік ерекшелігін талдау романның эмоционалды көрінісі мен бейнелі қанықтылығы туралы айтуға мүмкіндік береді. С. Сейфуллин романының мәтінінде тілдің бейнелеу-экспрессивті құралдарының (метафора, метонимия, эпитеттер, салыстырулар) жұмыс істеуінің кейбір жалпы заңдылықтарын атап өтеміз «Тікенді жол». Роман мәтініндегі Метафора метониммен тығыз байланысты, кеңейтілген метафора салыстырмалы құрылымдар, бейнелер мен эпитеттер қатарын қамтиды. Мәтінде сезімдердің реңктері мен бейнеленген құбылыстардың сипатын білдіретін етістік және генитивті Метаформалар мен бейнелер жиілікте болады.

Сейфуллин метафорасының ең жарқын ерекшелігі-оның нақтылығы мен жылтырлығы. Көркем троптарды (метафоралар, метонимиялар, эпитеттер мен салыстырулар) контекстік шартталған қолдануда жазушының бейнелі құралдарды қолдану ерекшелігі. Метафора көркем мәтіннің бейнелі кеңістігін интеграциялау әдісі ретінде мәтіннің тілдік құрамының негізі, маңызды бөлігі болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Мұқанов С. Қазақ пролетарлық әдебиетінің Жаршысы. «Қазақ әдебиеті», 1996.
2. Мүсірепов Г. Бір рет және өмір бойы. Алматы, 1998.
3. Серебрякова Г. Сәкен Сейфуллин. Өткен жылдардағы саяхат. Мәскеу, «Кеңес жазушысы», 1995.
4. Кәкішев Т. Сәкен Сейфуллин. Эссе. Алматы, 1967.
5. Апресян Ю. Д. Таңдалған еңбектер. Лексикалық семантика. Мәскеу: орыс мәдениетінің тілдері мектебі, 1995.
6. Арутюнова Н. Д.Метафора және дискурс. Метафора теориясы: жинақ. Мәскеу: Прогресс,

1990: 5 – 32.
7. Вежбицкая А. В. Метафора теориясы. Мәскеу: Прогресс, 1990.
8. Телия В. Н. Метафора мағыналық өндіріс моделі және оның экспрессивті бағалау функциясы ретінде. Тіл мен мәтіндегі Метафора. Мәскеу, «Ғылым», 1988.
9. Арутюнова Н. Д. Тілдік метафора. Адамның тілі мен әлемі. Мәскеу, 1998: 346 – 370.

ӘОЖ 371.2

Исмаилова Шолпан Бахтияровна
Жуалы ауданының білім бөлімі,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің әдіскері
ismailovasolpan9@gmail.com

МЕКТЕПТІ ТИІМДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ДАМУЫ

Аннотация. Мақалада Қазақстан Республикасындағы педагогикалық басқарудың маңыздылығы қарастырылады. Білім беру жүйесіндегі басқарудың әртүрлі деңгейлері мен олардың өзара байланысы сипатталады. Педагогикалық басқарудың әлеуметтік жүйедегі орны, оның құрылымдық ерекшеліктері мен мақсаттары талданады. Сонымен қатар, мектеп директорлары мен мұғалімдердің көшбасшылық рөлі және олардың кәсіби дамуға тигізетін ықпалы зерттеледі. Оқыту мен тәрбиелеу үдерісіндегі басқарудың тиімділігін арттыру жолдары, мұғалімдердің құзыреттілігін жетілдіру стратегиялары ұсынылады. Педагогикалық басқарудың негізгі міндеттері, оның басқа басқару түрлерінен айырмашылықтары көрсетіліп, мектепішілік басқарудың ерекшеліктері айқындалады.

Abstract. This article discusses the importance of pedagogical management in the Republic of Kazakhstan. It describes the different levels of management within the education system and their interrelations. The role of pedagogical management within the social system, its structural features, and objectives are analyzed. Additionally, the leadership roles of school principals and teachers, as well as their impact on professional development, are explored. The article proposes strategies for improving the effectiveness of educational and training processes and enhancing teachers' competencies. The key functions of pedagogical management, its differences from other types of management, and the specific features of intra-school administration are highlighted.

Тірек сөздер: педагогикалық басқару, білім беру, мектеп, мұғалім, көшбасшылық, оқу-тәрбие.
Key words: pedagogical management, education, school, teacher, leadership, learning process.

Қазақстан Республикасында беделді азаматты тәрбиелеу мәселесі ерекше мәнге ие. Педагогикалық басқару практикалық маңызды мәселе. Білім беру жүйесінде педагогикалық басқару мен басқарудың басқа түрлерінің үлес салмағы мен қатынасы әртүрлі. Министрлік, облыстық, аудан және қалалық білім беру басқармасы кешенді басқару жүйесінің арнайы құрылымын құрады, ведомстволық мекемелер мен адамдар қызметіне қажетті материалдық, ұйымдастырушылық, кадрлық және басқа да жағдайлар қамтамасыз етіледі. Педагогикалық басқаруда педагогикалық талаптар жүзеге асады. Педагогикалық басқаруға қызмет көрсету (мектептің материалдық базасы, құрал-жабдықтар, оқу-техникалық құралдары т.б.) маңызды. Білім беру жүйесіндегі басқару иерархиялық тұрғыдан: министрлік, облыстық, аудан, қалалық білім беру басқармалары болып жіктеледі. Оқу-тәрбие процесін тікелей басқару мектеп әкімшілігі деңгейінде және мұғалімнің қатысуымен жүзеге асады. Мектепті басқару теориясы (мектептану) ғылыми іс-әрекет пен практикалық іс-әрекеттен құралады.

Педагогика ғылымында мектепті басқару – өзекті мәселелердің бірі. Ол жайлы ғалым-педагог Н.Д. Хмель өзінің зерттеулерінде: «педагогикалық процесті басқару дегеніміз әлеуметтік жүйені басқару» – деп көрсеткен [1, 77]. Қазіргі заман мектебі – күрделі де кіріктірілген жүйе, ол оқушылардың, оларды оқытып, тәрбиелейтін мұғалімдердің, мектеп әкімшілігінің (директоры, оның оқу және тәрбие жұмысы бойынша орынбасарлары), оқу-тәрбиелік және қызмет көрсететін адамдардың іс-әрекетінен, мектеп алдында тұрған жалпы міндеттерді шешуге белгілі бір жағдай жасайтын материалдық базадан тұрады. Мектеп – мұғалімдер мен онда қызмет ететін адамдар ұжымы. Қазіргі мектепті өзара байланысы бар, ішкі құрылым және социуммен белгіленетін тұтас әлуметтік-педагогикалық жүйе ретінде қарастыру керек. Ол өзара тығыз байланысты екі жүйеден тұрады: басқарушы және басқарылушы. Мектеп басшылығы мен мұғалімдерден тұратын басқару жүйесі

жетекші ұйым.

Адамдар жеке істей алмайтын немесе жекелеп істеу тиімсіз болғанды жұмыла істеу үшін басқару қажеттігі туындайды. Басқару – қоғамның, оның кез-келген даму сатысындағы, ішкі өзіне тән қасиеті. Бұл қасиеттің жалпылық сипаты бар және ол қоғамның жүйелік табиғатынан, адамдардың қоғамдық, ұжымдық еңбегінен, еңбек пен өмір барысында қарым-қатынас жасау, өзінің материалдық және рухани өмірінің жемісімен алмасу қажеттігінен бастау алады.

Педагогикалық басқару әлеуметтік мақсатта жүзеге асады, ол адамдардың іс-әрекетін басқару мен олардың бірігуіне қатысты. Алайда, ол жалпы әлеуметтік басқарудан өзінің объектілерімен (оқушылар, мектептер, мектептен тыс мекемелер, халыққа білім беру бөлімшелері, т.б.), олардың заңдылықтарымен ерекшеленеді. Практикалық іс-әрекет ретіндегі педагогикалық басқару – оқушылардың оқуы мен тәрбиесін басқару. Педагогикалық басқару теориясы – мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар жүйесі, ұжымдар мен жеке адамдар жүзеге асыратын тәрбие мен оқыту процестерін басқару туралы білімдер. “Педагогикалық басқару” ұғымы “білім беруді басқару” ұғымынан кең, өйткені ол тәрбие мен оқытуды жүргізетін басқа мемлекеттік және қоғамдық құрылымдарда (отбасы, қоғамдық ұйымдар, мамандықты көтеру жүйесінің мекемелері, т.б.) қызмет етеді.

Педагогикалық басқарудың білім беру жүйесіндегі басты нысаны –жеткіншек жас ұрпақ. Оларды оқыту мен тәрбиелеуді басқару не тікелей (мұғалімдер, тәрбиешілер арқылы), не жанама – мемлекеттік қоғамдық ұйымдар арқылы жүргізіледі. Басқару субъектісінің қызметтер жиынтығын басшылық дейді. Білім беру мекемесін басқару іс-әрекетінің басқа мекемелер немесе өнеркәсіп орындарындағы басшылықтың жұмысынан едәуір айырмашылығы бар. Егер қаржы немесе әкімшілік әлемде олардың идеяларының орындаушыларға ұнайтын-ұнамайтынын ескермей, ұйғарыммен, жарлықпен қызмет етуге болатын болса, қоғамдық тәрбие беру әлемінде ашық айтылып, ашық қабылданған пікірден басқа идеяны жүзеге асырудың басқа амалы жоқ. Мектеп жұмысын басқару өндірістік және қоғамдық өмірдің басқа салаларын басқарудан айтарлықтай ерекше, өйткені мұнда күштерді орналастыру мен үйлестіру, байланыс пен өзара тәуелділік жүйесін жүзеге асырудан басқа, оқу-тәрбие үдерісінің барлық жақтарына бағытталған ұйымдастырушылық-педагогикалық ықпал ету мәселелері басты мәнге ие болады.

Білім беру жүйесінің белгілі бір ретпен жасалған (иерархиялық) құрылымының әрбір элементінде, министрлік болсын, облыстық, аудандық басқарушы ұйым (департаменттер, білім беру бөлімдері) немесе мектеп болсын, бәрінде, тек педагогикалық қана емес, басқарудың басқа да түрлері кездеседі, мысалы: әкімшілік, шаруашылық, құқықтық. Басқарудың барлық түрлері білім беру жүйесінің шеңберінде бір-бірімен байланысты, олардың бәрі жалпы тәрбиелік және білім беру міндеттерін шешуге бағытталған. Білім беруді басқаруды жіктегенде мынаны ескеру керек: басқару – адам іс-әрекетінің ең маңызды түрлерінің бірі. Бұл іс-әрекет қатал шектеу мен бөлуге көнбейді.

Мектепті басқару теориясының объектісі –оның барлық құрамды элементтерімен алынған процес. Практиканың объектісі – мектептің әртүрлі құрылымдық топтары (ұжым, сынып, жеке субъект). Практикалық басқару іс-әрекетінің құралдары – басқару әдістері. Басқарудағы ғылыми іс-әрекеттің құралдары – ғылымның нақты бір объектісін зерттеуде қолданылатын жолдар, тәсілдер, амалдар: мектептерді басқару бойынша білім беру мекемелерінің жұмыс тәжірибесін қортындылап талдау, ғылыми болжамдар жасау, оларды эксперименталды тексеру және т.б.

Білім беру жүйесіндегі немесе бөлек топтағы практикалық басқару іс-әрекетінің нәтижесі – тәжірибені көбейту, бұған оқу-тәрбие процесінің қорытындылары дәлел. Басқару теориясының нәтижесі – практикалық іс-әрекетте жүзеге асырылатын жаңа білімдер, заңдар, принциптер, ережелер, тұжырымдар.

Мектептегі практикалық басқару іс-әрекетінің бағыттары, құндылығы жағынан бірдей емес. Мектептің негізгі әлеуметтік міндеттеріне сәйкес, ол өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеу мен оқытуды жүзеге асырады, осыған байланысты, басқарудың барлық бағыттарының ішінде оқу-тәрбие жүйесін басқару бірінші орында болу керек. Педагогикалық басқару – педагогикалық ұжымда тәрбие мен оқытуды ұйымдастыру.

Мектеп басшысының көшбасшылығы арқылы ұжымдағы адам ресурстарын дамыту мазмұны төмендегі құрылымдардан тұрады: стратегия, адам ресурстарын басқарудың стратегиясын жасау; жүйелілік, адам ресурстарын басқарудың жүйесі: мақсаты, қызметі, құрылымы, тиімділігін бағалау; қызметкерлер,қызметкерлерді таңдау, бейімдеу, баға беру, дамыту, босату;ынталандыру, басқарушылардың қызметкерлерді ынталандыру мен мотивациясын арттырудағы біліктіліктері;ортақ құндылықтар, ұйымда корпоративтік мәдениет пен ортақ құндылықтарды қалыптастыру және оны басқару.

Көшбасшылық рөл атқаратын директорлар мектеп жағдайында педагогтардың кәсіби дамуына көңіл бөледі. Өйткені білім берудің нәтижеге бағытталған сипат алуы педагогтарға жаңа талаптар қояды. Оның жаңа ақпаратты оқушыға түсіндіруші, оқытушы ролінің орнына тьюторлық, менторлық тұрғыдағы білім алушыны мотивациялау, кеңес беру сияқты жаңа қарым-қатынас деңгейі қажет болады. Мұғалімнің кәсібилігі оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерімен қатар оның өз білімі мен ұстанымының, көзқарастарының жиынтығынан тұруға тиіс. Бүгінгі педагогты кәсіби біліктіліктің, өз-өзін дамытудың жаңа сатысына жеткізу үшін оларды дамыту жолдары түбегейлі өзгеруі тиіс. Әлемдік білім беру тәжірибесімен ендіріліп жатқан оқытудың жаңа тәсілдері мұғалімдердің кәсіби біліктілігін артыру жүйесінің де өзгеріп, педагогтардың де көшбасшылығын қалыптастыруға бағытталуда. Бұл педагогикалық әрекеттерді сапалы және түбегейлі өзгертуге, жаңа жобаларды белсенділікпен жүзеге асыруына мүмкіндік жасайды. Педагогтарды жаңа жобаларға қатысуы оларды ізденіске, өздерінің зерттеу жобаларын жүзеге асыруға, білім беру мазмұнын жаңартуға ықпал етеді [2, 96].

Директордың міндеттерінің бірі - мұғалімдерді арнайы оқытып отыру арқылы кәсіби құзыреттілігі мен инновациялық әлеуетін арттыру. Оқытудағы мұғалімнің ролі оқушыларға білім мен ақпаратты алудың жолдарын беру, ақпаратты түсіну мен тиімді пайдалануға үйрету, өзін бағалау, өз біліміндегі олқылықтар мен жетістіктерді білу және олармен жұмыс істеу негізінде атқарылады. Бұл жағдайда мұғалімнен білім алушыны мотивациялау, оған кеңес беру, бірлескен жұмыс сияқты жаңа қарымқатынас деңгейі талап етіледі. Мектеп директоры көшбасшы ретінде педагогтардың оқытуды жақсарту үшін төмендегі әрекеттерді орындай алуын қамтамасыз етеді:

1. оқушының жаңа сапаларын қалыптастырудағы өз миссиясын түсінуі және соған сай оқыту үдерісінде өзінің нені өзгертуі қажеттігін білуі;

2. оқыту мақсаты ретінде білім алушылардың құзіреттілікке негізделген күтілетін нәтижелерін белгілей алуы;

3. сабақты жоспарлау барысында педагогикалық әрекеттер мен қарымқатынастарды мақсатқа жетудің құралдары ретінде қарастыра білуі;

4. оқыту үдерісін ұйымдастыруда субъектаралық қарым-қатынас әрекеттерін тиімді пайдалана отырып, нәтижеге жету жолдарын анықтай алуы;

5. сабақ соңында алынған нәтижелердің мақсатқа сәйкестік деңгейін талдай білуі, олқылықтарын ескере отырып, одан әрі жетілдіру жолдарын таңдай алуы. Көшбасшылар субъектілер ретіндегі оқу-әрекеттік қарым-қатынасы өзіндік тұлғалық мүмкіндіктерін тануы арқылы өзін өзі дамытуға, жаңа әдістерді өз бетімен меңгеруге әсерін тигізеді. Бүгінгі көшбасшы бойында рефлексиялық және конструктивтік қабілеттері болуы аса маңызды. Рефлексиялық қабілет - тұлғаның өзін-өзі тани білу қабілеті, оған өзге адамды түсіне алу, жан-дүниесімен қабылдай алу мен өзге адамның көзқарасы тұрғысынан өзіне сыни қарай алу қабілеттері кіреді. Конструктивтік қабілет-жобалай, болжай, басқара алу арқылы өзгелерге ықпал ете алу қабілеті, оған өзге адамның әрекеттеріне, оның өз ықыласы мен ынтасы негізінде ықпал ету қабілеттері жатады. Бұл директордың жеке стилін құрап, өзара қарымқатынастық, педагогикалық әрекеттердің тиімділігіне ықпал етеді.

Мектеп директоры педагогтарды дамыту үшін жұмыс орнында мақсатты оқыту, тұлғалық дамыту тренингтері, өз әрекеттерін басқару қызметтерін ұйымдастырады. Ондай әрекеттер педагогтарды рефлексия жасаушы практик ретінде қарастыруға қарай бағыттап, педагогикалық ұжымды рефлексия жасаушы кәсіби мамандар қоғамдастығы ретінде өзгерте алады. Ұжымдағы адамдар тиісті міндеттерді орындау үшін бірге жұмыс жасауы керек, өйткені олар ішкі процестерді қозғалысқа келтіреді, сол арқылы адамдар өздері айналысып жатқан жұмысты жетілдірудегі жаңалықтарды, жоғары деңгейдегі жетістіктерге жетуді үйренеді.

Қорыта келе, білім алушылардың өзіндік дамуына ықпал ететін көшбасшы педагогтардың маңызы зор. Білім алушылардың нәтижелерін қамтамасыз ететін оқыту жүйесінде педагогтар тарапынан оның құрылымдары мен мазмұнын, әдістемесін қамтитын ұйымдастырушылық өзгерістер қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Н.Д. Хмель Теоретическое основы профессиональной подготовки учителя. Алматы, 1998

2. «Педагогикалық менеджмент» Ш.Х. Курманалина, С.М. Бахишева, Н.Н. Дәулеткалиева, Н.Ж. Архыматаева. Оқу құралы. – Астана 2018 ж.

УДК 8.81-13

Исхакова Гозаль Миршадиновна,
КГУ «Средняя школа № 4 отдела образования города Тараза
отдела образования акимата Жамбылской области»,
Учитель Русского языка и литературы,
Заместитель директора по учебной части

ИНТЕРАКТИВНЫЕ ПЛАТФОРМЫ В ОБУЧЕНИИ РУССКОМУ ЯЗЫКУ: СОВРЕМЕННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ И МЕТОДИЧЕСКИЕ ПОДХОДЫ

Аннотация. В статье рассматриваются интерактивные платформы, используемые в обучении русскому языку, их влияние на образовательный процесс, а также методические подходы к их интеграции. Анализируются преимущества и недостатки цифровых инструментов, приводятся примеры их эффективного применения в различных формах обучения — как в традиционном очном формате, так и в дистанционном или смешанном обучении. Особое внимание уделяется вопросам индивидуализации учебного процесса, развитию навыков самостоятельной работы учащихся и повышению их мотивации с помощью геймификации и интерактивных заданий. Рассматриваются также возможные риски и ограничения, связанные с использованием цифровых технологий, и предлагаются рекомендации по их оптимальному внедрению.

***Ключевые слова*:** интерактивные платформы, цифровые технологии, обучение русскому языку, геймификация, методические подходы, образовательные ресурсы

Современные технологии стремительно проникают в образовательный процесс, меняя традиционные методики преподавания. В условиях цифровизации особую значимость приобретают интерактивные платформы, которые позволяют не только автоматизировать процесс обучения, но и повысить мотивацию учащихся. Данный вопрос особенно актуален для преподавания русского языка, где важны практические навыки владения орфографией, пунктуацией, синтаксисом и стилем речи.

Использование цифровых образовательных ресурсов способствует индивидуализации учебного процесса, позволяя учащимся работать в удобном темпе и получать мгновенную обратную связь. Интерактивные тренажёры, онлайн-тесты и виртуальные классы обеспечивают не только проверку знаний, но и развитие аналитического мышления и творческих способностей. Кроме того, внедрение искусственного интеллекта в образовательные платформы помогает выявлять типичные ошибки и предлагать персонализированные рекомендации для их устранения [1].

Современные технологии также способствуют развитию коммуникативных навыков, предоставляя возможности для онлайн-дискуссий, написания эссе с автоматизированной проверкой и взаимодействия с преподавателями и сверстниками в виртуальном пространстве. Интерактивные курсы и адаптивные программы обучения позволяют учитывать уровень подготовки каждого ученика, тем самым создавая оптимальные условия для усвоения материала.

Таким образом, цифровые технологии играют ключевую роль в модернизации системы образования, в частности в преподавании русского языка. Они не только делают процесс обучения более эффективным и доступным, но и повышают интерес учащихся к предмету, мотивируя их к самостоятельному изучению и совершенствованию языковых навыков [2].

Основные интерактивные платформы:

1. Quizlet представляет собой платформу для изучения словарного запаса, грамматических структур и орфографии с помощью карточек, тестов и игровых элементов. Применение данного ресурса способствует эффективному запоминанию правил и терминов, а также позволяет ученикам самостоятельно регулировать темп обучения. Благодаря возможности создания персонализированных карточек и использования готовых материалов, Quizlet широко применяется как в классной, так и в дистанционной форме обучения.

Kahoot! является инструментом для создания интерактивных викторин, что делает процесс обучения увлекательным и соревновательным. Данная платформа активно используется для проверки знаний учащихся в игровой форме, повышая их мотивацию и вовлеченность в процесс изучения русского языка. Элементы геймификации, такие как рейтинги и таймеры, стимулируют учеников к быстрому мышлению и активному участию в занятиях.

Яндекс.Учебник предлагает автоматизированные задания по русскому языку для школьников, адаптированные к индивидуальным потребностям обучающихся. Система сама оценивает выполнение заданий, что позволяет педагогу экономить время и концентрироваться на анализе сложных тем и проблемных мест в знаниях учащихся. Кроме того, сервис предоставляет подробную статистику успеваемости, что помогает выстраивать эффективную стратегию обучения.

LearningApps позволяет создавать интерактивные упражнения, такие как кроссворды, сопоставления и тесты. Это делает возможным индивидуализацию обучения и повышение интереса учащихся к предмету, так как учителя могут разрабатывать задания с учетом уровня подготовки каждого ученика. Гибкость платформы позволяет адаптировать упражнения под различные темы и уровни сложности, что делает её полезной как для самостоятельной работы, так и для совместных занятий.

Padlet — это интерактивная доска, на которой можно размещать тексты, изображения, ссылки и комментарии. Используется для совместной работы, анализа текстов и проектной деятельности, обеспечивая удобный инструмент для организации коллективных обсуждений и творческих заданий. Padlet позволяет ученикам обмениваться мнениями, создавать совместные проекты и структурировать учебный материал, что особенно полезно при работе с сочинениями, анализом произведений и исследовательскими проектами.

Таким образом, использование интерактивных платформ в обучении русскому языку способствует повышению интереса учащихся, индивидуализации образовательного процесса и более эффективному усвоению знаний. Эти ресурсы помогают сделать процесс изучения языка разнообразным, доступным и удобным, а также развивают самостоятельность и цифровые компетенции обучающихся [3].

Методические подходы к внедрению интерактивных платформ. Для эффективного использования интерактивных платформ в обучении русскому языку необходимо комбинировать цифровые инструменты с традиционными методиками, создавая гармоничное сочетание современных технологий и классического подхода к преподаванию. Это позволяет не только сохранить фундаментальную основу языкового образования, но и значительно разнообразить учебный процесс, делая его более динамичным и интересным для учащихся.

Важно включать интерактивные задания в структуру урока, чтобы повысить вовлеченность учеников и сделать процесс освоения материала более наглядным и доступным. Использование мультимедийных элементов, онлайн-квестов, виртуальных лабораторий по языку и автоматизированных тестов способствует лучшему запоминанию правил орфографии, пунктуации и синтаксиса. Такой подход позволяет ученикам не просто изучать теорию, но и активно применять её на практике в различных форматах [4].

Необходимо учитывать индивидуальные особенности каждого ученика, предлагая персонализированные задания, адаптированные к их уровню знаний и темпу обучения. Современные интерактивные платформы обладают инструментами для отслеживания прогресса учащихся, анализа их типичных ошибок и формирования индивидуальных рекомендаций. Это особенно важно в обучении русскому языку, так как позволяет своевременно выявлять пробелы в знаниях и эффективно их устранять.

Дополнительной мотивацией для изучения сложных тем является использование игровых технологий, таких как образовательные викторины, квесты и симуляции, которые помогают превратить обучение в увлекательный процесс. Элементы геймификации, включая систему баллов, рейтингов и наград, делают учебную деятельность более интересной, стимулируя учащихся к самостоятельному освоению материала и повышению уровня

грамотности.

Для поддержания гармоничных межнациональных отношений необходимо проведение взвешенной языковой политики, которая обеспечит развитие казахского языка без ущемления прав русскоязычного населения. Возможно введение дополнительных программ по изучению казахского языка среди русскоязычного населения и сохранение двуязычия как конкурентного преимущества Казахстана.

Создание и финансирование школ с билингвальным обучением позволит сохранить высокий уровень владения обоими языками среди молодежи. Также важно обеспечить доступ к современным учебным материалам на обоих языках и привлекать специалистов для преподавания на казахском и русском языках.

Поддержка русскоязычных средств массовой информации и интернет-ресурсов позволит сохранить интерес к русскому языку в Казахстане. Это также способствует расширению возможностей для русскоязычного населения в профессиональной и культурной среде.

Русский язык в Казахстане продолжает играть значимую роль, несмотря на изменения в языковой политике. Для обеспечения гармоничного сосуществования двух языков необходимо разрабатывать и внедрять меры, направленные на сохранение и развитие билингвального пространства. Только в условиях сбалансированной политики и

взаимоуважения можно достичь эффективного решения проблем, связанных с функционированием русского языка в Казахстане.

Список использованной литературы

1. Ашимов, Т. Языковая политика Казахстана: вызовы и перспективы. //*Астана: Издательство Назарбаев Университет*. 2020 г.
2. Кудайбергенова, Д. Образовательные реформы и проблемы двуязычного обучения. //*Алматы: КазНУ*. 2019 г.
3. Смагулова, Г. (2021). Социальные аспекты функционирования русского языка в Казахстане. //*Вестник Казахстанской академии наук, 4(3), 45-57.*
4. Конституция Республики Казахстан Доступно по адресу: [официальный сайт правительства Казахстана]. 1995 г.

ӘОЖ 81.373

Кезенгараева Райхан Серикбековна
("Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының Тараз қаласы білім бөлімінің №24 гимназиясы" КММ)

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СЫН ЕСІМДІ ЕТІСТІКТЕР

Аннотация. Бұл мақалада қазіргі қазақ тіліндегі сын есімді етістіктердің жасалуы, анықтамасы және қолданылуы қарастырылады. Сын есімді етістіктер — етістік пен сын есімнің бірігуі арқылы жасалып, әрекет пен сапаның нәтижесін сипаттайды. Мақалада олардың грамматикалық құрылымы мен мағыналық ерекшеліктері талданып, сөйлемде қолданылу аясын кеңейтетін қасиеттері сипатталады. Сонымен қатар, бұл құбылыстың тілдің стилистикалық байлығын арттырудағы рөлі көрсетіледі. Жұмыстың негізгі мақсаты — сын есімді етістіктердің қазақ тіліндегі орны мен маңызын анықтау.

Кілт сөздер. Сын есім + ет. жұрнақ:
Әдемілену (әдемі + лену) – әдемі болу, әдемілену.
Қаттылау (қатты + лау) – қатты болу, күшейту.
Жарқырау (жарқырау + у) – жарқырай бастау, жарық болуы.
Сын есім + етістік:
Күшті болу – күшті болу, мықты болу.
Жарық болу – жарық болу, сәуле шығару.

Қазақ тілінде сөз таптары арасындағы байланыс өте тығыз. Әсіресе, сын есім мен етістік арасында ерекшеліктер бар. Қазіргі қазақ тілінде сын есімді етістіктер маңызды орын алады, себебі олар тілдің грамматикалық жүйесінде ерекше қызмет атқарып, сөздер арасындағы байланыстарды тереңдетіп, сөйлемнің мағыналық құрылымын байытады. Сын есімді етістіктер — сын есім мен етістіктің қосылуы арқылы жасалатын ерекше сөз тіркестері. Олар іс-әрекеттің немесе жағдайдың сипаттамасын білдіріп, заттың немесе әрекеттің күйін көрсетеді. Мұндай сөздер, негізінен, сапаны немесе күйді көрсететін етістіктер мен оларды толықтыратын сын есімдердің бірігуінен пайда болады. Олардың қолданылуы сөйлемдердің мағыналық тереңдігін аша түсіп, қазақ тілінің лексикалық қорын байытады.

Қазіргі қазақ тілінде сын есімді етістіктер — сын есім мен етістіктің бірігуінен пайда болатын ерекше сөздер. Бұл сөздер бір жағынан іс-әрекетті білдіретін етістік, екінші жағынан объектінің немесе субъектінің жағдайын, күйін білдіретін сын есімнің қасиеттерін қамтиды. Демек, сын есімді етістіктердің негізгі ерекшелігі — олардың бір уақытта әрекет пен сапа немесе күйді білдіруі. [1]

Сын есімді етістіктер әдетте етістік түбірі мен оған қосылған сын есімдер арқылы жасалады. Бұл сөздер әрекеттің нәтижесі немесе процесінің сипатын сипаттайды, яғни әрекет

орындалғаннан кейін объектінің немесе субъектінің қандай күйде екендігін көрсетеді. Мысалы: ашылған (ашу + сын есім) — бұл сөз әрекет (ашу) арқылы нәтижеге қол жеткізілген күйді білдіреді. Өңделген (өңдеу + сын есім) — өңдеу әрекетінің нәтижесінде жасалған күй немесе сапаны білдіреді. Жарамды (жара + етістік + сын есім) — жарау әрекетінің нәтижесі ретінде белгілі бір нәрсенің сапасы. Сын есімді етістіктер сөйлеу тілінде, әсіресе нақты бір әрекет немесе сапаның нәтижесін көрсету үшін кеңінен қолданылады. Бұл сөздер адамның, заттың немесе әрекеттің қандай да бір жағдайын сипаттап, сөйлемде қосымша ақпарат беруге мүмкіндік жасайды.

Қазіргі қазақ тіліндегі сын есімді етістіктер — етістік түбірі мен сын есімдердің бірігуі арқылы жасалады. Бұл сөздер бір мезгілде екі мағынаны білдіреді: біріншіден, етістік арқылы іс-әрекетті, екіншіден, сын есім арқылы объектінің немесе субъектінің күйін, сапасын көрсетеді.

Сын есімді етістіктердің жасалу жолдары әртүрлі, алайда олардың барлығы бір негізгі принципке негізделеді: етістік түбірі мен оған қосылған аффикс немесе жалғаулар арқылы жаңа мағына пайда болады.

Етістік түбірі мен сын есімнің қосылуы. Сын есімді етістіктер көбінесе етістік түбірі мен сын есімнің қосылуы нәтижесінде жасалады. Мұнда етістік әрекетті білдірсе, сын есім сол әрекеттен туындайтын күй мен сапаны сипаттайды. Әдетте етістік түбіріне түрлі аффикстер (қосымшалар) қосылып, жаңа сөз жасалады. Мысалдар: Өңделген (өңдеу + сын есім): өңдеу әрекетінің нәтижесінде пайда болған өнімнің сапасы. Жарамды (жарау + сын есім): жарау әрекетінің нәтижесінде пайда болған сапа немесе жағдай. Тазартылған (тазарту + сын есім): тазарту әрекетінен кейінгі нәтижені білдіреді. [2]

Қосымша суффикстердің қосылуы. Сын есімді етістіктерді жасау үшін етістік түбіріне түрлі суффикстер мен қосымшалар қосылады. Бұл қосымшалар етістік пен сын есімнің арасындағы мағыналық байланысты күшейтіп, сөздің жаңа мағына алуына мүмкіндік береді. Қосымшалар: ған, -ген, -қан, -кен қосымшалары арқылы сын есімді етістіктер жасалады. Бұл қосымшалар әрекеттің аяқталғанын немесе оның нәтижесінде алынған күйді білдіреді. Мысалдар: Ашылған (ашу + -ған): ашу әрекетінің нәтижесінде белгілі бір нәрсе ашылды, яғни ашылған күй. Жұмсалған (жұмсау + -ған): жұмсау әрекетінің нәтижесінде белгілі бір заттың немесе ресурстың жұмсалған күйі. Қабылданған (қабылдау + -ған): қабылдау әрекетінің нәтижесінде орын алған жағдай.

Туындылар арқылы жасалуы. Сын есімді етістіктер кейде етістік түбірінің туынды формалары арқылы да жасалады. Туынды етістіктерде түрлі қосымшалар немесе түбір өзгерістері арқылы жаңа мағыналар пайда болады. Мысалдар: Сынған (сыну + -ған): сыну әрекетінің нәтижесінде заттың немесе объектінің сынған күйі. Жұмылған (жұмылу + -ған): жұмылу әрекетінің нәтижесі ретінде белгілі бір заттың немесе адамның жұмылған жағдайы.

Қос сөздер мен тұрақты сөз тіркестері арқылы жасалуы. Сын есімді етістіктер қос сөздер немесе тұрақты сөз тіркестері арқылы да жасалады. Бұл тәсіл көбінесе мағыналық байланысы бар сөздер арқылы жүзеге асады. Мысалдар: Тынышталған (тыныш + етістік): тыныштандыру әрекетінің нәтижесі. Айқындалған (айқын + етістік): айқындау әрекетінің нәтижесінде белгілі болған нәрсе. [3]

Түбірлес сөздердің бірігуі. Сын есімді етістіктер кейде түбірлес сөздердің бірігуі арқылы да жасалады. Мұнда етістік пен сын есім түбірлері өзара бірігіп, жаңа мағына береді.

Сын есімді етістіктер қазіргі қазақ тілінде түрлі контекстте кеңінен қолданылады. Олар, бір жағынан, әрекет немесе процесс нәтижесін, екінші жағынан, сол әрекеттің әсерінен пайда болған сапаны немесе күйді білдіреді. Сын есімді етістіктер сөйлемде заттың немесе әрекеттің белгілі бір сипаттамасын, оның ішкі немесе сыртқы жағдайын көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл сөздер көбінесе қимылдың, оқиғаның немесе жағдайдың нәтижесін, аяқталғандығын немесе болғандығын білдіреді. Сын есімді етістіктердің қолданылу аясы кең және олар түрлі сөйлемдерде әртүрлі мағыналарға ие болуы мүмкін. [4]

Әрекеттің нәтижесін көрсету. Сын есімді етістіктер көбінесе іс-әрекеттің нәтижесін сипаттау үшін қолданылады. Бұл жағдайда етістік әрекетті, ал сын есім әрекеттің нәтижесінде

пайда болған сапаны немесе күйді білдіреді. “Ашылған терезеден күн сәулесі түсіп тұр”. (Ашу әрекетінің нәтижесінде терезе ашылды, ол күйі сипатталды.)

“Жаңарған қала орталығы жаңа жобалармен толтырылды”. (Жаңарту әрекетінің нәтижесінде қала орталығы өзгерді.)

Бұл сөздер әдетте сөйлемде объектінің не әрекеттің күйін сипаттау үшін пайдаланылады.

Сын есімді етістіктер адамның немесе заттың қандай күйде екенін білдіріп, олардың сапасын сипаттауға мүмкіндік береді. Бұл жағдайда сын есімді етістіктер объектінің өзгерген күйін немесе жағдайын көрсетеді. “Ол күлген адамға ұқсады.” (Күлу әрекеті нәтижесінде адамның бейнесі өзгерген.) “Кітаптар реттелген және дайын тұр.” (Реттеу әрекетінің нәтижесінде кітаптар белгілі бір күйде тұр.) Осылайша, сын есімді етістіктер заттың немесе адамның өзгерген күйін көрсетіп, оған қатысты ақпарат береді. [5]

Сын есімді етістіктер адамның немесе заттың әрекеттің нәтижесінде қандай күйге түскенін көрсету үшін қолданылады. Бұл сөздер көбінесе әрекеттің салдарын сипаттайды. “Қабырға жарылған”. (Жару әрекеті нәтижесінде қабырға жарылды.) “Сөздер ұзартылған мерзімдерге қатысты”. (Ұзарту әрекетінің нәтижесінде сөздер өзгерді.) Бұл жағдайда әрекеттің әсерінен болатын өзгерістер немесе жаңартулар сипатталады.

Сын есімді етістіктер заттың немесе субъектінің сапалық сипаттамасын білдіру үшін де қолданылады. Олар әсіресе бір нәрсенің күйін немесе қасиетін сипаттайтын сөйлемдерде жиі пайдаланылады. [6]

Сын есімді етістіктер іс-әрекет пен оның нәтижесін байланыстыратын маңызды грамматикалық құрылым болып табылады. Олар көп жағдайда өткен шақтағы іс-әрекеттің нәтижесін көрсетеді.

Қазіргі қазақ тіліндегі сын есімді етістіктер — ерекше грамматикалық құрылымдар, себебі олар етістік пен сын есімнің қосылуы арқылы жасалады. Мұндай сөздер әрекеттің немесе процесс нәтижесінде пайда болған сапаны, өзгерісті, күйді көрсетеді. Сын есімді етістіктердің негізгі ерекшелігі — олардың бір уақытта екі грамматикалық категорияның қасиеттерін көрсетуі: етістік арқылы әрекетті, сын есім арқылы сол әрекеттің нәтижесінде өзгерген объектінің күйін сипаттайды. Олардың қолданылу аясын қарастыра келе, бұл сөздер сөйлемдерде көбінесе әрекет пен күйдің арасындағы байланысты білдіру үшін қолданылады. Олар сөйлеу тілінде түрлі жағдайларда орын алып, әрекеттің нәтижесі мен оның әсерін нақты әрі түсінікті жеткізуге мүмкіндік береді. Әсіресе, сын есімді етістіктер мәтіндердің мағыналық құрылымын байытып, ойды нақты әрі айқын жеткізуге әсер етеді. Сын есімді етістіктер қазақ тілінің грамматикалық жүйесіндегі маңызды құрылымдардың бірі болып табылады, олардың қолданысы тілдің стилистикалық мүмкіндіктерін кеңейтеді және сөздік қорды байытады. [7] Олардың дұрыс қолданылуы тілдің түсініктілігін арттырып, сөйлеушінің ойын нақты әрі дәл жеткізуіне мүмкіндік береді. Осылайша, сын есімді етістіктердің қазақ тіліндегі орны ерекше, және олардың қолданысы тілдің қыр-сырын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиет тізімі

1. Әбдіғалиева С. Тіл білімінің негіздері // Алматы: Ғылым, 2006.
2. Қордабаев Т. Қазақ тілінің грамматикасы // Алматы: Ана тілі, 2007.
3. Сауранбаев М, Ысқақова С. Қазақ тілінің грамматикасы // Алматы: Қазақ университеті, 2010.
4. Салқынбай Қ. Қазақ тіліндегі сөз таптары // Алматы: Қазақ университеті, 2015.
5. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің грамматикалық құрылымы // Алматы: Мектеп, 1983.
6. Мұсабаев С. Қазақ тілінің синтаксисі // Алматы: Ғылым, 1997.
7. Нұрқатов С. Қазақ тілінің морфологиясы // Алматы: Рауан, 2001.

УДК 338.48

Кеңес Алтынай Болысбайқызы

(Жамбыл облысы Байзақ ауданы Үлгілі орта мектебі
ағылшын тілі пәні мұғалімі)
Айтмуратова Макпал Базарбаевна
(Жамбыл облысы Байзақ ауданы Үлгілі орта мектебі
ағылшын тілі пәні мұғалімі)

METHODS OF TEACHING ENGLISH

Annotation. The article examines the methodology of teaching English and analyzes its features. Modern methods of teaching English are based on classical methods of learning foreign languages. However, the psychological aspect, foreign cinema, and information technology had an impact on her. The methods of teaching English used 20 years ago were more of a reproductive nature. Learn the words, read the text, listen to an audio recording, write a letter — these were the tasks that the tutor gave. Perhaps for this reason, most adults who have studied the language for many years can read and write in English, but have difficulty speaking.

***Keywords*.** methods, teaching, English.

Modern methods of teaching English have replaced reproductive methods with interactive ones. Today, knowledge acquisition is the interaction of a student and a teacher. The curriculum is based primarily on the age characteristics of the students. For preschoolers and younger students, such types of lessons as play, travel, video, competition, and others are more suitable. An adult student prefers a classic lesson. Traditional tasks are also suitable for this age: compose a story, do an exercise, read the text, perform listening, and so on. Writing a story allows you to learn how to use active and passive vocabulary, expand your vocabulary, and improve your spoken language. Performing exercises helps you to learn grammatical material. Reading a text forms not only reading skills, but also immerses in the culture and traditions of the language being studied. Listening – improves the understanding of oral speech.

But do not forget that the most effective methods of learning English are interactive. Therefore, the method of immersion in the language environment is now very popular. This technique teaches you to “think” in English. Learning a foreign language takes place entirely in English. This is real not only in a bilingual family, but also in a regular classroom. It is enough for the teacher to conduct the lesson completely in English and use visual aids. To build the lesson in such a way that, despite the foreign language, the students understood the teacher. The high level of teacher training will make it possible to conduct such an activity even for the youngest. If earlier parents of preschoolers and younger schoolchildren were afraid of such a method, now, seeing the enthusiastic eyes of the children and their progress, they recognized the effectiveness of this technique. After all, the best method of learning English is the one that arouses interest in learning.

Today, everyone learns a foreign language. The number of techniques has increased in proportion to the number of people.

However, each of the techniques has both advantages and disadvantages. The principles of the old school are now subject to sharp criticism, despite the fact that the application of the "classics" has borne fruit, and considerable. The only question is at what cost it was possible to achieve these results. As a rule, in order to master the language, you had to spend a long time poring over books, spending a lot of time translating, reading texts, memorizing new words, performing various exercises and retelling. Tasks such as writing essays or dictation were offered to change activities.

One of the oldest techniques is classical, or fundamental. The purpose of the classical methodology is not so much to study as to understand the subtleties and details of the principles of a foreign language. The main task pursued by the classical methodology is the formation of the grammatical base of the studied language. The target audience is people who are starting to learn English from scratch, from the basics. This technique is very familiar to those,

who started learning English at school. It is worth noting that it is preferred by many language universities, both in Kazakhstan and in the border states. A simplified scheme is the study of grammar, the basic rules that are subsequently applied in specific examples and consolidated through exercises.

The most popular representative of the traditional method is N.A. Bonk. Her famous "Bonk textbook", written in collaboration with other representatives of the same traditional methodology, is a kind of template. This textbook has withstood fierce competition with the latest techniques coming from the West, and continues to be a benchmark. The only drawback, or rather, the disadvantage of the classical method is the limited experience of spoken language. To make up for this shortcoming, you can add other methods of communicative learning to the classical methodology.

Many teachers combine different methods and use both immersion in a language environment and a classical lesson in their work. Knowledge of the methods of teaching English, psychology and pedagogy allow them to identify the peculiarities of perception and thinking, to select the necessary methods and forms of work. Indeed, along with the English lesson, other forms of class organization are popular: a round table, a concert, a language club, a conference, Olympiads and many others. This allows you to include a large number of students in the language environment.

In order to teach English, knowledge of the language is not enough. In addition to teacher education, it is necessary to explore current trends, as well as explore new techniques and techniques. In this case, your lessons will be interesting, varied and productive. In recent decades, many innovative solutions have emerged on how to learn, taking into account the age, level, and personal characteristics of students.

Communicative methodology / Communicative Language Teaching

An approach that guides modern methods of teaching English. It is considered the most effective, and all because it is aimed at:

Learning through communication and interaction is in English.; the use of authentic materials, audio / video, texts, in the classroom to reproduce real conditions and achieve the effect of real communication; students' involvement of their own experience in the learning process as an important auxiliary resource.

In addition, the basic principles of the communicative methodology are that: The learner—centered approach is at the center of the learning process. Effective communication is achieved through the mastery of free speech — language fluency. Learning a language in the classroom is based on the need to use the language outside of the classroom. Effective communication is provided through the use of various speech skills — language skills. The practice of speech involves the use of audiovisual means, activities such as dialogues, role-playing, interviews, debates, problem solving, and other exercises similar to activities in the real world. New skills are developed through working in pairs, groups, or individually. The learning process is creative, encourages attempts and allows mistakes — trial and error. The teacher acts as an organizer of the process and a guide who encourages and motivates students to express their thoughts. Audio-***Lingual method / Audio-Lingual Method***

Classes using this method are usually conducted in the target language, and preference is given to developing listening and speaking skills. The ALM consists of: the study of grammatical structures and patterns, listening techniques and oral repetition to achieve the accuracy of speech reproduction, presentation of material through dialogues to memorize standard phrases. The basic principles of the audiolingual teaching methodology should also include: constant repetition of speech patterns to form new habits, Attention is mainly paid to pronunciation and the practice of oral speech skills, grammar is studied on the basis of general conclusions, limited use of the native language, avoiding mistakes, encouraging correct answers.

Lexical Approach

According to this approach, a language consists of lexical units. That is why it consists in: the study of a specific set of phrases, vocabulary, and linguistic constructions, involving techniques involving text research and the identification of lexical units, the selection of appropriate phrases, repetition of lexical units and singing, storytelling, role-playing games using fixed expressions, exercises with delexical verbs and the formation of agreements.

And the basic principles of the lexical approach include: the priority of acquiring vocabulary, but not in isolation, but in context; the secondary importance of grammar, which is mastered through the study of linguistic constructions; The curriculum is drawn up in accordance with the goals that

the teacher pursues using this method.

Direct Method / Direct Method

Using this method during training, you should use only the target language. This will encourage students to think and speak in English. So, the direct method provides: oral presentation of new information or demonstration of exercises; learning to speak and perceive information by ear; producing correct pronunciation and correct grammatical structures; Using techniques that include question-and-answer communication, reading aloud, writing, and correcting your own mistakes.

The main principles of the direct method, in turn, are aimed at: oral interaction only in the target language and spontaneous use of speech skills; Inductive grammar learning — without analyzing or translating rules and structures; acquisition of only practical vocabulary through images or objects or ideas and associations.

The Test-teach-test / TTT approach

TTT is an approach to teaching English that is better tailored to the learning needs of students. It consists of three stages:

1. Test

Students complete a test assignment at the beginning of the lesson without the teacher's help. The main purpose of this stage is to identify errors in the target language, as well as what students already know and what they should be taught, that is, to analyze the needs of students.

Examples of activities for the Test stage can be gap-filling, exercises to choose the correct form of a word.

2. Teach

After the test assignment and error analysis, the teacher conducts the learning phase, taking into account specific needs. The main goal is to close the learning gaps and focus on the correct use of the target language.

3. Test

At the last stage, we check how well the students have learned the new information. The main goal of the second "test" is to improve students' speech skills and correct language use. There are also exercises to test understanding, but they should be different from the first test and more difficult.

Integrated language Learning / Content and Language Integrated Learning

This method of teaching English is combined and combines the study of a specific subject in the target language. That is, by studying the necessary discipline, students also learn English. The advantages of this method are the meaningful use of language, the understanding of cross-cultural characteristics and the development of skills necessary in real life.

And the principles of CLIL include: immersion in the language being studied, performing activities conditioned by the subject being studied, practice all four speech skills, a method of complete physical reaction.

The method of total physical reaction / Total Physical Response

Thanks to this technique, students learn the language by repeating certain actions. The approach includes the use of facial expressions, gestures, and imitation of speech units. According to this approach, students learn better through physical exercise than by analyzing language patterns. The principles of TPR training include: the practice of repeating actions and forming skills according to the instructions of the teacher, improving listening skills, observing, following, and studying instructions, learning new words while doing active exercises, and developing focus skills.

Task-based Language Teaching Approach

A learning method that consists of completing tasks in the target language. Interestingly, the assignments are directly related to the interests and field of activity of the students. The approach focuses on: the result after completing the task, the development of free speech and confidence during communication, techniques that include authentic use of language, such as telephone conversation, conducting an interview, ordering goods, discussing a movie, and the like.

TBLT is divided into 3 stages: Pre-task phase, Doing of the task, Post-task phase, during which the following principles are followed: Focusing on communication rather than structure, vocabulary and grammar are studied inductively and serve only as a means to achieve the end result,

completing tasks in conditions close to real circumstances, and the teacher's role is to guide students through instructions and feedback.

It should be understood that the ideal teaching formula is a synthesis of modern approaches and methods. Each of the techniques described above may be suitable for younger, adolescent, and adult students if interpreted correctly. Moreover, these techniques can work with any level of knowledge, from Beginner to Proficiency. Teachers should experiment and learn more about a particular method of teaching English from reliable and professional sources. Therefore, instead of concluding, we will summarize the basic information about the methods described above. As motivation increases, skills improve. If earlier there was a question about how to teach spoken English has been discovered, now it is possible to teach a person of any age to speak a foreign language. Of course, the older a person is, the more work there is to do. And here a lot depends not even on the age of the student, but on the initial level of knowledge, motivation and diligence. However, the immersion method will allow not only to learn the language, but also to organize leisure activities with benefit. Its peculiarity is that the teacher not only conducts the lesson, but also controls the consolidation of the studied topic. The classic homework was replaced by recommendations: watch a movie in English, talk to a native speaker, listen to a song, and complete assignments. Watching movies in English is an assignment that not only teaches you how to understand a foreign language, but can also be an interesting entertainment. It improves pronunciation and helps you express your thoughts better in English. Communication with a native speaker helps to develop the skill of understanding oral speech. After such practice, any foreigner is not afraid! Listening to songs in English is no longer a new, but it is always an interesting form of listening. Recently, computer games in English have also become popular. They are used not only for teaching children, but also adults. And we are talking not only about educational games, but also story games, arcades, simulators, role-playing and others.

List of used literature

1. Avdeeva S. Digital resources in the educational process: [about the project "Informatization of the education system" and the creation of a unified collection of digital educational resources] Public education. 2008. No. 1. pp. 176-182.

2. Bukharkina M. Y. Multimedia: from street shows to educational tools/ M. Y. Bukharkina //Foreign languages at school. 2009. - № 5.

3. Unified collection of digital educational resources [Electronic resource]-: http://school - collection.edu.ru

ӘОЖ:81.367

Кенесариева Г.С.
("Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасы
Тараз қаласы білім бөлімінің №55 орта мектебі" КММ)

КӨСЕМШЕЛЕР АРҚЫЛЫ ЖАСАЛҒАН ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация. Мақалада қазіргі қазақ тілінің синтаксисіндегі өзекті мәселелердің бірі қарастырылады. Құрмалас сөйлемдердің қолданысындағы көсемшенің рөлі аса зор екендігі баршамызға аян. Зерттеу жұмысында көсемшелі қолданыстардың қазіргі тіл біліміндегі жұмсалымдарының ерекшеліктеріне көңіл бөлінген. Олардың зерттелуіне, ғалымдардың пікірлеріне шолу жасай отыра, бағыныңқы компоненттің баяндауышы қызметіндегі көсемшенің қолданыс ерекшеліктері айшықталады. Көп бағыныңқылы сабақтас құрмаластардың қазақ синтаксисіндегі қолданыс ерекшеліктері сараланған.

Тірек сөздер: құрмалас сөйлем, көсемше, синтаксис, сабақтас, бағыныңқы компонент.

Көсемшелер күрделі құрмаластар жасауда түрлі қызметтерде жұмсалады және

талданады. Құрамындағы сыңарларының саны қалыпты құрмаластағыдай екеу ғана емес, үш немесе одан да көп болып келетін құрылымдар тіл-тілде әр түрлі аталып жүр. Мәселен: иран тілдері жүйесіне енетін осетин тілінде бұл-күрделі синтаксистік бірлік (К.Е.Гагкаев) деп аталса, моңгол тілдерінде - құрмалас сөйлемнің күрделенген конструкциясы (Г.Ц.Пюрбеев) деп, орыс тіл білімінде - көп компонентті құрмалас сөйлемдер (Н.Н.Холодов, Г.Ф.Калашникова), құрмалас сөйлемнің күрделенген типі (М.В.Симулик) полипредикативті сөйлем (Г.П.Уханов), молдово тілінде - күрделі синтаксистік комплекс (НАКорчинский) және румын тілінде де осылайша (Х.Тиктина) аталады [1,2: 21с.].

Етістіктің функционалды екі түрінің есімше, көсемше аталуы құрылымдық жағынан бірдей болғанмен, ұғымдық белгіге сүйенуі басқа-басқа. Есімше ішкі лингвистикалық ұғымға сүйеніп жасалған болса, көсемше сыртқы құбылыстық ұқсастыққа сүйеніп жасалған.

Осыған байланысты қазіргі қазақ тіл білімінде есімше есімдік қасиетінің (әсіресе, сын есімдік) молдығынан есімше аталғандықтан, көсемшені де үстеуше деп атайық дейтін ұсыныстар бар. Ұғым жүйелігін сақтау тұрғысынан алғанда, бұл әрине, қисынға келеді. Бірақ атау қойылғанда әрқашан тек бір-ақ белгісі негіз бола бермейді. Қай белгісі басым, анық, көзге бірден түскіш, ұғым бірден қонымды, сол жағы бірінші кезекте болады.

Сөйтіп күрделі құрмалас сөйлемдердің құрамындағы жай сөйлемдер жеке тұрғанда дербес единица болғанмен, құрмалас сөйлем синтаксисі тұрғысынан алғанда күрделі құрылым құраудың шоғырланған тұтас материалды бөлшегі болып табылады. Құрмалас сөйлем тұрғысынан келгенде оларды сөйлем, сейлем емес деп таласудың еш қажеттілігі жоқ.

А.Байтұрсыновтың айтуында, бағыныңқы сөйлем - бітпеген шала сөйлем. Басыңқы сөйлем болмаса, толық мағына оның өзінен шықпайды. Бағыныңқы сөйлем - басыңқы сөйлемнің шылауындағы ғана қосымша есебіндегі сөйлем. Мұндай сөйлемдер екінші сөйлемге сүйеніп қана сөйлем дәрежесіне кіреді [3: б. 303]. Бұдан бағыныңқы сөйлемдер сөйлем дәрежесіне жетпеген құрылымдар деген түсінік тумауы керек. Олар сөйлеушінің қажетіне қарай тиянақты ойды білдіріп, жеке тұрып та қолданыла алады. Мысалы: *Аспанның қызылы ыдырап, төңірек бұлдырай бастаганда біз бір селенге келіп кірдік* (Ш.Мұртаза).

Сөйлемді *Аспанның қызылы ыдырады. Төңірек бұлдырай бастады. Сол кезде біз бір селенге келіп кірдік* деп үш жай сейлем етіп құруға болады. Яғни, құрмаласты құраушы бөліктер тиянақты ойды білдіретін өз алдына жеке-жеке сөйлем бола алады.

Екі сыңардан құралған себеп пен салдардың қатынасы тілімізде әр түрлі тәсілдермен берілетіні белгілі. Салаласа құрмалasу кезінде жалтаулықтардың қолданылуы сыңарлар арасындағы себептік қатынасты айқын көрсетіп тұрады. Сондықтан көсемше формалы бағыныңқыларда себептік мағына бар-жоғына көз жеткізу үшін себептік мағына айқын көрінетін осы жалғаулықты тәсілдерге және бағыныңқы жасаудың төл тәсіліне салып айтып керу керек.

Синтаксистегі сөйлем пікір алысуды, қарым-қатынас жасауды қамтамасыз ететін тілдік материалдардың біртұтас бөлшегі деген талапқа *Аспанның қызылы ыдырады деген де, Аспанның қызылы ыдырады, төңірек бұлдырай бастағанда біз бір селенге келіп кірдік* те сай. Бұндағы айырма ойдың жай, күрделілігіне байланысты.

Ал бірдей лексикалардан құралған бірінші жай сөйлеммен екінші құрмаластағы бағыныңқының арасына теңдік белгісін қоюға болмайтыны түсінікті нәрсе. Бағыныңқы компоненттің баяндауышы қызметінде, әсіресе, көсемшенің *-п* формасы көп жүреді. Оны сабақтас құрмалас сөйлем жасаудағы қолданғыштығы жөнінде етістіктің шартты рай, есімшенің *-ган* форкаларымен қатар қоюға болады. Қазір тілімізде сабақтас сөйлемдердің тоғыз түрін танитын болсақ, соның жеті түрін (амал, мезгіл, себеп, мақсат, қарсылықты, үлестес, шартты) жасауға көсемше формалары қатысады екен.

Қазақ тіліндегі амал бағыныңқылы сөйлемдер синтетикалық тәсілмен де, аналитикалық тәсілмен де жасалады. Алғашқы тәсіл көсемшенің *-п, (-ып,-іп); -а,-е (-ма)-й* жұрнактары

арқылы жүзеге асады. Ал аналитикалық тәсіл бір ғана жолмен болады. Мұнда бағыныңқы сөйлем баяндауышы басыңқы сөйлеммен шылау мәндегі *деп* көмекші етістігі арқылы байланысады. Көптеген амал бағыныңқылы сөйлемдерде бір субъект формальды түрде екіге жарылып, екі грамматикалық бастауыш болып тұрады. Жалқы және жалпы есімнен болған бастауыштар екінші сыңарда есімдік түрінде қайталанып қолданылады.

Көп бағыныңқылы сабақтастар қазақ синтаксисінде бірыңғай көп бағыныңқылы және сатылы көп бағыныңқылы деп екіге бөлінеді. Біріншісінде бағыныңқы сөйлемдер басыңқысымен бірден тікелей байланыса алады. Бірнеше бағыныңқылардың басыңқы. компонентке бағынуы өзара бірыңғай теңдестік дәрежеде болады. Мысалы: *Басы салбырап, иығы түсіп, денесі былық-сылық етіп кетті. Мойны сорайып, басы бүгіліп, қолы денесіне жабысып сіресіп калыпты* (Ж.Аймауытов). Бұл құрмаластардың әрқайсысында үш-үш сөйлемнен бар. Алдыңғы бағыныңқылардың әрқайсысы басыңқымен жеке-жеке тікелей байланыса береді.

Байқап отырғанымыздай, жоғарыдағы сөйлемдерді бағыныңқылары әр түрлі тұлғада келіп отырады. Бағыныңқы сөйлемнің ең соңғысы өзінен бұрынғыларды мәндік үйлесіммен жетектеп, бір жерге шоғырландырады да, оларды өзі арқылы басыңқымен тығыз мағыналық қарым-қатынасқа түсіреді. Сондықтан да осылайша сатылай байланысу түрінде соңғы бағынынқы сөйлем бірден-бір шешуші рөл атқарады. Ол өзінен бұрынғы бағыныңқыларды басыңқымен байланыстыруда аралық дәнекер қызметке ие болып тұрады.

Қазіргі қазақ тілінде кесемшелердің жоғарыдағылармен қоса, баяндауыш қызметінде жіктеле келіп, шақты білдіретін мағынасы да бар [4,5]. Әрине, бұл - көсемше жұрнақтарының негізгі қызметтерінің бірі. Мұнда көсемшелер жеке-дара сөз есебінде қолданылмайды. Шақты білдіретін көсемше жұрнақтары негізгі және туынды түбірлерге, күрделі негіздерге тікелей де, қажетінше етіс жұрнақтарынан соң да немесе амалдың өту сипатын білдіріп, реңк жамайтын жұрнақтардан кейін жалғанып барып жіктеледі.

Күрделі тұлғаның о баста жай еркін тіркес болғаны белгілі. Бұлардың бірінен-бірінің қалыптасуы үстінде ешқандай формалық өзгерістің болмағаны байқалады. Өз алдарына жеке-жеке көрсеткіштері жоқ күрделі етістіктер мен етістіктің жай еркін тіркесін бірінен-бірін ажыратуда олардың құрамындағы сыңарлардың әрқайсысы өзді-өзіне тән бастапқы лексикалық мағыналарын түгел сақтап тұр ма, сөйлем ішінде алды-алдына жеке сұрауға жауап беріп, дербес мүше болып тұр ма, жоқ әлде керісінше ме - осылардың бәрі негізге алынады.

Көсемше формалары арқылы байланысқан қос етістік әуел баста сөйлемнің жеке-жеке мүшесі болғандығы, одан кейін барып бөлшектенбейтін бір күрделі мүшеге айналғандығы және сол күрделі мүшенің өзі іштей бірнеше топтарға сараланғандығы ешқандай формалық көрсеткіштің қатысуынсыз-ақ бірінен-біріне өтіп жатқан құбылыстар сияқты. Ал анығында бұл көсемше формаларының көпмағыналық сипат алуымен тығыз байланысты.

Қазақ тіл білімінде күрделі құрылымдарға алғаш назар аударған А.Байтұрсынұлы болатын. Ақаң күрделі құрылымдар туралы "Тіл құралында" ғана айтпаған, "Әдебиет танытқышында" да айтқан болатын. Ғалым бұларды өрнекті сөйлемдер немесс оралым деп атап, олардың төмендегідей мағыналық тоғыз түрін көрсетеді: себепті оралым, мақсатты оралым, ұқсатпалы оралым, қайшы оралым, шартты оралым, жалғасыңқы оралым, серіппелі оралым, айырыңқы оралым, қорытпалы оралым [6: б.37].

Көсемше формалары арқылы байланысқан бағыныңқы сыңарлары бар мына бір күрделі құрмаластарды талдап көрелік: *Жеңіл күйменің дөңгелегі қиыршық жолдың үстін қытырлатып келеді, қос қараның тағалары тасқа тиіп, караңғыда от жарқ ете қалады* (Ш.Мүртаза).

Асан жылқысын суартып, Үсен бие байлатып жатканда, Шешенбай келіп, үлкен үйдің жанына атын байлап, үйге кіріп бара жатқанын Зылиқа көрді де, жіті басып келіп тыңдап тұра қалды (Шәкәрім).

Бір рет көзім түсіп кетті, аузы ыржиып, тісі ақсиып, қасыма келіп қалған екен

(Б.Майлин).

Байқап отырғанымыздай, көп сыңарлы салалас сөйлемдерге қарағанда, әртектес байланыста келетін аралас сейлемдерде құрылымдық-мағыналық тұтастық мықтырақ болады. Ал көп бағыныңкылы сабақтастарда тұтастық алдыңғы екеуінен де жоғары болады. Өйткені оның құрамына енетін жай сөйлемдер мағыналық жағынан да, тұлғалық жағынан да тиянақсыз. Сонымен:

1. Сөйлем жай болсын, күрделі болсын сыртқы ой жалғыз. Сөйлемнін құрылысы күрделенген сайын ой да күрделенеді, бірақ екеу болмайды, көбеймейді.

2. Жеке-жеке тұрғанда өз алдына дербес ойды білдіретін жай сөйлемдер күрделі құрылымның құрамында күрделі ойды құраушы бөліктерге айналады, предикативтілігі солғындайды.

3. Формальдық тұрғыдан алғанда, күрделі құрылымдарды құраушы беліктердің саны ондағы жай сөйлемдердің санымен өлшенеді. Бірақ құрмаластардың ішінде болатын мағыналық қатынастар сол жай сөйлемдердің санына тең болмайды.

4. Мағыналық тұрғыдан алғанда құрмалас пен жай сөйлем, жай сөйлем мен құрмалас, құрмалас пен құрмалас қатынасқа түсе береді. Яғни күрделі құрылымды құраушы жай сөйлемдер мен ішкі мағыналық қатынас құраушы компоненттер саны да тең болмайды.

5. Кейде жалаң ой құрмалас сөйлеммен немесе керісінше, күрделі ой жай сөйлеммен беріле береді. Сондықтан жай сөйлем мен құрмалас сөйлем бір-бірімен тек семантикалық жағынан ғана емес, құрылымдық жағынан да ерекшеленеді. Яғни сөйлемнің негізгі бұл екі түрінің арасындағы өзгешелік сандық өзгешелік, сапалық емес.

6. Көсемше жұрнақтары арқылы күрделі құрылымдардың екі түрі жасалады. Олар көп бағыныңқылы сабақтастар мен аралас құрмалас сөйлемдер. Құрамындағы жай сөйлемдердің баяндауыштары үнемі тиянақты тұлғада келетіндіктен, көсемше жұрнақтары күрделі құрмаластардың үшінші түрі - көпсыңарлы салалас сөйлемдерді жасауға қатыса алмайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Абдурахманов Г.А. Синтаксис осложненного предложения // К некоторым спорным вопросам синтаксиса тюркских языков// Структура и история тюркских я зыков. Москва, 2006.

2. Садирова К. Қазіргі қазақ тіліндегі көп компонентті салалас сөйлемдер // фил.ғылымының кандидаты дәрежесін алу үшін жазылған диссертация. Алматы,2006.

3. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. Алматы, 1992.

4. Есенов Қ. Сабақтас құрмалас сөйлемнің құрылысы. Алматы, 1998.

5. Күрделенген және құрмалас сөйлемдердің прагматикалық аспектісі // Тілтаным. №1. Алматы, 2006.

6. Байтұрсынұлы А. Ақ жол. Алматы, 1991.

ӘОЖ 811

Қожагулова Ж.Қ.

(Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Көктал орта мектебінің «Қазақ тілі пәнінің мұғалімі)

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ОҚЫТУДА ТИІМДІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

Аннотация. Бұл мақалада мемлекеттік тілді оқытуда тиімді әдістерді қолдану жолдары қарастырылады. Мемлекеттік тілді меңгерту қазіргі қоғамдағы маңызды мәселелердің бірі

болып табылады, сондықтан оқыту үдерісінде инновациялық және коммуникативтік тәсілдерді пайдалану қажеттігі туындайды. Мақалада қазақ тілін оқытудағы белсенді әдістер, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану, ойын тәсілдері мен интерактивті әдістердің маңыздылығы талданады. Сонымен қатар, тіл үйренушілердің қызығушылығын арттыру, тілдік орта қалыптастыру және практикалық дағдыларды жетілдіру бағыттары қарастырылады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, тиімді әдістерді дұрыс таңдау арқылы мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін арттыруға болады.

Тірек сөздер: мемлекеттік тіл, оқыту әдістері, инновациялық технологиялар, коммуникативтік тәсіл, интерактивті оқыту, тілдік орта.

Kozhagulova Zh.K.
(Teacher of the Kazakh language "Koktal secondary school", Baizak district, Zhambyl region)

WAYS TO USE EFFECTIVE METHODS IN TEACHING THE STATE LANGUAGE

Annotation. This article discusses ways to use effective methods in teaching the state language. Mastering the state language is one of the most important problems in modern society, so there is a need to use innovative and communicative approaches in the learning process. The article analyzes the importance of active methods in teaching the Kazakh language, the use of information and communication technologies, game methods and interactive methods. In addition, the directions of increasing the interest of language learners, the formation of a language environment and the improvement of practical skills are considered. The results of the study show that with the right choice of effective methods, it is possible to increase the level of proficiency in the state language.

***Key words*:** state language, teaching methods, innovative technologies, communicative approach, interactive learning, language environment.

Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз – оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту. Біз ұрпақтарымызға бабаларымыздың сандаған буынының тәжірибесінен өтіп, біздің үйлесімді үлесімізбен толыға түсетін қазіргі тілді мұраға қалдыруға тиіспіз. Бұл – өзін қадірлейтін әрбір адам дербес шешуге тиіс міндет.

Мемлекет өз тарапынан мемлекеттік тілдің позициясын нығайту үшін көп жұмыс атқарып келеді. Қазақ тілін кеңінен қолдану жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыру керек», – деп атап көрсеткеніндей, ұрпақ болашағы, ұлттық мүдде үшін қазақ тілін жаңғыртуға жан-жақты жағдай жасалатындығына тоқталған болатын[1].

Ендеше, тіл саясаты – мемлекеттік саясат, ол егеменді еліміздің берік арқауы, демографиялық, әрі саяси ахуалдың тұрақтылығын қамтамасыз ететін ықпалды күш болып табылады.

Сондықтан мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтіп, тұғырын биіктету жолында әрбір қоғам мүшесі, осы елдің азаматы үлес қосуы тиіс. Мемлекеттік тілдің негізгі әрі басты мәселелері Конституция жүзінде, «Тіл туралы» Заң жүзінде шешімін тапқанымен, күнделікті өмірдің өзі талап етіп отырғандай, тіл саясатын толыққанды жүзеге асыру үшін оны әлі де жетілдіріп, толықтыра түсу қажеттілігі туындап отыр. Солардың бірі – мемлекеттік қызметшілерге мемлекеттік тілді білу жөнінде міндеттің қойылуы.

Тілді оқытуда ең басты нәрсе – ол лексикалық минимумды меңгерту және оның сөйлеу тілінде еркін пайдалана алу. Осы себепті тіл үйренушілерге лексикалық минимумды меңгерту жолы психолингвистикамен тікелей байланысты болуы тиіс. Бұл дегеніміз – тіл үйренушіге сөздік қорды түрлі әдістерді қолдана отырып, астыртын түрде меңгерту.

Сондай әдістердің тиімділері:

1. Сурет

2. Сөз сипаттамасы
3. Сөз мағынасы
4. Қимыл-әрекет
5. Аударма
6. Тақырыптық кесте
7. Сөздер жиынтығы
8. Жасырын сөз арқылы түсіндіру

Ұсыныс:

1.Белгілі бір лексикалық минимумдағы сөздік қорды меңгертуге арналған қосымша әдістемелік оқулық шығару. Аталған оқулық негізгі оқыту оқулықтарына байланысты болмауы тиіс. Ол дегеніміз – әр түрлі авторлық оқулықпен оқыған тіл үйренуші қосымша әдістемелік оқулықтағы тапсырмаларды өз бетінше орындай алады. Себебі негізгі сөздік қор негізгі оқулықта мең герілген.

Грамматикалық минимум – тілдің қаңқасы. Тіл үйренуші өзі меңгерген сөздік қорды белгілі бір грамматикалық құрылым арқылы тілдік қарым-қатынасқа шығаруы тиіс. Ол үшін тілде- гі грамматикалық минимум дайын күйіндегі құрылым ретінде берілуі тиіс. Сондай-ақ грамматикалық минимумды меңгертуде, ең алдымен, жаттығулар жүйесі орын алуы тиіс те, ал теориялық түсіндіру соңында жүруі тиіс.

Арнайы грамматикалық тақырыпқа арналған және грам- матиканың қарым-қатынасқа жұмыс істеуіне көмек беретін қо- сымша әдістемелік оқулық шығару. Оқулықта бір граммати-калық құрылым бойынша көптеген тапсырмалар берілуі тиіс және тапсырмалар сол грамматиканың жан-жақты қолданысын кеңінен беруі тиіс. Аталған оқулық негізгі оқыту оқулықтарына байланысты болмауы тиіс. Ол дегеніміз – әр түрлі авторлық оқу- лықпен оқыған тіл үйренуші қосымша әдістемелік оқулықтағы тапсырмаларды өз бетінше орындай алады. Себебі негізгі грам- матикалық минимум негізгі оқулықта меңгерілген.

Қазіргі таңда тілді оқытуда және сабақ үрдісінде жұмыс істеу үстінде тап болатын қиыншылықтардың бірі – мәтін мәселесі. Себебі қазақ тіліндегі кез-келген мәтінді тіл үйренушіге түпнұсқа күйінде бере алмаймыз. Оның себептері:

1. мәтінде күрделі тілдік орамдар;
2. қиын грамматикалық құрылым;
3. мағынасы терең және жан-жақты лексикалық сөздер кездеседі. Сол себепті қазақ тіліндегі мәтіндерді оқыту мәті-

ніне айналдыру керек. Ол үшін:

- Мәтінді өңдеу
- Мағыналас сөздермен алмастыру
- Сөйлемдерді қысқарту
- Грамматиканы ықшамдау
- Сурет пайдалану
- Қызық мәтіндер табу жұмыстарын қолға алу керек.

Оқу процесін белсендірудің және оған жетекшілік жасаудың коммуникативтік әдісі талап қою, тапсырма беру, сұрақ қою, ынталандыру болып келеді. Бұл қатысымдық бағыт қазақ әдістеме ғылымы үшін сопылық емес, бұл ғасыр басындағы біртуар тұлға А.Байтұрсыновтың айтқан мәселесі. Өйткені қазақ тіліне деген сұраныс танымдық-мәдени шеңберде ғана емес, сұраныс саяси-әлеуметтік, қоғамдық сипатқа ие.

Бұл әдіс тіл үйренушінің де оқытушының да барлық әрекеті арқылы жүзеге асырылады. Коммуникативтік бағыттылық принципті тіл үйренушілерден фразалардың типтік құрылымдарын жаттанды түрде қолданбай, сол тілдің заңдылықтары бойынша өзіндік формаларын да жасап, қолдануды талап етеді. «Тіл білімі ереже жаттау түрде үйретілмей, сөздік тұлға мағына, қисын жағын тану түрде үйретілуі керек деген болатын», – А.Байтұрсынов. /Тіл құралы/.

Жобалау әдісі –бұл әдіс оқушының белсенді дербес ойлау қабілетін дамытуға және оның алған білімін есте сақтап қана қоймай тәжірибеде қолдана алуына бағытталған.Жобалау

үстінде топ мүшелері белсенді коммуникативтік өзара әрекетке түседі. Жоба тақырыбы бір пән айналасында болуы мүмкін немесе пән аралық сипатта болуы мүмкін. Тақырып таңдауда оқытушы студенттің қызығушылығын, олардың мүмкіндіктерін және жоба нәтижесінің практикалық маңызын ескеруі қажет. Орындалған жоба, мақала, альбом, буклет, баяндама, мәнжазба түрінде болуы мүмкін. Жобаны көрсету, қорғау түрлері де әрқилы: конференция, қойылым, сайыс және т.б. Жоба жұмысы бірнеше кезеңнен тұрады: жоба тақырыбын таңдау, бекіту; орындаушылар тобын белгілеу; жоба жоспарын құру; мерзімін анықтау, студенттерге тапсырма бөліп беру, тапсыраларды орындау және талқылау, бірлескен нәтижені рәсімдеу, жоба бойынша есеп беру, жоба орындалуын бағалау. Жобалау әдісі студенттердің дербес ізденушілік әрекетін жоғары деңгейін, зерттеу, орындау қабілеттерін белсендіруді талап етеді. Оқытушы студенттерге жоба тақырыбын таңдауға,жұмысты жоспарлауға ғана көмектеседі. Бұл әдіс студенттердің бірлескен шығармашылық әрекеті нәтижесінде ойлау әрекетін дамытады.

Интерактивті оқыту жүйесі (жоғары белсенділікті дамыту) сабақта барлық білім алушының белсенді қатысумен ұйымдастырылатын оқу үрдісі. Интерактивті әдіснама студенттің оқу процесіндегі тәжірибе негізінде оқылатын пәнге білімі, дағдысы және қатынасы қалыптасқаннан соң, өзара қатысу арқылы жүзеге асырылуын білдіреді. Интерактивті оқыту технологиясын қолдану арқылы өмірде болып жататын түрлі жағдаяттарды дидактикалық талаптар тұрғысынан екшеп алған соң, тілдік жағдаят жаттығуларына айналдыра білу керек. Интерактивті әдіс студенттердің бойына төмендегідей әдет-дағдыларды қалыптастырады:

1. Оқушы өзін-өзі еркін, батыл сезінеді. Тілге деген қызығушылығы арттады.

2. Оқушы топ болып, жұп болып әрекет етуге үйренеді. Топпен не жұппен жұмыс істеу кезінде оқушылар арасында өз пікірін дәлелдеп қорғау немесе қателігін көрсете білу мен мойындауға, пікірлесе отырып ұжымдық шешім қабылдауға үйренеді.

3. Білімі төмен студентке, білімі жоғары студент көмек көрсетеді.

4. Студент өз білімін бағалау және бақылау дағдысын меңгереді.

Қазақ тілі сабағында студенттер болашақ мамандығы бойынша ғылым негіздерімен танысып, білімді игеруде түрліше оқу әрекеттерін орындай отырып, өзінің шығармашылық қабілеттерін жетілдіреді. Бүгінгі таңда білім саласының алдында дайын білімді, дағдыларды меңгеретін, қайталайтын ғана емес, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, тың жаңалықтар ашатын, біртума ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру міндеті тұр. Өйткені әркім өмірде бір қиын жағдай кезінде икемділік пен ойлаудың талдағыштық қабілетін қажет етеді. Осы тұрғыдан келгенде қазіргі педагогикалық жүйеде «білім беру» ұғымы жаңа мазмұнмен толығуы тиіс. Бұл дегеніміз – шығармашылық қабілеттерін дамытып, шығармашыл тұлға қалыптастыруға жағдай жасау. Оқыту үрдісі «ойлап табу» немесе «жаңалық ашуға» мүмкіндік туғызуға жағдай жасауы керек. Студенттердің шығармашылық ойлауын табысты дамыту тек оқу-тәрбие үрдісі кезінде студенттің жүйелі түрде белсенді интеллектуальды ізденіске тартылуы арқылы ғана мүмкін. Студент осы кезде туындаған оқу проблемасын салмақтап, негізделген және жан-жақты тексерілген шешім қабылдайды, оны практикада жүзеге асырады. Сөйтіп,студент «жаңа» ғылыми білімді игеруші орнына қойылады да, шығармашыл зерттеушілік тәсілдерін үйренеді. Студент шығармашылығы дегеніміз – ой бостандығы мен еріктілік болған жағдайда ойлау үрдісін бір ізділіктен шығарып, логикалық ойлауды талдағыштық тұрғыға жетелеп,өзін-өзі дамытатын ой еңбегі. Осындай еңбектің негізінде білімді игеруге, оқуға, оқи білуге тәрбиелеу білім беру үрдісінің негізіне айналса, баланың жан-жақты дамып,шығармашыл адам болып жетілуінің негізі болады [3].

Оқу-тәрбиесінде мынандай өзекті проблемалар бар,ол оқушылардың өз бетінше ойланып, әрекет етулерінің жеткіліксіздігі. Осы тұрғыда ғылыми міндеттерді дәстүрлі емес әдістермен шешудің жолы ретінде проблемалық оқыту жүйесін қолдануға болады. Проблемалап оқыту жүйесі – оқушылардың ой – өрісін, логикалық ойлау қабілетін, шығармашылық әрекетін дамытуға негізделген. Проблемалық оқыту процесі былай жүреді:

Проблемалық жағдай жасау және мәселе қою;

Мәселені шешу жолдары ұсыну;

Мәселелердің дұрыстығы деректер арқылы тексеру;

Нәтижелерді қорыту: жаңа білім, іскерліктерді оқушылардың бұрынғы білім, іскерліктеріне қосу және оларды теория мен тәжірибе арқылы бекіту.

1. Chapelle, C. A. (2018). Teaching and researching computer-assisted language learning. Routledge.

2. Godwin-Jones, R. (2018). Emerging technologies: Mobile-assisted language learning. Language Learning & Technology, 22(2), 1-17.

3. Kim, Y., & Gilman, D. A. (2020). The impact of gamification on students' motivation in English language learning. Educational Technology Research and Development, 68(5), 2595-2612.

4. Stockwell, G. (2018). Computer-assisted language learning: Diversity in research and practice. Cambridge University Press.

5. Zhang, L. (2021). The integration of artificial intelligence in English language teaching. Journal of Language Teaching and Research, 12(3), 469-477.

6. Godwin-Jones, R. (2020). Using VR for language learning: Opportunities and challenges. The TESOL Quarterly, 54(4), 899-913.

7. Reinders, H., & White, C. (2020). The Cambridge Handbook of Technology and Language Learning. Cambridge University Press.

8. Martin, C. (2020). The role of mobile learning in language acquisition. Journal of Educational Technology Development and Exchange, 13(1), 15-30.

9. Al-Seghayer, K. (2019). The use of mobile apps in language learning: A critical review. International Journal of Computer-Assisted Language Learning and Teaching, 9(4), 58-72.

10. Kumar, S. (2019). Artificial intelligence in education: Future prospects and challenges. Springer.

ӘОЖ 8.81.811

Gulshat Kurmatayeva,
Secondary School No. 6 named after A.S. Pushkin,
English Teacher
Taraz City, Kazakhstan

ARTIFICIAL INTELLIGENCE IN TEXT PROCESSING AND CREATION

Annotation. This article examines the impact of artificial intelligence (AI) on text processing and creation, as well as its applications in various fields, including journalism, marketing, education, and customer service. It reviews key advances in AI in text analysis, automatic translation, grammar correction, content creation, and creative writing. It also highlights future developments in the field, such as personalized text generation, improved multilingual capabilities, and automated fact-checking. It also addresses ethical issues, including misinformation, copyright, algorithmic bias, and the impact of AI on the labor market. It emphasizes the need for a balanced approach that combines AI efficiency with human oversight to ensure responsible and productive use of technologies in the text sphere.

***Key words*:** Artificial intelligence, text processing, text generation, machine learning, natural language, automatic translation, creative writing, content personalization, misinformation, AI ethics.

Artificial Intelligence (AI) has revolutionized numerous industries, and one of the most impactful areas is text processing and creation. With the advent of machine learning and natural language processing (NLP), AI-powered tools have transformed the way we analyze, generate, and understand text.These advancements have enabled automation in various sectors, including content creation, customer service, and data analysis. AI-driven language models can now generate human-like text, summarize lengthy documents, translate languages with high accuracy, and even detect sentiment in written communication.

Moreover, AI enhances productivity by assisting writers, researchers, and businesses in creating well-structured, coherent, and engaging content. Tools like chatbots, virtual assistants, and automated report generators have streamlined operations, reducing the time and effort required for manual text processing.

As AI continues to evolve, its impact on text-related tasks will only grow, offering innovative solutions that improve efficiency, creativity, and accessibility across different domains [1].

With the development of modern technologies, artificial intelligence (AI) has made significant progress in the field of text generation. Text preparation with the help of artificial intelligence is used in many areas, contributing to the optimization of creativity and work. In addition, in the process of updating educational programs, improving functional literacy through the use of effective pedagogical methods and approaches plays an important role.

AI in text processing. AI-driven text processing is widely used in various applications, including:

1. **Text Analysis –** AI algorithms can analyze large volumes of text to extract meaningful insights, such as sentiment analysis, topic detection, and keyword extraction.
2. **Language Translation** – AI models like Google Translate and DeepL use NLP to provide accurate and context-aware translations across multiple languages.
3. **Spell and Grammar Checking** – Advanced tools like Grammarly and Microsoft Editor use AI to detect and correct grammatical errors, enhance readability, and suggest stylistic improvements.
4. **Text Summarization** – AI-powered systems can generate concise summaries of lengthy documents, making information easier to digest.
5. **Speech-to-Text and Text-to-Speech** – AI enables seamless conversion between spoken and written text, improving accessibility and automation [2].

AI in Text Creation. AI is not only proficient in processing text but also excels in generating it, making significant strides in areas such as content creation, storytelling, and automated communication. Advanced AI models, powered by deep learning and natural language processing (NLP), can produce text that closely resembles human writing, often indistinguishable from content created by humans.

Some key areas where AI is used in text creation include:

1. **Content Generation –** AI-powered platforms like ChatGPT and Jasper AI can create articles, blog posts, product descriptions, and more with minimal human intervention.
2. **Automated Writing Assistants** – AI helps writers by providing suggestions, generating ideas, and even composing complete drafts.
3. **Chatbots and Virtual Assistants** – AI-driven chatbots like Siri, Alexa, and customer service bots generate human-like responses in real-time interactions.
4. **Creative Writing and Storytelling** – AI can generate poetry, fiction, and even screenplays by understanding storytelling patterns and user prompts.
5. **Code Generation** – AI models such as OpenAI's Codex assist developers by generating code snippets, debugging, and improving efficiency in software development [3].

Future of AI in Text Processing and Creation. The rapid advancement of AI in text-related tasks is reshaping industries such as journalism, marketing, customer support, and education. As AI models continue to evolve, they will become even more sophisticated in understanding context, improving accuracy, and personalizing content. The integration of AI in text processing and generation is expected to enhance productivity, streamline workflows, and enable businesses and individuals to create high-quality content more efficiently.

Key Developments in AI for Text Processing and Creation

1. **Enhanced Natural Language Understanding (NLU):** Future AI models will have a deeper understanding of context, intent, and emotions in written communication. This will improve AI-generated content by making it more relevant, nuanced, and human-like.

2. **Advanced Personalization:** AI-driven text generation will become increasingly tailored to individual preferences and industry-specific needs. For example, AI can generate personalized marketing copy, adaptive learning materials for students, and customized news summaries based on user interests. Businesses will leverage AI to craft targeted advertisements, emails, and promotional content that resonate with specific demographics, enhancing customer engagement and conversion rates [4].

In education, AI-powered systems will create dynamic and interactive learning experiences by adjusting lesson plans, quizzes, and study materials based on a student's progress and comprehension level. Meanwhile, news platforms will use AI to deliver tailored articles and real-time updates, ensuring readers receive information that aligns with their interests and reading habits. Additionally, AI will improve user experiences in e-commerce by generating product descriptions and recommendations that cater to individual shopping behaviors, making online shopping more intuitive and personalized. As AI continues to refine its understanding of user intent, its ability to create contextually relevant and engaging content across multiple industries will significantly enhance communication, learning, and decision-making processes.

3. **Improved Multilingual Capabilities:** AI is set to revolutionize translation services with even more accurate and context-aware translations, making cross-cultural communication seamless. Future AI models will bridge language barriers, enhancing global collaboration. Advanced machine learning algorithms will enable AI to grasp linguistic nuances, idiomatic expressions, and cultural references, ensuring translations are not only technically precise but also contextually appropriate. Businesses operating in international markets will benefit from real-time AI-powered translation tools that facilitate smoother negotiations, customer interactions, and legal documentation processing [5].

Moreover, AI-driven translation will play a crucial role in education and research, enabling students and professionals to access information in multiple languages without distortion of meaning. Multilingual chatbots and virtual assistants will further enhance user experiences by providing instant language support in customer service, healthcare, and travel industries. Additionally, AI's integration with speech recognition and text-to-speech technologies will lead to real-time voice translation, allowing people from different linguistic backgrounds to communicate effortlessly during meetings, conferences, and social interactions.

As AI translation continues to evolve, it will contribute to breaking down language barriers in global diplomacy, media, and entertainment. From translating books and films with cultural sensitivity to enabling multilingual gaming experiences, AI will foster a more interconnected world where knowledge and communication flow freely across linguistic boundaries. However, ensuring fairness and inclusivity in AI training data will be essential to prevent biases and maintain the accuracy and integrity of translations.

4. **Automated Fact-Checking and Misinformation Detection:** With concerns about misinformation on the rise, AI will play a crucial role in verifying facts, detecting fake news, and ensuring that generated content is accurate and credible. AI-powered tools can assist journalists and researchers by cross-referencing information with reliable sources.

5. **Collaboration Between AI and Human Writers:** Rather than replacing human writers, AI will serve as a powerful assistant, enhancing creativity and efficiency. Writers, journalists, and

content creators will be able to use AI for brainstorming ideas, generating drafts, and refining their work, resulting in a collaborative approach to content creation [6].

6. **AI in Creative Writing and Entertainment:** The future of AI in storytelling, scriptwriting, and entertainment is promising. AI-generated narratives, movie scripts, and interactive story experiences will continue to evolve, offering new forms of creative expression.

7. **Integration with Augmented Reality (AR) and Virtual Reality (VR):** AI-generated text will play a key role in immersive experiences, enhancing interactive storytelling, virtual assistants, and real-time language translation in AR/VR applications.

Ethical Considerations and Challenges. While AI offers groundbreaking advancements in text processing and creation, ethical concerns must be addressed to ensure responsible use:

- **Misinformation and Deepfakes:** AI-generated content can be misused to spread false information, requiring stricter regulations and AI-driven solutions to detect and prevent misinformation.
- **Plagiarism and Intellectual Property Rights:** AI's ability to generate text raises questions about originality and ownership. Striking a balance between AI assistance and human authorship is essential.
- **Bias and Fairness:** AI models trained on biased datasets may perpetuate stereotypes and discrimination. Ensuring diversity and fairness in AI training data is critical.
- **Job Displacement:** While AI enhances efficiency, its widespread adoption may impact jobs in content creation, editing, and customer support. Upskilling and adaptation to AI-driven workflows will be necessary for professionals [7].

AI's future in text processing and creation is incredibly promising, with advancements that will revolutionize communication, content creation, and information dissemination. However, ethical considerations and responsible AI development must be prioritized to harness its potential while minimizing risks. By combining AI's efficiency with human creativity and oversight, we can create a future where AI-powered text generation enhances industries while maintaining integrity and reliability.

Artificial Intelligence has significantly improved text processing and creation by enhancing efficiency, accuracy, and accessibility. From analyzing and summarizing text to generating high-quality content, AI continues to push the boundaries of what is possible in written communication. As technology advances, AI-driven text tools will become even more integral to our daily lives, shaping the future of human-AI collaboration in language and communication.

Text preparation using artificial intelligence is a vivid example of the effective use of modern technologies. It is widely used in various fields, optimizing work, saving time and resources. The use of effective pedagogical methods and approaches in the updated educational program will contribute to improving the functional literacy of students. In the future, these technologies will continue to develop and play an important role in the creative and professional lives of people [8].

Conclusion. Artificial intelligence has revolutionized the way we process and create text, making these processes more efficient, accurate, and accessible. It automates routine tasks, increasing productivity in various fields, from business to education. AI programs can analyze, summarize, translate, and create texts that are close to human writing style. The future is expected to see further advances in technology, improved content personalization, improved multilingual capabilities, and the integration of AI into new areas, such as augmented and virtual reality.

However, along with the benefits of AI, there are also challenges that require attention: issues of information reliability, copyright protection, combating bias in algorithms, and the impact of automation on the labor market. To effectively use AI in the text sphere, it is necessary to maintain a balance between technological progress and ethical principles.

The combination of artificial intelligence and human creativity will not only increase productivity, but also create new opportunities in communication, education, and culture. The development of AI in text processing and generation will continue to shape the future of human interaction with technology, making it more intelligent and adaptive.

List of used literature:

1. Russell, S., & Norvig, P. *Artificial Intelligence: A Modern Approach* (4th Edition). Pearson – 2020
2. Goodfellow, I., Bengio, Y., & Courville, A. *Deep Learning*. MIT Press. – 2016
3. Mitchell, M. *Artificial Intelligence: A Guide for Thinking Humans*. Farrar, Straus and Giroux. - 2019
4. Domingos, P. *The Master Algorithm: How the Quest for the Ultimate Learning Machine Will Remake Our World*. Basic Books. -2015
5. LeCun, Y., Bengio, Y., & Hinton, G. "Deep learning." *Nature*, 521(7553), 436-444. - 2019
6. Silver, D., et al. "Mastering the game of Go with deep neural networks and tree search." *Nature*, 529(7587), 484-489. – 2016
7. Vaswani, A., et al. "Attention is all you need." *Advances in Neural Information Processing Systems (NeurIPS)*. – 2017
8. **Bengio, Y., Ducharme, R., Vincent, P., & Jauvin, C.** "A neural probabilistic language model." *Journal of Machine Learning Research*, 3, 1137-1155. – 2013

УДК: 1751

Кыдыралиева Зауре Бекежановна,
Карабаева Айнур Аскаровна
(Коммунальное государственное учреждение "Школа-гимназия имени Ныгметуллы Киикбаева отдела образования Байзакского района управления образования акимата Жамбылской области")

КАК РАЗВИВАТЬ ФУНЦИОНАЛЬНУЮ ГРАМОТНОСТЬ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Аннотация: данная статья посвящена процессу развития обучения у учащихся функциональной грамотности на уроках русского языка и литературы. В работе приводятся основные подходы развития навыков функционального чтения на уроках русского языка и литературы, а также использования читательской грамотности на практике.

Ключевые слова: способность, читательская компетентность, функциональная грамотность, навыки и уровни чтения, информация.

Abstract: This article is devoted to the process of developing students' learning of functional literacy in Russian language and literature lessons. The paper presents the main approaches to developing functional reading skills in Russian language and literature lessons, as well as using reading literacy in practice.

Key words: ability, reading competence, functional literacy, reading skills and levels, information.

Понятие функциональной грамотности сегодня затрагивает все сферы образования во всём мире. Все: начиная от специалистов дошкольного образования и заканчивая преподавателями вузов - ищут более практико-ориентированные подходы к обучению, чтобы научить своих подопечных не только получать знания, но и эффективно применять их в реальной жизни. Из самых значимых исследований функциональной грамотности в мире, PISA, показывает, что в нашей стране развитие функциональной грамотности находится на среднем уровне. И это неудивительно: учителя в основном развивают ее интуитивно, а заданий по функциональной грамотности, которые направлены не на проверку, а на ее развитие, крайне мало, поэтому функциональная грамотность является главной задачей школы.

Функциональная грамотность — это способность человека применять на практике свои знания и умения. На ее формирование влияет семья, окружение, могут играть роль даже место жительства, уровень достатка и другие социально-значимые факторы. Задача школы —

помочь ребенку достичь базового уровня функциональной грамотности вне зависимости от внешних обстоятельств и факторов [1, с. 12]. Исходя из вышесказанного, ученики смогут быть успешными в жизни. Речь идет не о том, что он гарантированно станет директором огромной корпорации, а о том, что он сможет прочитать и понять инструкцию, отличить «фейк» в интернете от правдивой информации, не пропустить важную и необходимую информацию. Это бытовая успешность, самостоятельность в современном обществе.

Сегодня понятие функциональной грамотности стоит на первом месте. Если раньше под ней понимали только умение работать с текстовой информацией, то теперь в ее контексте мы говорим о разных подходах. Например, мы можем говорить и про математическую, и про естественно - научную, и про финансовую грамотность, и про креативное мышление, и про глобальные компетенции. Если передать другими словами, то чем больше вызовов бросает нам современность, тем больше компетенций вбирает в себя понятие функциональной грамотности.

Формирование функциональной грамотности — важная задача учителя, но не все педагоги применяют на практике нестандартные задания в учебный процесс, поэтому в основе функциональной грамотности по-прежнему лежит функциональное чтение: оно помогает извлекать и понимать информацию, представленную в разных видах — текст, фото, речь, графики, иллюстрации, видео, схемы и др., работать с ней, интерпретировать, анализировать, сравнивать. Без него другие виды функциональной грамотности будут ребенку недоступны, потому что каждый из них опирается на базовое умение работать с информацией — и именно функциональное чтение важно развивать с младшего школьного возраста. [2, с. 62]

На уроках русского языка формировать функциональную грамотность и развивать ее удобно при работе с текстом. Привычные задания на определение главной мысли и темы текста позволяют поработать с пониманием, поиском и извлечением информации. Задания по составлению плана текста позволяют оценить форму текста, проанализировать его структуру, преобразовать информацию из текста.

При работе над читательской грамотностью важно работать не только с художественными текстами, но и с научными, бытовыми, учебными. В учебниках мы следим за разнообразием текстов, чтобы ученики могли работать с текстами разных жанров, стилей, разного предназначения. На уроках русского языка и литературы ученики встречаются с большим количеством учебных текстов. Это правила, инструкции к заданиям, объяснения и определения. Важно уделять внимание тому, чтобы дети научились читать и понимать непростые тексты. Кроме того, формированию функциональной грамотности способствует изучение правил и алгоритмов, представленных в виде схем, таблиц. Некоторые учителя объясняют детям не только суть правила, но и показывают, как его удобно можно «зарисовать» или сделать краткую схематичную «шпаргалку». Такие преобразования — основа работы с информацией.

При формировании коммуникативной грамотности мы на уроках учим учеников самостоятельно выражать свои мысли в устной и письменной речи, создавать различные тексты: сочинения-рассуждения, изложения, сообщения, доклады, рефераты, рецензии, публичные выступления и т. д. Также создавать проекты, выполнять интеллектуально-лингвистические упражнения; участвовать в игровых ситуациях, выстраивать диалоги. Для этого используются различные формы работы на уроках: индивидуальная, работа в группах, парах.

Эти методы, виды и формы работы на уроках способствуют формированию умений вступать в контакт с любым собеседником и поддерживать общение, соблюдая нормы и правила, слушать собеседника, стимулировать собеседника к продолжению общения, изменять при необходимости речевое поведение.

Для учителей русского языка особенно актуальной является подготовка обучающихся к МОДО в 9-ых, 11-ых классах, которая включает экзаменационные задания на разных видов чтения. Важной составляющей функциональной грамотности является информационная грамотность. Поток информации в нашем мире огромен и разнообразен (учебники,

справочная литература, Интернет), но не всегда полезен. Задача педагога – научить школьников выбирать необходимое и нужное для решения конкретной задачи или проблемы. Поиск информации в различных источниках, её извлечение, переработка, систематизация и представление – все это формирует функционально грамотную личность [3, с. 55].

Наиболее эффективным методом работы в этом направлении считаем создание учебных ситуаций, связанных с актуальными на данный момент темами: «Экология планеты», «Круг чтения современных подростков» и т.д. На таких уроках можно использовать примеры из реальной жизни, а для составления учебных заданий – тексты разных стилей и функционального назначения. Например, объявление, реклама, инструкция, библиография и т.д. На основе этих материалов можно создавать задания разных видов в зависимости от обстоятельств.

Формированию навыков письменной и читательской грамотности способствует, прежде всего, создание необходимых условий, таких как комфортный психологический настрой, правильно сформулированный проблемный вопрос, способность услышать друг друга. Для стимулирования практической деятельности обучающихся используются следующие активные формы обучения: «Мозговой штурм», «Моя идея», «Ромашка Блума», «Кроссворд», «Четвертый лишний», «Магический квадрат». Они позволяют школьникам сразу включиться в работу на любом этапе урока.

Хорошо известный всем учителям метод «Мозговой штурм» мы часто используем при подготовке к экзаменационным сочинениям, особенно к итоговому сочинению в 11 классе. Итоговое сочинение невозможно написать, если ученики не поймут, что тема сочинения, тезис (основная мысль) и примеры из произведений художественной литературы (аргументы) неразрывно связаны между собой. Раскроем любую тему, если четко выстроим эту

Используя опыт учителей и наставников, предлагаем на уроках индивидуальную (может быть парная и групповая) работу, домашние задания с использованием Интернета (на уроке могут быть подручные мобильные телефоны) по схемам: объясните понятия «добро-зло», «гордость»-«смирение» и др; приведите цитаты великих людей, произведения; составьте темы по данному направлению; напишите вступление, заключение по данной теме и т. п.

Результатом такого «мозгового штурма» станет умение быстро ориентироваться в выборе темы на экзамене, навык написания тезиса и безошибочного подбора примеров к сочинению.

Таким образом, последовательная и кропотливая работа над функциональной работой ведёт к тому, что у обучающихся появляется интерес к предмету, работе в группах. У детей исчезает страх публичного выступления, они открыто начинают высказывать свое мнение, формулируют свою точку зрения. Вся эта работа ведёт к формированию функциональной грамотности у наших обучающихся.

Список использованных литературы

1. Ермоленко, В. А., Перченок, Р. Л., Черноглазкин, С. Ю. Дидактические основы функциональной грамотности в современных условиях: Пособие для работников системы образования [Текст] / Российская академия образования, теории образования и педагогики. – М. : ИТОП РАО,1999. – 228 с.

2. Логвина, И. А. К вопросу о формировании навыков функционального чтения//Международная научно-практическая конференция «Чтение детей и взрослых: книга и развитие личности». – Санкт-Петербург, 2011.

3. Материалы сайта Курс «Развитие навыков функционального чтения» https://sites.google.com/site/kursusfunctreading

ӘОЖ 821.512.122:32

Қалиева Ж.Д.
(М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті, Қазақстан, Тараз)

Ұ.ЕСДӘУЛЕТОВ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БОЛМЫСЫ

Аннотация. Ғылыми мақалада өлең техникасын шебер меңгерген қазақ поэзиясының дарынды қаламгерлерінің бірі, ақын Ұлықбек Есдәулетов поэзиясының өзіндік ерекшеліктері қарастырылған. Ақын жырларының қазіргі қазақ поэзиясында алатын орны, жарқын да кестелі өлеңдерінің тууына себеп болған халық ауыз әдебиетінің бай мұраларымен, өзіне дейінгі ақын-жыраулардың шығармаларымен сусындап өскендігі зерделенеді. Өлеңдерінің тақырыбы, жазылу стилі, ұйқасы, мазмұнын талдау арқылы оның жаңашыл, ізденімпаз ақын болғаны дәлелденеді. Өлеңдерінде көне сөздерге жан бітіріп, қазіргі қоғам өміріне сай қолдануы автордың өзіндік шеберлігін көрсетеді. Халқымыздың ұлттық құндылықтарын суреттей отырып, ұлттық дәстүрді жалғастырғаны шын шеберліктің көрінісін көзге елестетеді.

Тірек сөздер: ақын, поэзия, өлең, ұлттық құндылық, ұлттық болмыс.

Kalieva J.D.
(Taraz University named after M.Kh. Dulaty, Taraz, Kazakhstan)

NATIONAL EXISTENCE OF U. ESDAULETOV'S POETRY

Abstract. In the scientific article, one of the talented writers of Kazakh poetry, the poet Ulykbek Esdauletov, who mastered the technique of poetry, considered the specific features of his poetry. The place of the poet's poems in modern Kazakh poetry, the fact that they grew up with the rich heritage of folk oral literature, which caused the birth of bright and elaborate poems, and the works of poets before him, are studied. Analyzing the subject, writing style, structure, and content of his poems proves that he was an innovative and inquisitive poet. In his poems, he uses ancient words and uses them in accordance with the life of modern society, which shows the author's own skill. The fact that our people continued the national tradition while depicting the national values, is a true example of skill.

Keywords: poet, poetry, poem, national value, national identity.

«Ұлықбек Есдәулет. Бұл күнде Ұлықбек десе қазақ өлеңі, өлең десе Ұлықбек көз алдыңа тұра қалады. Өзі өлеңге, өлеңі өзіне айналып, жырға айналғандай», - дейді Ғ.Байбатыров [1].

Ал Әлібек Қаңтарбаевтың мына бір сөздеріне назар салсақ: «Мектеп қабырғасында жүргенде-ақ «ақын бала» атанған ол алғашқы еңбек жолындағы қадамын осы өзіміздің «Дидардан» бастаған. Арман оны қазақ поэзиясының патриархтары бас мүжіп, жамбас кертіп отырған Алматыға жетелеген. Қазақтың өнері мен мәдениетінің кіндігі саналар Алматы ақын бозбаланы артқа теппегенімен, табиғатынан шылбыр үзер тентектіктен, ұрдажық кеудемсоқтықтан ада Ұлықбек оның киелі босағасынан имене аттаған. Аттаған да…поэзияның бәсеке-иірімі әй-шәйға қаратпай тума дарынды өз ағысының ақжол толқынына лақтырған. Содан бері аттай отыз төрт жыл өтіпті», - дейді [2].

…Сонау 70-жылдардың басында «Таңғы сүрлеу», «Намаздыгерде қолатта», «Шығылға барсаң шілдеде» секілді тамаша жырларымен қазақ жырының үйіріне екпіндей қосылған Ұлықбек Есдәулет – бүгінде кемеліне келген ақын.

«Сөз өнері – жанды құбылыс. Оның нәрі өзгеше безбенді керек ететіні, мұнда кәдеге сан емес, сапа жүгінетіні ежелден белгілі жайт. Қазақ поэзиясына майда леп әкеліп, әуезді лирикасы жүректің ең нәзік пернелерін сөйлетіп, дыбыстың айрықша үйлесімін тауып, өлең жолдарын күйше күмбірлеткен дарынды қаламгердің бірі – Ұлықбек ақын», – деп баға береді ақын Н.Қуантайұлы [3].

«Ұлықбек Есдәулетов - өз тұстастарынан әдебиетке әлдеқайда ерте келіп, жұрт көзіне

ерте іліккен жігіт. Ол шәкірттік мектептен шұғыл түрде өтті де, өлеңдегі өз жолын, өз үнін бірден-ақ белгілеп алды. Үнемі ізденіс үстінде жүретін бұл ақын өлеңдері де бүгінде бұрынғыдан да ауқымын кеңейтіп, бұрынғыдан да тереңдей түсті. Оның өлеңдері енді қазіргі қазақ поэзиясының принциптері сәттіліктері мен перспективті тенденцияларына арналған еңбектерде сөз бола алатындай деңгейге көтерілді дей аламыз», - деп баға береді Темірхан Медетбек [4, б.22].

«Перзент парызы» деген өлеңіндегі мына бір жолдардан оның елге, жерге деген ыстық махаббаты айқын көрінеді.

Туған үйімнің терезесінен,
Қазақстан даласы көрінеді.
Аспанда ақша бұлт керіледі.
Ақша бұлтқа жолдаған сәлемі деп,
Ошағымның түтіні өрілді [5, б.104].

Ошақтан басталған Отанның көркем бейнесі жүректен кіріп, ойыңды да, бойыңды да еріксіз азаматтық пен ұлтжандылыққа толтырады.

«Ұлықбек ә дегеннен қазақ поэзиясының өзіне дейінгі жақсы үлгілерінен суарылып, енді сол дәстүрді жаңғырта жалғастыру міндетім деп келген ақын. Жай таланттың алғашқы өлеңдерден отын жылт еткізу емес, сол оттың салған жерден маздап жануын, өзгеше, ерекше жануын мақсат еткен» – деген Ғ.Қайырбековтың сөзіне қосылмасқа лажың жоқ [6].

«Ұлықбек ақын - өлең техникасының озық үлгілерін қалтқысыз меңгерген қалам иесі. Рубаят ұйқастарының табиғаты жасанды емес, халықтық, сондықтан жеңіл ұйқасып, оңай сырласып кете бересің. Жалпы, халық тіліне жүйрік, асыл қазынасын бойына сіңіріп өскен дүлдүл шайыр рубаилары қиындықсыз тез жатталады», [7] - деген Дидар Амантайдың пікіріне қосыла отырып, мынадай қорытындыға келдік. Оның жарқын да кестелі жырлар туғызуына бір себеп – ақынның халық ауыз әдебиетінің бай мұраларымен, өзіне дейінгі ақын-жыраулардың шығармаларымен сусындалып өскендігінде сияқты.

Мысалы, Ұлықбектің:

Уақытты кім жаратты екен жылдам ғып?…
Бала кезде бұлықсыдық, бұлдандық,
Жігіт шақта қызық қуып, қыз қуып,
Шатақ қуып, шалқып-тасып, жындандық,
Тайталаста түсіп талай итжығыс,
Уақыт – бізді,
Біз – уақытты құлдандық,
Қолдағының бәрі сусып уыстан,
Ақырында айдалада құр қалдық, - [8, б.235]

деген жолдары Абайдың мына өлеңімен сарындас екеніне көз жеткіземіз.

Сағаттың өзі – ұры шықылдаған,
Өмірді білдірмеген, күнде ұрлаған.
Тиянақ жоқ, тұрлау жоқ, келді, кетті.
Қайта айналмас, бұрылмас бұлдыр заман [9, б.10].

Ал енді мына бір өлең жолдарына көз жіберіп көрелік:

Жалынасың, боқтайсың,
Сағынасың, жоқтайсың.
Махаббат кетті, дос кетті –
Жете алмайсың, тоқтайсың, [9, б.84]

-десе Абай, Ұлықбек былайша жырлайды:

Шаттанасың, шарпысасың,
Сан қызыққа батасың,
Айтысасың, тартысасың,
Ит татпасты татасың [8, б.242].

Біздің пайымдауымызша, екі ақынның өлеңдерінің жазылу стилі, ұйқасы, мазмұны

үндесіп жатқандай.

Ұ.Есдәулетов өзіне дейінгі ақындарды өзіне үлгі ете отырып, солардың ізін жалғастырып келеді. Жай ғана жалғастырып қоймай, жаңаша жалғастырып келеді. Ұлықбектің жаңашылдығы өлеңдері бес буынды немесе одан да көп буынды ұйқаспен жазылған. Мысалы,

Күнәсіз жерді таптап жүр күнәһар адам,
Ой салар ма екен қылаудай мына қар оған [8, б.163]

немесе:

Өздерін тіпті өздері басқара да алмай,
Моңғолдан қойған хандарын!
Масқара қандай?! [8, б.127].

Осы өлең жолдарының ұйқасып тұрған соңғы сөздері бес буынды, яғни екі сөзден құралған. Бұл, әрине, ақынның шеберлігі екені даусыз.

«Үрдісі еш уақытта үзілмейтін сөзжасамға талпыну, жаңа идеяны өз жанынан атау, не етістік тудырып бейнелеуге талаптану – күллі таланттыларға тән ізденгіштік. Гәп ақынның неологизмдері, солардың төлтумалығы жайында.

Бүршіктері буазып тұр бәйтерек,
Бұлт елгезек,
Бұтақ біткен-қаукелек.

«Буазып» көсемшесі бұлтарыссыз тың нәрсе. «Кірледі ме көңілім – кәпірзадам». Бұл да жаңалық.

«Ұ.Есдәулеттен «қаламдоз» деген атауды да кездестірдім. Архаизмдерді де тіріліту автор ескертіпті. «Аламейіз», «темірек», «бейуақ» сияқты көнерген сөздерді көпшілікке ұсынуы да құптарлық», - дейді М.Әлімбай [10].

Ұлықбек бүгінде ақындық орбитаның биік траекториясына еркін шығып алған қаламгердің қатарына жатады. Сондықтан ол өз халқымыздың мұңын мұңдап, жоғын жоқтап қоюдан да әрі ұзай түсіп, адамзаттың маңызды бар проблемаларды көтеруге талпынады. Сондайда:

Соқырша ерген кей көсемдерге
Саңырау,
Мылқау ғасырлар,
Ақынға биік бермесеңдер де,
Сөзіне құлақ асыңдар! - [8, б.36]

деп, өз пікірін ең тәуелсіз саналатын уақыттың өзіне арнап та айтып жібереді. Ұлықбек сынды ақынның уақытпен тілдесуі әбден орынды деп білеміз. Оның тап осылай айтуға әбден хақысы бар. Расында да уақыт пен адамзат ақындардың жан айқайына құлақ асса, бүгінде жер бетіндегі қайғы-қасіреттің көбі болмас та еді. Өйткені, нағыз ақынның нәзік жүрегінде адамзаттың амандығы мен соған жақсылық ойлаудан басқа мүдде жоқ. Болуы мүмкін де емес, - дейді Ә.Әлібеков [11].

Ақын Серік Ақсұңқарұлы болса: «Ұлықбек Есдәулеттің азаматтық лирикасын интимдік лирика секілді құмартып, құныға оқисың. Киіз туырлықты қазақтың керегесі мен уығы, шымылдығы мен ошағы, түндігі оның өзегінен өлең болып төгіліп, төрткүл дүниеге көңіл қыдыртады»,- деген баға береді [12].

«Ұлықбек Есдәулетовте мынадай үш өлең бар: «Жылқы мінез», «Қасқыр мінез», «Таулық мінез». Осы үш өлеңнен қазақтың ұлттық болмысы көрінеді. Сөз жоқ, Тау қазақ поэзиясында ең алдымен асқақтықтың, биіктіктің белгісі. Дегенмен таудың іріліктің, мықтылықтың да бейнесінде қолданылатынын айтуымыз керек. Мәселен, Ә.Тәжібаевтің «Толағай» өлеңіндегі тауды көтерген күшті батыр бейнесі халық есінде тау тұлғасында қалды. М.Мақатаев поэзиясында тау – ірі қуаттың символы. «Ей, Таулар, ығысыңдар» деген ақынның тауларға өктем сөйлеуінен оның алып рухын танимыз. Ұлықбек «Таулық мінез» өлеңінде лирикалық кейіпкер таудың тастарымен күш сынасады», - дейді Р.Зақанқызы [13].

Ұ.Есдәулетовтің «Қара шал мен Байшұбар» өлеңінде қазақтың тұрмыс-салтының

барлық жағы көрініс береді.

Түтеп жатқан қазандық жер ошағы,
Болған бір кез бұл үйдің қара шалы.
Тұскиізді, діңгекті, алашалы
Мұндай үйге кемпір-шал жарасады [8, б.49].

Үйдегі ілулі тұрған тұмақ, қамшы, иесіз дер шақша, кебежедегі аңсаған қыл қобыз, күңсіп жатқан қара саба – барлығы дәстүріміздің ұмыт болғанын айтады. Бұл үйдің кемпір-шалы дүниеден өткен. Олар барда бәрі басқаша-тын. Көзі кеткен соң шалдың шұбар аты өзінің жаназасына шалынған. Артында ұлттық дәстүрді жалғастыратын ешкім қалмағандығы ұлттық сезіммен жырланады.

«Ұлттық мінез өлеңдегі лирикалық кейіпкер арқылы көрінеді. Өз бойында ұлттық рух жоқ ақынның лирикалық кейіпкерінен ұлттық мінездің нышанын көру қиын. Лирикалық кейіпкердің сомдалуы мен тұлғалану процесі әр ақын поэзиясына байланысты. әртүрлі болып келеді. Яғни, әр ақын өзінің таным-түсінігіне, ішкі әлеміне сай лирикалық кейіпкердің дүниеге әкеледі. Демек, ол - ақынның дүниені қабылдауының жемісі» [14].

Ұлттық мінезді беру арқылы ақын ұлттық болмысымызды ашып береді.

Ұлттық болмыс дегеніміздің өзі – ұлтымызға тән мінез-құлық, салт-сана, ұлттық діл.

Түсіме енеді – жылқының кісінегені…
Цирктің атын көргенде жүрегім жылап,
Абайша айтсам «сыртым сау,
ішім өледі».
Тарылды дала!…
Мүжиді жанымды жара,
Ипподромда ит болған жүйрікке қарап,
Кеңдікті іздеп, соғамын санымды ғана [8, б.90].

Пайымдауымызға жүгінсек, Ұлықбек ақын өлеңдері арқылы ұлттық болмысымызды барынша кең көлемде ашқан.

«Табиғатпен тамырластығымыз, жаратылыспен жандостығымызды жазатайым үзіп алмай, мынау урбанизация және жаһандау заманының заһарлы зардабынан сақтана біліп, ежелгі ұлттық ізгі дәстүрлерімізді дәріптей жалғастыра беруімізді өз өркениетіне өзекті тенденция етіп ұстануы - Ұлықбекті оның құрбы-құрдас, үзеңгілес қаламгерлердің көбінен ерекшелендіріп, озық көрсететінін көлегейлемей ашып айтқан абзал. Осы арманы жолында туған халқын таудай көтере отырып, ара-тұра ұлттың басындығы олқылықтарды, кемшіліктерді уытты тіл найзасымен түйреп-түйреп алады», - деген М.Әлімбаевтің сөзіне шүбәсіз қосылармыз анық [10].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байбатыров Ғ. Шабыт керген көкірегінің шанағын /Ғ.Байбатыров // Дидар, 2002.- 2 қараша
2. Қаңтарбаев Ә. «Ұясы тұғыр болмас тас түлекке»/Ә. Қаңтарбаев // Дидар, 2004.- №42
3. Қуантайұлы Н. Кестелі жырдың кемелі /Н.Қуантайұлы // Ана тілі, 2002.- №48
4. Медетбек Т. Баба дәстүрдің мұрагері кім?/Т.Медетбек.-Алматы: Өлке, 2001.-248
5. Есдәулетов Ұ. Алтайдың алтын тамыры /Ұ.Есдәулетов.-Алматы: Жазушы, 1979.-160 б.
6. Қазақ поэзиясының антологиясы // Егемен Қазақстан, 2004.- 28 қаңтар
7. Амантай Д. «Мойыныңдағы қамыт қажап» /Д.Амантай // Ана тілі, 2004.-29 сәуір
8. Есдәулетов Ұ. Киіз кітап /Ұ.Есдәулет.-Астана:Елорда,2000.-384 б.
9. Абай. 2-том /А.Құнанбаев.-Алматы:Жазушы, 1995.-384 б.
10. Әлімбай М. Жанымның жапырағын жамыратып/М.Әлімбай // Жас Алаш, 2004.-№53
11. Әлібеков Ә. Ұлттық поэзиямыздағы Ұлықбек жырлары/Ә.Әлібеков // Астана

хабары, 2004.- №56
12. Ақсұңқаруұлы С. «Түсіме енеді жылқының кісінегені»/С.Ақсұңқаруұлы // Жұлдыз, 2002.- №8
13. Зақанқызы Р. Ұлттық мінездің көркем көрінісі /Р.Зақанқызы // Ақиқат, 2001.- №3
14. Боқаев Қ. Ұлттық салт-дәстүр! Махаббат! Қайсысын насихаттаймыз? /Қ.Боқаев // Қазақ әдебиеті, 2004.- №11

УДК 372.882

Қуанышбек Г.М.
(*Жамбыл облысы әкімдігі Жуалы ауданы білім бөлімінің №10 Күреңбел орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі)*

ЭПИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ-ИДЕЯЛЫҚ ЖӘНЕ МАЗМҰНДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация. Жалпы, бүгінгі таңда елімізде жеті мыңнан астам орта мектептер жас ұрпаққа саналы тәрбие мен сапалы білім беру ісімен айналысуда. Орта мектептерде білім беру сапасы зияткерлік, дарынды балаларға арналған мектептерге қарағанда бір саты төменірек тұрады және сын тұрғысынан алып қарағанда орта мектеп әрбір отбасы үшін қолжетімді мектеп болып саналады. Сондықтан да, орта мектептерде сапалы әрі үздіксіз түрде жаңартылған оқу бағдарламалары қарастырылады.

Тірек сөздер: эпикалық шығарма, әдебиет, әдебие туынды, инновациялық технология, жанр.

Kuanyshbek G. M.
(Teacher of Kazakh language and literature of Kurenbel Secondary School No. 10 of the Department of education of Zhualinsky District of the akimat of Zhambyl region)

THEMATIC-IDEOLOGICAL AND CONTENT FEATURES OF EPIC WORKS

Annotation. In general, today more than seven thousand secondary schools in the country are engaged in conscious education and quality education of the younger generation. The quality of education in secondary schools is one step lower than in schools for intellectual, gifted children, and in critical terms, secondary school is considered an affordable school for every family. Therefore, high-quality and continuously updated curricula are provided in secondary schools.

Key words: epic work, literature, literary work, innovative technology, genre.

Қандай мектеп болмасын, жаңартылған оқу бағдарламасының көмегімен оқу үрдісін креативті әрі түсінікті етіп іске асырғаны дұрыс. Сол себепті де әрбір педагогтың іс жүзінде көрінетін икемділіктері мен тапқырлықтары тең бағанда тұруы тиіс. Қазіргі таңда білім берудегі ең өзекті мәселелер – жан-жақты білімді болу, өмірге деген құлшыныстың артуы, ойсананың қатар дамуы, сондай-ақ, бойында адамгершілік қасиеті жоғары дамыған жеке тұлғаларды қалыптастыру болып отыр [1, 98б.]. Орта мектепте оқу үрдісінде оқытылатын әрбір жеке пән өте маңызды рөл атқарады. Әсіресе, мектепте әдебиеттік бағыттағы пәндерді оқыту аса назар аударарлық дүние. Себебі, мектепте әдебиет пәнін оқытудың басты мақсаты – оқушыларды әдеби салт-санаға бейімдеу және ақыл-ой жағынан жоғары санатта болуға үйрету және алған білімді оқыту процесінде емін-еркін пайдалануына мүмкіндік жасау. Сабақ барысында тақырып бойынша әдеби шығармаларды бөлек-бөлек саралап, талдап өту –

оқушылардың ынтасын оятып, зейінін ашатын болады. Сондықтан да педагогтың қызметі әрқашан сапалы болуы тиіс. Осыған орай сабақты көлемді әрі қызықты етіп өту педагогтың кәсіби құзыреттілігіне және педагогикалық шеберлігіне байланысты болады. Егер педагогтың асқан шеберлігі оқушыларды өзіне баурап алатындай болса, сабақтың ұтымды өтілуіне барынша жоғары баға беріледі. Осыған орай, орта мектептерде оқу үрдісінде эпикалық шығармалардың алатын орны мен жан-жақты маңыздылығы ерекше зерттелуде. Сондықтан кең көлемді эпикалық шығармалардың оқыту әдістемесіне айрықша көңіл бөлініп отыр. Дәл осы эпикалық шығармаларды оқытудағы ерекшеліктер мен пәндік басымдылығы аясында жан-жақты эксперименттік зерттеулер жүргізіліп жатыр. Орта мектепте оқытылатын эпикалық шығармалардың қарастыратын басты мақсаты – оқушылардың бойына танымдық-тәрбиелік өнегені сіңіру және этикалық-эстетикалық мәнерді қалыптастыру. Кейінгі уақыттарда оқыту процесін креативті түрде жаңарту мақсатында педагогтар көптеген мән-маңынасы зоригі іс-шаралар атқарып, жұмыс барысында өздерінің жылдар бойы жинаған тәжірибелерімен бөлісіп, оқушыларға эпикалық шығармалардың жақсы тұстарын айтып, рухани тұрғыда насихаттап жүр. Көркемдік сипаттағы эпикалық шығармаларды оқытудың және оны талдаудың бірнеше сатылары бар. Жалпы олардың тақырыптық байланысын зерттеп талдау жасау барысында эпикалық шығармалардың сапасына мән бере отырып, әдеби кейіпкердің маңыздылығын ашу керек. Әдеби туындының жалпы мақсатына, міндетіне, пайдалану ретіне және идеялық-көркемдік мазмұнына, тақырыптық ерекшелігіне ерекше назар аударған жөн. Осы орайда эпикалық шығармаларды зерттеген қазақ әдебиеттану ғылымындағы ғалымдарға тоқталатын болсақ, дәл осы тақырып бойынша жасалған жұмыстар легі мен ғылыми негіздегі зерттеулер өте сирек, тіпті жоқтың қасы. Алайда, М.Қаратаев, З.Ахметов, Т.Нұртазин, Т.Кәкішев, Н.Ғабдуллин, Б.Ыбырайым, Ж.Майтанов, Қ.Әбдезұлы, Қ.Алпысбаев секілді ғалымдардың еңбектерінде эпикалық шығармалар жайында әртарапты сөз қозғалып, Ә.Қоңыратбаев, Т.Ақшолақов, Қ.Тасболатов, Р.Сүлейменова, Т.Тебегенов сынды әдіскер-ғалымдардың бірқатар еңбектерінде айқын көрніс тауып, талдау жасап, құнды пікірлерін білдірген. Дегенменен, бұл пікірлер орта мектепте оқытылатын эпикалық шығармалардың маңыздылығынаша отырып, жан-жақтылығын толық зерттеп және эпикалық шығармаларды оқытудағы инновациялық технологиялардың сараптауларын заман талабына сай оқытуды қажет етеді. Эпикалық шығармалардың өзге шығармалардан бірден-бір ерекшелігі – заманауи оқыту процесінде қолданылуы, инновациялық технологиялардың көмегімен оқушылардың жас ерекшелігіне сай берілуі және оқушылардың бойына қоғамдық салт-сананы ерекше дарыта білуінде болып отыр. Эпикалық шығармалардың генезисі мен жанрлық бөлігі туралы ой-пікір айтқан ғалымдардың бірі – академик ғалым Қ.Жұмалиев болатын.

Көлемді эпикалық шығарма (хикая немесе роман) тақырып бойынша бірге келіп қалған жағдайда оларды бір жерге шоғырландыру үшін ауқымды материалдарды бір жүйеге келтіріп, оқушылардан сұрау тапсырмаларды талап етуге болады. Ал сұрау тапсырмалар – көркем эпикалық шығарманы оқушыларға жақсы меңгеруге, талдау жасап үйренуге көмектеседі. Сұрау тапсырмалары жаңа жүйені қалыптастырады және педагог үшін асқан төзімділікті, ыждағаттылықты талап етеді. Бұл тұста әрбір тапсырманың ретін анықтап алу керек, эпикалық шығарманың түп мағынасын аша білу керек. Сондай-ақ шығарманың тақырыптық-идеялық мазмұнын еркін меңгеруі тиіс, оның көркемдік түріне назар аудара отырып шығармашылық қабілеттерін аша түседі. Эпикалық шығармалардың орта мектеп бағдарламасында оқыту әдістемелік құралдармен бірге өркендеді деп айтсақ болады. Елімізде орын алып жатқан саяси, мәдени, экономикалық байланыстар аясы қазақ әдебиетін соның ішінде эпикалық шығармаларды оқытуды ерекше қажет етеді. Оқушылар жеке тұлға ретінде азамат болып қалыптасуына және жан-жақты дамуына эпикалық шығармалардың мазмұнын толық меңгеру және оларды игеріп қана қоймай күнделікті өмірмен, қоршаған ортамен және түрлі ситуациялық жағдайлармен тығыз байланыстырып үйренуі қажет [2, 154б.]. Эпикалық шығармаларды оқыту барысында әр оқушының өзінің ерекше қырларының ашылуына, болмыстық қасиеттерінің қалыптасуына сабақ аясында қолданылатын әдіс-тәсілдер мен жаңа

креативті идеяларды қолдануға жол ашады. Демек, эпикалық шығармаларды оқыту кезінде ұтымды әдіс-тәсілдерді пайдалана білу арқылы оқушылар теориялық ойлауы мен мәтінді терең ұғына білу қасиетіне ие болады. Сондай-ақ этикалық және рухани тұрғыда тәлім-тәрбие алуын, іскерлігін қамтамасыз етуге бағыттайды. Педагогикалық шеберлік пен технологияны пайдалана отырып оқушылар эпикалық шығармаларды кезекпен-кезек, ретімен талдайды және сол туындыға ерекше назар аударылып, мәселе өз шешімін табады. Оқушылар сабақта көбінесе тыңдаушының рөліне көбірек енеді де, өздерінің шығармашылық жұмысына баса назар аудара бермейді. Олар өзіне сенімді және нақты шешімдерді қабылдай отырып тапсырмаларды орындағанды ұнатады. Демек, оқушыларға өз бетінше орындайтын тапсырмалар өзіндік ізденіс пен ерекше ынтаны оята түседі. Берілген шығарманың ретін дұрыс орындап, әдеби тапсырмаларды тереңінен қабылдап, мәтінмен емін-еркін жұмыс жасауға әдеттенетін болады. Ең бастысы, эпикалық шығарманы оқуды, талдауды шығармашылық тапсырма ретінде қарастырып білім сапасын арттыруға және оның көрсеткіштерін жандардыруына күш жұмсауымыз керек. Эпос грек тілінен «баяндау, әңгімелесу, тарихатн сыр шерту» көркем әдебиеттің ежелгі негізгі құрамдас бөліктерінің бірі. Жалпы эпос деп отырғанымыз адам мінезін мейлінше терең ашуға, жан-жақты адам кейпін аша түсетін күрделі жанр болып саналады. Эпостың шығу тарихы, қалыптасу кезеңдерінің түп-тамыры тереңде жатыр. Эпостық шығармалардың негізгі ойы автордың ішкі сезімдерінен туындаған қарама-қайшылықтар мен тұрмыс-тіршілік тауқыметімен ұшырасып отырған. Осыдан кейін эпикалық шығармалардағы автордың суреттеуі мен кейіпкерлердің диалог-монологтары эпостық баяндау тәсілдеріне жатады. Сондай-ақ эикалық шығармалардың көпшілігінде адамның өмір жолы кеңінен баяндалады, оның басынан өткерген небір қилы замандары мен тағдыр тауқыметі айтылады. 223 Эпикалық шығамалар үш типке жіктеледі. 1. Шағын көлемді эпикалық шығармалар 2. Орта көлемді эпикалық шығармалар 3. Кең көлемді эпикалық шығармалар Шағын көлемді эпикалық шығармаларға мысал, ертегі, әңгіме, аңыз жатады. Орта көлемді эпикалық шығармаларға поэма, повесть, дастан жатса, кең көлемді эпикалық шығармаларға роман, эпопея жатады екен. Орта мектепте эпикалық шығармаларды оқытудың әдіс-тәсілдерінің ерекшеліктеріне тоқталғымыз келіп отыр. Әдетте, біз эпикалық шығармаларды 3 түрге бөліп қарастырамыз және оны оқу үрдісінде пайдалануға мүмкіндік аламыз. Сонымен қатар осы 3 түрлі әдістің ішінен сабақты ең маңыздысы шағын көлемді эпикалық шығармалардан бастауға болады. Себебі, шағын көлемді эпикалық шығармалар тілге өте жеңіл, әңгімелеп айтуға түсінікті болып келеді. Бұл шағын көлемді эпикалық шығармаларға көбінесе әңгіме, мысал, ертегі, аңыз әңгімелер, хикаяттар жатады. Дәл осы тұста мысал өлеңдер мен әңгімелерді ерекше атап өту қажет деп ойлаймыз. Мысал – эпикалық шығармалардың бір түрі және жанр бойынша түрлі бағытқа бөлінетін көркем шығарманың бір түрі. Мысалдарды оқып үйрену барысында көңіл аудара қарайтын бірнеше мәселелер бар: - Қазақ әдебиеті саласында мысалдың өз алдына жанр болып қалыптасуы Ыбырай, Абай, Шәкәрім, Ахмет сынды ақын-жазушыларымыздың есімдерімен тығыз байланысты және дәстүрді жалғаушы ұрпақ ретінде қазақ мысалшылары қатарының артып келе жатқандығын ескеру қажет; - Кей мысалдардың мағынасында қоғамда болып жатқан және адамдар арасындағы түрлі кемшіліктер мен жағымсыз, жат іс-әрекеттер, жайсыз мінез-құлықтардың бой көрсетуін әшкерелеп, оларды мысал арқылы сынап-мінеп, ортаға зияндылығын айта отырып, көпшіліктің назарын аударту үшін басты нысанаға алып отырады; - Сондай-ақ мысалдарда түпкі ой-мақсат астарлы түрде жұмбақтап беріледі. Мұндағы басты кейіпкерлердің ішінде табиғат, жан-жануарлар әлемі болғанымен, көздеп отырған мәселесі адамдарға тікелей байланысты болады. Назар аударатын мәселе міне осы дүние, яғни автор сыртқы әлемді қолдана отырып, адамдар арасындағы қарым-қатынас пен олардың іс-әрекетін және ойларын әшкере қылып жатады. Эпикалық шығармалардың ішінде мысалдарды оқытудағы басты педагогикалық талап – оқушылардың өмірлік тәжірибелерін адамгершілік қасиеттерімен, парасаттылықпен толықтырса екен деген ой. Сонымен қатар, адами факторға қарама-қайшы келетін іс-әрекеттерден, жайсыз мінез-құлықтан, жауыздық пен парықсыздықтан, жалқаулық пен тоқышарлықтан, көрсекызарлық пен менменсінуден

бойларын аулақ ұстауға үйретеді. Мысал жанрында өзініңтуындыларын ұсынған және шығармашылық еңбектерімен таныса отырып, оқыған мысалардың көмегімен оқушыларға текстпен жұмыс жасау арқылы білім, білік, дағды әрекеттерін қалыптастырып, әдеби білімдерін шыңдай түседі. Сондай-ақ педагог күнделікті сабақ жоспарын уақытылы жоспарласа оқушыларға көркем шығармаларды қабылдау оңайға соғады және жоспарда мәтін бойынша орындалатын іс-әрекеттер түрлері оңай белгіленеді. Орта мектепте эпикалық шығармаларды оқытуда, талдау жасауда міндетті түрде төмендегі мәселелер қарастырылады: 1. Көркем шығарманың сюжеті, қозғалатын тақырыбы, өзекті мәселелері; 2. Көркемдік образдары; 3. Автор – көркем туындыны жасаушы, көркем туындыны құрастырушы. Эпикалық шығармадағы оқиғалар бір-бірімен тығыз байланысты орнатады және бір-біріне жалғасып ізін қуады. Мысалы, оқиғаның басталуы, дамуы, шарықтау шегі, шешімдері болады. Талдау жасалынғанда алдымен оқиғаға және композицияға баса назар аударылады. Осы әрекеттер арқылы кейіпкерлердің іс-әрекеті, характерлері ашылады, шығарманың негізінде авторлық ой-пікір қалыптастады. Осы тұста әрбір оқушының шығармадағы кейіпкерлер туралы түсінігі қалыптастады, оларға сын көзбен қарай бастайды және автордың негізгі ойына көз тастайды. Мысалы, М.Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясын толығымен оқитын болсақ, бірнеше томнан тұратын эпопеяны оқытудың ерекшелігін, маңыздылығын, әрі қиындыққа толы тараулар мен бөлімдерді оқу өте қызықты екенін айтып түсіндірген жөн. Ең алдымен, эпопеяны оқудың маңыздылығын және эпопея туралы қысқаша мағлұмат біліп алған дұрыс. Сондай-ақ Абай Құнанбаев атамыздың шығармашылығын талдау кезеңдерін ұйымдастыра білу керек. Кітапты оқи отырып, тұжырымды түрде аннотациялар жазуды қалыптастыру қажет. Сабақ реті бойынша «эпопеяларды қалай таңдау керек және қандай жанрда таңдаған дұрыс, бүгінгі оқу үрдісі бойынша қандай әдіс-тәсілдерді пайдаланған жөн?» Деген сынды сұрақтарды қоя отырып, рефлексия жасау керек [3, 112б.]. Эпикалық шығармалардың тағы да бір ерекшелігі тек қарапайым қарасөз түрінде ғана емес, сонымен қатар өлең түрінде де жазылып жатады. Көбінесе ауыз әдебиетінен бері қарай келе жатқан көптеген батырлық, ғашықтық жырлар, лиро-эпостық жанр түрінде жазылған. Жалпы лиро-эпостық жырлар жайлы әдеби теориялық ұғымдар өте көп. Орта мектепте оқытылатын эпикалық шығармалардың тақырыптық мән-мағынасына өте мұқият зер салу қажет. Жазушының өмірі мен шығармашылығы туралы мәліметтер көбінесе шығарманың ішінде бола бермейді. Егер орта мектепте оқытылатын эпикалық шығармаларды оқуға және талдауға байланысты жазушы өмірінің жақсы тұстарын ала алса, онда мектепте өмірбаян бойынша жұмыс жазушының тарихи-әдеби процесін, көркемдік әлемін терең ұғынуға болады. Әрбір берілген шығарманы таңдау және оның мағынасын ашу, мақсаттарын анықтау, жазушы ұсынған порттерді пайдалану ерекше маңызға ие екенін ұғыну қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қ.Бітібаева «Әдебиетті оқыту әдістемесі» - Алматы: Атамұра, 1997 ж. - 98б. 2

2. Т.Қ.Ақшолақов «Шығарманың көркем айшықтарын таныту» - Алматы: Атамұра, 1994ж. – 288б.

3 Қ.Бітібаева «Әдебиетті оқыту әдістемесі» - Алматы: Рауан, 1997ж. – 2000

ӘОЖ 811.512.

Куатбекова Каламкас Акбергеновна
Жамбыл облысы Байзақ ауданы Үлгілі орта мектебі
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Мусаева Гаини Калымбетқызы
Жамбыл облысы Байзақ ауданы Үлгілі орта мектебі
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ШЕТ ТІЛІ РЕТІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕМЕСІ

Аннотация. Мақала авторлары кәсіби ғылыми-техникалық салада мемлекеттік тілдің даму жолдарын жүйелі түрде негіздейді, оның басымдығы мен Қазақстан мемлекеттілігінің қалыптасуындағы және оның болашақтағы рөлін түсінуге негізделген.

Кілт сөздер: қазақ тілі, оқыту, инновациялық басымдық, тіл.

Күтілетін нәтижелер: орындалатын ғылыми-зерттеу жұмысы нәтижелерінің ғылыми маңыздылығы және олардың инновациялық және білім беру нарығындағы бәсекеге қабілетті артықшылықтары. Ұсынылған ғылыми жұмыстың мақсаты көптілді салада қазақ тілін қазақ тілін оқыту әдістемесін дамыту мүмкіндіктерін кешенді қарастыру болып табылатындықтан, жиналған материалдар әр қырынан, тұтас және жүйелі түрде қаралатын болады. Әдіс бойынша ғылыми және практикалық маңызы бар келесі негізгі нәтижелер күтіледі:

-ұлттық-мәдени тірек тұжырымдамасы ретінде қазақ тілін шет тілі ретінде оқытудың инновациялық әдістемесі зерттелуде. Тіл отандық мәдениеттің тірегіне, ұлтаралық тілдік қарым-қатынастың негізгі құралына айналатыны ғылыми дәлелденген;

- әлемдік және отандық білім беру жүйесінде танымдық, когнитивтілік талданады және жоғары оқу орындарында қазақ тілін шет тілі ретінде оқытудың жаңа үлгілері жасалады;

- әдіс үлкен ғылыми және практикалық құндылыққа ие. Бірінші кезекте, жобада Қазақ ұлттық мәдениетінің танымдық, танымдық маңыздылығы айқындалады. Кешенді ғылыми-теориялық талдаулар жүргізіледі және ғылыми тұрғыдан лингвомәдени, когнитивтік, тұжырымдамалық, прагматикалық аспектілер негізделеді. Тәуелсіз Қазақстанның Мемлекеттік рәміздерінің бірі болып табылатын және әлемнің басқа өркениетті мемлекеттерімен қатар елдің бәсекеге қабілеттілігінің негізгі шарты болып табылатын қазақ тілінің өркендеуі, жетілдірілуі ғылыми негізделеді, жүйеленеді.

Шет тілді ортада қазақ тілін оқытудың заманауи инновациялық әдістемесі оның басымдығы мен Қазақстан мемлекеттілігінің қалыптасуындағы және оның болашақтағы рөлін түсінуге негізделген кәсіби ғылыми-техникалық салада мемлекеттік тілдің даму жолдарын жүйелі негіздейді. Тілдің маңыздылығының артуымен және оны қолдану аясының кеңеюімен жаңа ғылыми теорияларды әзірлеу және оларды шетелдік студенттерді оқыту және оларды әртүрлі мамандықтар бойынша даярлау саласында енгізудің инновациялық тәсілдерін енгізу қажет. Халықаралық білім беруді дамытудың қазіргі заманғы жағдайларында отандық білім беру кеңістігінде қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде аспектісін кеңейту және қазақстандық іс қағаздарын мемлекеттік тілге енгізуге көшу үрдісі шет тілді аудиторияда қазақ тілін оқыту әдістемесіне сапалы инновациялық тәсілдерді талап етеді. Мұндай міндеттерді шешудің басымдылығын түсіну Қазақстанның әлемдік аренадағы ұстанымын нығайта отырып және біздің білім беру жүйемізді әлемдік стандарттарға жақындатуға арналған «зияткерлік ұлт» әдісіне сәйкес білім беруді дамытудың ауқымды бағдарламасын енгізе отырып күшейтіледі. Жоғары оқу орындары білім беру қызметтерінің халықаралық нарығына жаңа сапада, оның ішінде Қазақстанның жоғары оқу орындарында мемлекеттік тілде оқытудың іргетасын қалайтын шетел азаматтарын жоғары оқу орнына дейінгі даярлауда шығуы тиіс [1, б.5].

Қазіргі уақытта елімізде қызметтің барлық салаларында, әсіресе кәсіби салада мемлекеттік тілдің беделі мен сұранысын арттыру бойынша үлкен жұмыс жүргізілуде. Елдің ұлттық жаңғыруы мен бәсекеге қабілеттілігін ескере отырып, басты назар тіл саясатына аударылады. Тілдерді дамытудың арналған мемлекеттік бағдарламасында қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі беделін арттыру жөніндегі жұмыстың нақты бағыттары атап өтілді. Ұсынылып отырған әдістеме елдің тіл саясатына және мемлекеттік тілді қолдану саласын кеңейтуге, әсіресе кәсіби салада қатысты осы ережелерді іске асыру мақсатында ғылыми-техникалық салада тілдің құзыретін арттыруға, сондай-ақ шетел азаматтарының халықтың дәстүрлеріне, тарихына, мәдениетіне тиісті көзқарасын қалыптастырудағы тілдің рөлін күшейтуге, сондай-ақ халықтың тіл саясатына, тарихына, мәдениетіне Қазақстанның әлемдік аренадағы рөлінің артуымен, оның бәсекеге барынша қабілетті отыз елдің қатарына кіру жоспарымен, кәсіптік және ғылыми-техникалық салада қазақ тілін оқытудың инновациялық әдістемелерін әзірлеуге, оқыту технологияларына қатысты лингвистикалық және

инновациялық әдістемелік мәселелерді және оларды шешу жолдарын қарауға.

Қазақ тілін үйренушілер үшін неғұрлым тиімді әдістерді қолдану тәжірибесін ескере отырып, ЖОО-ға дейінгі даярлық кафедрасының оқытушылары қазақ тілінің инновациялық бірегей кешенді әдістемесін көптілді салада шет тілі ретінде, шет тілді аудитория үшін екінші (жергілікті емес), сондай-ақ қазақ тілді аудитория үшін іскерлік және кәсіптік деңгей үшін оқытушылар мен студенттерге арналған парадигматика бойынша бейімделген қазақ тілінің грамматикасына сүйене отырып ұсынады [2, б. 115-121]. Қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту әдістемесінің мәселелері көптеген ғылыми еңбектерде кеңінен ұсынылған, бірақ оларда түпкілікті тәсілдер мен шешімдер берілмейді. Дегенмен, кейбір жазбаларда дайын сабақ әзірлемелері ұсынылады. Мысалы, Н.Шаханова мен О.Труевцеваның «Essential Kazakh grammar» [3, б. 54] оқулығында қазақ және ағылшын тілдерінің салыстырмалы оқу-грамматикалық материалдары ұсынылған. Бұл нұсқаулық ағылшын тілді оқушыларға бағытталған және ең тиімді оқулық болып табылады. Ол грамматикалық материалдар мен жаттығулар жинақтарынан тұрады, ағылшын тіліндегі грамматикалық анықтамалықты қамтиды. Шет тілі ретінде қазақ тілі сабақтары кешенді болып табылады: білім алушы бір мезгілде фонетикалық, лексикалық және грамматикалық материалдарды оқиды. Мысалы, Ж.С. Әділханованың «Қазақ тілі: Шетел азаматтары үшін ыңғайлы (бейімделген) грамматика» [4, б. 4] оқулығында әртүрлі деңгейдегі оқу-грамматикалық материалдар ұсынылған: 1-сабақ – фонетика, 2-сабақ – зат есімнің көпше түрінің аяқталуы. Оқу-грамматикалық материалдардың орналасу принципі Н.Алдабек, Р.Әбішева, А. Бейсекеновaның Ауғанстан Ислам Республикасының тыңдаушыларына арналған "Қазақ тілі" оқу құралында көрсетілген [5, бб. 9-11].

Қазақ тілінің бейімделген грамматикасы шет тілді аудиторияларда және көптілді салада және «ҚАЗТЕСТ» жобасында лексика және грамматика бөлімі бойынша тест тапсырмаларын дайындау кезінде, сондай-ақ «Тіл – құрал» («Тіл – құрал», А1 деңгейі) Оқу-әдістемелік құралдарын шығару кезінде сәтті қолданылады [6,39-бет]. «Қазтест» тест тапсырмаларын әзірлеушілер және лексика және грамматика бөлімінің «Тіл – құрал» кешенді әдістемені тиімді қолданады. Жүргізілген ғылыми зерттеулер мен жұмыс тәжірибесінің нәтижесінде қолданылатын әдістеме бұл әдіс кез келген жастағы білім алушылар үшін оқу процесін неғұрлым икемді, алуан түрлі және қолжетімді ететінін көрсетеді. Сабақ барысында қарым-қатынас дағдыларын дамытуға, топтық сабақтарға және кәсіби қарым-қатынас тіліне көбірек уақыт бөлінеді. Тұлғалық-бағдарланған кәсіби тәсіл, Қазкия-ның бірегей әдісінің ерекшелігі, тілді пайдаланушының жеке талаптарына ерекше назар аудару қазақ тілін шет тілі немесе екінші тіл ретінде оқудағы табысты нәтижеге әсер етеді. Коммуникативті сөйлеуде жағдайларды дұрыс қолдану шет тілді аудиторияда қазақ тілін оқытудың күрделі мәселелерінің бірі болып табылады. Қазақ тілінің оқу құралдарында негізінен жағдайлардың грамматикалық мағыналары қарастырылады. Қазақ тілінің септік және септік-септік формаларын меңгеру үшін оқушыларға түрлі анықтамалықтар мен оқу-әдістемелік құралдар шығарылды: «қазақ тілінің дидактикалық материалдары» (Катенбаева Б., Нұрпейсова Б., 1983), «Қазақ тілі, анықтамалық» (Әубәкірова А. А., 2007), «оқыту әдістемесі бойынша зертханалық және практикалық жұмыстар орыс мектептеріндегі қазақ тілі» (Касабек К., Күзембаева А., 1999), «өте күрделі туралы» (Кубаева И., 2007). Олар қазақ тілі грамматикасының функционалдық-семантикалық жағын қарастырады. Мысалы, лингвистикалық терминдер атауының орнына жағдайдың аяқталуын зерттегенде, біз зерттеушілердің назарын терминдердің функционалды-семантикалық жағына аударамыз. Бұл ретте шетелдік студенттерге бастапқы кезеңде терминдерді меңгеру өте қиын және қиын екенін ескереміз, сондықтан генитикалық жағдайдың аяқталуының ашық терминдерін қолданбай, мысалы, генитикалық жағдайдың аяқталуының орнына (ілік септіктің жалғаулары) меншіктің мағынасын білдіретін аяқталуларды қолданамыз. Оқытушылар бұл аяқтаулар сөздерге қосылған кезде меншіктің мәнін беретінін түсіндіреді: менің үйім-менің үйім немесе туыстық қатынасты білдіреді: біздің ағамыз-біздің ағамыз. Шет тілді аудиторияда өткізілген сабақтар осы әдістің тиімділігін дәлелдеді, яғни алты апта ішінде АИР тыңдаушылары нөлдік

деңгейдегі ауызекі сөйлеуді меңгеріп, бастапқы тілдік дағдыларды іс жүзінде қолдана алды. Толық сабаққа қатысу және біздің әдістеме бойынша тапсырмаларды нақты орындау арқылы біз әр алты апта сайын келесі деңгейге өтуге кепілдік береміз, ал жоғары деңгейлер үшін – 12 апта. Көптілді салада қазақ тілін оқытудың бұл инновациялық әдістемесі отандық білім беру нарығында бірегей және бәсекеге қабілетті болып табылады және еліміздің зияткерлік әлеуетін одан әрі дамытуға ықпал етеді.

Мемлекеттік тілге деген қызығушылықтың артып келе жатқанын ескере отырып, қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту әдістемесінің мазмұны мен құрылымын жаңарту қажет деп бекітеміз. Мемлекеттік тіл мұғалімдерінің алдында маңызды міндет тұр – басқа мәдениеттерге деген құрмет сезімін дамыта отырып, бейбітшілік пен келісімде өмір сүре алатын, әлеуметтік белсенді тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін қазақ тілін дамыту үшін қолайлы білім беру ортасын құруда шетелдік мамандардың бірегей тәжірибесі мен білімін зерделеу және пайдалану. Лингвистер мен Қазақ тілі оқытушыларының негізгі мақсаты мен басты міндеті – оқу-әдістемелік кешендерді (бұдан әрі-ОӘК) құру. ОӘК құру үшін Әдістеменің қалыптасқан құрылымындағы, қазақ тілін оқыту әдістемесіндегі, оқу құралдарының мазмұнындағы, оқу процесінің мазмұнын жобалаудағы өзгерістер талап етіледі. Біздің елімізде білім беру бағдарламалары тілдік оқыту арқылы жүзеге асырылады және екі негізгі тенденцияны анықтайды: екі тілді және көптілді білім беру. Тыңдауға, сөйлеуге және тестілеуге ерекше назар аударылады. Алайда қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту жүйесінің инновациялық технологиясын қалыптастыру мәселесі әлі шешілген жоқ. Сондықтан оқытудың инновациялық әдістерін жасауға назар аударылады. Жыл сайын Қазақстанның жетекші жоғары оқу орындарында ғылыми-әдістемелік және практикалық конференциялар өткізіледі. Тілдерді оқытудың әлемдік және отандық әдістемелерін салыстыра отырып, осы мақаланың авторлары қазақ тілін шет тілі ретінде оқытудың жаңа кешенді әдістемесін ұсынады. Мысалы, «New ENGILSH FILE» кітабындағы авторлар оқу материалдарын бекіту үшін грамматикалық формалар мен синтаксистік конструкцияларды ұсынады: кім кім?, who knows you better? [7, б. 4-6].

Қазақ тілі оқытушысының негізгі мақсаты-оқыту тиімділігінің жоғары деңгейіне қол жеткізу, білім беру қызметтері нарығындағы озық заманауи жетістіктерге негізделген мемлекеттік тілді оқыту мен оны жетілдірудің оқу-әдістемелік материалдары мен инновациялық әдістемесінің кең спектрін ұсыну және барлық жастағы оқушыларға тілді оқытуға мүмкіндік беру. Қазақ тілін оқытудағы басты прагматика-өз ойларын осы тілде еркін айтуға мүмкіндік беретін деңгейге жету. Осыған байланысты әлемдік тәжірибеде тілдік мектептер мен тілді оқыту бойынша білім беру орталықтары деңгейлік оқыту әдістемесін пайдаланады. Қарапайымнан күрделіге дейінгі принцип бойынша әзірленген сабақтар және Оқу материалдары әдістемені ең тиімді және қолайлы етеді. Тиімді коммуникативтік әдістеме бойынша қазақ тілін оқытуда-бұл инновациялық әдістерді, рөлдік ойындар мен кейс-кезеңдерді пайдалану нақты тілдік жағдайларда: бір-бірімен еркін қарым-қатынас жасау, күнделікті тақырыптағы Диалогтар, телефон арқылы сөйлесу, электрондық хат алмасу сияқты қазақ тілінде ыңғайлы қарым-қатынас жасау үшін қажетті дағдылардың тиімді практикасын қамтамасыз етеді. Қазақ тілі оқытушыларының басты міндеті-қазіргі әлемнің үрдістеріне және сол кездегі тіл тұтынушыларының қажеттіліктеріне жауап беретін оқу бағдарламаларын құру.

Қазақ тілінің бейімделген грамматикасы шет тілді аудиторияларда сәтті қолданылады. Бүгінгі таңда оқу процесінің даму қарқыны көбінесе қолданылатын инновациялық технологияларға ғана емес, сонымен қатар оқу жұмысын сауатты ұйымдастыруға, оқытушылардың тиімді білікті әдістемесіне және оқуға қолайлы жағдай жасауға байланысты. Ұсынылып отырған Әдістеменің мақсаты қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту әдістемесін дамыту мүмкіндіктерін кешенді қарастыру болып табылады, бұл ретте жиналған материалдар әртүрлі тараптардан тұтас және жүйелі түрде қаралатын болады. Тіл білімі мұғалімдері өздерінің педагогикалық жұмысы мен практикасына сыни көзқарасты дамытып, шетелдік мамандардың оқу-әдістемелік әдебиеттерімен және әдістемелік тәжірибелерімен танысу негізінде шеберліктерін үнемі жетілдіріп отыруы қажет. Педагогикалық шығармашылық пен

шеберлік бос жерде пайда болмайды-бұл үлкен еңбек, тәжірибе жинақтау. Жұмыс тәжірибесінде тіл мұғалімі әр түрлі деңгейдегі қазақ тілін оқыту үшін әр түрлі тілдердің лингвистикалық құрылымы мен жүйесін ескеруі керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аққушкарова К. А., Шетелдік студенттерге арналған оқытудың тілдік, жалпы ғылыми және бейімделу компоненттерінің синтезі // зерттеу университеттері: шет тілді аудиториядағы инновациялық тәсілдер.Алматы, «Қазақ университеті», 2011, - б. 5

2. Наралиева Р. Т. Қазақ тілінің шет тілі ретіндегі заманауи әдістемесі: инновация, сапа, нәтиже, жетістіктер.- М., АНО Баспа үйі «Ғылыми шолу» 2014, Б.115-121.

3. Шаканова Нурила, Труевцева Ольга. Үлкен қазақ грамматикасы.- Алматы, 1997, 53-бет.

4. Әділханова Ж.С. Қазақ тілі: Шетел азаматтары үшін ыңғайлы (бейімделген) грамматика. - Алматы, Қазақ университеті, 2013, б.9.

5. Мамаева М. К., Жылқыбаева М., Жолшаева М. Тіл-құрал [Тіл-құрал]А1 деңгейі. Тестілеу тәсілімен қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау бойынша емтиханға дайындалуға арналған оқу-әдістемелік құрал. - Астана, Ақарманмедиа, 2011, 39 бет.

6. Олив Оксенден, Кристина-Кениг, Пол Селигсон. Жаңа Engilsh Файлы. Аралық Білім Алушыларға Арналған Кітап. - ОКСФОРД Университетінің баспасы, 1997, б.4-6.

ӘОЖ: 81-119

Макулова Л.Т.
(М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті)
Бапаев А.М.
(М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің магистранты)

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҒҰРЫПТЫҚ ФОЛЬКЛОР ЛЕКСИКАСЫНЫҢ ИДИОЭТНИКАЛЫҚ СЕМАНТИКАСЫ

Аннотация. Бұл мақалада қазақ тіліндегі ғұрыптық фольклор лексикасының идиоэтникалық семантикасы қарастырылады. Мал шаруашылығына байланысты лексика қазақ халқының дәстүрлі өмір салты мен мәдениетінің ажырамас бөлігі болып табылады. Тілдік бірліктер арқылы ұлттың дүниетанымы, шаруашылық тәжірибесі, салт-дәстүрлері мен наным-сенімдері көрініс табады. Малға қатысты атаулар тек шаруашылық қажеттілікті ғана емес, халықтың рухани құндылықтары мен этникалық ерекшеліктерін де бейнелейді.

Кілт сөздер: мал шаруашылығы, ғұрыптық фольклор, идиоэтникалық семантика, этнолингвистика, дәстүрлі мәдениет, ұлттық дүниетаным, қазақ тілі, мал атаулары, тілдік бірліктер, фразеология.

Makulova L. T.
(Taraz University named after M. H. Dulaty)
Bapaev A.M.
(Master's student of Taraz University named after M. H. Dulaty)

IDIOETHNIC SEMANTICS OF RITUAL FOLKLORE VOCABULARY IN THE KAZAKH LANGUAGE

Annotation. This article examines the idioethnic semantics of the vocabulary of ritual folklore in the Kazakh language. Vocabulary related to animal husbandry is an integral part of the traditional way of life and culture of the Kazakh people. The worldview, economic experience, customs and

beliefs of the nation are reflected through language units. Names related to livestock reflect not only economic needs, but also spiritual values and ethnic characteristics of the population.

Keywords: animal husbandry, ritual folklore, idioethnic semantics, ethnolinguistics, traditional culture, national worldview, Kazakh language, animal names, linguistic units, phraseology.

Мал шаруашылығы – қазақ халқының ғасырлар бойы дәстүрлі кәсібі болып, оның экономикалық және мәдени өмірінде ерекше орын алады. Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, мәдениеті мен дүниетанымы малға тікелей байланысты болғандықтан, мал шаруашылығына қатысты лексика да үлкен маңызға ие. Бұл лексика халықтың шаруашылық іс-әрекеттерін, сонымен қатар әлеуметтік және мәдени қатынастарын бейнелейтін сөздер мен тіркестердің жиынтығы болып табылады.

Мал шаруашылығының қазақ қоғамындағы рөлі. Қазақ қоғамында мал шаруашылығының маңызы өте зор болды. Көшпелі тұрмыс тіршілігін жүргізген қазақ халқы үшін мал, ең алдымен, күнкөрістің негізі, азық-түлік, киім, баспана мен тұрмысқа қажетті басқа да бұйымдардың көзі болып табылды. Әрбір мал түрінің өзіне тән қолданылуы мен бағалануы болғандықтан, мал шаруашылығына қатысты сөздер қазақ тілінің ең бай және ең күрделі бөліктерінің бірі болып саналады.

Мал шаруашылығына қатысты негізгі терминдер мен сөздер. Мал шаруашылығына қатысты лексика кең ауқымды сөздерді қамтиды, олардың ішінде жануарлардың түрлері, оларды бағып-күтудің тәсілдері, малдың түрлеріне қатысты арнайы атаулар мен қолданыстар бар. Қазақ тілінде малға қатысты сөздер мен терминдер бірнеше топқа бөлінеді:

1. Мал түрлерінің атаулары: Қазақ халқының мал шаруашылығында маңызды рөл атқарған жануарлардың әрқайсысына қатысты түрлі атаулар бар. Олардың ішінде:

Ірі қара - сиыр, бұқа, бұзау

Ұсақ мал - қой, ешкі, қозы, лақ

Жылқы - айғыр, биенің, құлын

Түйе - түйе, бота

Құс - тауық, үйрек, қаз, күркетауық

2. Мал бағып-күтудің тәсілдері: Мал шаруашылығына қатысты сөздер малды күту, бағу және тамақтандыруға байланысты әртүрлі іс-әрекеттерді сипаттайды:

Бағу- малды жайылымда ұстау, бағып-қағу.

Өрістету - малды жайылымға жіберу.

Қырқу - қойдың жүнін қырқу.

Сою - малды өлтіріп, етін алу.

Сүтімен қамдау - малдың сүтін пайдалану.

3. Мал шаруашылығына қатысты тұрмыс-салт және дәстүрлер: Мал шаруашылығымен тікелей байланысты қазақ халқының тұрмыс-салт дәстүрлері мен ұлттық әдет-ғұрыптары да тілде өз көрінісін табады. Бұл салттардың атаулары мал шаруашылығымен байланысты маңызды ұғымдар мен жағдайларды білдіреді:

Қымыз - жылқы сүтінен дайындалатын ұлттық сусын.

Шұбат- түйе сүтінен дайындалатын сусын.

Көлік - жылқы немесе түйе малдарының көлік ретінде қолданылуы.

4. Мал шаруашылығына қатысты экологиялық және әлеуметтік атаулар: Қазақ тілінде мал шаруашылығына байланысты экологиялық жағдайлар мен әлеуметтік құрылымдарды көрсететін сөздер де бар:

Жайылым - малды жайып, азықтандыратын жер.

Қора - малды қамауға арналған орын.

Шөп шабу - малды азықтандыру үшін шөп жинау.

Мал шаруашылығының тілде бейнеленуі. Қазақ тілінде мал шаруашылығы мен оның элементтері тек қана шаруашылық сөздермен шектелмейді. Сонымен қатар, олар халықтың мәдениетін, дүниетанымын, ұлттық ерекшеліктерін көрсететін көркем бейнелер ретінде де қолданылады. Мысалы, қазақтың мақал-мәтелдері мен фразеологизмдерінде малдың рөлі

ерекше:

- *«Малға бай, жанға жайлы»* - малдың адам өміріндегі мәнін көрсету.
- *«Жылқыда жүрген, адамда болар»* - батырлық пен ерлікке қатысты сөз.

Малдың түрлі қасиеттері мен мінез-құлқына қатысты да көптеген мақал-мәтелдер мен тұрақты сөз тіркестері бар. Мысалы:

- *«Қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған»* - тыныштық пен бейбітшілік туралы сөз.
- *«Қошқар мен теке күрескенде, қойдан жапа шегеді»* - үлкендердің арасында дау-жанжал болғанда, халықтың зардап шегетіні туралы.

Қазақ қауымының ежелгі дәуірдегі өлең-жырларының бір бөлігі жан-жануарларға, атап айтқанда, төрт түлік малға арналған. Бұл тақырыпқа қатысты тарихшы-этнографтар Ғ.Себепов пен Х.Арғынбаевтардың еңбектері жазылған. Мал атаулары туралы деректер диалектологиялық зерттеулерде де кездеседі, бұл бағытта О.Нақысбеков пен М.Бейсенованың еңбектері және түрлі сөздіктер жарық көрді. Сонымен қатар, Б.Кәмәлашұлы, Б.Тоқтағұл, Р.Панзарбекова, Б.Тілепиннің зерттеулері, сондай-ақ Ш.Жанәбілов пен Ә.Жақыпов құрастырған сөздіктер де атап өтуге тұрарлық. Диалектологиялық зерттеулерде мал атауларына қатысты арнайы тараулар енгізілген. 1969, 1996 және 1999 жылдары жарық көрген қазақ тілінің диалектологиялық сөздіктерінде төрт түлікке қатысты көптеген сөздер қамтылған. Сонымен қатар, төрт түлікке байланысты қалыптасқан идиоэтникалық семантика мәселелерін зерттеген профессор Е.Жанпейісовтың ғылыми мақалаларын ерекше атап өтуге болады [1]. Аталған сала бойынша диссертацияда *пір, Зеңгі баба, Қамбар ата, түлік, мал. Ойсыл Қара, Шопан ата, бағлан, қотан, шуда, өркеш, көнек, іркіт, саба* т.б лексемалардың ұлттық-мәдени, мифосалттық мәніне этнолингвистикалық талдау жасалды.

Жылқышы ата, Қамбар! Әр тілеуді құдай оңғар! Бала-шаға көп болсын, Бәле-жала жоқ болсын! (бата)

Мысалы, *пір* дегеніміз – «қолдап-қорғаушы рух», «көзге көрінбей қамқоршы болатын күш» немесе «біреуді құрмет тұту, қастерлеу» деген сияқты бірнеше мағына береді. Ал, парсы тілінде «ақсақалды қарт, діни бастық, әулие» деген мағынада айтылады. Ел ішінде дарынымен, жақсы қасиеттерімен құрметке бөленген қадірлі адамдарды «пір» деп атаған.

Жылқының пірі – *Қамбар ата.* Кейде *Жылқышы ата* деп те айтады. Аңыз бойынша, Қамбар ата хазіреті Ғалидың дүлдүлін баққан кісі деседі. Арғықазақ мифологиясын зерттеген С.Қондыбайдың пікірінше, Түрікпендік *Гамбарбаба* – қазақтың Қорқыты сияқты сазгерлер мен әншілердің, ақындардың пірі болып саналады. Ол *дутар* дейтін саз аспабын ойлап тапқан деседі. Қамбардың тағы бір мифтік функциясы – оның су стихиясымен байланыстылығы. «Көл иесі Қамбар-ау, Шөл иесі Қамбар-ау, қарағыма көз сал-ау» – осының нышаны. Міне, Қамбарға берілген үш мифологиялық функция: а)сумен байланысты; ә)жылқымен байланысты; б) музыкамен байланысты.

Бұл атау ежелгі дәуірде жылқыны тотем ретінде қастерлеу мен атқа табыну нанымдарының жалғасы болуы мүмкін. Түркі халықтарының мифологиясында жылқы малының жебеушісі ретінде Қамбар ата бейнесі кездеседі, ол кей жағдайларда аспан айғыры ретінде сипатталады. Сондай-ақ, әйел құдайлар мен әйел шамандардың бейнесі байтал кейпінде беріледі. Түркі-моңғол эпостарын зерттеген Р.С.Липецтің айтуынша, жылқы бабасының сакральды сипаттары эпостарда көмескі түрде көрініс тапқанымен, табынның жетекшісі ерекше бейнеленеді және батырдың серігі ретіндегі тұлпардың орны ерекше сипатталады [2, 162].

Жылқы пірін қазақтан өзге мал баққан қырғыздар да – *Қамбар ата* десе, сондай-ақ жылқы ішіндегі ең тәуірі, жақсысы, тамашасы да *Қамбар ата* атауын меншіктейді екен. Өзбектер мен түрікмендерде жылқы пірін *Дүлдүл баба* деп атау кең тараған.

Қамбар сөзінің түпкі мағынасының төркіні туралы Е.М.Абақан «Тілдің мәдени философиясы» еңбегінде: «...*қам* сөзінің негізгі мағынасы – қозғалыс, шеңбер, ел, қауым, орта, қасиетті, күшті, батыр, қазына, молшылық, қала т.б. көптеген ұғымдарды білдіреді. Көне түркі тіліндегі *қамұқ* сөзі «весь, целый, полный». Қазақта жылқы пірі – Қамбар ата. Қазақтың «кемпірқосағы» – Қомбор қосағы, яғни қасиетті көктің беліндегі кісе, мұнда «қам» түбірінің

мағынасы дөңгелек, көк, бүтін», - дейді [3, 167-168]. Ал, халқымыздың тұрмыс-салт жырларының типологиясын зерттеген Б.Уахатов: «қазақта қарақұрт, жылан, шаян, бүйінің уын қайтаратын арбаушының сөздерін былай: «Бүйі, бүйі, бүйі, шық! Бүйі иесі Қамбар шық», - деп келтіре отырып, мұндағы Қамбар ескіліктегі бақсылардың иесі, атасы, құдайы, пірі», - деген. Сонымен, авторлардың мәліметі бойынша, «қам» сөзі бақсы, бақсының ойыны, ал философиялық мағынасы – «қозғалыс», «шеңбер», «қасиетті», «молшылық», т.б. және *Қамбар* «бақсылардың пірі» дегендерді келтіре отырып, мынадай тұжырым пайда болады: Көне мифологияға сүйене отырып, жылқы, ең бірінші, Тәңірінің сүйген түлігіне айналып, пір *Қамбарды* дүниеге әкеліп, жылқы пірі *Қамбар* жаратушының бірінші өкіліне айналып, негізгі рольді атқарған.

«Шаруаның бір пірі – Ойсыл қара! Түйені өсір жарылқап, болып пана» деген халық өлеңіндегі *Ойсыл Қара* – түйе малының пірі, атасы [ҚТТС 7: 396]. Қырғыз тілінде *ойсулата* тұлғасында қалыптасқан [КРС: 563]. Түйе малы туралы арнайы зерттеу жүргізген Ә.Жақыпов ел аузынан естіген аңыздар бойынша, ертеде түйе атасы саналған – *Уайсхарра* немесе түйе бағушы – *Қаусылқазы* тәрізді адам аттарынан *ойсылқара* пайда болғандығын айтады [4, 205].

Мал шаруашылығына қатысты лексиканы зерттеген Б.Тілепиннің пікірінше, парсы тіліндегі «көлік», «көшуге керекті дүние» мағынасындағы *вәсайел* және *оусаэл* дыбыстық құрамдағы сөздер қазақ, қырғыз тілдеріне *ойсыл* қалпында жеткен [5, 129]. Ә.Нұрмағамбетұлының да пікірі осыған келіп саяды.

Ә.Диваевтың мәлімдеуінше: «*Ойсылқара* – Уваис иль-Карани Арабиядағы Йемен өлкесіндегі Каран атты елді мекеннің тұрғыны Мұхамед пайғамбардың замандасы, өте діндар кедей адам болған, керуендерге қосылып түйелерді жетектеп кәсіп еткен. Біздің ойымызша, *Ойсылқара* атауы ұғымдық жақтан «түйе» деген мағынаны білдіреді. Яғни парсының «көлік» мағыналы *оусаэл* сөзінің дыбыстық өзгеріске ұшырауынан тілімізде көшуге қажетті түйе малының пірін атайтын сөз пайда болған. Ал *қара* «қасиетті» деген ұғымды білдіреді.

Осылайша, мал шаруашылығына қатысты лексика халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігімен тығыз байланысты, оның ішінде ежелгі кәсібі мен еңбегі, киімі мен тағамы, ер-тұрманы, түрлі әдет-ғұрыптары мен мифтік наным-сенімдерін қамтитын этномәдени құндылықтарды бейнелейді.

Ғұрыптық фольклор үлгілеріндегі тілдік деректер сол кезеңде өмір сүрген ата-бабаларымыздың мәдени мұраларын жаңғырта отырып, олардың рухани байлығы мен тұрмыс ерекшелігін, дәстүрлі кәсіптері мен еңбегін, тұтынған заттары мен қолданған қару-жарағын, ер-тұрманын, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін сипаттайды. Бұл мәліметтер тілдің кумулятивтік қызметін айқындайтын идиоэтникалық, этнолингвистикалық, этимологиялық зерттеулер үшін маңызды материал болып табылады.

Сонымен қатар, зерттелген лексикалық бірліктердің мағыналық ауқымы кең болып, кейбір сөздердің тек қазақ тілінде ғана емес, жалпы түркі халықтарының көне этникалық мәдениетімен байланысы анықталды. Фольклорлық шығармаларда ұмыт болған әдет-ғұрыптар, наным-сенімдер, тарихи аңыздар, жергілікті тіл ерекшеліктері, тұрмыстық және этнографиялық ұғымдар, сондай-ақ діни терминдер мен атаулардың алғашқы мән-мағынасын сақтаған көптеген іздері кездеседі. Көне этнолексика – халықтың этномәдени тарихы, тілдік процестері мен шығармашылық дамуы туралы баға жетпес ақпарат көзі болып табылады.

Қорыта келе мал шаруашылығына қатысты лексика қазақ тілінің айрықша бай әрі көпқабатты бөлігін құрайды. Бұл лексика қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан шаруашылық тіршілігін, мәдениетін және дүниетанымын толық бейнелейді. Малға қатысты сөздер тек күнкөріс құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар ұлттық рух пен дәстүрдің көрінісі ретінде де қолданылып, қазақ тілінің ерекшеліктерін айқындайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жанпейісов Е. Төрт түлік төңірегінде // ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы,

2005. – №3; ...Төрт түлік төңірегінде: жылқы (екінші мақала) // ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы, 2006. – №1. –24–32 бб; ...Төрт түлік төңірегінде: сиыр (үшінші мақала) // ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы, 2006. – №4. 18-24 бб.

2. Липец Р.С. Образы батыра и его коня в тюрко-монгольском эпосе. –М.: Наука, 1984. – 264 с.

3. Абақан Е.М. Тілдің мәдени философиясы. – Алматы: Айкос, 2000. – 184 б.

4. Жақыпов Ә. Ойсылқара ма, Қаусылқазы ма? // Төрт түлік төресі кім? – Алматы: Ғылым, 1990. – 352 б.

5.Тілепин Б. Қой-ешкі атаулары мен тіркесімдерінің этнолингвистикалық сипаты: ф.ғ.к....дисс.: 10.02.02.– Алматы, 1997. – 138 бет.

УДК 1751.

Махишева Г.Д.
(СШ №50, Казахстан, Тараз)
Тихонович Ж.А.
(СШ №50, Казахстан, Тараз)

РОЛЬ РУССКОГО ЯЗЫКА В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ

Аннотация. С помощью русского языка можно описать свои чувства и эмоции, переживания и огорчения, красоту родного края и состояние души. Нужно любить свой язык и гордиться тем, что мы являемся его носителями, М.В.Ломоносов сказал: «Каждый язык красив, но родной язык себе дороже».

Ключевые слова: великий, могучий, правдивый и свободный русский язык, многогранность, любить свой язык, современное общество.

Mahisheva G.D.
(School No. 50, Kazakhstan, Taraz)
Tikhonovich J.A.
(School No. 50, Kazakhstan, Taraz)

THE RUSSIAN LANGUAGE IN THE MODERN WORLD

Abstract. With the help of the Russian language, you can describe your feelings and emotions, experiences and sorrows, the beauty of your native land and the state of your soul. We need to love our language and be proud of the fact that we are its speakers, MV Lomonosov said: "Every language is beautiful, but our native language is more precious."

Keywords: great, mighty, true and free Russian language, multifacetedness, loving your language, modern society.

Каждый человек, хоть раз в жизни, задумывался о роли русского языка в современном обществе. Я – не исключение. Осенью, читая стихотворение в прозе «Русский язык» Ивана Сергеевича Тургенева, меня поразили строки: «Во дни сомнений, во дни тягостных раздумий о судьбах моей родины – ты один мне поддержка и опора, о великий, могучий, правдивый и свободный русский язык!..». Почему же знаменитый писатель XIX века называет русский язык «великим» и «могучим»? Всё дело в том, что во время написания данных строк Иван

Сергеевич находился во Франции, и ему нравилась жизнь на западе, но не могло и речи идти о том, чтобы знаменитый русский писатель писал свои произведения на английском или французском языках. Иван Сергеевич тосковал по Родине. Он понимал, что только русский язык с его силой, богатством, мощью, его гибкостью и многогранностью сможет передать всю прелесть и очарование России. И.С.Тургенев понимал значение и силу русского языка. Он знал, что у русского языка великое будущее.

Роль русского языка и в современном обществе велика. Русский язык – язык межнационального общения и один из мировых языков. В его изучении заинтересованы в Китае, Монголии, Вьетнаме и в других странах, где видят в России надёжного экономического партнёра и сильную могущественную державу. Русский язык изучают как иностранный язык во многих школах США, Австрии, Латвии, Эстонии и других стран. Немаловажную роль в популяризации русского языка играет великая русская литература. Люди за рубежом любят читать А.С.Пушкина, Ф.М.Достоевского, М.Е. Салтыкова –Щедрина, Л.Н.Толстого и других великих классиков. Многие из любителей русской литературы изучают русский язык, чтобы прочитать произведения в первоисточнике, а не в переводе. Ведь для того, чтобы понять всю прелесть и неповторимость любого произведения, его нужно прочитать на том языке, на котором оно было написано. Томас Манн, немецкий писатель, писал, что русская литература конца XVIII и XIX веков действительно одно из чудес духовной культуры. А Антуан де Сент-Экзюпери говорил: «В пятнадцать лет я напал на Достоевского, и это было для меня истинным откровением: я сразу почувствовал, что прикоснулся к чему-то огромному, и бросился читать все, что он написал, книгу за книгой, как до того читал Бальзака.» И как после таких слов мы можем не гордиться нашим родным языком?

Популярность русского языка в мире очень высока. Потребность в изучении языка за пределами Российской Федерации в мире составляет 125 млн человек. В особенности большой спрос на изучение русского языка сохраняется в странах СНГ, где количество заинтересованных в его изучении составляет 100 млн человек. На чемпионат мира по футболу FIFA 2018 в Россию приехало 7% иностранных волонтёров, которые прекрасно говорили на русском языке.

Ф.В. Ницше, немецкий мыслитель, филолог, писал: «Язык — это наследие, получаемое от предков и оставляемое потомкам наследие, к которому нужно относиться со страхом и уважением, как к чему-то священному, неоценимому и недоступному для оскорбления». Я считаю, что нужно беречь наш язык и нужно гордиться тем, что мы – носители русского языка, ведь в русском языке так много красок, чтобы живо изобразить любую картину; его словарный запас позволяет передать даже самую сложную мысль. Словарь современного русского языка насчитывает более полумиллиона слов . В каком ещё языке вы встретите столько разновидностей синонимов: здесь вам и семантические, и стилистические, и контекстуальные синонимы. В русском языке их так много, что они позволяют разнообразить язык и избежать повторений. От этого язык становится самобытным и завораживающим. Этим нередко пользуются поэты, «сходившие с ума» от поиска рифмы, но ведь стоит только внимательнее почитать словарь. Только в русском языке можно выразить мельчайшие оттенки смысла простым изменением формы слова, ведь такого богатого набора суффиксов, приставок или окончаний нет ни в одном мировом языке. Например, суффиксы могут придавать уменьшительно-ласкательную окрасу (мамочка, сынишка). Нельзя забывать про эпитеты, метафоры, фразеологизмы, красивые речевые обороты, которые делают литературные произведения яркими и насыщенными.

Для того, чтобы сохранить культуру русского языка, чтобы он развивался дальше и им были заинтересованы жители нашей и других стран, существует волонтёрская программа «Послы русского языка в мире». Цель программы - популяризация русского языка, культуры и литературы в России и за рубежом, а также развитие и укрепление партнерских связей межвузовского и международного характера, пропаганда культурных ценностей толерантности и организация диалога культур.
Русский язык - часть нашей истории и культуры. С помощью русского языка можно описать

свои чувства и эмоции, переживания и огорчения, красоту родного края и состояние души. Нужно любить свой язык и гордиться тем, что мы являемся его носителями, М.В.Ломоносов сказал: «Каждый язык красив, но родной язык себе дороже». Есть такие русские слова, которые многие из нас даже и не слышали, а если и слышали, то позабыли, но эти слова обозначаю самые важные понятия для русского человека: любомудрие, благодеяние, милосердие, великолепие, благословление, благодарение. Вы только вслушайтесь, как прекрасно звучат эти слова. Одним исконно русским словом можно описать весь свой внутренний мир.

Мы обязаны беречь чистоту нашего языка, охранять его от слов «паразитов» и американизмов, которых в последнее время стало очень много в нашей речи. Не зря Александр Иванович Куприн писал: «Русский язык в умелых руках и в опытных устах — красив, певуч, выразителен, гибок, послушен, ловок и вместителен». Все вместе мы сохраним наше достояние – наш великий русский язык!

Русский язык - это национальный язык русского народа, форма русской национальной культуры; это родной язык русских людей. Русский язык – один из наиболее развитых языков мира. Он обладает богатым словарным фондом и терминологией по всем отраслям науки и техники, выразительной краткостью и ясностью грамматических средств, способностью отразить всё многообразие окружающего мира. Согласно Конституции Российской Федерации русский язык является государственным языком Российской Федерации на всей её территории. В июне 2005 года был принят Федеральный закон «О государственном языке Российской Федерации». Закон направлен на обеспечение использования государственного языка РФ на всей территории России, обеспечение прав граждан РФ на пользование государственным языком РФ, а также на защиту и развитие языковой культуры. В статье «Русский язык как государственный язык Российской Федерации» указывается, что при использовании русского языка как государственного не допускается использование просторечных, пренебрежительных, бранных слов и выражений, а также иностранных слов при наличии общеупотребительных аналогов в русском языке.

Русский язык – это не только государственный язык Российской Федерации. Он относится к числу мировых языков, то есть таких языков, которые служат средством международного общения народов разных государств. Из более чем двух с половиной тысяч языков, известных в мире, международное общение обеспечивает группа наиболее развитых мировых языков, так называемый клуб мировых языков. Выдвижение языка на роль мирового определяется общечеловеческой значимостью культуры, созданной на этом языке. Статус языка как мирового юридически закрепляется путём признания его официальным или рабочим языком международных организаций или конференций (ООН, ЮНЕСКО и др.). Так, русский язык признан одним из шести официальных языков ООН наряду с английским, арабским, испанским, китайским и французским; на нём написаны важнейшие международные договоры и соглашения. Русский язык изучается в большинстве стран. Преподаватели русского языка объединены Международной ассоциацией преподавателей русского языка и литературы (МАПРЯЛ).

Владение богатствами русского языка – важный показатель культурного уровня любого человека, независимо от его специальности. Уметь выражать свои мысли чётко и ясно, с соблюдением всех правил произношения, грамматики, лексики означает быть хорошо понятым всеми, кто говорит на русском языке. Есть в этом и эстетическая сторона, так как русский язык – великое чудо культуры, созданное русским народом, его лучшими писателями и публицистами.

В настоящее время по степени распространенности русский язык пока еще занимает четвертое место в мире. Лидируют английский язык (оценочно для 500 миллионов человек он является родным или вторым языком и еще свыше 1 миллиарда человек владеют им как иностранным) и китайский (им владеют – почти исключительно как родным – свыше 1350 миллионов человек). Третье место занимает испанский язык (им владеет около 360 миллионов человек, в том числе оценочно 335 миллионов – как родным). У русского языка есть большой

внутренний потенциал для дальнейшего развития и богатое культурное наследие. Тем не менее, русский язык является единственным из ведущих мировых языков, который на протяжении последних 15 лет неуклонно утрачивал свои позиции во всех основных регионах мира, и в ближайшие 20 лет эта негативная тенденция сохранится, если не будут приняты соответствующие меры по эффективной поддержке русского языка и культуры внутри страны, в ближнем и дальнем зарубежье.

Список использованной литературы:

1. Власьева Л.Ф. Сочинения по личным впечатлениям / Л.Ф.Власьева // Русский язык в школе. – 1984. - №5. – с. 46 - 50
2. Поиск новых путей: из опыта работы. Библиотека учителя русского языка и литературы / сост. С.Н.Громцева. – М.: Просвещение, 1990.– с. 66-88
3. Система обучения сочинениям на уроках русского языка(4 -8 классы) / под ред. Т.А.Ладыженской, М.Просвещение, 1978.

ӘӨЖ 81-11

Медеева Г.С.
(Тараз қаласы, 24 гимназия)

ТІЛ ДАМЫТУ ЖӘНЕ ОНЫҢ МАҢЫЗЫ

Аннотация. Бұл мақалада қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытудағы тіл дамыту жұмыстарының маңызы туралы баяндалады. Оқушылардың тіл дамыту жұмысын дұрыс ұйымдастырып, дұрыс жүргізіп отыру - әдебиетті сөз өнері ретінде шығармашылық шабытпен шебер оқыта білудің бір көрінісі болып саналады. Тіл дамыту-оқушыны тілдік тұлғаларды дұрыс қолданып, ойын басқа адамға толық жеткізіге дағдыландыру, басқа адамдардың сөзін жақсы түсінуге үйрету. Басқаша айтқанда тіл дамыту – қазақ тілі оқушының қарым-қатынас құралына айналдыру. Бұл жалпы тіл үйрету мақсатымен толық сай келеді. Мектептерде оқушының қазақ тілін дамыту үшін қазақ тілінің лексикалық, грамматикалық тұлғаларын меңгерту, оларды сөйлемде қолдану дағдыларын қалыптастыру, яғни қазақ тілінде әдеби тілмен сөйлеуге үйрету керек.

Тірек сөздер: *тіл дамыту, сөздік қор, тілдік тұлға, әдеби тіл, сөз өнері*

Тіл – қоғам өмірін ұйымдастырудың басты құралы болумен бірге әлеуметтік және экономикалық өрлеу мен дамудың, халық пен қоғам өміріндегі өзгерістер мен жаңалықтардың айнасы. К. Аханов тіл дамытуды: «айтайын дегенді дәлме – дәл, ашық, айқын және әсерлі түрде жеткізіп беру ол үшін тілді, әсіресе оның байлығын, көркемділігі мен үнділігін, сан сырлы мағынасы мен өткірлігін, эмоциональды болуы мен экспресивті қызметін жан – жақты меңгеру», — деп біледі [1, 125б].

Тіл дамыту – қазіргі оқытудың басты мәселесі. Тіл мен сөйлеу процесін жіктей оқыту, оқушының дұрыс сөйлей білуіне көңіл бөлу, ауызша және жазбаша тілін дамытып, тіл мәдениетін жетілдіруде қазақ тілі мен әдебиет пәнінің алатын орны ерекше. Әр мұғалім қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында тіл дамыту жұмыстарын шығармашылықпен жүргізіп, дұрыс ұйымдастыра білсе, ол оқушының күнделікті өмірдегі құбылысты жан-жақты түсіне білуіне, білген нәрселерін ауызекі сөздерінде қолдана білуіне жағдай жасайды. Сондықтан қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі көркем сөздің осы сияқты ерекшеліктерін оқушыларды тіл мәдениетіне үйретіп жетілдірудің мықты құралы ете білуге тиіс. Оқушының тілін дамыту жұмысы - ол баланың жалпы ойын дамыту деген сөз, өйткені оқушы пәнді оқып үйренсе де, өзінің істеген жұмысы, көрген-білгені туралы күнбе-күн сөйлеп, ойын қалыптастырып

отырады, яғни оқушылардың тілін дамыту мәселесі олардың ойлау қабілетімен байланыстырылса, сондай-ақ, ойлау мен сөйлеу процесінің бірлігінде ұйымдастырылады.

Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында нақтылы тәрбиелік процесте ауызша тіл дамыту жұмыстары қай жерде, қалай жүргізіледі, оқушылардың сөйлеу тіліндегі кемшіліктер қандай әдіс-тәсілдер арқылы түзетіліп отырады-мұның бәрін ойластырып, педагогикалық, психологиялық, методологиялық тұрғыдан қарап, дұрыс шешімін табатын тек қана тіл маманы болып табылады. Оқушылардың ауызекі сөйлеу тілін, тіл мәдениетін арттыру мен дамыту, сапалы білім беру-қазіргі кезде мектеп мұғалімдерінің, тіл мамандарының алдында тұрған басты міндеттердің бірі.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында оқушыларды сөзді дұрыс қолдана білуге, өз ойын орнықты жеткізуге, еркін сөйлей білуге жетелейтін тәсілдің бірі – тіл дамыту жұмыстары. Оқушылардың тіл дамыту жұмысын дұрыс ұйымдастырып, дұрыс жүргізіп отыру-әдебиетті сөз өнері ретінде шығармашылық шабытпен шебер оқыта білудің бір көрінісі болып саналады. Тіл дамыту мақсатындағы жүргізілетін жұмыстар оқушының ойлау қабілетіне,сондай-ақ өз ойын жеткізе білуіне, шығармашылық ізденісіне жол ашады. Оқушының білімі ғана жетіліп қоймайды, қабілетінің, дарын көзінің ашылуына түрткі болады.

Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында оқушылардың сөйлеу тіліне мынадай талап қойылады:

- оқушы айтайын деген ой-пікірін жүйелі, байланысты түрде әңгімелеп беруге жаттығу;
- сөз тартымды, мазмұнды болуға тиісті;
- әдеби тілдің нормасынан ауытқып кетпей, оны сақтап мәнерлеп сөйлеуге дағдылану;
- сөзді дұрыс, орынды қолданып, сөйлемді дұрыс құрап, ойын айта білуге машықтану.

Тіл дамытудың басты құралы сөздік қорда жатады. Оқушының сөздік қорының неғұрлым көп болуы және оны тиімді қолдана білуі жүйелі еңбекті қажет етеді. Сөздік қорды байыту жұмысында іріктелініп алынатын атаулар, ұғымдар ұлттық дәстүріміз бен өткен тарихымызға байланысты болса, оның жан-жақты маңызы артып отыратындығы белгілі. Өйткені оқушылар өзінің туған халқының тарихымен, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрімен байланысты атауларды үйрену арқылы білім қорын жинай бастайды.

Қазақ тіліндегі тіл ұстарту жұмыстарының негізгі мақсаты – дұрыс, сауатты жазуға, оқушының ауызша және жазбаша ойын, грамматикасы және стилистикасы жағынан дұрыс сөйлем құрап, жүйелі сөйлеуге үйрету. Тіл дамыту жұмыстары ауызша-жазбаша жаттығулар, мәтінмен жұмыс, мазмұндама, шығарма, диктант, мақала жазу, мінездеме беру, суретпен жұмыс, сұраққа жауап жаздыру, жоспар жасату, кітап оқу сияқты жұмыс түрлері арқылы іске асырылады.

Оқыту жүйесінде оқушылардың тіл дамыту жұмыстарын қарастыру ерте кездерде қолға алынған. Оған дәлел ежелгі грек философтары Сократтың «сократтық оқыту әдісі» немесе «эвристикалық әңгіме» әдісі немесе «сұрақ-жауап оқыту жүйесін» жасады. Бұл әдістің негізгі мәні – тыңдаушыны әңгіме барысында қарама-қайшылықтарға әкеліп, сонан соң оң түсініктермен индукция арқылы шындыққа көз жеткізу. Әдістің маңызды жағы – бірізділік, сұрақтардың логикалық жүйелілігі; мақсаты – жаңа білімді меңгеру, шындықты іздеу.

Тіл дамыту-оқушыны тілдік тұлғаларды дұрыс қолданып, ойын басқа адамға толық жеткізіге дағдыландыру, басқа адамдардың сөзін жақсы түсінуге үйрету. Басқаша айтқанда тіл дамыту – қазақ тілі оқушының қарым-қатынас құралына айналдыру. Бұл жалпы тіл үйрету мақсатымен толық сай келеді. Мектептерде оқушының қазақ тілін дамыту ұғымына қазақ тілінің лексикалық, грамматикалық тұлғаларын меңгерту, оларды сөйлемде қолдану дағдыларын қалыптастыру яғни қазақ тілінде әдеби тілмен сөйлеуге үйрету жатады. қазақ тілінің орфографиялық нормасын оқушыда қалыптастыру, қаақша сауатты жазу дағдысын меңгерту де осы ұғымға кіреді; сөздерді бір-бірімен дұрыс байланыстырып, сөз тіркесін жасау арқылы оларды арқылы ойын басқаға жеткізу, басқаның сөзін түсіну де тіл дамыту ұғымына жатады.

Қазақ тілін оқыту әдістемесінде мұғалімдерге көмек болардық еңбектің, яғни оқыту әдістері жайында бағыт – бағдар көрсетерлік әдістемелік еңбектердің тарихы қазақ халқының

алғашқы педагогі, балалар әдебиетінің атасы ЫБырай Алтынсариннен басталады. Ағартушы – ғалым мәтіндер арқылы баланың тілін дамытудың маңызын ашып, оны іс жүзінде дәлелдеген. «Тіл сезімін дамыту, — дейді педагог – оқушылардың мектеп қабырғасына келгендегі сөз қорын әрі қарай байыту, ал ол оқытушылардан сабақ пен жаттығулардың әбден ойланған системасын талап етеді»[2, 14-15 бб.] деп мұғалімнің де бала тілін дамытуда тиімді әдістердің сараланған түрлерін қолдану керектігін айтып, ұстаздар жұмысының ауырлығын көрсетеді.

Ы.Алтынсарин баланың тілін дамыта оқытудың міндеттерін белгілесе, XX ғасырдың басындағы білім саласы мен ғылым жолындағы өте биік тұлға – А.Байтұрсынов оны жалғастырды. А.Байтұрсынов қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаушы да болып саналады. А.Байтұрсынов бала тілін дамытуға аса қажетті материал ретінде жаңылтпаш, мақал – мәтелдер, жұмбақтарды береді де, осыдан кейін сюжетті мәтінге көшеді. Себебі бала тілін дамытудың теориялық негізі – халықтық педагогикада, соның қайнар көзі халық ауыз әдебиетінен бастау алады. [3, 68 б.].

Оқушының сөздік қорын үнемі байытып отыру-тіл дамытудағы негізгі мәселе. Сөздік қоры бай адамның ойын анық жеткізу мүмкіндігі мол болады. Сөздік қоры бай адам ойын жеткізуге ең керек сөзді таңдап қолдана алады, оның ойын дәл білдіретін сөзді тыңдау мүмкіндігі бар. Сондықтан тіл дамытуда оқушының сөздік қорын байытуға ерекше мән беріледі.

Сөздік жұмысы әр сабақ үстінде, жыл бойында, бүкіл оқу кезеңінде белгілі жоспармен, жүйемен жүргізілуі керек. Оқушы сабақ сайын жаңа сөз үйреніп отырады. Оқушыға үйретілетін жаңа сөз мәтінде, диалогтарда жаттығу қолданысымен байланысыты беріледі. Сабақ сайын жылма-жыл әр сыныпта оқышының сөздік қоры өсіп отырады. Әр сабақта үйретілетін жаңа сөз оқушының сөздік қорын байтудағы негізгі мақсат болып саналады. Осы мақсатта жету үшін, төмендегі жұмыстар жасалу керек:

1.Жаңа сөз мағынасын оқушыға анық түсіндіру;
2.Жаңа сөздің оқушы есінде сақталуын қамтамасыз ету;
3.Қолдану дағдысын қалптастыру;
4.Жаңа сөздің айтылуы мен жазылуын меңгерту;
5. Сөздікпен жұмысқа үйрету.

Тілді қоғамдағы осы маңызды қызметтерін толық атқаратын дәрежеге сәйкес етіп, тілді оқушыға меңгерту тілді оқытудағы негізгі мақсат болып табылады. Осы мақсатты орындау үшін тілді оқытуда оқушылардың өз ойын әдеби тілдің нормасы бойынша нақты, дәл жеткізе білу қабілетін дамыту міндеті көзделді.

Жеке адамның сөйлеуінің өзі – оның білімі мен мәдениетінің, сауаттылығының, жалпы рухани дәрежесінің негізгі көрсеткіштерінің бірі. Себебі адамның сөйлеуінен оның ішкі жан дүниесі, ой толғанысы байқалады. Сондықтан да тіл дамыту – мектептегі оқу-тәрбие ісіндегі ең басты мәселе.

Тіл арқылы адам ойын басқаға жеткізеді, қарым-қатынас жасайды және сол арқылы басқаға әсер етіп, ой салады. Қандай қоғамдық ортада болсын адамның белсенді әрекеті оның тілінің жан-жақты, әдеби тіл нормасына сай даму дәрежесіне де байланысты. Ал оқушылардың тілінің дұрыс қалыптасып, дамуы оқу үлгеріміне әсер етеді.

Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі – баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы. Бүгінгі таңда елімізде Ж.А.Қараевтың, Ә.Жүнісбековтің, М.Жанпейісованың және т.б. ғалымдардың оқыту технологиялары белсенді түрде қолданылуда.

Елімізде оқыту формасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көп нұсқалық қағидасы бекітілген, бұл білім мекемелерінің мұғалімдеріне, педагогтарына өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануға, педагогикалық процесті кез келген үлгімен, тіпті авторлық үлгімен құруға мүмкіндік береді. Дәстүрлі сыныптық сабақ жүйесінің барлық элементтерін және сабақты құрастыру технологияларын қолданумен қатар, ұстаз келесі педагогикалық тхнологияларды қолдана алады: ойын технологиялары, проблемалық оқыту, басқа тілдерді коммуникативтік

оқыту технологиясы, оқу зерттеуін ұйымдастыру технологиясы, сын тұрғыдан ойлауды дамыту, жобалау әдісі, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар [4, 31 б.].

Бұл технологиялар теориялық тұрғыда дәлелденіп, тәжірибеде жақсы нәтиже көрсетіп тұр. Аталған технологияларды күнделікті сабақ үрдісінде қолдану үшін әр мұғалім оқушылардың жас ерекшеліктерін ескер отырып, педагогтік мақсат-міндетіне сай, өзінің шеберлігіне қарай таңдап алады.

Қорыта келе, тіл дамыту – оқушылардың сөздік қорын байытуға, сөздердің мағынасын түсініп, оларды орнымен қолдана білуге, өз ой-пікірлерін біреуге жеке сөйлемдер арқылы, логикалық, композициялық тұтастығын, құрылымын сақтай отырып жүйелі түрде әңгімелеу немесе жазбаша дұрыс білдіруге үйрету жұмысы. Қоғам дамыған сайын ақпараттық технологиялардың біздің өміріміздің үлкен орын алатыны жасырын емес. Қазірдің өзінде мектеп жасына жетпеген жеткіншектеріміздің жаңа технологияларды пайдалануды тез үйреніп алатындығына көзіміз жетті. Сондықтан бір жағынан уақыт үнемдеу үшін, екіншіден баланың қызығушылығын тудырған жаңа технологияны баланың дұрыс дамуына бағыттай алуымыз үшін жаңа технологияларды сабақ барысында қолдануымыз әрі оны жаңартып тұруымыз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жапбаров А. «Мектеп оқушыларының тілін дамыту әдістемесі». – Алматы: Шымкент: Жібек жолы, 1997. – 200 б.
2. Жахина Б.Б. Сөздің лексика-семантикалық тобымен байланыста тіл дамытудың әдістемесі. Оқу құралы. – Көкшетау: Келешек – 2030, 2007. – 185 б.
3. Ақыл кені. – Алматы: Көшпенділер, 2005. – 244 б.
4. Жапбаров А. Қазақ тілін оқыту арқылы тіл дамытудың әдіснамалық және әдістемелік негіздері (V- IX сыныптар). Автореферат. – Алматы: 2004. – 53 б.

УДК 372.881.111.1

Мубаракшина Р.А.
(КГУ «Гимназия №24 отдела образования города Тараз управления образования акимата Жамбылской области»)

ЭФФЕКТИВНЫЕ ПРИЕМЫ ФОРМИРОВАНИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

Аннотация. Данная статья посвящена вопросу эффективных приемов формирования функциональной грамотности на уроках английского языка. Функциональная грамотность подразумевает развитие таких основных навыков, как чтение, говорение, письмо. В статье предлагаются разнообразные виды заданий на всестороннее развитие навыков учеников. Предлагаемые методы и приемы развивают функциональную грамотность учащихся. Эти навыки способствуют комплексному освоению основных видов речевой деятельности, успешному применению английского языка в процессе обучения.

Ключевые слова: функциональная грамотность, всестороннее развитие навыков, чтение, письмо, разные виды заданий.

Mubarakshina R.A.
(KSU “Gymnasium № 24 of the Education Department of the city of Taraz, Department of Education of the Akimat of Zhambyl Region”)

EFFECTIVE TECHNIQUES FOR THE FORMATION OF FUNCTIONAL LITERACY IN ENGLISH LESSONS

Abstract. This article is devoted to the issue of effective methods of formation functional literacy in English lesson. Functional literacy involves the development of basic skills such as reading, speaking and writing. Various types of tasks for comprehensive development of students' skills are presented in this article. The proposed methods and techniques develop students' functional literacy. This skills contribute to comprehensive development of the main types of speech activity, the successful application of English language in the learning process.

Keywords: functional literacy, comprehensive development of skills, reading, writing, different types of tasks.

«Функционально грамотный человек —
это человек, который способен использовать
все постоянно приобретаемые в течение жизни
знания, умения и навыки для решения максимально
широкого диапазона жизненных задач в различных
сферах человеческой деятельности, общения и
социальных отношений»
Леонтьев А.А.

В настоящее время английский язык занимает особое место среди множества других языков – английский язык является языком международного общения. Наша задача научить обучающихся владеть коммуникативными навыками, то есть свободно общаться с окружающими на определенную тему и, таким образом формировать их функциональную грамотность. Для вовлечения учащихся в активную познавательную деятельность, необходимо использовать разнообразные и эффективные методы и приемы.

Что же такое функциональная грамотность? Изначально этот термин был введен в 1957 г. ЮНЕСКО и означал умения, включающие чтение и письмо. Другими словами, грамотность – это определенный уровень владения навыками чтения, письма, счета и работы с документами.

Одновременно были введены понятия «минимальной грамотности» и «функциональной грамотности». Первое характеризует способность читать и писать простые сообщения, второе – способность использовать навыки чтения и письма в условиях взаимодействия с социумом, то есть это тот уровень грамотности, который делает возможным полноценную деятельность индивида в социальном окружении.

По мнению С.А. Крупник, В.В. Мацкевича, проблематика грамотности (функциональной грамотности) становится актуальной только тогда, когда страна должна наверстывать упущенное, догонять другие страны. Именно поэтому понятие функциональной грамотности использовалось как мера оценки качества жизни общества (своего рода культурный стандарт) при сопоставлении социально-экономической эффективности разных стран.


Однако со временем с термином «функциональная грамотность» стали происходить значительные изменения.

Границы этого термина существенно расширились. Т.е. он стал применятся как совокупность знаний и навыков, позволяющих человеку уверенно действовать в окружающей материальной и социокультурной среде; способ социальной ориентации личности. Поэтому для нашей страны особую актуальность приобретает исследование уровня функциональной грамотности учащихся, т.к. все эти функциональные навыки формируются именно в школе.

Под функциональной грамотностью учащегося подразумевается развитие всех основных навыков учащегося: чтения, аудирования, говорения и письма. Для развития всех этих навыков мною была написана авторская программа "Play, read, speak and write in English" для 6-х классов. Программа была апробирована на уроках в гимназии №24 и дала отличные результаты в развитии навыков социальной и языковой компетенциях.

Чтение. Чтение – это один из самых важных инструментов развития таких навыков как понимание и интерпретация текста, и тем самым – развитие функциональной грамотности школьника. До работы с текстом необходимо поработать с лексикой по теме урока. Для этого можно дать игровые задания:

- ✓ подобрать к картинкам слова,
- ✓ отгадать слово по заданному определению,
- ✓ подставить новые слова в предложения, составить диаграмму Венна (например, какую одежду носят мальчики или девочки, а какую носят и те и другие),
- ✓ распределить, какие прилагательные являются имеют положительное значение, а какие отрицательное,
- ✓ отгадать значение выделенного слова в предложении,
- ✓ выбрать прилагательные, которые подходят для описания человека (например, героя),
- ✓ за одну минуту назвать виды транспорта, которые учащиеся знают.



Основные этапы развития читательской компетенции:

1. **Pre-reading activities** /Предтекстовый уровень. На предтекстовом уровне учащимся также можно дать разнообразные задания. Например, посмотрите на картинки и скажите, о чем будет данный текст или задание – ответить на вопрос, знают ли они что-нибудь о наградах героев Казахстана или об известных спортсменах, какие особенности географического ландшафта Казахстана учащиеся могут назвать.

Можно задать вопросы по теме перед чтением текста.

Answer the questions

1. *Have you ever heard that cats and dogs are great doctors?*
2. *Does anyone have a cat or a dog at home?*
3. *Can you share with us your experience?*
4. *Do they ever act like doctors?*
5. *Can they behave like people?*

2. **While-reading activities** /Текстовый

Осмысленное понимание прочитанного. Для развития читательской грамотности на уроках английского языка в основном используются упражнения на нахождение информации, интерпретирования и интегрирования информации, понимания и применения полученных знаний.

Задания:

- ✓ найти ответы на предложенные вопросы;
- ✓ подтвердить правильность (True) или ложность утверждений (False), либо выявить, что это в тексте не упомянуто *(Not stated);*

- ✓ составить предложения по порядку;
- ✓ найти соответствия;
- ✓ выполнить задание на множественный выбор;
- ✓ подобрать подходящий заголовок к каждому из абзацев;
- ✓ догадаться о значении слова или слов по контексту, какой из предложенных;
- ✓ переводов слова наиболее точно отражает его значение в данном контексте;
- ✓ восполнить недостающую информацию;
- ✓ придумать продолжение истории.



Reading

Read the texts and write *True* or *False* for the following statements.

Hi, I'm Jenny. I'm 12 years old and I'm from England. My favourite subject is English. It's very interesting. My teacher is nice and funny. I'm good at English but I'm not good at History or Maths. They're boring! My favourite sport is tennis. I play tennis every day after school.

My name is Damir and I'm 13 years old. I'm from Kazakhstan. My favourite sport is football. My favourite subject is Music. I'm good at Music. I play the guitar and I really like music. I'm not very good at Physics! I think it is difficult. I'm interested in art, but I'm not very good at painting.

1. Jenny is 12 years old. _____
2. Jenny is from France. _____
3. Jenny's favorite subject is English. _____
4. Jenny is good at History and Maths._____
5. Jenny's favorite sport is basketball. _____
6. Jenny plays tennis every day after school. _____
7. Damir is from France. _____
8. Damir's favourite subject is Physics._____
9. Damir is good at Music. _____
10. Damir's favourite sport is tennis. _____



Task 2

Reading

A. Look at the picture. What do you think happened to these children? Read and find out.



Three days ago, Isabel Morton went on a skiing holiday with her parents and her brother. Before they left, they bought new ski clothes.

'I got a bright red jacket,' says Isabel. 'I liked it a lot but the others didn't. My brother thought it was really ugly'.

On the second day of their trip, Isabel and her brother were on the slopes.

Suddenly, there was a terrible avalanche.

'There was a loud noise and we fell down. We were really scared. We didn't know what it was. Then there was snow everywhere... that's all I remember,' says Isabel.

Three hours later, John Bourne, a helicopter pilot, found Isabel and her brother. 'I saw this bright red thing in the snow,' he says. 'I just knew somebody was in danger. However, it was dangerous to go down there alone so I called the mountain rescue team and together we rescued them.'

So, Isabel's bright red jacket and these brave men saved the children's lives. They are now safe at home.

B. Read again and complete the sentences.

1. Isabel went skiing_____ ago.
2. Isabel and her brother were on the slopes when there was a(n)_____.
3. The children were very_____.
4. The pilot saw Isabel's_____.
5. The_____ and Isabel's bright red jacket saved the children.

3. **Post-reading** /Послетекстовый.

Проверка понимания прочитанного и служат средством контроля формирования умений смыслового чтения и возможным использованием полученной информации в будущем.

Задания:

- ✓ выявить новое из прочитанного текста, высказать свое мнение по поводу прочитанного;
- ✓ опровергнуть утверждения или согласиться с ними;
- ✓ доказать или охарактеризовать что-то;
- ✓ составить план текста, выделив его основные мысли;
- ✓ пересказать/кратко изложить содержание текста;
- ✓ рассказать текст от лица главного героя;
- ✓ вставить в текст пропущенные слова или выражения.

Говорение. Развитие функциональной грамотности и развитие устной речи являются взаимосвязанными процессами, которые заставляют ученика использовать свой опыт и знания любого языка в реальной жизни. Учитель может использовать различные методы, такие как ролевые игры, обсуждение тем, интервью в рамках урока, чтобы улучшить речевые навыки учеников.

Письмо. На развитие навыков письма в конце урока предлагается написать свое мнение по теме в одном абзаце или написать короткий рассказ по картинкам. Также на некоторых уроках предлагается проектная работа, где развиваются навыки и письма, и говорения, то есть улучшаются практические языковые навыки учащихся.

Использование на уроках английского языка подобного рода заданий способствует развитию функциональной грамотности учащихся, грамотности чтения и комплексному освоению учащимися основных видов речевой деятельности, а также развивает творческое мышление, приучает учащихся к внимательному и вдумчивому отношению к тексту. Формирование функциональной грамотности средствами иностранного языка – это залог не только успешного применения иностранного языка в различных сферах деятельности, но и развитие учащегося как успешной личности и его дальнейшее саморазвитие, стремление к

познанию нового.

Список использованной литературы

1. Образовательная система «Школа 2100». Педагогика здравого смысла / под ред. А. А. Леонтьева. М.: Баласс, – 2003. С. 35.
2. Бунеев Р.Н. Понятие функциональной грамотности // Образовательная программа. “Школа 2100”, Педагогика здравого смысла / Под ред. А.А. Леонтьева
3. Бутенко А. В., Ходос, Е. А. Критическое мышление: метод, теория, практика: Учебно-методическое пособие.: МИРОС, – 2002.
4. Крупник С.А., Мацкевич В.В. Всемирная энциклопедия: Философия / Функциональная грамотность. Минск, – 2001.
5. Леонтьев А.А. От психологии чтения к психологии обучению чтению // Материалы 5-ой Международной научно-практической конференции (26-28 марта 2001 г.). В 2-х ч. Ч. 1 / Под ред. И.В. Усачевой. М., – 2002.
6. Опыт применения технологии развития критического мышления на уроке 21 века: методические материалы для учителя / Под общ. редакцией Крыловой О. Н. – СПб.: «Аграф», – 2004.
7. Энциклопедия педагогических технологий: Пособие для преподавателей. - СПб.: КАРО, – 2004.
8. Особенности формирования функциональной грамотности учащихся основной школы при освоении дисциплин общественно-гуманитарного цикла. /Методическое пособие. - Астана, – 2013.

ӘОЖ 37.022

Мураталиева Гулназ Алибековна
(« Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының Байзақ ауданы білім бөлімі Ақшолақ орта мектебі» КММ)

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Аннотация. Бұл мақала оқушылардың күнделікті өмірде қазақ тілін тиімді қолдана алатын дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Оқушылар күнделікті өмірлік жағдаяттарға қажетті мәтіндермен және тапсырмалармен жұмыс істей отырып, функционалдық сауаттылығын арттырады.Сонымен қатарцифрлық білім беру ресурстары оқу сауаттылығын арттыруда маңызды құрал ретінде үлкен рөл атқаратындығы айтылған. Олар оқу процесін жеңілдетіп, оқушылардың ақпаратты тереңірек түсінуіне көмектеседі. Сандық технологиялар оқу сауаттылығын дамытуда шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау дағдыларын қалыптастырады. Сондықтан білім беру жүйесінде цифрлық құралдарды қолданудың маңызы зор және ол болашақ ұрпақтың сапалы білім алуына зор ықпалын тигізеді.

Тірек сөздер: функционалдық сауаттылық,сыни ойлау,тілдік дағды,мәтін, цифрлық сауаттылық.

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – заман талабы. Қазақстанның білім беру стандарттары оқушылардың алған білімін өмірлік жағдайларда қолдана білуіне бағытталған. Бұл мақсатта қазақ тілі пәні ерекше орын алады, өйткені тіл – оқушылардың қарым-қатынас жасау, сыни ойлау және шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудың негізі.

Қазақстан Республикасының білім беру бағдарламалары оқушылардың пәндік біліммен қатар өмірлік дағдыларын қалыптастыруды көздейді. Бұл тұрғыда қазақ тілінен

функционалдық сауаттылықты дамыту – жаңа стандарттарды іске асырудағы басты бағыттардың бірі.

Жаһандану мен цифрландыру дәуірінде оқушылардың ақпаратты сын тұрғысынан бағалау, дұрыс шешім қабылдау және қарым-қатынас жасау қабілеттері басты құзыреттердің біріне айналды. Қазақ тілі сабақтарында функционалдық сауаттылықты дамыту оқушылардың өмірлік мәселелерді шеше алуына, өзін-өзі дамытуына және қоғамда белсенді азамат болуына мүмкіндік береді.

Қазақ тілі – мемлекеттік тіл ретінде тек академиялық пән ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік-мәдени және коммуникативтік құрал. Функционалдық сауаттылықты дамыту арқылы оқушылардың тілдік дағдылары күнделікті өмірде қолдануға бейімделеді, бұл олардың қазақ тілін меңгеру деңгейін едәуір арттырады.

Дәстүрлі әдістердің шектеулілігі жағдайында функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған интерактивті әдіс-тәсілдерді қолдану оқушылардың қызығушылығын арттырып, олардың оқу белсенділігін күшейтеді. Бұл бағдарламаның негізі ретінде түрлі тапсырмалар, өмірлік жағдаяттарға негізделген мәтіндер және практикалық әрекеттер алынған.

Бағдарлама шеңберінде оқушылар тек тілдік ережелерді меңгеріп қана қоймай,алған білімдерін нақты өмірде қолдануға үйренеді. Мысалы, ресми хат жазу, жарнама мәтінін талдау, қоғамдық орындарда дұрыс сөйлеу сияқты дағдылар олардың жекежәне кәсіби өміріне пайдалы болады.

ЮНЕСКО және басқа да халықаралық ұйымдардың деректері бойынша, функционалдық сауаттылық деңгейі қоғамның дамуы мен экономикалық әл-ауқатына тікелей әсер етеді. Осы бағытта қазақ тілі сабақтарында сауаттылықты арттыру Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік стандарттарға жақындатады.«Қазақ тілі сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру жолдары» оқушылардың білімін өмірмен байланыстыруға, олардың шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған.Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда оқу процесінжандандыратынмынандайзаманауиәдістер қолданылады:

- **Жобалық жұмыс**: Оқушылар қоғамдағы нақты мәселені зерттеп,шешу жолдарын ұсынады.
- **Рөлдікойындар**:Белгілі бір өмірлік жағдайды модельдеу арқылы оқушылардың тілдік дағдылары дамиды.
- **Кейстіктапсырмалар**:Жағдайға байланысты шешім қабылдау және оны негіздеу.

Функционалдықсауаттылықтықалыптастыратынмәтіндер. Оқушыларға ұсынылатын мәтіндер күнделікті өмірден алынған дұрыс.Олар:

- Газет мақалалары,әлеуметтік желідегі жазбалар,жарнамалар,нұсқаулықтар, сұхбаттар, пікірлер.
- Бұл мәтіндер тілдің көркемдік емес,практикалық жағын меңгеруге көмектеседі.

Мәтіндер мен тапсырмалардың пәнаралық байланысы болуы қажет. Қазақ тілі сабағын басқа пәндермен байланыстыра отырып құрастырылған тапсырмалар оқушылардың танымдық қабілеттерін аша түседі. Мысалы:

- География:Қазақстанның аймақтары туралы мәтіндер талдау.
- Биология:Табиғатқа қатысты экологиялық проблемаларды зерттеу.
- Тарих:Қазақ халқының мәдениеті мен салт-дәстүрлерін қамтитын мәтіндер.

Заманауи технологияларды пайдалану арқылы оқушылардың цифрлық сауаттылығын арттыруға ерекше мән берілген жөн.

- Интерактивті оқулықтар мен платформалар: Google Classroom, Moodle, Edmodo сияқты платформалар оқушыларға оқу материалдарын интерактивті түрде ұсынады. Бұл платформаларда оқушылар өздерінің оқу процесін басқаруға, тапсырмаларды орындауға, әртүрлі сұрақтарға жауап беруге мүмкіндік алады.
- Онлайн тесттер мен сандық ойындар: Оқушылардың оқу сауаттылығын арттыруда Quizlet, Kahoot, Socrative сияқты платформалар белсенді қолданылады. Бұл құралдар арқылы оқушылар мәтіннің мазмұнын түсініп, білімдерін тексереді.

- Визуализация құралдары мен мультимедиялық контент: Мәтіндерді талдау кезінде инфографика, бейнемазмұн, диаграммалар, кестелер қолдану оқушылардың оқу сауаттылығын арттыруға септігін тигізеді. Бұл ресурстардың көмегімен оқушылар ақпаратты тереңірек түсініп, оны нақты мысалдармен байланыстыра алады.

Цифрлық білім беру ресурстарын оқу процесінде тиімді қолдану үшін әртүрлі әдіс-тәсілдер мен стратегияларды енгізуге болады:

- Мәтінмен жұмыс әдістері: Мәтіндермен жұмыс барысында оқушыларға мәтіннің құрылымын, мағынасын, автордың көзқарасын талдауға бағытталған тапсырмалар беруге болады. Оқушыларға мәтіннің мазмұнын анықтап, одан негізгі ойды бөліп алуды үйрету қажет. Google Docs немесе Padlet платформалары арқылы бұл тапсырмаларды топтық түрде орындауға болады.
- Шығармашылық тапсырмалар: Оқушыларды оқу материалын талдауға және оны шығармашылық түрде қолдануға шақыру тиімді әдіс болып табылады. Мысалы, оқушылардан оқыған мәтіндеріне байланысты бейнемазмұн жасау, әңгіме немесе шағын зерттеу жүргізу сұралады.
- Мультимедиялық контентпен жұмыс: Мәтіндерді түсіну мен талдауды жеңілдету үшін мультимедиялық құралдарды (бейнемазмұн, инфографика, анимациялар) қолдану маңызды. Бұл ресурстар оқушыларға ақпаратты визуалды түрде жеткізуге көмектеседі.
- Цифрлық тақталар мен интерактивті құралдар: Мысалы, SMART Board немесе басқа да интерактивті тақталар арқылы оқушылар бірлесіп жұмыс жасап, мәтіндермен жұмыс жасауды оңай әрі қызықты етеді.

Қазіргі кезде көптеген мектептер мен оқу орындары оқу процесін цифрландыруды қолға алып, сандық білім беру ресурстарын кеңінен қолдануда. Осылайша:

- Оқушылардың оқу мотивациясы жоғарылайды. Сандық ресурстар оқу процесін қызықты етіп, оқушылардың оқу сауаттылығына деген қызығушылығын арттырады.
- Мұғалімдердің оқыту әдіс-тәсілдері жаңарады. Цифрлық құралдар мұғалімдерге оқу материалының мазмұнын тиімді әрі интерактивті түрде жеткізуге мүмкіндік береді. Оқушылармен жұмысты ұйымдастыру да оңайға түседі.
- Оқушылардың жеке қажеттіліктеріне бейімделген оқыту. Цифрлық құралдар оқушылардың жеке қажеттіліктеріне сәйкес келетін тапсырмаларды орындауға мүмкіндік береді, бұл олардың оқу процесіне деген белсенділігін арттырады.

Қорытындылай келе, функционалдық сауаттылықты арттыру арқылы білім алушыларды болашаққа дайындап,қазақ тілін мемлекеттік және қарым-қатынас құралы ретінде меңгеруге мүмкіндік беруге, оқушылардың алған білімін өмірлік тәжірибеде қолдануға бағыттауға,оқушыларды ұлттық мәдениетке, салт- дәстүрлерге және құндылықтарға терең бойлайға түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалануға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жүнісова, Қ. Т. (2022). Оқу сауаттылығының негіздері. Алматы: Білім.
2. Базарова, Ш. А. (2023). Сандық технологиялардың білім беру саласындағы рөлі. Астана: Ұлттық кітапхана.
3. Тұрғанбекова, Ә. Қ. (2021). Цифрлық білім беру ресурстары және оқу сауаттылығы. Шымкент: Мектеп баспасы.
4. Назарова, Н. М. (2020). Оқу сауаттылығын дамытудағы инновациялық әдістер. Алматы: Раритет.

ӘОЖ 51(519.7)

Мусабекова З.Е.
(М.Х.Дулати атындағы Тараз университет, Қазақстан, Тараз қ.)
Сейлиханова С.С.

(М.Х.Дулати атындағы Тараз университет -4 курс студенті, Қазақстан, Тараз қ.)

БУЛЬ ФУНКЦИЯСЫНЫҢ ҚОЛДАНУ МҮМКІНШІЛДІГІ

Аңдатпа. Мақалада білім беру талабына сай білім берудің сапасын сақтай отырып информатика және математика пәндерін оқытудың кейбір идеялары қарастырылған. Математикадан сапалы білім алуға мүмкіндік беретін бір тиімді тәсілі ұсынылған. Жұмыстың басты идеясы білім алушылардың білімін пәнаралық байланыс бекіту тұрғыда Буль функциясының қолданылуы ретінде қарастырылған. Сонымен қатар, функцияның релелі-контактілі схемасын жан-жақты қарастыра отырып, математика пәнінен басқа да пәндер бойынша оны тиімді пайдалануға болады.

Түйінді сөздер: цифрлық схемалар, сапалы оқып-үйрену, ақпараттық технологиялар, логикалық шарттар.

Жұмыста білім беру талабына сай білім берудің сапасын сақтай отырып информатика және математика пәндерін оқытудың кейбір идеялары қарастырылған. Математикадан сапалы білім алуға мүмкіндік беретін бір тиімді тәсілі ұсынылған. Жұмыстың басты идеясы білім алушылардың білімін пәнаралық байланыс бекіту тұрғыда Буль функциясының қолданылуы ретінде қарастырылған. Сонымен қатар, функцияның релелі-контактілі схемасын жан-жақты қарастыра отырып, математика пәнінен басқа да пәндер бойынша оны тиімді пайдалануға болады.

Буль функциясы – екі немесе бірнеше айнымалының негізінде тұратын, нәтижесі тек екі мүмкін мәннің біреуін (1 немесе 0) қабылдайтын функция. Буль функцияларын көбінесе математикалық логикада қолданады. Мысалы, логикалық айнымалыларды пайдалану арқылы кез-келген күрделі сандық логикалық есепті шешуге болады. Буль функциясын көбіне қарапайым арифметикалық амалдар мен логикалық операциялар арқылы жазуға болады. Олар сандық схемалардың жұмысын қамтамасыз ететін негізгі құралдардың бірі болып табылады. Буль функциясы негізінен логикалық операцияларды орындау үшін пайдаланылады, ал оның түрлері мен қасиеттері қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың іргетасы болып табылады.

Буль функциясына бірнеше операциялар қолдануға болады:

-конъюнкция (ЖӘНЕ) операциясы - бұл екі немесе бірнеше айнымалының барлық мәні 1 болған кезде ғана нәтиже 1 болады. Егер біреуінің мәні 0 болса, нәтиже де 0 болады. Бұл операция көбінесе ақпаратты өңдеу, тексеру немесе шарттарды орындау үшін пайдаланылады;

-дизъюнкция (НЕМЕСЕ) операциясы - екі немесе бірнеше айнымалының кем дегенде біреуі 1 болса, нәтиже 1 болады. Егер барлық айнымалылардың мәні 0 болса, нәтиже де 0 болады. Бұл операция көбінесе мүмкіндіктердің бірі орындалған жағдайда жұмыс істейді;

-терістеу (ЕМЕС) операциясы - бұл бір айнымалының мәнін кері айналдыру операциясы. Егер айнымалының мәні 1 болса, нәтижесі 0 болады, ал егер айнымалының мәні 0 болса, нәтиже 1 болады. Бұл операция инверсия деп те аталады;

-эквиваленция (ҚАШЫҚТЫҚ) операциясы – бұл екі айнымалының мәндері бірдей болмаса ғана нәтиже 1 болады. Егер екі айнымалының мәндері бірдей болса (екеуі де 0 немесе екеуі де 1), нәтиже 0 болады;

-импликация (ҚАШЫҚТЫҚ ЕМЕС) операциясы – бұл эквиваленция операциясының кері нәтижесі. Егер екі айнымалының мәндері бірдей болса, нәтиже 1 болады. Егер олар әр түрлі болса, нәтиже 0 болады.

Буль функцияларының бірнеше маңызды қасиеттері бар, олар логикалық есептерді шешуде маңызды рөл атқарады:

Коммутативті қасиеті. Бұл қасиет бойынша конъюнкция және дизъюнкция операцияларының орын ауыстыруынан нәтиже өзгермейді.

Ассоциативті қасиеті. Бұл қасиет бойынша көп айнымалыларды топтастырудың орнына, олардың орындарын ауыстыру нәтиже өзгермейді.

Дистрибутивті қасиеті. Бұл қасиет бойынша конъюнкция және дизъюнкция операцияларының бір-біріне қатысты таралуы арқылы жүзеге асырылады.

Буль функциясының қолдану мүмкіншілдігі:

Буль функциялары негізінен есептеу техникалары мен электроникада, физика салаларында қолданылады. Олардың кейбір негізгі қолдану салалары:

- Цифрлық логика: Буль функциялары әртүрлі цифрлық құрылғыларда, соның ішінде процессорларда, микроконтроллерлерде, жады құрылғыларында қолданылады.


- Тұйықталған цифрлық схемалар: Кез-келген күрделі логикалық есепті шешу үшін сандық логика схемаларын құруға болады. Бұл схемалар Буль функцияларын негізге ала отырып жобаланады.

- Қауіпсіздік жүйелері: Логикалық операциялар арқылы қауіпсіздік жүйелерінің әртүрлі компоненттерінің жұмысын реттеуге болады, мысалы, есік жүйелерінде, дабыл жүйелерінде.


- Компьютерлік бағдарламалау: Буль функциялары бағдарламалау тілдерінде де қолданылады. Бұл логикалық шарттарды тексеру немесе шешім қабылдау кезінде маңызды рөл атқарады.

Буль функциясының қолдану мүмкіншілдігі, жоғарыда келтірілген операциялары арқылы релелі-контактілі схемасын сыза аламыз. Алдымен қолданатын операциялардың электрлі және контактілі схема тілін анықтап алып, релелі-контактілі схемасын сызамыз.

Есеп 1. $\bar{P} \vee \bar{Q}(R \vee \bar{Q})$, мұндағы $P = R = 1, Q = 0$. Берілген өрнектің релелі-контактілі схемасын сызамыз.



Есеп 2. $(P \to (Q \vee R)) \vee \bar{P}$ мұндағы $P = R = 0, Q = 1$. Берілген өрнектің релелі-контактілі схемасын сызамыз. Алдымен берілген өрнектің импликация операциясынан құтыламыз, одан кейін сызамыз. Яғни, $(P \to (Q \vee R)) \vee \bar{P} = (\bar{P} \vee (Q \vee R)) \vee \bar{P}$ болады.



Буль функциялары – бұл қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар мен цифрлық жүйелердің негізін қалаушы элементтердің бірі. Олар сандық схемалар мен есептеу техникаларының жұмысын қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар көптеген басқа салаларда да қолданылып, біздерге түрлі жағдайларда шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Буль логикасының түрлі операциялары мен қасиеттерін түсіну, олардың қолданылу аясы мен маңызды функцияларын білу-қазіргі ғылым мен техниканың басты міндеттерінің бірі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Шульман, М. Я. "Цифрлық логика және есептеу техникасының негіздері". – Алматы: «Ғылым», 2011.

2. Гейлс, Д. "Логика негіздері және Буль алгебрасы". – Мәскеу: "Мир", 2009.

3. Құдайбергенов, Б. "Цифрлық схемалар мен жүйелер". – Алматы: "Жібек жолы", 2015.

ӘОЖ 37.11.74

Мырзахмет Балқия Серікбайқызы
(Жарылқасын Отарбаев атындағы орта мекетебі,
Сарысу ауданы, Жамбыл облысы)

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІН ОҚЫТУДА ИЛЛЮСТРАЦИЯЛЫҚ-СЮЖЕТТІК МӘТІНДЕРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУДЫҢ ӘДІСТЕРІ

Аннотация. XXI ғасыр мектебінің мақсаты жас жеткіншектерді жауапкершілігі жоғары, парасатты, адамгершілік мәдениеті қалыптасқан, өмірге икемді, ұлтжанды тұлға қалыптастыру. Болашақ мұғалімдер осы мақсатты орындауға бейімделген маман болуы шарт. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, басқа да көптеген қасиеттерінің қалыптасуына көмектеседі, оқу-тәрбие үдерісін дұрыс ұйымдастыруына әсерін тигізеді. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жаңа әдіс-тәсілдерді қолданудың маңыздылығын арттыруда тақырыптың өзектілігі байқалады.Баяндамада заманауи оқыту жолдарын ұсынған.

Myrzakhmet Balkia Serikbaevna
(Zharylkasyn Otarbayev secondary school,
Sarysu district, Zhambyl region

METHODS OF WORKING WITH ILLUSTRATIVE AND PLOT TEXTS IN TEACHING THE KAZAKH LANGUAGE AND LITERATURE

Annotation: The goal of the school of the XXI century is to form young people with a high level of responsibility, a reasonable, moral culture, a flexible life, and a nationalistic personality. Future teachers should be specialists adapted to this goal. The acquisition of new technologies contributes to the formation of intellectual, professional, moral and many other qualities of a teacher, affects the correct Organization of the educational process. The relevance of the topic is noted in increasing the importance of using new methods and techniques in the lessons of the Kazakh language and literature.The report proposed modern ways of learning.

Баяндаманың өзектілігі:

Тәрбие - қоғамдық құбылыс. Тәрбие жас буынның өмірге бейімделіп, өз бойында адам баласына тән жақсы қаситеттерді қалыптастырады. Сол үшін жас ұрпақты тәрбиелейді, өмір тәжірибесіне үйретеді, араластырады, қарым-қатынас іс-әрекетті меңгертеді, тарихи кезеңдерге сай дамытады. Осы тұрғыда тәрбие ұғымына бірнеше анықтама берілген, атап айтсақ Н.И.Болдыревтің «Мектептегі тәрбие жұмысының әдістемесі» оқулығында «Тәрбие – тәрбиеші мен тәрбиеленуші арасындағы бір мақсатқа бағытталған және өзара байланысты іс – әрекеті, осы жұмыс процесіндегі қарым – қатынасы, жеке адамды және ұжымды қалыптастырудағы ықпалы» делінген.

Мектеп қабырғасында білім алып жатқан жас ұрпақты еліміздің рухани байлығымен, сондай-ақ қазіргі заманауи біліммен қаруландырып қана қоймай, олардың бойына жаңа сапалы білік-дағдылар мен икемділіктерді дарытуда да жаңа буын оқулықтары бойынша қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жаңа әдіс-тәсілдерді қолданудың тиімділігі дұрыс жұмыс жасау және инновациялық тұрғыда жұмыс жасау педагогикалық идеяның өзектілігі болып табылады.

Мақсаты: Қазіргі уақытта мектеп оқушылары жаңартылған білім мазмұны шеңберінде жаңа үлгідегі оқулықтармен қамтылған. Оқулықтың ғылыми мазмұны үлгілік оқу

бағдарламасында анықталған нәтижелерге қолжеткізуге бағытталған. Осы орайда осыған сәйкес қосымша қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жаңа әдіс-тәсілдерді қолданудың тиімділігі және сюжеттермен инновациялық тұрғыда тапсырмалар жасау.

Міндеттері: Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жаңа әдіс-тәсілдерді қолданудың маңыздылығын арттыру.

Орта білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген анағұрлым танымал оқыту әдістемелері арасында сындарлы оқыту теориясына негізделген тәсіл кең тараған [1,3]. Оқытудың сындарлы теориясы оқушылардың ойлауы олардың бұрынғы алған білімдері мен жаңа немесе сыныптағы түрлі дереккөздерден, мұғалімнен, оқулықтан және достарынан алған білімдерімен астастырыла дамиды деген тұжырымға негізделеді. Бұл теорияға негізделген оқыту мақсаты – оқушының пәнге деген қабілетін дамытып, алған білімін сыныптан тыс кез келген жерде пайдалана білуге үйрету.

Оқыту барысында қалыптасқан көзқарастар мұғалімнің сыныптағы барлық іс-әрекеттеріне әсер етеді деген Пажарестің ойымен келісе отырып, сабақ жоспарын жасауда жеті модульді кіріктіре отырып құрауды басты назарға аудару керек. Соған сай өз ойларын еркін, дәлелді жеткізе білетін, ынталарын арттыратын, сыни тұрғыдан ойлауға жетелейтін стратегияларды қолданған абзал. Қызығушылық білдірген, белгілі мақсатты көздеген оқушылар мақсатқа жетеді, сондықтан орындалатын тапсырмалар мақсатқа жетуге итермелейтіндей етіп ұйымдастырылуы тиіс. Тапсырмалар оқушыларға рөлге еніп ойлануға және әрекет етуге мүмкіндік береді. Рөлге ене отырып, өз ойлауын дамытуға, сонымен қатар құзіреттілігін де жетілдіругесептігін тигізеді. Дайын берілген, жаттанды білім, механикалық есте сақталған мәлімет мағынасы терең меңгерілмей, жатталғандықтан оны өмірде тиімді пайдалана алмайды[1,4].

«Абайдың жиырма тоғызыншы қарасөзі» тақырыбындағы сабақтың мақсаты ақын қарасөзінің мазмұнын түсіну мен мәнін ашу, мақалдарға қатысты өзіндік тұжырымымен танысу. Мұғалімдер қолданатын әдіс-тәсілдер оқушылардың метатанымдық немесе өздігінен реттелетін оқуын дамытуға ықпал етеді. Ынтымақтастық атмосферасын құру, қызығушылықтарын, белсенділіктерін ояту мақсатында «Ең, ең, ең жүйрік топ» ойынын ойнату арқылы ақын өміріне шолу жасалды.

Оқушылар бойында мағынаны тану, сұрақ қою, өзіндік пікір білдіру, қорытынды жасау дағдыларын дамыту мақсатында «Балалар философиясы», «Екі жақты күнделік», «Ойлан, тап», «Басқа адамдардың пікірі» стратегияларымен жұмыс жасалды. Бұл тапсырмаларды орындау арқылы бақылау, тыңдау, қорытынды жасау дағдыларын дамытуға мүмкіндік алды. Топта жұмыс істеу барысында оқушылар ауызша дәлелдерден алған ақпаратпен, қосымша мәліметтермен танысады, бір-бірімен пікірлесе отырып, өзара байланыстарын талдайды, келесі топқа сұрақтар әзірлейді, айтылған түрлі пікірлердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын салыстырады, қорытынды жасау үшін дәлелдерін жинақтайды, сұрақтар жауаптарын өмірде қалай қолдануға болатынын айта біледі. Нәтижесінде оқушылардың оқуға деген қабілеттіліктері анықталады. Барлық оқушы сабақта белсенділік танытады. Сынып алдына шығып сөйлеуден ұялатындар, өз ойын ортаға салудан қысылатын оқушылар ашылып, белсенділік таныта бастайды. Бірлесе жұмыс жасаудың нәтижесінде сөйлеу дағдылары дамиды.

Оқыту мен оқудағы жаңа әдіс-тәсілдердің бірі «диалогтық оқыту және оқу», метасана немесе «Қалай оқу керектігін үйрену» оқушылардың білім деңгейін көтеруге, сыни тұрғыдан ойлануын дамытады. Бұл кезде оқушылар арасында ынтымақтастық ахуал орнайды да, білім беру, білім алу үрдісі табысты болады. Кез келген ақпаратты талдай отырып, ой көзімен зерделеуге үйренді. Алға мақсат қоя отырып өзін жетілдіруге ұмтылды. Өмірді шынайы танитын, адамгершілігі мол, өзін де, өзгені де сыйлайтын азамат болып қалыптасты.

H 3D Эксплейнер Видео үлгісімен оқыту

Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнін оқытудағы жаңа тәсілдерді
3D Эксплейнер Видео үлгісімен оқытуда осы уақыт аралығында жаңа технологиямен оқушыларды оқытып алғашқы тәжірибиені аяқтағанша жүргіздім. Ал қазір қазақ тілі мен қазақ

әдебиеті пәнін оқу мен оқытуда және сыныптарда мәтінмен жұмыс жасап жатырмын осы орайда әріптестеріме озық педагогикалық тәжірбие ретінде осындай баяндаманы сіздерге ұсынып отырмын.

Оқу мен оқытуда мұғалім сабақтың табысты және нәтижелі өтуінің режиссері болып табылады. 3D Эксплейнер Видеоны пайдалана отырып мен мәтінмен жұмыс жасай отырып, қосымша инновациялық әдіс ретінде жоспар бойынша қызықты мәтіндерді ықпалдастыра отырып, балаларыма қызықты 3 D видео жасап оқушылардың танымдық тұрғыдан оқытып нәтижеге жетіп жүрмін.

Қазақ тілі пәнін оқытудағы тәрбиелік мәні бар мәтіндермен жұмыс жасаудың инновациялық тәсілдеріне қосымша акт құралдармен жұмыс жасау көрінісі жатады. Оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту, қазақ тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, тіл нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету.

Қазақ тілі пәнін жалпы оқытудың мақсаты – білім алушыларды шығармашылықпен жұмыс істеуге және сын тұрғысынан ойлауға дағдыландыру. Білім алушылар әңгіме, поэзия, драма, сондай-ақ, ғылыми және бұқаралық ақпарат құралдарының (газет-журналдар, т.б.) материалдарын сын тұрғысынан оқи отырып, өз түсініктерін дамытады. Оқу арқылы танымдық дағдыларын арттыра отырып, білім әлеміне жол ашады. Сондай-ақ қазақ тілі мен әдебиетінің тақырыптық және тілдік ортақтығы арасындағы өзара байланыстың күшейтілуі арқылы білім алушылардың қазақ тілінің түрлі стильдерін бір оқу бағдарламасы аясында меңгеруіне ықпал етеді. Мысалы біз қазақ тілі пәнін оқытудағы тәрбиелік мәні бар мәтіндермен жұмыс жасауда, әр тарау тақырыбынан басқа тағы бекітілген оқу бағдарламасына сәйкес берілген қазақтың белгілі ақын-жазушыларының шығармалары да қамтылған.

Жалпы сыныптардың қазақ тілі пәні бойынша мәтіндердегі тәрбиелік мәнді ұғындыруда мен көркем шығарма бойынша жасалынған түрлі фильмдерді көру, тыңдау, әңгіме желісі бойынша сөйлеу, өмірмен байланыстыру арқылы оқушылардың шығармашылық мүмкіндіктерінің ашылатындығын тәжірибие барысынан көрсете аламын. Мектеп бағдарламасындағы мәтіндерді қолдануда шығармалар бойынша түсірілген қазақша мультфильмдер, диафильмдер т.б. аз екені белгілі.

Бірақ ізденіс бар адам табады. Мен үнемі мәтіндермен жұмыс жасағанда оқушылардың ой-танымын кеңейту, өз бетінше шығармашылықпен, ізденімпаздықпен жұмыс жасау, олардың пәнге деген қызығушылығын арттыру мақсатында А.Байтұрсынов мысалдары («Өгіз бен бақа», «Екі шыбын», «Айна мен маймыл», «Қара бұлт», «Маймыл мен көзілдірік») және Ы.Алтынсарин әңгімелері бойынша («Бақша ағаштары», «Жаман жолдас», «Асыл шөп») тақырыптарына арналған мәтіндермен жұмыс жасауда, анимациялы бейнефильмдерді қолдана отырып, мәтіндерді жандандырып талдап тәрбиелік мәнін тереңдете түсуге тырысамын.

А. Байтұрсынов мысалдары бойынша мәтіндерге анимациялы мультфильмді қолдану арқылы - оқушылардың тыңдалым дағдыларын дамыту. «Неге тыңдалым дағдысы?» деген сұрақ тууы мүмкін. Оқушы өзіне керек мәліметті тыңдау арқылы тауып үйренсе, ол басқа үш дағдыны да (айтылым,жазылым,оқылым) дамыта алады. Яғни айтылып жатқан мәліметті түсінеді; өз пікірін білдіре алады және басқалармен қарым-қатынас жасайды; көтерілген мәселеге өз көзқарасын жазбаша да, ауызша да жеткізе алады.



1-сурет Мәтіндерді оқытуда инновациялық- анимациялық бейне қолдану

Қазақ тілі пәнінен мәтіндердің тәрбиелік мағынасын ұғындыруда анимациялы мультфильмдер оқушыларға тың идея тастап, олардың көркем ойлауына, өзіндік ой қорытуына, қызығушылықтарының артуына оң ықпалын тигізеді. Факультативтік сабақтарда,

сыныптан тыс оқуда да пайдалану өте тиімді.Мен «мәтінмен» жұмыс жасауда оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға арналған тапсырмалар жинағын үлгі ретінде ұсынғым келеді.

Мәтінмен жұмыс жасау арқылы оқушылардың оқылым, айтылым, тыңдалым, жазылым дағдыларын дамытуға бағытталған бұл әдістер оқушылардың мектепте алған білімдерін тиімді қолдану, өмірде пайдалана білуге үйрету мақсатын көздейді. Оқушылардың жас ерекшелігі ескеріліп, олардың қызығушылығын, ойлау жылдамдығын, дүниетанымын, функционалдық сауаттылығын арттыру мақсатында пайдалану шарт. Олардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруға, білімін тексерудің тестілік түрін қолдануға, тақырыптық бақылау жұмыстарын жүргізуге бағытталады. Мәтінмен жұмыс жасауда оқушылардың өз бетімен ана тілінің қыр-сырын тереңдете меңгеру, білімдерін әрдайым жетілдіре білу дағдыларын қалыптастыруға септігін тигізеді. Сондай-ақ, оқушының тапсырманы қайталап орындауға, өз жауабының дұрыс-бұрысын тексеруге, кері қайтуға, қиындық деңгейі әр түрлі тапсырмалардың қалағанын орындауға мүмкіндігі бар. Қазақ тілі пәндерін оқытудағы мәтіндермен жұмыс жасау арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыруға, олардың ой-танымын кеңейтуге, өз бетінше шығармашылықпен, ізденімпаздықпен жұмыс жасауына көп көмегін тигізді. Қазақ тілі сабақтарында мәтінмен жұмыс жасауда, электронды оқу құралды пайдалану сабақ барысында оқушылардың жеке жұмыстануына мүмкіндік туғызды. Яғни, деңгейі орта оқушы аз да болса өз бетімен орындап, алдыға талпынса, қабілеті жоғары оқушылар шығармашылық тапсырмаларын орындап, өз жетістіктерін көрсету мүмкіндігіне ие болды. Өзімнің тәжірибе барысында мәтінмен жұмыс жасау барысында сабақты, тақырыпты меңгерту процесін жеңілдету, көрнекті түрде көрсету құралы қажеттігіне көзім жетті. Жоғарыда айтқанымдай, әдебиет сабағынан көрнекі құралдар аз.Мәтінмен жұмыс жасаудың бір жаңашылдығын тапқым келді.Дидактикалық-иллюстративтік материал дайындадым. Жасаған иллюстрациялық материалдарым оң нәтижені көрсетті. Оқушылар иллюстрациялық дидактикалық материалдарды пайдалана отырып, сауатты, ұтымды сөйлеуге, қиялдай, болжам жасай алуға төселді. Көркем ойлауға дағдыланды. Мәтіндермен жұмыс жасауда, оқушылардың тәрбиелік жағынан және ойлау жағынанда дағдылары шынайы түрде қалыптасты.


«Күй»


«Саятшы Ораз»

2-сурет..Қазақ тілі пәнін оқытуда мәтіндермен жұмыс жасауға арналған дидактикалық- иллюстративтік материалдан

Мәтінмен жұмыс жасауда жоғарыда айтқанымдай, шебер мұғалім бір тәсілдің өзін түрлендіріп қолданады. Мәселен, бірде иллюстративті дидактикалық құралдан алынған суретті ұсына отырып мәтіннің мағынасын терең түсінуге және, оқушыларға тақырыпты болжатуға болады. Бірде оқиғалар ретін иллюстрациялы суреттер арқылы баяндату, шығарманың белгілі бір эпизодын суретке қарап отырып мазмұндату немесе иллюстрациядағы бейнеленген кейіпкерлердің бет-бейнесі, қимыл-әрекеті арқылы жанама мінездеме бергізу сияқты жұмысты түрлендіруге де болады. Тіпті сол иллюстрация жөнінде жарнама жасату, хабарландыру құрастыру т.т. жұмыстар ұсынуға да болады.

Қорыта келе айтарым, әр мұғалім – өз сабағының режиссеры. Ал әр сабақ – бір әлем. Оқушының асыл сөздің тұнығына мейірін қандыру мұғалім шеберлігіне байланысты.Әр мұғалім ізденіп, әдіс-тәсілдерді түрлендіріп, мақсатына сай қолдана білсе, халықтың рухани байлығы – әдебиетін жан-жақты игертуге зор мүмкіндік алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Н.И.Болдыревтің «Мектептегі тәрбие жұмысының әдістемесі» оқулығы.

2. Ф.Ш. Оразбаева, Ж.Т.Даулетбекова, Р.С.Рахметова, А.Қ. Рауандина,
3. Б.Қ.Мүкеева. Қазақ тілі мен әдебиеті. Тіл-байрақ. Оқулық.

ӘОЖ 37.11.74

Наркулова Г.Р
«Жамбыл облысы,Меркі ауданы әкімдігінің білім басқармасының Сыпатай Әлібекұлы атындағы №19 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ: ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ STEAM

Аннотация. Бұл мақалада цифрлық білім беру мен жасанды интеллект (ЖИ) технологияларының білім беру саласындағы рөлі қарастырылады. ЖИ және STEAM (Ғылым, Технология, Инженерия, Өнер, Математика) бағыттарының үйлесімі оқушылардың білім алу процесін тиімдірек әрі қызықты ете алады. ЖИ оқушылардың оқу қажеттіліктеріне бейімделген тапсырмалар мен материалдарды ұсынуға мүмкіндік береді. STEAM оқыту әдісі ғылым мен шығармашылықтың интеграциясын ұсына отырып, оқушыларды жаңа дағдыларға үйретеді. Цифрлық технологиялар мен ЖИ арқылы оқушылар болашақтың маманы болуға дайындалады.

Тірек сөздер: цифрлық білім беру, жасанды интеллекет, технология, цифрлық технология, инженерия.

Annotation. This article discusses the role of digital education and artificial intelligence (AI) technologies in the field of education. The integration of AI and the STEAM (Science, Technology, Engineering, Arts, Mathematics) approach offers an opportunity to make the learning process more effective and engaging. AI allows personalized tasks and materials tailored to students' learning needs. The STEAM teaching method encourages integration of science and creativity, helping students develop new skills. Digital technologies and AI prepare students to become future professionals.

Keywords: Digital education, artificial intelligence, STEAM approach, student development, innovative learning.

Цифрлық білім беру қазіргі заманғы білім жүйесінің ажырамас бөлігіне айналып отыр. Қазіргі уақытта білім беру саласы жаңа технологиялар мен инновациялармен қарқынды түрде жаңаруда. Жасанды интеллект (ЖИ) және STEAM (Ғылым, Технология, Инженерия, Өнер, Математика) бағыттары біріктірілгенде, бұл білім беру процесінде жаңа мүмкіндіктер мен өзгерістерге жол ашады. Цифрлық технологиялардың көмегімен оқушылардың білім алу тәсілдері жекелендіріліп, оқу сапасы артады. Осы мақалада ЖИ мен STEAM-ның цифрлық білім беру жүйесіндегі рөлі қарастырылады.

Жасанды интеллект және білім беру

Жасанды интеллект білім беру жүйесіне көптеген артықшылықтар ұсынады. ЖИ оқушылардың жеке қажеттіліктеріне сәйкес оқыту әдістерін оңтайландыруға мүмкіндік береді. Мысалы, ЖИ арқылы оқу материалдарын оқушылардың жеке қабілеттеріне қарай бейімдеу немесе оқу процесін автоматтандыру мүмкіндігі туындайды. Бұл әдіс оқушылардың тиімді әрі сапалы білім алуына жағдай жасайды. ЖИ технологиялары арқылы оқушылардың әртүрлі деңгейдегі қажеттіліктері ескеріліп, жеке білім траекториясы қалыптастырылады, бұл оқытуды әлдеқайда тиімді етеді.

ЖИ оқытудың дербестендірілген тәсілін ұсынады. Әр оқушының өз қарқынымен білім алуына мүмкіндік туғызатын бұл тәсіл оқушылардың қабілеттерін ашуға және олардың өздігінен шешім қабылдау дағдыларын дамытуға жол ашады. Сонымен қатар, ЖИ-дің көмегімен оқу

нәтижелері бақылап, оқушылардың қай жерде қателескені немесе қандай бөлімдерде көмек қажет екенін анықтауға болады. Бұл оқыту үдерісін оңтайландырып, уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді.

STEAM: Ғылым, Технология, Инженерия, Өнер және Математика

STEAM — бұл білім беру жүйесінде ғылым, технология, инженерия, өнер және математика пәндерін интеграциялау әдісі. STEAM-ның негізгі мақсаты — оқушыларды шығармашылыққа, сыни ойлауға және практикалық шешімдер табуға ынталандыру. Бұл тәсіл оқушыларды әртүрлі пәндермен байланыстыра отырып, бірін-бірі толықтыратын дағдыларды игеруге мүмкіндік береді. Әсіресе, STEAM оқушылары теория мен практиканы ұштастырып, алған білімдерін нақты өмірде қолдануға дайын болады.

STEAM оқыту тәсілі студенттерді ғылым мен техниканың әртүрлі салаларында проблемаларды шешуге ынталандырады. Оқушылар тек теориялық білімді ғана меңгермей, сонымен қатар, нақты жобаларды жүзеге асыру арқылы практикада қолданады. Мысалы, инженерлік жобаларды әзірлеу кезінде математика мен физика білімін қолдану немесе өнер мен дизайн саласында шығармашылық ойларды жүзеге асыру, әр түрлі дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді.

Жасанды интеллект және STEAM интеграциясы

Жасанды интеллект STEAM пәндерімен тығыз байланыста жұмыс істей алады. Мысалы, ЖИ алгоритмдері мен технологиялары инженерия және математика саласында күрделі мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. ЖИ қолдану арқылы есептерді шешу процесі айтарлықтай жеңілдейді, бұл оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытуға көмектеседі. Сонымен қатар, ЖИ-дің көмегімен өнер мен шығармашылық бағыттарында оқушылар өздерінің идеяларын визуализациялап, музыкалық композициялар жасаудан бастап жаңа өнер туындыларын құруға дейін көптеген шығармашылық жұмыстарды орындауға мүмкіндік алады.

ЖИ арқылы STEAM пәндеріндегі оқыту процесі өзара байланысты болады, бұл оқушылардың ғылыми зерттеулер жүргізуге, инженерлік жобаларды әзірлеуге және шығармашылық жұмыстар жасауға мүмкіндіктерін арттырады. ЖИ мен STEAM пәндерінің бірігуі оқушыларға жаңа технологияларды игеруге, көпқырлы ойлау мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Цифрлық білім беру арқылы ЖИ және STEAM-ды дамыту

Цифрлық платформалар мен құралдар ЖИ және STEAM сабақтарын дамыту үшін маңызды рөл атқарады. Онлайн-курстар, бейнемазмұн, интерактивті тапсырмалар мен қосымшалар оқушыларға ЖИ мен STEAM-ды қызықты әрі тиімді үйренуге мүмкіндік береді. Мұғалімдер цифрлық құралдар арқылы оқу үдерісін тиімді ұйымдастырып, оқушылардың білім деңгейіне сәйкес материалдар мен тапсырмалар ұсына алады. Цифрлық технологиялар оқу үдерісін байыта отырып, оқушылардың қызығушылығын арттырады.

Сонымен қатар, виртуалды және кеңейтілген шындық технологиялары (VR, AR) да білім беру процесін жаңартып, оқушылардың пәндерге деген қызығушылығын арттырады. Мысалы, виртуалды зертханалар мен кеңейтілген шындық құралдары оқушыларға нақты тәжірибе жасауға мүмкіндік береді, бұл STEAM пәндеріне қатысты білімді тереңдетуге ықпал етеді.

ЖИ және STEAM арқылы оқушылардың шығармашылық дамуы

Психикалық қызмет, соның ішінде эстетикалық қызметтің құрылымы, Л.С.Выготскийдің пікірі бойынша, саналы эмоция құрылымына сәйкес. Сондықтан шығарма өнерін «қоздырушы, эстетикалық ықпалды жасау үшін саналы және әдейі ұйымдастырылған жүйе ретінде қарастыру керек». Яғни эмоциялық тіл бірліктері автор ойын көрсететін көркем мәтіннің қоздырушысы болып табылады деп санап, ғалым өз тұжырымын әрі қарай былай таратып айтады: «Көркем шығарманың ерекшелеу болып субьективті қабылдау емес эстетикалық эмоция болып табылады; біздің ойымыздан туындайтын субьективті ұғыну- поэзияның арнайы көрсеткіші болып табылмайды, ол тек жалпы ұғыну белгісі. Біздің әрқайсымыз басқа адам сөзін тыңдай, ұғына отырып, сөздер мен мағынасын өзімізше қабылдаймыз, сөз мағынасы әр кез көркем шығарма мағынасына қарағанда белгілі мөлшерде субъективті болады» [2,59] .

Көркем шығарма тек талданып қана қоймайды, сонымен қатар өз ішкі дүниеміз арқылы басымыздан өткен оқиға ретінде әр түрлі қабылданады. Сондықтан Л.С.Выготский: «ең объективті, нағыз бейнелеу өнері... — шын мәнінде көркем форманың ерекше эмоциясы, ал өнер форма басталған жерден басталады, өйткені форма кез келген көркем шығармаға тән, форманың ерекше эмоционалдығы көркем айтылымның қажетті шарты», — деп қорытады [3].

Сонымен, тіл бірліктері арқылы берілген эстетикалық эмоция (сезім) көркем мәтіннің мағыналық компонент және осы мағыналы құрудағы маңызды компонент. Бірақ көркем мәтін қабылдағанда қабылдаушы үшін ол тіл формаларының элементтері арқылы анықталады. Мысалы: Енді ол арт жағынан оқ тиген қасқырдай ышқынып зытып кетіп барады. Бірақ көлденең соғып жіберген Ревякин бөлімінің гранатасынан бір ғана лоқсып қап, танк тұрып қалды. Қазір қалың қара түтінге оранып лап береді. (Ғ.Мүсірепов)

Көркем мәтіннің тілдік ерекшелігі туралы оқушыға мәлімет беруде оның мынадай тілдік ерекшеліктерін үйретеміз

Көркем мәтінде доминанттардың мынадай іске асу тәсілдері бар: 1) жасырын тірек сөздің түзу бойымен күшейтілуі; 2) тірек сөздердің күрделі өзара әр түрлі іс-әрекет оппозицияларымен оппозитивті ұйымдасуы; 3) семантикалық аяның өзара іс-әрекеті; а) қарама-қарсы қоюшылық, ә) қондырғы ретінде, б) қиып, кесіп өту; 4) тірек фраза - мәтін аясының әрекетінің жеке жағдайы.

Жазбаша мәтінді жаттықтыруда мұғалімнің алдында төмендегідей міндеттер тұрады: тірек сөздің тұтас шығарманың құрылымдық-мағыналық элементтері мен ішкі байланысын ашу және мәтіннің бейнелі-тілдік жүйесін ұйымдастыруда сүйенетін сөздер ретінде қалай қатынасатынын көрсету, тірек сөздің семантикалық құрылымын және сол жазушы шығармаларындағы идеялық-тақырыптық ұйымдастырушылық эстетикалық «қосымша өсушілік» байланысын сипаттау. Тірек сөз бүкіл контекстегі тұтас шоғырланған өзекті сөздер ретінде, тіпті кең мағынада — автордың идеялық-эстетикалық тұжырымы (көзқарас жүйесі, пікірі). Жазушы шығармасында тірек сөз мәтіннің көркемдік-тілдік құрылымын қалыптастыратын тәсілдердің бірі ретінде қызмет ететіндігін игертеді.

Мысалы, Т.Ахтановтың «Шырағың сөнбесін» романынан үзінді келтірсек:

«... Менің де тілімді байлап қалған сол «ұят» деген құрғыр еді. Ұят деген сөз есімді білер-білместен-ақ құлағымды сарсытқан қыз балаға үлкендердің үстіне кірген де ұят, секектеп жүргірген де ұят, жігітпен құшақтасып сүйісу тұрсын, оның бетіне қарап күлген де ұят. Қаршадайымнан сұм едім, осының бәрін біреу көріп біліп қойса, қаңқу сөз боп кетсе ұят**,** ал ешкім көрмесе, ішінде ит өліп жатса да біразының-ақ ұяла қоймайтынын сезуші едім. Сол ұятты көп айтатындар өз арының алдында, сірә онша ұяла қоймайтын болар: өйткені сөздерінің сықпыты да: «ойбай-ау, біреу көріп қалса ұят қой, жұрт естісе масқара ғой» деп келетін «жұрт не дейдісі» және бар... ұяламын деп Абанды ұялтып жібердім…»

Осы мәтін ұят ұғымына құрылған, ол мәтінге тірек сөз ретінде сипат береді. «Ұят» сөзі өзек болып, жас қыздың қимыл-әрекеті, кейбір адамдардың соны біле тұрып жат қылықтар жасауын білдіретін жалғандық осы сөз төңірегіне тізбектеліп, сөйлемдердің стильді қызметін білдіретін мәтінге тірек ұғым берген.

Тұжырымдай келгенде, мектеп оқушыларына көркем мәтіннің тілдік құралдары туралы мынадай көлемде білім беріледі де, нәтижеде көркем мәтін құрауға жаттықтырылады.

Көркем әдебиет стилі ой мен сезімді образдар арқылы бейнелейді. Соған лайықты сөздер, сөз тіркесі және синтаксистік оралымдар пайдаланылады. Жалпы алғанда, көркем әдебиет стилінің мынадай ерекшеліктері кездеседі. Сөз арқылы автор көркем образ жасайды. Баяндамайды, суреттейді. Сондықтан тілдік құралдардың көркемдік, бейнелік және суреттеме қасиеттерін жан-жақты аша түседі.

Көркем әдебиеттің тілі экспрессивті және эмоционалды болады. Жазушы оқушыға көркем образ арқылы әсер етеді. Көркем әдебиет стилі тіл стильдерінің басқа түрлерінде көбірек кездесетін сөздер мен формаларды өзінше құбылтып, өз мақсаттарына лайықты пайдаланады. Көркем шығармада сөздерді түрлі ауыспалы мағынада қолдану жиі ұшырасады.Үлгі:

Бақтығұлға алғашқы күндерден бастап-ақ суық хабарлар жетіп жатты. Сьезд басында болыстың өзі де бар еді дейді. Сьезд басында билер келісіміне өлгенше қатал. Кесік үлкен. Шалқардың атқа мінген билері мен жуандары болып, болысты ортасына ала отырып, ұрыны аямасқа «аруақ-құдай» десіп аттаныпты. Кеңесіп отырып, жиырма кісіні «ұры» деп қаттап алыпты деген сыбыс бар. (М.Әуезов).

Көркем әдеби стильде бейнелеуіш, суреттеме құралдар: теңеу, метафора, метонимия, эпитет, синекдоха т.б. жиі кездеседі.*Үлгі:* Биылғы қыс сықырлаған аязсыз, құтырынған борансыз жұмсақ басталып еді. Мал әлі жайылымда, жаз қызуы бойда, бүрсеңдер кездің белгілері әлі білінген жоқ-ты. Әр үйдің алдында аңға шығып қайтқан жарау аттар қаңтарулы тұр. Әр үйдің төбесінде кергіштеп тізген қасқыр, түлкі, қарсақ, қоян терілері ата-бабадан қалған ескі таудай бұлғаңдайды. (Ғ.Мүсірепов).

Көркем әдеби стиль тілдің көркемдегіш құралдарын – градация, перифраз, қайталау, инверсия, антитеза және т.б. еркін пайдаланады.

…Дала толы ән де үн… Бусанған жердің көзіне көрінбейтін мың түрлі жан иелері түгел оянып, үн қосып өмірге талпынатын сияқты. Жер бетінде тұтаса шыққан бір шың бар. Тал жібектей балбыраған әрбір көк шөп ән салып тұрғандай. Кішкене өзеннің өн бойын өрлей біткен күрке-күрке көрінген құба талдар да тып-тыныш, тобылғы мен баялыш жамылған күйінде, бүгін ғана пайда болғандай қызықтырады. Дүние бір ұйқысы қанып оянған жас баладай, балғын да ерке: құшақтағаныңды, иіскелегеніңді күтеді. (Б.Майлин).

Тұжырымдағанда, әр жазушының өзінің талғамына қарай, өзіндік сөз тіркестері, сөз қолдану тәсілі бар. Жазушының стиль ерекшелігі оның өзінің өмір танымына, шығармасының идеялық мазмұнына сай жалпы халықтық тіл қазынасын қалай меңгеріп, оны қалай қолдана білгендігінен байқалады. Мұндай ұғымдар мен түсініктер Y-IX сыныптарда жеке ақын-жазушының бағдарламалық шығарма мәтінін талдауда: оның композициясын, стильдік ерекшеліктерін тілдік құралдарын игертуде беріледі.

Қорыта келе, көркем мәтіндерді құрастыру оқушының жазбаша тілін дамытудың тиімді әдісі болып табылады, өйткені ол тілдік дағдыларды, шығармашылық ойлауды, эмоционалды экспрессияны және мәтінді талдау дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Бұл әдіс оқушыларға жазу дағдыларын жақсартуға көмектесіп қана қоймайды, сонымен қатар оларды өздерін және идеяларын жазбаша түрде жеткізе алатын тұлға ретінде дамытады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Леонтьев А.А. Избранные психологические произведения. Т.II, -Москва, 1983
2. Выготский Л.С. психология искусство. – Москва, 1986, - 38
3. Выготский Л.С. психология искусство. – Москва, 1986, - 3
4. Будагов Р.А. История слова в истории общества, -Москва: Просвещение, 1974

UDC 8.80.800

Zhazira Satylganova,

Secondary School named after N. Danayev,
English Teacher

GAMIFICATION IN LEARNING ENGLISH: MECHANICS AND PRINCIPLES

Annotation. Game technologies are an essential component of pedagogical methods, significantly influencing the modernization of education. The concept of "technology" in pedagogy emerged in the mid-20th century, emphasizing structured learning processes with predictable outcomes. Various scholars, including P.I. Pidkasty, D.B. Elkonin, and L.S. Vygotsky, have explored the role of games in education, highlighting their impact on motivation, cognitive development, and voluntary behavior. The implementation of game pedagogical technologies fosters student engagement, promotes social and creative self-expression, and enhances cognitive skills. The competitive and interactive nature of educational games creates an immersive learning environment, contributing to language acquisition, problem-solving, and psychological readiness for communication.

Keywords: game technologies, Pedagogy, cognitive development, motivation, interactive learning, educational games, psychological readiness, didactic goals, active learning

Game technologies are an integral part of pedagogical technologies. For the first time in pedagogy, the concept of "technology" appeared at the turn of the 1940s-1950s. and was associated with the use of technical means and programmed learning in the pedagogical process.

The technologyzation of the educational process in modern local and foreign pedagogy is associated with the search for didactic approaches that could turn learning into a "production and technical process with a guaranteed result.

The problem of using gaming technologies in the educational process in pedagogical theory and practice is not new. The following scientists were engaged in the development of the theory of the game, its methodological foundations, and the elucidation of its social nature: P.I. Pidkasty, Zh.S. Khaidarov, D.B. Elkonin, L.S. Vygotsky.

The technological approach to learning is actively developed today by the following teachers: the works of M.E. Bershadsky, V.I. Bogolyubov, V.V. Guzeeva, T.A. Ilina, M.V. Klarina, A.I. Kosmodemyanskaya, M.M. Levina, Z.A. Malkova, V.Ya. Pilipovsky, A.Ya. Saveliev, as well as L. Anderson, J. Block and others [1].

V.P. Bespalko notes that any activity can be either technology or art. Art is based on intuition, technology is based on science. Everything begins with art, ends with technology, so that everything starts all over again. Any planning, and one cannot do without it in pedagogical activity, contradicts impromptu, actions on a whim, on intuition, that is, it is the beginning of technology [1].

The concept of "game pedagogical technologies" includes a rather extensive group of methods and techniques for organizing the pedagogical process in the form of various pedagogical games. D.B. Elkonin gives the game four important functions for a person:

- a means of developing the motivational-need sphere,
- means of development of mental actions;
- a means of developing voluntary behavior.

Unlike games in general, a pedagogical game has an essential feature, a clearly defined goal of learning and a pedagogical result corresponding to it, which can be substantiated, explicitly identified and characterized by an educational and cognitive orientation.

The game is also considered as a situational and variative exercise, where it is possible to repeatedly repeat a speech sample in conditions as close as possible to real speech communication with its inherent features, emotionality, spontaneity, purposefulness of speech influence.

The game form of classes is created in the classroom with the help of game techniques and situations that act as a means of encouraging and stimulating students to learning activities.

The implementation of game technology and situations in the lesson form of classes takes

place in the following main areas (table 1):

Table 1. The implementation of the game technology

1.	The didactic goal is set for students in the form of a game task;
2.	Learning activities are subject to the rules of the game;
3.	Educational material is used as its means. An element of competition is introduced into educational activity, which translates a didactic task into a game one;
4.	The successful completion of the didactic task is associated with the game result.

Psychological theory of activity within the framework of L.S. Vygotsky, A.N. Leontieva identifies three main types of human activity - labor, play and education. All species are closely related. Analysis of the psychological and pedagogical literature on the theory of the emergence of the game as a whole allows us present the range of its purposes for the development and self-realization of children [2].

The German psychologist K. Gross, the first in the late 19th century, who made an attempt to systematically study the game, calls games the original school of behavior. For him, no matter what external or internal factors motivate games, their meaning is precisely to become a school of life for children.

The game is objectively a primary spontaneous school, the apparent chaos of which provides the child with the opportunity to get acquainted with the traditions of the behavior of people around him.

The researcher of the game technology, D. B. Elkonin believes that play is social in nature and direct saturation, and is projected onto a reflection of the world of adults. Calling the game "the arithmetic of social relations", Elkonin interprets the game as an activity that occurs at a certain stage, as one of the leading forms of development of mental functions and ways for a child to learn about the world of adults [2] .

Psychologists and teachers understood the process of development as the assimilation of universal human experience, universal values. L.S. Vygotsky believes that: "There is no initial independence of the individual from society, just as there is no subsequent socialization".

So, the game reproduces the stable and innovative in life practice and, therefore, is an activity in which the stable is reflected precisely by the rules and conventions of the game - they contain stable traditions and norms, and the repetition of the rules of the game creates a training basis for the development of the child.

Innovation comes from the installation of the game, which helps the child to believe or not believe in everything that happens in the plot of the game. In many games, the "function of the real" is present either in the form of slice conditions, or in the form of objects - accessories, or in the intrigue of the game itself.

A.N. Leontiev proved that the child masters a wider circle of reality, directly inaccessible to him, only in play. Having fun and playing, the child finds himself and realizes himself as a person.

For schoolchildren, the game is the sphere of their social creativity, the testing ground for its social and creative self-expression. The game is extremely informative and tells the child himself a lot about him. Game is a way for a child to find himself in groups of associates, in general in society, humanity, in the Universe, access to social experience, culture of the past, present and future, repetition of social practice that is understandable.

The game is a unique phenomenon of human culture, its source and peak. In no other activity does a person demonstrate such self-forgetfulness, exposure of his psycho-physiological, intellectual abilities, as in the game.

The game is the regulator of all life positions of the child. The school of play is such that in it the child is both a student and a teacher at the same time. Many researchers write that patterns in the formation of mental actions based on the material of school education are in children's play activities. In it, the formation of mental processes is carried out in peculiar ways: sensory processes, abstractions

and generalizations of arbitrary memorization [3].

Game learning cannot be the only one in educational work with children. It does not form the ability to learn, but, of course, develops the cognitive activity of schoolchildren.

A feature of the game method is that the game is feasible for almost every student, even those who do not have a sufficiently strong knowledge of the language. Moreover, a student who is weak in language training can become the first in the game: resourcefulness and ingenuity here are sometimes more important than knowledge in the subject. The language material is imperceptibly assimilated, and along with this, a feeling of satisfaction arises, the student can already speak on an equal footing with everyone.

The use of the game teaching method contributes to the implementation important methodological tasks, such as:

1. Creation of psychological readiness of students for verbal communication;
2. Ensuring the natural need for repeated repetition of language material by them;
3. Training students in choosing the right speech option, which is a preparation for situational spontaneity of speech in general [3].

The implementation of game techniques and situations in the lesson form of classes takes place in the main areas:

1. The didactic goal is set for the student in the form of a game task;
2. Learning activities are subject to the rules of the game;
3. The educational material is used as its means, an element of competition is introduced into the educational activity, which translates the didactic task into a game;
4. The successful completion of the didactic task is associated with the game result. The goals of the game teaching of schoolchildren are

1. Development of thinking by means of a foreign language;
2. Increasing the motivation to study the subject;
3. Ensuring the personal growth of each participant in the game;
4. Promoting the improvement of skills to actively and benevolently interact with each other [4].

The use of a variety of teaching methods helps to consolidate linguistic phenomena in memory, create more stable visual and auditory images, and maintain students' interest and activity. The use of games and game situations at the initial stage of learning makes it possible not only to instill in students an interest in the language, but also to more purposefully implement an individual approach to learning, and also creates a positive attitude towards its study, stimulates students' independent speech and thinking activity. Game forms of teaching a foreign language are relevant not only at the initial, but also at the senior stage of education, as they are dictated by the peculiarities of the development and worldview of older adolescents. In addition, they activate the cognitive processes of students, increase the motivation to learn a foreign language.

Game forms of learning allow using all levels of knowledge assimilation: from reproducing activity through transforming to the main goal - creative - search activity. Creative-search activity is more effective if it is preceded by reproducing and transforming activity, during which students learn teaching techniques [5].

Based on this, it can be said that the technology of gaming forms of education is aimed at teaching students to be aware of the motives of their teaching, their behavior in the game and in life, that is, to form goals and programs for their own independent activity and anticipate its immediate results.

Game technology is considered one of the most effective and successful in the list of modern educational technologies. The principle of the child's activity in the learning process has been and remains one of the main ones in didactics. This concept means such a quality of activity, which is characterized by a high level of motivation, a conscious need for the assimilation of knowledge and skills, performance and compliance with social norms.

This kind of activity in itself occurs infrequently; it is a consequence of targeted managerial pedagogical influences and the organization of the pedagogical environment, i.e. applied pedagogical

technology [6].

Any technology has means that activate and intensify the activity of students; in some technologies, these tools constitute the main idea and the basis for the effectiveness of the result.

Conclusion. Game-based learning technologies play a crucial role in modern education, transforming traditional teaching methods into interactive and engaging processes. By fostering motivation, cognitive development, and social interaction, these technologies enhance students' ability to learn and apply knowledge effectively. The integration of game elements in pedagogy aligns with the principles of active learning, where students engage in problem-solving, decision-making, and meaningful communication. Game technologies not only stimulate interest in the learning process but also contribute to the holistic development of learners, making them better prepared for real-world challenges. Consequently, the application of game-based educational methods remains one of the most effective tools in modern teaching, ensuring higher engagement and improved learning outcomes.

List of used literature

1. Vyatutnev M.N. Communicative focus of teaching Russian in schools abroad // Russian language abroad. - 2017. - No. 6. - P. 38-45.

2. Canale, M., Swain, M. A Theoretical Framework for Communicative Competence. [Electronic resource] - https://www.researchgate.net (date of access: 04/24/2016).

3. Kudasova N.V. On the issue of forming communicative competence in the process of teaching Russian // Theory and practice of education in the modern world: materials of the international. scientific conf. - St. Petersburg: Renome, 2012. - P. 328-330.

4. Elkonin D.B. The psychology of play. – M.: Pedagogy, 2001 g. - 304 s.

5. Беспалько, В.П. Слагаемые педагогической технологии / В.П. Беспалько. – М., 2008. – 178 с.

6. Ваулина Ю.Е., О. Е. Подоляко, Д. Дули, В. Эванс «Английский в фокусе» для 7 класса. М.:Express Publishing: Просвещение, 2010 г. – 164 с.

ӘОЖ 1751

Сексенбаева Ж.М.

(Асанбай Асқаров атындағы жалпы орта білім беретін тірек мектеп-гимназиясының (ресурстық орталығы) орыс сыныптарындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі)

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІ: ОРЫС СЫНЫПТАРЫНА АРНАЛҒАН ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ФОРМАТТАРЫ

Аннотация. Бұл мақалада жасанды интеллект технологияларын орыс тілінде білім алатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқыту үдерісінде тиімді қолданудың заманауи құралдары қарастырылады. Жасанды интеллект негізіндегі қосымшалар мен платформалар тіл үйренуді жеңілдетіп, оқушылардың қызығушылығын арттырады. Мақалада жасанды интеллектті қолданудың артықшылықтары, соның ішінде жекелендірілген оқыту, интерактивті тапсырмалар және білімді бағалаудың жаңа тәсілдері талданады. Сондай-ақ, қазақ тілін оқытуда оқушылардың тілдік ортаға енуін қамтамасыз ететін құралдардың тиімділігі көрсетілген.

Тірек сөздер: Жасанды интеллект, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс сыныптары, цифрлық құралдар, қашықтықтан оқыту, білім беру процесі, тілдік құзыреттілік

Қазақ тілі мен әдебиеті сияқты пәндерді оқытуда ЖИ-ді пайдалану мүмкіндігі әлі де толық зерттелмеген, бірақ бұл бағыттағы жаңашылдықтар оқу үдерісінің сапасын жақсартуға ықпал ететіні анық.

Жасанды интеллект білім беруде оқу материалдарын жекелей бейімдеу, оқушылардың оқу үдерісіне қатысуын бақылау, оқу нәтижелерін бағалау, сондай-ақ оқушылар мен мұғалімдерге арналған көмекші құралдар құру сияқты көптеген функцияларды орындай алады. Ол тіл үйрену процесіне белсенді түрде қатысуға мүмкіндік береді, өйткені ЖИ әр оқушының жеке қажеттіліктеріне сәйкес келетін оқу материалын ұсынады.

Жасанды интеллект (ЖИ) қазіргі заманғы білім беру жүйесінде маңызды рөл атқара бастады, қазақ тілі мен әдебиеті сабағында да оның қолданымдары кеңейіп келеді. Ендігі кезекте ЖИ тіл үйрену, әдебиетті оқыту және интерактивті оқыту әдістерінде қалай қолданылуы мүмкін екенін қарастырайық.

Тілді табиғи түрде үйренуге көмектесу: ЖИ технологиялары арқылы құрылған қосымшалар мен жүйелер, оқушыларға қазақ тілін табиғи ортаға жақын шартта үйренуге мүмкіндік береді. Мысалы, сөйлесу боттары D-id, comics мен виртуалды тілдік ассистенттер оқушылардың сөздік қорын дамытуға және сөйлеу дағдыларын жетілдіруге көмектеседі.

Оқушылардың жеке деңгейіне сәйкес бейімделу: ЖИ негізіндегі алгоритмдер оқушылардың жеке білім деңгейін талдау арқылы оқыту материалдарын жекелендіріп, әр оқушыға сәйкес келетін жаттығулар мен материалдарды ұсына алады.

Әдебиетті оқытудағы жасанды интеллекттің қолданысы:

Мәтінді талдау және түсіндіру: Жасанды интеллектке негізделген мәтіндік аналитикалық құралдар әдеби шығармаларды талдауға және талдаудың нәтижелерін оқушыларға түсінікті түрде ұсынуға көмектеседі.

Көркем шығармалардың тереңірек түсінігін алу: ЖИ-ға негізделген құралдар оқушылардың әдебиетті әртүрлі дәрежедегі сыни ойлау қабілеттерін дамытуға көмектеседі.

Интерактивті оқыту әдістерінде жасанды интеллекттің қосымша құрал ретіндегі орны:

Интерактивті оқу орталарын құру: ЖИ негізіндегі платформалар мен оқыту құралдары оқушыларға қазақ тілі мен әдебиетін интерактивті және ойыншықтар арқылы үйренуге мүмкіндік береді.

Белсенді қатысу мен ынталандыру: ЖИ негізіндегі оқыту жүйелері оқу процесінде оқушылардың белсенділігін арттырып, олардың ынтасын оятады. Мысалы, күрделі тілдік құрылымдарды оқытуда ойындар мен симуляциялар қолданылуы мүмкін.

ЖИ қазақ тілі мен әдебиеті сабағында оқытушылар мен оқушыларға көптеген мүмкіндіктер ұсынады, бірақ бұл технологиялардың мүмкіндіктерін тиімді пайдалану үшін мұғалімдердің жеткілікті түрде дайындалуы мен оқыту әдістемесін жаңартуы қажет.

Жасанды интеллектті (ЖИ) қолданудың тәжірибелік қолданысы білім беру саласында кеңінен тарауда. Жекелеген платформалар мен жүйелердің арқасында мұғалімдер мен оқушылар үшін тіл үйрену, әдебиетті оқыту және қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда инновациялық тәсілдерді пайдалану мүмкіндігі пайда болды.

Жасанды интеллект негізіндегі тіл үйрену платформаларының талдауы:

Duolingo, Rosetta Stone және Babbel сияқты ЖИ негізіндегі тіл үйрену платформалары жеке оқу жоспарларын құруға және үйренушілердің күш-жігерін бағыттауға мүмкіндік береді.

Олар сөздік қорын кеңейту, грамматикалық дағдыларды дамыту және тыңдау, сөйлеу дағдыларын жетілдіру арқылы тілдік компетенцияны арттырады.

Жасанды интеллект негізіндегі бұл жүйелер қателерді түзету, оқушының жетістіктерін және әлсіз тұстарын талдау арқылы жеке қажеттіліктерге сәйкес үйрену материалдарын ұсынады.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін оқытудағы инновациялық тәсілдер мен жаттығулар:

Жасанды интеллектке негізделген қосымшалар қазақ тілінің грамматикалық және лексикалық ерекшеліктерін тереңірек түсінуге көмектеседі.

Қазақ әдебиетін түсіндіруде ЖИ құралдары қазақ тарихы мен мәдениетіне байланысты

контекстті ұсына алады.

Жасанды интеллекттің көмегімен жасалған интерактивті жаттығулар мен ойындар қазақ тілі мен әдебиетін оқуды қызықты және ынталандырушы етуі мүмкін.

ЖИ технологияларының пайдалануы тілдік және әдеби білімді жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді, олардың қолдану аясы жаңа дидактикалық құралдардың жасалуына және білім беру үдерістерінің жаңаруына ықпал етеді. Мұндай инновациялық шешімдер оқытушылар мен оқушыларға пайдалы болуы мүмкін және білім беру сапасын арттыруға септігін тигізеді.

Magicschool.ai-шығармашық дағдыларды дамытуға өлең, әннің сөзін жазу яғни ақындық қабілетін дамытуға көмектеседі.

Duolingo: Duolingo — бұл тілдік оқушылар үшін қайратты және қолайлы платформа. Бұл платформа арқылы оқушылар тілдік білімін арттыра алады, ой-түрлі құсбелгілер арқылы жаттығуларды және басқа бірнеше мақсаттарды басқаруға болады.

Rosetta Stone: Rosetta Stone — бұл тіл оқушыларына қазіргі таңдаулы тілдерді оқытуға арналған көптеген тілдік оқу платформасы. Ол арқылы оқушылар қарым-қатынас, аудио, видео және сызу пен аудио-сауда материалдарын қолданып, тіл білімін жеткізуге болады.

Babbel: Babbel — бұл қосымша ресурстармен бірге тілдік оқу үшін қолайлы платформа. Оны арқылы оқушылар өздеріне мән-мазмұн бойынша оқу бағыттарын таңдай алады.

Busuu: Busuu — бұл тілдік оқушылар үшін жарияланған оқу платформасы. Ол арқылы оқушылар өздерінің негізгі тілдік қабілеттерін жеткізу, тіл техникасын және сөйлеу техникаларын дамытуға болады.

Қазақ тілі мен әдебиет сабағында жасанды интеллектерді (ЖИ) қолдану әртүрлі форматтарда болуы мүмкін. Кейбір идеялар мен ЖИ тізімдеріне үлгілер:

Оқу материалын түсіндіру және бейімдеу:

Жасанды интеллекті пайдаланып, оқу материалдарын оқушылардың жеке оқу стиліне бейімдеуге болады.

Мысалы: Socratic, Duolingo (тіл үйрену бағдарламасы).

Жазу және грамматикалық талдау:

Grammarly, Ginger, Hemingway Editor сияқты құралдар оқушылардың жазу дағдыларын жетілдіруге көмектеседі.

Диктант және тыңдау дағдылары:

ЖИ-қолданылған диктант бағдарламалары бар, мысалы, Google’s speech-to-text қызметін пайдаланып, оқушылардың тыңдау және жазу дағдыларын жақсартуға болады.

Сөйлеу жаттығулары:

Тіл үйрену платформаларындағы сөйлесу жаттығулары, мысалы, Rosetta Stone немесе Pimsleur, оқушылардың өздерінің сөйлеу дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Іздеу және зерттеу:

Google Scholar немесе Microsoft Academic сияқты ЖИ-бағдарланған іздеу жүйелері оқушыларға әдебиеттік зерттеулерді жүргізуге көмектеседі.

Бағалау және бақылау:

ЖИ-бағдарланған бағалау құралдары (мысалы, Turnitin) оқушының жұмыстарын тексеру және плагиатпен күресу үшін пайдаланылуы мүмкін.

Ойындар және симуляторлар:

Қазақ тілі мен әдебиеті бойынша ойын-симуляторлар, мысалы, educational role-playing games (RPGs), comics оқушыларды әдеби кейіпкерлердің рөлдерін меңгеруге және тарихи оқиғаларды симуляциялауға көмектеседі.

Қазіргі кезде жасанды интеллект технологиялары тез дамып жатыр, және олардың көпшілігі көбінесе ағылшын тілінде болғанымен, қазақ тілінде де осындай құралдар мен ресурстар бар болуы мүмкін. Сонымен қатар, ЖИ-құралдарын пайдалану үшін тіл барьерін жеңу үшін онлайн аудармашыларды (мысалы, Google Translate) қолдану.

Портретті, аваторды сөйлету, дыбыстау, видеоролик жасау

D-ID — жасанды интеллекттің көмегімен ақын, жазушы, белгілі тұлға, мульфильм

персонаждарын көмекші роботтарды сөйлету арқылы оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыра аламыз.

My talking car — жан жануарларды сөйлетуге, ертегі кейіпкерлерін тірідей сезіндіруге көмектеседі.

MagicSchool.ai— бұл мұғалімдерге сабақтарды жоспарлауға, тест тапсырмаларын жазуға, нұсқауды саралауға, кері байланыс пен қарым- қатынасты қамтамасыз етуге көмектесетін жасанды интеллектті пайдаланды.

Осы әдістерді пайдалана отырып көру және есте сақтау дағдысы арқылы оқушылардың сауаттылықтары жақсарды; мәтін мен сөздердің ЖИ арқылы жандандырылып дыбысталуы нәтижесінде есту және тыңдау дағдылары қалыптасты; тілдері дамыды; қазақ тілі мен әдебиеті сабағына қызығушылықтары оянды.

Жасанды интеллекттің (ЖИ) орыс сыныптарындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде қолдануының артықшылықтары:

Жеке көзқарас: ЖИ әр оқушының деңгейіне, жылдамдығына және қажеттіліктеріне бейімделеді, бұл тілді оқыту тиімділігін арттырады.

Әртүрлі оқыту әдістері: ЖИ бейімделген оқыту әдістері мен ойындар арқылы оқу материалдарын қызықты етуі мүмкін.

Тәулік бойы қолжетімділік: Оқушылар кез-келген уақытта білімдерін жетілдіре алады, оларға өздігінен жұмыс істеу мүмкіндігі беріледі.

Бағалау және қадағалау: ЖИ оқушылардың прогресін бақылап, нақты уақытта кері байланыс ұсынады.

Тілдік дағдыларды шыңдау: Қазақ тіліндегі іс-әрекеттер, сөйлесу имитациясы және тілдік орталарды модельдеу оқытудың сапасын жақсартады.

Жасанды интеллектті пайдалану білім берудің сапасын арттыруға және білім алу процесін модернизациялауға үлес қосады.

Ұсыныстар:

Мұғалімдерді оқыту: ЖИ технологияларын пайдалану бойынша мұғалімдерді оқыту олардың жаңа әдістерді тиімді қолдануына көмектеседі.

Тілдік ресурстарды дамыту: Жасанды интеллект үшін қазақ тіліндегі сапалы дидактикалық материалдарды жасау және жетілдіру керек.

Басымдықтарды белгілеу: Білім беру бағдарламаларында қазақ тілін басым пән ретінде дамытуға басымдық берілуі тиіс.

Жасанды интеллекттің орыс сыныптарындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде қолдануы оқыту процесін жандандыруға және оқу тиімділігін арттыруға үлкен мүмкіндіктер ашады. Бұл технологияларды тиімді енгізу үшін үздіксіз дамыту, оқытушыларды оқыту және олардың қолданысын қадағалау маңызды болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Сұлтанова Ш.Интерактивті технологиялар – білім беру саласында // Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде. - 6/ 2010.

2. Базарбекова Р. Интерактивті оқытудың ойын түріндегі әдісі \\ Қазақ тілі мен әдебиеті. 10\ 2007 – 102 б.

3. Смашева С., Холявина Т. Қазақ тілі мен орыс тіліндегі лексиканың толығу жолдары // Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде. - 12/200 6. - 116 б.

ӘОЖ 81' 373.611

Сембиева Б. К.

(Жамбыл облысы, Меркі ауданы №4 Тілеміс батыр ЖОББМ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі)

ЖЕЛІЛІК ӘДЕБИЕТ: ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ЖАНРЛЫҚ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ЖАҢА ҮРДІСТЕР

Аңдатпа. «Желілік әдебиет: Қазақ әдебиетінің жанрлық кеңістігіндегі жаңа үрдістер» тақырыбында жасалған зерттеу қазіргі заман әдебиетінің даму бағыттары мен жаңашылдық үрдістерін қарастырады. Бұл жұмыс қазақ әдебиетінің дәстүрлі жанрларынан тыс, жаңа ақпараттық және коммуникациялық технологиялар әсерінен туындаған әдебиет түрлеріне, атап айтқанда, желілік әдебиетке көңіл аударады. Қазіргі таңда біртіндеп өзгеріп, дамып келе жатқан желілік әдебиет деп аталатын әдебиеттің жеке түрі қоғамда кеңінен таралуда. Мақалада желілік әдебиет дегеніміз не, оның қазірғі қазақ қоғамындағы қалыптасуы қалай жүріп жатыр, оның ерекшеліктері мен жанрлары талқыланған.

Тірек сөздер: желілік әдебиет, интернет, миниатюра, күнделік, фанфикшн.

Sembieva B.K.
(Zhambyl region, Merki district, Tlemis batyr Primary Educational Institution No.4
Teacher of Kazakh language and literature)

NETWORK LITERATURE: NEW TRENDS IN THE GENRE SPACE OF KAZAKH LITERATURE

Annotation. The study on the topic" network literature: new trends in the genre space of Kazakh literature" examines the trends in the development and innovation of modern literature. This work focuses on types of literature that are outside the traditional genres of Kazakh literature, caused by the influence of new information and communication technologies, in particular, network literature. Currently, a separate type of literature called network literature, which is gradually changing and developing, is becoming more and more widespread in society. The article discusses what network literature is, how its formation in modern Kazakh society is taking place, its features and genres.

Keywords: network literature, internet, miniature, diary, fanfiction.

Қазіргі таңда Интернет желісі адамзаттың өркениет жолымен дамуына ықпал ететін басты құралдар болды. Қай салада болмасын Интернет желісі кеңінен қолданылып, адамдар тіпті онсыз өмір сүруін елестете алмайтындай дәрежеге жетті. Интернетке деген тәуелділік күннен-күнге артып отыр.

Интернет желісінің қоғамға әсері әдебиет саласында да орын алып жатыр. Осы орайда әдебиет саласында желілік әдебиет бағыты пайда болды. Желілік әдебиет – бұл негізгі өмір сүру ортасы Интернет болып табылатын әдеби шығармалар жиынтығын білдіретін ұғым. Интернет желісі шығармашылықтың бұл түрін жас және прогрессивті авторлар үшін ең тартымды етті: ол әлдеқайда арзан, авторлар үшін де, оқырмандар үшін де қол жетімді, баспаға да, мәтінді тапсыру мерзіміне де тәуелсіз, мазмұны, стилі, формасы бойынша шектеусіз, тіпті анонимді болуы мүмкін.

Желілік әдебиет (желілік әдебиет) ұғымының екі аспектісі бар:

1. желіге көшірілген классикалық және қазіргі заманғы («қағаз нұсқадағы») әдебиеттің мәтіндері;
2. ғаламдық ақпараттық Интернет желісінде құрылған және жұмыс істейтін туындылар[1].

Желілік әдебиет Қазақстан аумағында да кеңінен қолданысқа енген. Қазір «21 ғасыр – ақпараттық технологиялар ғасыры» болғандықтан, тұтас өміріміз техникамен, компьютермен және әртүрлі гаджеттермен байланысты. Сондықтан біз де бұл тенденциядан бас тарта алмаймыз. Сонымен қатар, COVID-2019 салдарынан болған каранттинге байланысты адамзат өмірі күрт өзгерді. Барлық жерде жұмыстар онлайн форматта жүргізілді. Яғни вебинар, онлайн дәрістер, зум арқылы онлайн сабақтар, онлайн

конференция және т.б. Осылайша, қазақ әдебиеті де бірітіндеп мобильді түрге ауысуда және желілік қазақ әдебиеті қоғамда қалыптасуда. Алайда, көп адамдар желілік әдебиетті күнделікті қолданып жүрсе де, ол ұғымынан хабардар емес.

Желіде өз шығармасын немесе жұмысын жариялаған кез келген автор желілік әдебиеттің өкілі ретінде саналады. Желілік әдеибеттің ерекшелігі [2]:

Шығармалар әдетте белгілі бір оқырман үшін жазылмайды, оларды желіде жариялау үшін жазылады. Авторлар негізінен туындыларды ақысыз негізде жасайды және интернетте жариялау кезінде олардың зияткерлік меншігін біреу ұрлап кетуі мүмкін (плагиат, құрастыру) немесе мазмұнды басқа ресурстарға таратқан кезде авторлық нұсқау жоғалады. Егер олар өз туындыларын жариялау үшін қандай да бір қаражат алғысы келсе немесе олардың авторлығы расталатынына сенімді болғысы келсе, мұндай авторлар баспа басылымдарындағы жарияланымды таңдайды. Авторлар өздерінің жұмыстарын газеттерде, журналдарда немесе басқа баспа басылымдарында жариялау үшін, ең алдымен, олар сол жазылған жұмыстың мазмұнына сәйкес келетін басылымды іздеуге немесе осы басылымның талаптарына сәйкес келетін шығарма жазуға мәжбүр. Интернетте жарияланған кезде бұл мәселе жоғалады – авторлар жанрлар мен шектеулерге назар аудармай, мазмұнды орналастыра алатын көп салалы сайттар бар. Интернетте жарияланған жұмыстан (мысалы, рефераттар, эсселер, аудармалар, тіркелген мақалалар және т.б.) ақша табатын авторлардың бар екенін жоққа шығаруға болмайды, бірақ олар үшін бұл шығармашылық процесс емес, күнделікті жұмыс.

Келесі қорытынды жасауға болады: желілік әдебиет — бұл контентті құруға, әсіресе оқырман қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған шығармашылық процестің нәтижесі.

Желілік әдебиет сәнге (мода) және трендтерге бағынады. Ең алдымен, «сән» мен «тренд» деген сөздердің мағынасын ашып алайық. Сән (фр. mode, лат. modus-белгілі бір уақытта белгілі бір ортада қабылданған әдеттердің, құндылықтар мен талғамдардың жиынтығы. Өмірдің немесе мәдениеттің қандай да бір саласында идеологияны немесе стильді орнату. Тренд (ағылш. trend-еңіс, тенденция) - басым тенденция, бір нәрсенің дамуының жалпы бағыты (қоғамдық пікір, сән және т. б.) [6].

Нарықтық экономиканың пайда болуымен баспагерлер мақсатты аудиторияның қажеттіліктерін зерттей бастады және оған арналған кітаптар шығара бастады. Сұраныс болған кітаптар тез сатып алынды, жете талқыланды және оқырмандар арасында үлкен сұранысқа ие болды. Интернет кеңістігі де тұтынушылардың қалауына өте сезімтал. Ол өзгерістер туралы жаңалықтарды тез тарату және жаңа сұраныстарға тез бейімделу мүмкіндігіне ие. Желілік әдебиет интернет кеңістігінің бөлігі болғандықтан, ол негізінен оған әсер етеді. Адамдар блогтарда, түсініктемелерде, форумдарда өз тілектерін айтады, автормен пікірталас тудырады, осылайша оған қажеттіліктері туралы айтып береді және шығармашылық процесті бастайды, оның нәтижесі желілік әдебиет туындылары болып табылады. Авторлар желілік әдебиеттегі тенденцияларға сәйкес шығармаларды екі жағдайда жазумен айналысады. Біріншіден, оны нақты тақырыптар мен идеяларды іздейтін немесе шабыттың жетіспеушілігіне тап болған авторлар қолданады — көбінесе бұл әдіс шығармашылық дағдарыстан шығып, жаңа күштермен оралуға мүмкіндік береді. Екіншіден, бұл аз уақыт аралығында танылуды қалайтын авторларға сәйкес келеді.
Осылайша, желілік әдебиеттің бұл ерекшелігі әлсіз авторларды ерте кезеңдерде алып тастауға мүмкіндік береді. Олрға аз талап етілетін тақырыптарда өз күштерін сынап көру ұсынылады. Егер ол таңдаған тақырып бір күні трендке айналса, автор оқырмандарға танылуға барлық мүмкіндіктерге ие болады және өзінің күш-жігері үшін марапатталады.

Автор мен оқырман арасындағы, сондай-ақ автор мен редактор арасындағы жедел байланыс. Байланыс мәселесі дәстүрлі әдебиеттегі ең маңыздыларының бірі болып табылады. Егер автор редактор ұсынған өзгерістерге тез жауап бере алмаса және оқырмандардың өтініштері мен пікірлерін тыңдамаса, автор үшін аудиторияны да, редакторды да жоғалтып алу қаупі бар. Интернеттегі байланыс құралдарына негізделген

желілік әдебиеттер байланыс мәселесін тез шешуге мүмкіндік береді. Электрондық пошта, мәтіндік және аудиовизуалды чаттар, түсініктемелер, форумдар, блогтар, әлеуметтік медиа — мұның бәрі авторға өзгерістерге уақытында жауап беруге мүмкіндік береді, сонымен қатар маркетингтік қызметті жүргізуге мүмкіндік береді. Желілік әдебиеттердің шығармаларын жариялауға арналған барлық дерлік сайттарда оқырмандармен байланыс орнатудың кеңейтілген функциялары бар. Әдетте оқырман мен автор сайтта жазылған жұмыстың төменгі жағында орналасқан комментарий бөлімінде бір-бірімен тілдесе алады, кейбір жағдайларда бұл үшін арнайы форумға өту керек. Осыдан желілік әдебиеттер оқырмандармен байланыс саласындағы дәстүрлі әдебиеттермен салыстырғанда әлдеқайда дамыған деп қорытынды жасауға болады. Сондықтан қазіргі таңда көптеген баспа авторлары әрдайым байланыста болу үшін өздерінің блогтарын немесе әр түрлі әлеуметтік желілерде өз парақшаларын ашуда.

Материалдарды жедел жариялау және мәтінге өзгерістер енгізу мүмкіндігі. Бұл мүмкіндік толығымен интернет кеңістігінен алынды және көп жағдайда зерттеушілер желілік әдебиеттің дәстүрлі әдебиеттен басты айырмашылықтарының бірі ретінде келтіреді. Интернет-кеңістікті пайдаланушылар кез келген сәтте жарияланған ақпаратты орын алған өзгерістерге сәйкес өзгерте алатындай немесе қоғамға қандай да бір жаңалықты уақытылы жеткізе алатындай етіп ұйымдастыра алады. Сондықтан интернет пен теледидар біртіндеп баспа басылымдарын шетке ысыруда. Интернеттің жеделдігін, ең алдымен, ақпараттық агенттіктер, әсіресе іскери ақпарат агенттіктері жедел жаңалықтардан ақша табатындар пайдаланады.

Желілік әдебиеттердің шығармаларын жариялауға арналған әртүрлі сайттар көпшілік алдында редакциялау сияқты функцияны ұсынады. Яғни, автор кез келген уақытта өз жұмысын өңдей алады. Өңдеудің кең мүмкіндігі бар сайттар авторға басқа адамға олардың мәтініне қол жеткізуге және нәтижесінде енгізілген түзетулерді көруге, мақұлдауға немесе қабылдамауға мүмкіндік береді.

Ұжымдық авторлық және бастаушы авторлардың мансабын бастау үшін бірегей алаң. Бір қарағанда, бұл екі ерекшелік бір-бірімен байланысты емес және баспа басылымының неге бастаушы авторлар үшін қолайсыз алаң болып табылатыны туралы сұрақ туындауы мүмкін. Ал желілік әдебиетте бәрі бір-бірімен, соның ішінде осындай ұғымдармен тығыз байланысты. Ең алдымен, біз ұжымдық авторлық туралы талқылайты боламыз. Бұл бірлескен авторлыққа ұқсас болса да, оған ұқсамайтын біршама ерекшеліктері бар және ол тек желілік әдебиеттерге тән. Сонымен, ұжымдық авторлық дегеніміз не және оның бірлескен авторлықтан айырмашылығы неде? Бірлескен авторлық – бұл белгілі бір туындыға авторлық құқығы бар екі немесе одан да көп адамның бірлескен авторлығы. Заңды тұрғыдан алғанда, шығарманы бірлесіп бірнеше автор жазса да, ол авторларға тең дәрежеде тиесілі. Бірлескен авторлық, тіпті жұмыс бір-бірімен байланысты емес бөліктерден тұрса да, жоспардың бірлігін білдіреді. Ұжымдық желілік авторлық көбінесе жалпы идеяға сүйенбейді және әр автор өзі көргендей жасайды. Мұндай шығармашылықтың негізгі талабы – біртұтас сюжеттік желімен дәйекті мәтін жазу; жеке тәуелсіз бөліктерден тұратын келісілмеген мәтін жазылған жағдайда, мұндай жұмыс ұжымдық авторлықтың мағынасына жатпайды.

Интернет авторларға қатаң талаптар қоймайды және кез-келген адам өз жұмысын жариялауға мүмкіндігі бар. Ол үшін автор тиісті сайтқа тіркеліп, өз мәтінін теріп немесе көшіріп, «жариялау» түймесін басу жеткілікті. Жариялаудың мұндай жеңілдігі үшін көбінесе мазмұнды ұрлау, яғни «плагиат» желелік әдебиеттегі авторлар арасында орын алады. Дегенмен, уақыт өте келе, жаңадан келген авторлар өз аудиториясын табады. Сонымен қатар, тәжірибелі авторлардан кеңес алып, тіпті жақсы редакторды таба алады. Ол жаңадан бастаушыға қателіктер жібермеудің алдын алып, әрі қарай дамуға көмектеседі. Әдеби ойындардың кең таралуы. Бұл ерекшелік ұжымдық авторлықпен тығыз байланысты, өйткені әдеби ойындар желіде туындыларды ұжымдық жазудың алғашқы әрекеттерінен туындады. Қазіргі уақытта әдеби ойындар көптеген өзгерістерге ұшырады, бірақ олар әлі

де сетератураның ажырамас бөлігі болып табылады. Интернет жанрлар мен формалардың иерархиясының өзгеруіне ықпал етеді: желілік өмірге жақсы бейімделген мәтін түрлері бірінші орынға шығады және басқаларды біртіндеп ығыстырады. Жалпы желіде жазылып, таралатын әдебиеттің эссе, прозалық миниатюра, күнделік типіндегі әдебиеттер, электронды әңгіме, блогтар және т.б. сынды жанрлық тектері көпшілікке белгілі.

Миниатюра – кескіндемеден алынған әдеби термин. Бұл термин «миниум» сөзінен шыққан — ежелгі миниатюраның шеберлері қолданған қызыл бояудың атауы. Кескіндемедегідей, әдеби миниатюраның алғашқы сипаттамалық ерекшелігі – оның көлемінің қысқалығы. Екі-үш сөйлемнен бастап көлемді мәтінге дейін. Миниатюра-көлемі жағынан шағын, бірақ композициялық және мазмұнды түрде аяқталған, әдетте кең жалпылама ойды (бейнені) немесе жарқын сипатты қамтитын шығарма. Бұл әдеби жанр орта ғасырларда христиан және ислам елдерінде дамыды[3].

Күнделік – бұл автордың өткен өмірін тек жеке немесе кейіннен белгілі болған әлеуметтік оқиғаларға қатысты бір мәтінмен толықтырылатын әдеби шығарма; естелік жанрының кең таралған түрлерінің бірі. Қазіргі таңда заманауи технологиялар әлемінде виртуалды күнделіктер танымал бола бастады. Күнделік жазудың бірінші себебі – күнді уақыт пен санға бөлу. Тағы бір себеп – болашақта автордың оқырмандары болады деген болжам. Бұл жағдайда автор өзі туралы аз жазады, бірақ оқырманды қызықтыратын ақпаратты ұсынады. Артықшылықтары: 1) әрбір сауатты адам күнделікті оңай қолдана алады; 2) күнделікті жазбалар адамды өзін және басқа адамның уақытын құрметтеуге үйретеді; 3) адам өзін талдай алады[4].

Желілік әдебиет жанрының келесі бір түрі блог және фанат әдебиеті (фанфикшн) деп аталады. Блог дегеніміз оқырманның интернеттегі жеке көзқарасына негізделген ойын жазатын желі журналы, күнделігі. Блог, көп жағдайда, қысқа, нақты жазылады. Блогшылар өзін толғандырған тақырыптар туралы жазып, қоғамда орын алып жатқан оқиғаларға жеке сыни пікірін білдіреді[5]. Қазіргі таңда әдеби блогтар жүргізілген көптеген отандық порталдар мен сайттар бар. Олардың ішінен Kerekinfo.kz пен massaget.kz сайттарын атап өтуге болады. Мұнда желілік әдебиеттің бірі болып табылатын фанат әдебиеті де дамып келеді. Фанфикшн – бұл көркем әдебиет түрі, кез-келген өнер туындысының жанкүйерлері туындыны жалғастырып жазған және оның негізінде жасалған шығармалар. Яғни, қандай да бір оқырман белгілі бір өзіне ұнаған шығарманы негізге ала отырып жаңадан шығарма тудырады немесе ондағы оқиғаларды басқаша өрбітіп, өз қалағанындай аяқтайды. Фанфиктердің авторлары (яғни фанаттар әдебиеті) фикрайтерлер деп аталады (ағылшын тілінен. fan fiction: fan – фанат, fiction – көркем әдебиет, writer – жазушы). Фанфикшн қазақ әдебиетінде де байқалады. Оған мысал ретінде интернет желісінде ақын Абай Құнанбайұлының өзінің туындыларына және ол жайында жарық көрген әдеби шығармаларға негізделіп жанкүйерлер жариялаған әдеби жазбаларды айтуға болады.

Қорытындылай келе, Интернет әдебиетті толығымен алмастыра алмайды, бірақ ол оны өзгерте бастады. Интернет қазіргі мәдениетке маңызды әсер етуде және адамдар арасындағы қарым-қатынастың үнемі өзгеруіне әкелуі мүмкін. Желілік әдебиет – бұл Интернет-ғаламдық ақпараттық желіде жасалған және жұмыс істейтін әдеби шығармалардың жиынтығы. Интернет желісінде орналастырылған бұл жұмыстар уақытында өзгертілуі (өңделуі) мүмкін және бір уақытта көптеген тұтынушыларға қол жетімді, сонымен қатар, шығармашылық процеске қатысады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Черняк В. Д., Черняк М. А. Массовая литература в понятиях и терминах: учеб. словарь справочник. 2-е изд., стереотип. М.: Флинта, 2015. 192 с.

2. Бычкова О. И. Сетевая литература: вопросы формы и стиля // Наследие веков. 2015. №2. С. 55–59.

3. Зиммель Г. Мода // Избранное. М.: Юристъ, 1996. Т. 2. Созерцание жизни. С. 266–291.

4. Ахметова А.М., Ақыш Н.Б. Кибер әдебиеттің жанр категориясы. 2020.
5. https://www.kaznu.kz/content/files/pages/folder21027/Akhmetova%20A.M.%20Izvestya%20of%20 NANRK,%202020.pdf
6. Жылқыбай, Д. Кибер әдебиет. 2020.

ӘОЖ 81' 373.611

Сәрсембаева А. А.
(М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті, Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы ф.ғ.магистр, аға оқытушы)
Төлен Д. Н.
(М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті)

ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР, ЖЕТІСТІКТЕР МЕН ИННОВАЦИЯЛАР

Аннотация. «Ғылым және білім мәселелері: өзекті мәселелер, жетістіктер мен инновациялар» тақырыбы қазіргі қоғамның басты мәселелерінің бірі болып табылады. Ғылым мен білім саласындағы жетістіктер мен инновациялар еліміздің дамуына жаңа бағыттар мен мүмкіндіктер ұсынады. Бұл мақалада ғылым мен білімнің заманауи жағдайы, қазіргі уақыттағы өзекті мәселелері, сондай-ақ білім беру жүйесіндегі инновациялар мен ғылыми зерттеулердің маңызды рөлі талқыланады. Қазіргі таңда ақпараттық технологиялар мен цифрлық құралдардың білім беру саласына әсері зор. Сонымен қатар, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін қоғамның барлық салаларына тиімді қолданудың жолдары мен тәсілдері қарастырылады. Жетістіктер мен инновациялардың білім беру жүйесінде қалай жүзеге асып жатқандығы, оқытушылар мен студенттердің рөлі және ғылыми-зерттеу жұмыстарында жаңа әдістердің қолданылуы айқындалады. Мақалада осы салалардың өзара байланысы, олардың әлеуметтік және экономикалық дамуға ықпалы кеңінен баяндалады.

Кілт сөздер: Ғылым, Білім беру жүйесі, Инновациялар, Жетістіктер, Цифрлық технологиялар

Таким образом, автоматизированная проверка работ на основе ИИ делает процесс обучения русскому языку и литературе более эффективным, помогая учителям и учащимся достигать лучших результатов.

1.3. Развитие навыков анализа текста с помощью искусственного интеллекта

Анализ художественных произведений – один из важнейших навыков в изучении литературы, требующий от учащихся критического мышления, внимания к деталям и способности интерпретировать тексты. Искусственный интеллект (ИИ) может существенно помочь в развитии этих навыков, облегчая процесс понимания и осмысления литературных произведений.

Пример использования ИИ в анализе произведения

Предположим, ученики изучают роман М. Булгакова *«Мастер и Маргарита»*. С помощью ИИ можно:

- Выявить ключевые темы (борьба добра и зла, свобода творчества, любовь).
- Определить центральные образы (Мастер, Маргарита, Воланд, Иешуа).
- Проанализировать авторский стиль, выделяя использование сатиры, символики, аллюзий.
- Составить структурированную характеристику персонажей, выявить их развитие по ходу сюжета.

Преимущества использования ИИ для анализа текста

✓ **Экономия времени** – Ученики быстрее находят ключевые моменты, не теряя смысл произведения.

✓ **Развитие критического мышления** – Вместо механического запоминания сюжетов школьники учатся анализировать текст, делать выводы.

✓ **Повышение вовлеченности** – Интерактивные технологии делают процесс изучения литературы более интересным.

✓ **Помощь ученикам с разным уровнем подготовки** – ИИ помогает как сильным ученикам глубже понять произведение, так и тем, кому сложно анализировать текст самостоятельно.

Использование ИИ в развитии навыков анализа текста делает изучение литературы более осмысленным и доступным, помогая ученикам глубже понимать художественные произведения и развивать аналитическое мышление.

Преимущества использования ИИ для развития устной речи

✓ **Безопасная среда для практики** – Ученики могут тренироваться без страха допустить ошибку перед одноклассниками.

✓ **Индивидуальный подход** – ИИ подстраивается под уровень подготовки каждого ученика.

✓ **Мгновенная обратная связь** – Ученики получают рекомендации по улучшению речи сразу после выполнения задания.

✓ **Развитие уверенности в себе** – Регулярная практика с ИИ помогает преодолевать языковой барьер.

Таким образом, применение ИИ-ассистентов в обучении русскому языку и литературе делает процесс развития устной речи более интересным, доступным и эффективным.

2.2. Анализ и интерпретация произведений

ИИ может формировать аналитические вопросы и помогать ученикам глубже осмыслить произведения.

2.3. Создание интерактивных заданий

ИИ может автоматически формировать тесты, кроссворды и другие задания по изучаемому материалу.

4. Вызовы и потенциальные проблемы внедрения ИИ в образование

Несмотря на значительные преимущества искусственного интеллекта (ИИ) в обучении русскому языку и литературе, его внедрение связано с рядом вызовов. Эти проблемы требуют внимания как со стороны педагогов, так и со стороны образовательных учреждений, чтобы ИИ стал действительно эффективным инструментом, а не заменой традиционным методам обучения.

4.1. Этические вопросы

Одним из ключевых вызовов является **этический аспект** использования ИИ в образовании.

- **Риск зависимости от ИИ**. Если учащиеся будут слишком полагаться на автоматизированные системы, они могут утратить мотивацию к самостоятельному изучению предмета. Например, при написании сочинений или анализе текстов ИИ может предложить готовые ответы, что уменьшит необходимость мыслительной деятельности у школьников.
- **Использование ИИ для списывания**. Современные языковые модели способны генерировать тексты на любую тему, что создает риск злоупотреблений. Ученики могут использовать ИИ не для обучения, а для автоматической генерации рефератов, эссе и даже контрольных работ. Это ставит перед педагогами задачу разработки новых способов оценки знаний, исключающих возможность нечестного использования технологий.
- **Конфиденциальность данных**. Многие ИИ-системы требуют загрузки текстов учеников для анализа, что может повлечь за собой проблемы с защитой персональных данных. Учителям и администраторам необходимо внимательно выбирать платформы, соответствующие требованиям безопасности.

4.2. Необходимость обучения учителей

Для эффективного внедрения ИИ в образовательный процесс **педагоги должны обладать соответствующими компетенциями**. Однако на данный момент многие учителя не имеют достаточных знаний и навыков работы с ИИ-инструментами.

4.3. Риск снижения уровня самостоятельного мышления

Одной из ключевых задач обучения русскому языку и литературе является развитие **аналитического и критического мышления** у школьников. Однако при чрезмерном использовании ИИ существует риск, что ученики будут полагаться на него вместо того, чтобы самостоятельно анализировать произведения.

- **Готовые анализы и интерпретации**. Многие ИИ-системы уже способны предлагать развернутый анализ художественных произведений, выявлять темы и мотивы, что может привести к снижению интереса у школьников к самостоятельному чтению и осмыслению текста.
- **Поверхностное понимание материала**. Если учащиеся привыкнут к тому, что ИИ сразу выдает им нужную информацию, они могут утратить навык глубокого размышления и сопоставления различных точек зрения.
- **Проблемы с развитием творческих способностей**. Литература и язык предполагают не только анализ, но и умение выражать свои мысли, формулировать уникальные идеи. Если ИИ подсказывает готовые решения, это может негативно сказаться на развитии креативности у школьников.

Заключение

Искусственный интеллект открывает перед педагогами и учащимися **новые возможности** для изучения русского языка и литературы. Он помогает адаптировать обучение к индивидуальным потребностям школьников, автоматизировать проверку работ и развивать навыки анализа текстов. Однако его успешное внедрение требует **осмысленного подхода**. Для того чтобы ИИ стал действительно полезным инструментом, необходимо:

- обучать педагогов новым методам работы,

- разрабатывать механизмы предотвращения злоупотреблений,
- сохранять баланс между технологиями и традиционными методами обучения.

Только при разумном использовании ИИ станет не просто помощником, а мощным инструментом для развития мышления, творческих способностей и языковой компетенции у учащихся.

Список использованная литературы

1. Козлов А. В. **Искусственный интеллект в образовании: проблемы и перспективы**. – М.: Просвещение, 2022.
2. Иванова Е. П. **Новые технологии в преподавании русского языка**. – СПб.: Наука, 2021.
3. Сухих Н. А. **Искусственный интеллект и анализ текстов**. – Казань: Университетская книга, 2023.
4. Рудаков В. В. **Персонализированное обучение с ИИ: опыт российских школ**. – М.: Образовательные технологии, 2023.

ӘОЖ 371.3

Бексултанова М. Б.

(Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы, Меркі ауданы білім бөлімінің "Асанбай Асқаров атындағы жалпы орта білім беретін тірек мектеп - гимназиясы (ресурстық орталығы)" КММ- нің директоры)

ЖАСТАР АРАСЫНДА БУЛИНГТІҢ, КИБЕРБУЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛУ ЖОЛДАРЫ

Аннотация. Мақалада буллинг ұғымы агрессивті мінез-құлықтың бір түрі ретінде қарастырылған. Бұл ұғымға қатысты ғалымдардың бірнеше ғылыми тұжырымдары берілген. Авторлар жалпы білім беретін орта мектепте буллингтің алдын алу жұмыстарының практикалық аспектілерін өздері жүргізген диагностикалық жұмыстарының нәтижелері арқылы көрсете білген. Жасөспірім кезеңіндегі буллингтің негізгі себептері нақты аталған. Олар: мектептің атмосферасы, тұлғаішілік себептердің психологиялық және физиологиялық өзгерістерді қамтитын өтпелі жастағы тәжірибеге негізделетіні, ал отбасылық себептер балалар мен ата-аналар арасындағы мәселерден туындайтындығы туралы айтылған. Аталған себептер оқушылардың психологиялық өзгерістерімен байланысты. Сонымен қатар, буллингке де және оның құрбандарына қатысты болатыны ғылыми идея тұрғысында жазылған. Диагностика жұмыста- рында мектептегі буллингті анықтауға арналған ғылыми зерттеу нәтижелері дәлелденген әдістер қолданылған. Буллингтің алдын алуға байланысты тренинг бағдарламасы оқушылардың бір-бірімен дұрыс қарым-қатынас орнатуына ықпал етуге бағытталған. Оқушының өзін-өзі бағалай білуіне, дәрежесін көтеруіне мотивация беретін, басқа адамдарға шыдамдылықпен, құрметпен, кешірімділікпен қарауға үйрететін, адами құндылықтарға негізделген.

Тірек сөздер: буллинг, жасөспірім, деликвентті, депривация, феномен, мінез-құлық, әлеуметтену үдерісі, тәрбие ортасы, вербалды буллинг, агрессия.

Beksultanova M. B.

(Director of the KSU "support school - gymnasium (resource center) of general Secondary Education named after Asanbai Askarov" of the Department of Education of Merken District, Department of education of the akimat of Zhambyl region)

WAYS TO PREVENT BULLING, CYBERBULLYING AMONG

YOUNG PEOPLE

Annotation. The article considers the concept of bulling as a type of aggressive behavior. Several scientific conclusions of scientists regarding this concept are given. The authors were able to demonstrate the practical aspects of the work on the Prevention of bullying in general education schools through the results of their diagnostic work. The main causes of bulling in adolescence are clearly named. They are: the atmosphere of the school, where it is stated that intrapersonal causes are based on experiences of transitional age that involve psychological and physiological changes, while family causes arise from problems between children and parents. The listed reasons are associated with psychological changes in students. In addition, it is written in the context of a scientific idea that the same applies to bulling and its victims. In the diagnostic work, methods were used that have proven the results of scientific research to identify school bulling. The training program related to the Prevention of bullying is aimed at promoting students to build a healthy relationship with each other. It is based on human values that motivate the student to develop self-esteem, increase his rank, teach him to treat other people with patience, respect, and forgiveness.

Key words: bullying, adolescent, delinquent, deprivation, phenomenon, behavior, socialization process, educational environment, verbal bullying, aggression.

Буллинг — сөзбен, яғни психологиялық қысым көрсету немесе күш көрсету арқылы адамның өзгені кемсітуі, қорлауы, үстемдік танытуы. Буллинг негізінде 10-15 жас аралығындағы жасөспірімдер буллингтің құрбаны болады. Сонымен қатар, жаңа технологиялардың, әлеуметтік желілердің дамуы нәтижесінде буллингтің жаңа түрі кибербуллинг пайда болды. Буллинг пен кибербуллингтен қорғану — алдын алу шаралары.

Балалардың бір-бірін кемсітуі неден басталады? Балалар мен жасөспірімдер арасындағы қорқыту, кемсіту белгілі бір топқа біріккен жастардың өзінен ерекшеленетін баланы шеттетуден басталады. Балалар көбіне мінезі, ойлау жүйесі, сырт келбеті, өзге де бір ерекшелігіне байланысты кемсітілуі мүмкін.

Қоғамдағы осындай кері әсерлерден баланы қорғау ата-ана мен оқу орнының басты бағыты.

Буллинг көп жағдайда физикалық қысымнан ғана тұрмайды. Көбінесе психологиялық шабуыл: қорлау, жаман сөздер айту, келемеждеу, өсек пен өтірік сөз тарату және шеттетуден тұрады. Әсіресе соңғысы балалардың өз ортасынан алшақтап, жалғыздықтан суицидке баруына әсер етеді.

Балалар арасындағы буллинг бұрыннан бар нәрсе. Тек қазіргі уақытта телефонға түсіріп алу, оны таратып жіберу секілді әрекеттер бұл мәселені одан бетер өршітіп жіберді. Сонымен қатар қазір буллингтің физикалық түріне қарағанда психологиялық шабуылы көбірек байқалады. Балалар арасындағы суицидтің көп белең алып кетуі де осыған байланысты. Алайда біз бұдан физикалық буллингке қарағанда оның психологиялық түрі қауіпті болады деп айта алмаймыз. Бұлардың екеуі де қауіпті. Мысалы, физикалық шабуыл кезінде құдалауға ұшыраған баланы итеріп жіберіп немесе ауыр соққы жасаса, психологиялық түрінде баланы шеттету, мазақтау, күлкіге айналдыру болады.

Мектептегі буллингтің төмендегідей негізгі түрлеріне тоқталып кетсек:

Психологиялық зорлық-зомбылық – балаға назар аудармау, кері итеру, бақылау және/не оқшаулауға, баланы қорқытуға, үрей сезімін тудыруға, баланың мінезіне ықпал етуге, оның өзін-өзі құрметтеу, өз бағасын білу сезімін жоюға, әлеуметтік және эмоционалдық дамуы мен жақсы өмір сүруіне кедергі келтіруге бағытталған қасақана жасалатын вербалды және іс-әрекеттік қимылдар схемасын қамтиды. Психологиялық кемсітушілік әрекетке баланың өзін керексіз,кемістігі бар, сүйкімсіз және қалаусыз болып табылатынына сендіру үшін жасалатын мазақтау, балағаттау, кемсіту, ұялту және дөрекі сөздер айту сияқты вербалды әрекеттер кіреді. Ол сондай-ақ баланы қорқыту және оны бақылау үшін қорқыныш сезімін тудыру мақсатында физикалық залал келтіре отырып балаға қауіп төндіру сияқты іс-әрекеттік қимылдарды да қамтиды.

Физикалық зорлық-зомбылық – балаға қатысты өзге баланың не ересектің тарапынан

физикалық зардапқа не жарақатқа әкелетін, баланың денсаулығына, оның өмірінің ұзақтығына, дамуына, өзін-өзі бағалау сезіміне нұқсан келтіруі мүмкін физикалық күш көрсету арқылы жасалатын әрекеттер. Физикалық зорлық-зомбылық ретінде бағаланатын іс-әрекеттің түрлері көп: соққы, ұру, итеру, тебу, тұншықтыру, шаштан тарту, сілкілеу, қандай да бір затпен не қарумен шабуыл жасау. Физикалық зорлық-зомбылық көбінісе балаға залал не жарақат әкеледі, тіпті баланың мүгедек болуына не қайтыс болуына да соқтыруы мүмкін.

Жыныстық сипаттағы сөздерді айту не қысым көрсету – қандай да бір баланың не ересектің балаға қатысты жыныстық алдап-арбауы, нәпсіқұмарлық сипатта ауызша не физикалық қысым көрсетуі, жыныстық құмарлықты ояту үшін балаға қатыгездікпен қарау. Басқа баланың жыныстық мүшелеріне қол тигізу/ұстау, баланы жыныстық белсенділікке қатысуға шақыру (нәтижесіне қарамай), жыныстық мүшелерді жалаңаштап көрсету, балаға порнография көрсету және баламен жыныстық қатынасқа түсуді қамтиды.

Бопсалау – балаға зорлық не тән жарақатын салу қаупін қосқанда, қысым жасау не мәжбүрлеу арқылы заңсыз ақша мен мүлік талап ету және алу түрінде көрінетін қылмыс.

Кибербуллинг – баланың соңына түсу, қорқыту, ұялту мақсатында интернет арқылы таралатын әлеуметтік жүйелерді пайдалану. Дөрекі, қатыгез сипаттағы мәтіндік хабарламалар жіберу; жәбірленушіні онлайн режімінде мазақ ету не жеке басына тән ақпаратты, фотоны не бейнежазбаны орналастыру; басқа баланың қыр соңына түсу не мазақ ету мақсатында жалған тіркеу жазбасын, веб-парақшаны не он-лайн режімінде бейне жасау сияқты әрекет түрлерін қамтиды.

Құрбылар тарапынан қорқытып-үркіту – нақты не болжамды күштер теңсіздігін білдіретін мектеп жасындағы балалар арасындағы агрессивті әрекеттер. Мінез-құлықтың мұндай моделі қайталанып отырады немесе белгілі бір кезең сайын қайталануы ықтимал. Баланы кемсіту қорқыту, өсек тарату, балаға физикалық не сөзбен тиісу не әдейілеп топтан шығарып тастауды қамтиды.

Кемсітушілік – баланың жынысына, ұлтына, ұлыстық мәртебесіне, әлеуметтік-экономикалық жағдайына, дініне не мүгедектігіне негізделген әділетсіз не бөліп-жару қарым-қатынасы.

Тән жазасы – физикалық күш қолданылатын, балаға қандай да бір жеңіл ауырту сезімін не қолайсыздықты сездіруге бағытталған кез келген жазаны білдіреді. Көбінесе, бұл соғып жіберу, шапалақпен тартып қалу, баланы қолмен не затпен ұруды білдіреді. Сондай-ақ тебу, сілкілеу, баланы итеру, тырнау, шымшу, шашынан тарту не құлағынан жұлқылау, балаларды қолайсыз позада ұстау, күйдіру, буға шалдыру, мәжбүрлеп жұтқызу (мысалы, баланың аузын сабынмен жуу не ащы дәмдеуіштерді жұтуға мәжбүрлеу) де қамтылады [2].

Жәбір көрген оқушыны ең бірінші ұстаз анықтайды. Осындай жағдайда мұғалім бірден баланы сөзге тарту қажет. Ашық әңгімеге тартқаннан кейін бала қандай жағдай болды, не себепті болды, оны айта алады. Бұл бір күнде шешілетін мәселе емес, бір айлық немесе жарты жылдық болуы мүмкін. Қысым көрсетілген балаға жан-жақты көмек беру қажет.

Кез келген ата-ана баласымен ашық және жиі сөйлесіп отыруы қажет. Тек мектептегі үлгерімі жайлы ғана емес, қатарластарымен қарым-қатынасы қандай екенін білуі тиіс. Білікті маманға бір ай ішінде қысым көрген бірнеше оқушы барады екен.

Буллингке ұшыраған кезде емес, 1-2 жылдан кейін бірақ қана келеді. Қысым көрген бала өзі айтпайды. Ата-анасы бір белгілерден біліп қояды. Буллингке ұшыраған бала өзге ұл-қыздардан өзгеше болады. Оның себептері көп. Буллинг балалар мен жасөспірімдердің денсаулығына және олардың жан дүниесіне орны толмас зиянын тигізеді. Сондай-ақ, оқу үдерісіне кері әсер етеді. Балалардың әлеуметтік ортадан шеттеп қалуына, ой-санасының бұзылуына әкеп соқтырады. Мемлекет баланың құқығы мен қауіпсіздігінің қорғалуын қамтамасыз етуі керек.

Мектепте буллинг үдерісіне – агрессор балалар қатысады. Олар буллинг жасауды алдын ала жоспарлайды. Демек агрессорда буллингтің жоспары, нақты мақсаты және оны жүзеге асыратын ниеті болады. Белсенді қорқытумен айналысатын балаларда мақсатты аңду, нақты және өрескел, сенімді сөйлеу, өзін сенімді ұстау, батылдық, тапқырлық сияқты әлеуметтік құзыреттіліктері дамыған және құрбанының эмоцияларын жақсы түсінеді, бірақ

оларда жанашырлық сезім дамымаған. Басқа адамның көңіл күйінің қандай болатынына еш ойланбайды да қызықтырмайды, яғни буллингтің құрбаны болу қандай болатынын түсінбейді. Сондықтан баланың өтпелі кезеңінде ата-ана, педагог пен психологтардың буллингтің алдын алу жұмыстарына белсенді жұмылуы маңызды.

Ғалымдар буллинг мәселесін ұзақ уақыт бойы зерттеп, олармен күресу жолдарын айтып келеді. Буллинг мәселесін түбегейлі шешу мүмкін емес. Дегенмен, мектепте буллингті тоқтатудың бірден- бір жолы — алдын алу жұмыстарын дұрыс ұйымдастырған жағдайда оқушылар бір-біріне зорлық- зомбылық жасаудан аулақ болу ықтималдығы жоғары.

Буллингтің алдын алу жұмыстары келесі аспектілерді қамтуы керек: қауіпсіздікті қамтамасыз ету, ескерту, сақтандыру, жою және бақылау.

Алдын алу жұмыстары оқушының әлеуметтік өзгерісін қамтиды, оқушының отбасылық, жеке өмірлік тәжірибесін есепке ала отырып, педагогикалық және тәрбиелік шаралар өткізу, мінез- құлқының сапасын жақсартуға ықпал ететін арнайы бағдарламалардан тұрады.

Буллингтің алдын алу жұмыстары оқушының әлеуметтік, отбасылық, жеке жағдайын оның өмір сүру сапасы мен мінез-құлқын жақсартуға ықпал ететін арнайы педагогикалық және тәрбиелік шара- ларды қолдану арқылы, тұлғаға бағдарлы іс-әрекеттер арқылы өзгертуді көздейді. Себебі көптеген зерттеушілер буллингтің алдын алу және бақылаудың әртүрлі оңтайлы әдістерін іздейді. Диспози- циялық көзқарас ұстанымының өкілдері буллингтің алдын алу агрессия құрбандарының коммуника- тивті дағдылары мен өзіне деген сенімін қалыптастыру, агрессорларда төзімділікті дамыту қажеттілі- гі идеясына негізделуі керек деп санайды. Айта кету керек, көп жағдайда буллинг құрбанының агрес- сияға ұшырау себебі өзінің буллиға мүмкіндік беруінен болады. Сондықтан оқушылармен алдын алу жұмыстары жүйелі өтіп отыру маңызды және өзінің оң нәтижесін береді.

Алдын алу шараларының негізгі мақсаты — оқушыларға буллингтің не екенін, оның құрдаста- рымен келіспей немесе төбелесіп қалатын жағдайлардан айырмашылығын түсіндіру; стрестік жағ- дайдан сақтануды, күресуді үйренуге көмектесу; буллингке ұшыраған жағдайда немесе куәсі болған жағдайда кімге және қайда барып, көмекті қалай сұрау керек екенін үйрету.

Буллингтің алдын алу міндеттері:

– агрессор және буллингке ұшырауға мүмкін балалармен жұмыс жасау үшін мұғалімдердің кәсі- би даярлығын арттыру;
– оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасын жақсартуға жәрдемдесу;
– ата-аналарға психологиялық-педагогикалық кеңес беру;
– психологиялық соққы және әлеуметтік қауіпті жағдайды болдырмау;
– өзара төзімділік пен әлеуметтік құзыреттіліктер мен адами құндылықтарды дамыту;
– оқушының өзі туралы және басқалармен қарым-қатынасы туралы негативті ойларын түзетуге ықпал ету.

Буллинг тек балаларды ғана емес, мұғалімдерді де қамтиды. Яғни, балалар да, мұғалімдер де буллингтің құрбанына айналуы мүмкін, ал ересектер де, балалар да бұзақы рөлін атқара алады. Буллингтің дамуына көп жағдайда отбасындағы тәрбие, балада сәби кезінен бастап тәрбиеленетін көзқарастар ықпал етеді. Сондай-ақ буллингтің дамуы балалар білім алуға баратын оқу орнының микроклиматына ықпал етеді. Білім беру ұйымы студенттер арасындағы буллинг мәселесіне үлкен көңіл бөлуі керек.

Жасөспірімдерді қорлаудың келесі себептерін ажыратуға болады:

• қызғаныш, табыс, сыртқы, физикалық немесе психикалық көріністер;
• бұрынғы қателіктері үшін кек алу;
• дұшпандық сезімі;
• сыныпта, құрдастар арасында билік үшін, көшбасшылық үшін күрес;
• қарсыластың өзінен артықшылығын көрсету арқылы оны бейтараптандыру;
• өзін-өзі растау;
• назар орталығында болуға, салқын көрінуге ұмтылу;
• таң қалдыруға ұмтылу;

• ұнатпайтын адамды қорлауға, қорқытуға ұмтылу

Айта кету керек, қорқыту барысында бірнеше даму сатысынан өтеді: Бірінші кезең - қорлау тобын құру. «Жәбірленушінің» физикалық күшін қолдану және қорлау арқылы өзін көрсетуге тырысатын «көшбасшының» айналасында жасөспірімдік ортада құрдастар жиналады, олар да басқаларға үстемдік етуді қалайды немесе керісінше көшбасшыдан қорғауды іздейді. Егер «көшбасшы» тарапынан зорлық-зомбылықтың алғашқы көріністері қатаң түрде басылмаса:

- ол өзінің жазасыздығына сенімді бола бастайды;
- қатарластары арасындабеделі артады;
- өз күші мен ықпалына сенімді болып, орныгады;
- топ ныгаяды;
- қолдауды жалғастырады;

Буллинг көріністерін уақытында тоқтатпасақ, уақыт өте келе олар қауіпті бола бастайды. Зорлық-зомбылық мәселесін шешу үшін буллинг жағдайын жасау әрекеттеріне дұрыс және дер кезінде жауап беру маңызды. Егер білім беру ұйымдарындарының барлық қатысушылары буллинг мәселесімен белсенді және байыпты айналысса, онда көптеген қақтығыстардың алдын алуға болады.

Біз буллингтің алдын алу үшін ескерту, жою және бақылау сияқты аспектілерді қамтуымыз керек. Профилактикалық жұмыс әлеуметтік, отбасылық, тұлғалық жағдайын оның өмірі мен мінез-құлқының сапасын жақсартатын арнайы педагогикалық және тәрбиелік шараларды қолдану арқылы, тұлғалық бағытты өзгерту арқылы өзгертеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Асылбекова М. П., Касымбекова Г. К. Взаимосвязь между виктимизацией от буллинга и кибербуллинга: роль социальной ответственности //ББК 88.492 Ч-25. – 2023. – №. 4. – С. 52.
2. Губенко А. Ю., Хан Н. Н. Проблема буллинга в образовательном процессе //Вестник КазНПУ имени Абая, серия «Педагогические науки». – 2020. – Т. 65. – №. 1. – С. 227-231.
3. Жолдыбаева М. О. Школьный буллинг в Казахстане: сравнительноправовой анализ зарубежного опыта //Актуальные научные исследования в современном мире. – 2021. – №. 8-1. – С. 106-110.
4. Утемисова Г. У., Васягина Н. Н. Актуальность исследования проблемы буллинга: современное состояние проблемы //Педагогическое образование в России. – 2020. – №. 4.– С. 27-34.

ӘОЖ

Адильбекова А. С.

(Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы, Меркі ауданы білім бөлімінің "Асанбай Асқаров атындағы жалпы орта білім беретін тірек мектеп - гимназиясы (ресурстық орталығы)" КММ- нің «Математика» пәнінің мұғалімі)

МАТЕМАТИКА САБАҒЫН САРАЛАП ЖОСПАРЛАУ

Аннотация. Бұл мақалада математика сабағын саралап жоспарлау әдістемесінің маңыздылығы қарастырылады. Саралап оқыту – оқушылардың білім деңгейі, қабілеті және оқу қарқынын ескере отырып, тиімді білім беруді ұйымдастыру тәсілі. Мақалада саралаудың түрлері, оларды сабақ барысында қолдану әдістері және оқыту сапасын арттырудағы рөлі талданады. Сонымен қатар, саралап оқытудың оқушылардың сыни ойлауын дамытуға, танымдық белсенділігін арттыруға және өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға тигізетін ықпалы көрсетілген.

Тірек сөздер: математика сабағы, саралап оқыту, сабақ жоспарлау, дифференциация,

оқыту әдістемесі, білім сапасы, оқушы мотивациясы

A. S. Adilbekova
(Teacher of "Mathematics" of the KSU "support school - gymnasium (resource center) of general Secondary Education named after Asanbai Askarov" of the Department of Education of the merken District of the Department of Education of the akimat of Zhambyl region)

DIFFERENTIATED PLANNING OF MATHEMATICS LESSONS

Annotation. This article discusses the importance of the methodology of differentiated planning of mathematics lessons. Differentiated learning is a way of organizing effective education, taking into account the level of knowledge, abilities and pace of learning of students. The article analyzes the types of differentiation, methods of their application in the lesson and their role in improving the quality of training. In addition, the impact of differentiated learning on the development of critical thinking, increasing cognitive activity and the formation of independent work skills of students is shown.

Key words: mathematics lesson, differentiated learning, lesson planning, differentiation, teaching methods, quality of education, student motivation

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінің басты мақсаты – оқушыларға сапалы білім берумен қатар, олардың сыни ойлау қабілеттерін, шығармашылық әлеуетін және өз бетімен білім алу дағдыларын дамыту. Математика пәнінде бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін саралап оқыту әдісін қолдану тиімді. Саралап жоспарлау оқушылардың жеке ерекшеліктерін, оқу деңгейін және қабілеттерін ескеріп, олардың білім алу процесін барынша қолайлы және нәтижелі етеді.

Саралап оқытудың мәні мен маңыздылығы Саралап оқыту – білім беру процесін әр оқушының мүмкіндігіне, қабілетіне және қажеттілігіне қарай бейімдеу. Математика сабағында бұл әдіс:

- Оқушылардың қызығушылығын арттыруға;
- Білімдегі олқылықтарды уақытында анықтауға;
- Оқушылардың жеке оқу траекториясын қалыптастыруға ықпал етеді.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында жүргізіліп жатқан жұмыстар Білім беру бағдарламасындағы ұлттық стандарттарға, бағалауға, оқулықтар мен оқыту әдістеріне қатысты білім беру саласындағы өзекті құндылықтар ман мақсаттар мектеп оқушыларының жалпы үлгерімін арттыруды, сондай-ақ инновация мен көшбасшылықты енгізу үшін талап етілетін дағдыларды дамытуды, мектеп мәнмәтіні арқылы ұлттық сананы қалыптастырып, іске асыруды және ауқымды халықаралық тәжірибемен өзара әрекеттесуді көздейді. Жаңартылған білім беру бағдарламасы мен бағалау жүйесін енгізу аталған міндеттерді шешу үшін қабылданған шаралардың бірі болып табылады.

Жаңартылған жалпы білім беру бағдарламаларында оқушылардың бойында қалыптастыру қажет «шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау; қарым- қатынас жасау қабілеті; өзгелердің мәдениетіне және көзқарастарына құрметпен қарау; жауапкершілік; денсаулық, достық және айналадағыларға қамқорлық көрсету; өмір бойы оқуға дайын болу» құндылықтары мен «Сын тұрғысынан ойлау; білімді шығармашылық тұрғыда қолдана білу қабілеті; проблемаларды шешу қабілеті; ғылыми-зерттеу дағдылары; қарым-қатынас дағдылары (тілдік дағдыларды қоса алғанда); жеке және топпен жұмыс істей білу қабілеті; АКТ саласындағы дағдылар» дағдылары анықталған. Оқушылардың нені білуі және істей алуы керектігін анықтаудағы мұндай нақтылық мұғалімдердің білім беру бағдарламасын тиімді іске асыруына мүмкіндік береді. Бұдан туындайтын білім саласындағы маңызды мәселе: “XXI ғасыр мұғалімі қандай болуы керек?” .

Қазіргі таңда заман талабына сай пән мұғалімі ғана болу аз, мұғалім- ұстаз, кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық, шығармашылық әлеуеті мол, инновациялық технологияларды меңгерген болуы керек. Бұл туралы Қазақстан Республикасының Білім

туралы заңында: “Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу”, – делінген.

Ал ұстаздардың ішінде математика пәні мұғалімінің жүгі ауыр. Оқушының жаратылыстану-ғылыми пәндерді меңгеру үшін қажетті математикалық ой-өрісін, алгоритмдік, логикалық және сын тұрғысынан ойлау дағдыларын, танымдық қабілетін дамыту, білім сапасын арттыру, шығармашылық белсенділіктерін жетілдіру білім беру саласындағы өзекті мәселелердің бірі. Мұғалімнің негізгі мақсаты – математикалық ойлауды қалыптастыру арқылы оқушыны өздігінен оқытуға үйрету, ол үшін оқушылар білім негіздерін мұғалімнің басшылығымен іздестіре отырып, өздері жаңадан ашу керек.

Математикалық пайымдау мен оларды құру ережесі оқушылардың зерттеу жұмысын жүргізуіне мүмкіндік береді, пікірлерді тұжырымдауға, негіздеуге және дәлелдеуге дағдыландырады, берілген алгоритм бойынша әрекет етуге және жаңа алгоритмдерді құрастыруға, математикалық білімді меңгеруде және қолдануда өз бетінше әрекет етуге үйретеді. Ұстаз сенім атмосферасын қалыптастырып,мейірім шапағатын сыйлайды. Олармен бірге ізденеді, жұмыс жасайды, білімге шығаратын жолды нұсқай отырып, осы жолмен өзі де жүріп өтеді. Оқу процесі осылай ұйымдастырылған жағдайда ғана оқушылардың ойлау қабілеті кеңейіп, сабаққа ынтасы арта түседі. Сондықтан, сабақты түрлендіріп, жаңа технологияны барынша қолданып, сыныптағы саралау жұмысының жеті тәсілін негізге ала отырып өткізсе, сабақтың мазмұны ашыла түседі және оң нәтижелерге бағытталып, оқу мақсатына жетеді.

Сабақ – оқушыларға сапалы білім беріп, оқуға деген қызығушылығын арттырумен шектелмей, оқушыларды жан-жақты жетілдіре отырып, адамдармен қарым- қатынас жасауға тәрбиелейді, есте сақтау қабілетін дамытып, зейіндерін арттырады. Сабақта алатын тапсырмаларымыз оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай сараланса, тапсырмаларда оқу мақсатына негізделген бағалау критерийлері қолданылса, топтық және жеке жұмыстарда оқушыларды оқу мақсатына жетелеуге ықпал ететін белсенді оқу тәсілдері сараланса, оқушылардың алға ілгерілеуі мен олардың қай сатыда тұрғандығын анықтау, жіберілген қателерді дер кезінде түзету мақсатында әр стратегияны қолданғаннан кейін алынатын кері байланыс жасау түрлері оқу мақсатына негізделсе, кері байланыс арқылы қалыптастырушы бағалауды дұрыс жүргізсек ғана сабағымыз оқу мақсатына жетеді.

Математика сабағында саралау түрлері

1. **Мазмұн бойынша саралау**: Оқушыларға түрлі деңгейдегі тапсырмалар ұсыну (жеңілден күрделіге дейін).
2. **Үрдіс бойынша саралау**: Оқушылардың ақпаратты қабылдау және өңдеу тәсілдеріне сәйкес тапсырмалар беру (жеке, жұптық, топтық жұмыс).
3. **Нәтиже бойынша саралау**: Оқушылардың оқу жетістіктерін әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар арқылы бағалау.
4. **Қарқын бойынша саралау**: Оқушылардың жұмыс істеу жылдамдығын ескеру (қосымша уақыт беру немесе күрделірек тапсырма ұсыну).

Саралап жоспарлауда қолданылатын әдіс-тәсілдер

- **Деңгейлік тапсырмалар**: Оқушылардың білім деңгейіне қарай тапсырмаларды күрделендіру.
- **Жобалық жұмыс**: Математикалық жобалар арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту.
- **Интерактивті әдістер**: Ойындар, логикалық есептер, цифрлық ресурстарды пайдалану.

Цифрлық технологиялардың рөлі Қазіргі уақытта математика сабағында интерактивті тақталар, онлайн платформалар (Kahoot, Quizizz, GeoGebra) және жасанды интеллект негізіндегі оқыту құралдарын пайдалану саралау процесін жеңілдетеді. Бұл

технологиялар арқылы оқушылардың жетістіктерін талдау және оқу процесін тиімді ұйымдастыруға болады.

Мен өзімнің сыныптағы саралау жұмысының жеті тәсілін негізге ала отырып жасаған сабағымды ұсынғалы отырмын.

5-6-сыныптарға арналған жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасындағы «5.3В.Ондық бөлшектер және оларға амалдар қолдану» бөліміндегі «Ондық бөлшектерді координаталық сәуледе кескіндеу. Ондық бөлшектерді салыстыру» бөлімшесіне 4 сағат бөлінген. 1- ші сағаты «Ондық бөлшектерді координаталық сәуледе кескіндеу». Оқу мақсаты: 5.5.2.4. ондық бөлшектерді координаталық сәуледе кескіндеу.

Мен өз сабағымды оқушыларға жағымды психологиялық ахуал туғызу мақсатында ынтымақтастық орта қалыптастырудан бастаймын. Оқушылар бір- біріне «достық» тілектерін білдіре отырып, өзара сыйластық, бірін- бірі құрметтеушілік құндылықтарын бойларына сіңіреді. Топқа бөлуді оқушыларды сабаққа тартуға бағыттау үшін оқу мақсатына негіздеп алдым. Үй тапсырмасын тексеруде белсенді оқытудың «Бірін- бірі оқыту» тәсілін аламын. Оқушылар диалогтық оқыту қағидасын жүзеге асырып, топта өзара бір- біріне түсіндіру арқылы ойларын жүйелейді, танымдық қызметке қызығушылықтарын арттырады. Сабақтың тақырыбын, оқу мақсатын анықтау үшін өткен тақырып бойынша ашық тест тапсырмаларын алдым. Ауызша тестті орындай келе оқушылар өтетін сабақтың тақырыбы мен мақсатын айқындайды. «Ой қозғау» тәсілі бойынша ширату жаттығуларын орындату, әрбір оқушымның зейіндерін жаңа сабаққа шоғырландырып, оқу мақсатына жетелейді.

Жаңа сабақты меңгертуде мақсатқа жету үшін оқушылардың жас ерекшеліктерін, қажеттіліктерін есепке ала отырып, белсенді оқу тәсілінің «Дөңгелек үстелін» қолдандым. Оқушылар топ бойынша жұмыс істейді. Мұғалімнің қолдауы арқылы оқушылар жаңа білім бойынша практикалық тәжірибені, жетістіктер мен жіберген қателерді талқылай отырып, сындарлы оқытуды жүзеге асырады. Тапсырмаларды құрылған дескриптор бойынша бағалайды. Оқушылардың жаңа сабақты меңгеру деңгейін саралауда, нақтылауда бағалау критерийлері бойынша «Бағдаршам» бағалауын қолданамын. Ондық бөлшектерді координаталық сәуледе кескіндеп, координаталық сәуледе кескінделген нүктенің координатасын ондық бөлшек түрінде жаза алса, бағдаршамның «жасыл» түсін, әлі де жұмыс жасауым керек десе «сары» түсін, мұғалімнің қолдауын қажет етемін, көп жұмыс жасауым керек десе «қызыл» түсін көтереді.

Топтар өздеріне берілген тапсырмалар бойынша постер қорғайды. Топтар бір- бірінің жұмыстарын «Бас бармақ» әдісі арқылы бағалайды. «Бас бармақ» тәсілімен топтардың постер қорғаудағы бағалау критерийі бойынша оқушылардың негізгі терминдерді қолдана отырып ондық бөлшектерді координаталық сәуледе кескіндеуді тұжырымдауын, академиялық тілде сөйлеулерін саралайды. Постер тамаша, барлығы түсінікті, жаман емес айтуы орташа және нашар тақырыпты аша алмады деп бағалайды. Постермен жұмыста сабақтың тілдік мақсаттары жүзеге асады. Оқушылардың ойларын шашыратып алмай, олардың денсаулық және қауіпсіздік техникасын ескере отырып «Көз» жаттығуын орындатамын.

Оқушылардың білім деңгейлерін саралай келе жеке жұмысқа деңгейлік тапсырмалар алдым. Тапсырмаларым оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай сараланған, қарқындылықты дамыту мақсатында оқушылардың қажеттіліктерін есепке алып күрделілігіне қарай алға ілгерілеп отыратын білім деңгейі әртүрлі оқушыларға үш деңгейге арналған тапсырмалар кіреді. Тапсырмалардың деңгейіне қарай оқушылар үш топқа жинақталып, есептерін тексеруді «Ойлан- жұптас- бөліс» тәсілі бойынша диалог және қолдау көрсету негізінде жүзеге асырады. Жаңа сабақты бекітуді математикалық түрлі тәсілдер арқылы ойша есептеуге және сандық фактілерді жылдам еске түсіруге бағыттап ойлау дағдысының «талдау» деңгейіне есеп алдым. Сабақты қортындылауда «Дөңгелек теңгерімі» рефлекциясын жасай отырып, оқушылар жаңа сабақ бойынша өз білімдерінің деңгейін бағалайды, саралайды. «Екі жұлдыз, бір тілек» кері байланысы арқылы оқушылар сабақтың өту барысын саралайды.

ЫбырайАлтынсарин “Оқытушыны бағалағанда олардың іске қатысы жоқ сөздеріне қарап емес, олардың егістерінің бетіне шыққан жемістеріне, яғни оқушыларына қарай бағалау керек”- деген екен. Бала жанының бағбаны – мұғалім” десек, біз үшін бала – болашақ еліміздің

тірегі. Олай болса, үлкен жауапкершілікті талап ететін ұрпақ тәрбиелеуде Елбасымыздың саясатын ұстана отырып, өз білімімізді жетілдіріп, бәсекеге қабілетті жаңа заман тұлғасын тәрбиелеуге атсалысайық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Далингер, В.А. Математика бойынша оқушылардың ізденіс-зерттеу іс-әрекеті: Оқу құралы. – Омбы: ОмГПУ баспасы, 2005. – 456 б.
2. Қожабаев, Қ.Ғ. Математиканы білімдік-дамыта оқыту және оған болашақ мұғалімді дайында / Қ.Ғ.Қожабаев. - Көкшетау: ҚМУ баспасы. Ш.Уәлиханов, 2009. - 273б.
3. М.А.Султанов Математикалық және компьютерлік модельдеу негіздері.- Алматы, 2014.

ӘОЖ: 81 - 119

Кошмуханова А. О.

(Учитель русского языка и литературы школы-гимназии №49 им. Ы.Алтынсарина города Тараз)

ПРИМЕНЕНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ МЕТОДОВ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Аннотация: *Использование проектной технологии: повысит и углубит интерес детей; разовьет творческие способности учащихся путем формирования компетентности в сфере самостоятельной познавательной деятельности приобщение к чтению, развитие любознательности, расширение кругозора), критического мышления; поможет школьникам приобрести навыки работы с большим объемом информации, исследовательские умения (видеть проблему и наметить пути ее решения), коммуникативные умения (работа в группах).*

Ключевые слова: *инновация; инновационные методы; информационные технологии; инновационный подход к обучению; инновационные методики.*

Стремительно развивающиеся изменения в обществе и экономике требуют сегодня от человека умения быстро адаптироваться к новым условиям, находить оптимальные решения сложных вопросов, проявляя гибкость и творчество, не теряться в ситуации неопределенности, уметь налаживать эффективные коммуникации с разными людьми и при этом оставаться нравственным.

Таким образом, на современном этапе развития общества перед школой стоит задача всестороннего развития личности ученика, обладающей необходимым набором знаний, умений и качеств, позволяющих ему уверенно чувствовать себя в самостоятельной жизни.

Поэтому учителям необходимо овладевать педагогическими технологиями, с помощью которых можно реализовать новые требования.

Технология – это совокупность приемов, применяемых в каком-либо деле, мастерстве, искусстве.

Для достижения этих задач педагогам необходимо использовать в учебном процессе инновационные образовательные технологии, в основе которых должна лежать активность ученика, направляемая учителем. Потому что инновационные технологии активизируют мыслительную деятельность учащихся, повышают качество и прочность знаний, развивают речевые навыки и творческие способности. Новые образовательные технологии предлагают инновационные модели построения такого учебного процесса, где на первый план выдвигается взаимосвязанная деятельность учителя и ученика, нацеленная на решение как учебной, так и практически значимой задачи.

Обучение русскому языку и литературе по инновационным технологиям – это организация учебного процесса по-новому, ориентированная на стремление учащихся к

активной коммуникативной деятельности, к диалогу, включение в познавательную деятельность его эмоционального, интеллектуального потенциала.

Традиционная система обучения несколько отстает от потребностей общества. Концепция современного образования определила цель профессиональной деятельности учителя – сформировать у учащихся способность к успешной социализации в обществе, активной адаптации на рынке труда.

Следствием этого становится разработка инновационных технологий в обучении. Инновационные методики характеризуются новым стилем организации учебно-познавательной деятельности учеников. Современные педагоги признают, что в развитии творческих способностей, интеллектуальной деятельности максимальные возможности представляет технология проблемного обучения. Значительный вклад в раскрытие проблемы интеллектуального развития, проблемного и развивающего обучения внесли Н.А.Менчинская, П.Я.Гальперин, Н.Ф.Талызина, Т.В.Кудрявцев, Ю.К.Бабанский, И.Я.Лернер, М.И.Махмутов, А.М.Матюшкин, И.С.Якиманска, А.К.Мынбаева, З.М.Садвакасова.

В последние десятилетия в связи с развитием современных образовательных технологий в учебный процесс стали широко внедряться аудио- и видеозаписи, компьютерные программы, дистанционное обучение.

Информационные технологии обогащают учебный процесс во многих областях знания, в самых различных условиях обучения и на всех его уровнях.

В рамках данной технологии ученик действительно становится активным субъектом учебного процесса, самостоятельно владеющим знаниями и решающим познавательные задачи. Цель таких методик — активизировать, оптимизировать, интенсифицировать процесс познания.

Инновационное обучение предполагает обязательное включение учащихся в деятельность, коллективные формы работы, обмен мнениями. Инновациями в образовании называют новшества, нововведения в содержании образования, в формах и методах обучения, в отношениях «преподаватель – студент», использовании информационных технологий обучения, внедрение нового оборудования, в организации учебно- воспитательного процесса, его управлении и др.

Взаимодействия с группой на уроках и вне их, обеспечения сотрудничества обучающихся на уроке учитель-гуманитарий обязан создавать атмосферу доверия, взаимного уважения между преподавателем и учащимися, вовлекать учащихся в активную самостоятельную деятельность. На уроках - зачетах возможно осуществлять групповую работу, что способствует воспитанию коллективизма, создаются условия для раскрытия и проявления индивидуальных особенностей учеников. Кроме того, на таком уроке создается атмосфера сотрудничества ученик – ученики, а участие консультантов и ассистентов на этапе проверки обеспечивает сотрудничество учитель – ученики.

Для развития интереса к русскому языку и литературе следует включать в урок исторические, этимологические справки, которые могут заинтересовать детей, проводить игровые формы работы: «Составь слово», «Третий лишний», «Переводчик», «Эрудит», «Собери пословицу», «Шеренга», «Перевертыш», «Паутина слов» и др., использовать творческие эксперименты, метод проектов, нестандартные уроки, конкурсы, олимпиады.

В современном (―информационном‖) обществе одним из быстро развивающихся методик и вызывающий огромный интерес со стороны учащихся является применение интернет ресурсов как инновационный подход к обучению.

Идея использования Интернета в образовании не нова. Уже с начала 1990-х годов национальные и интернациональные компьютерные сети стали широко использоваться в учебных целях в рамках разных образовательных подходов. И учащиеся, и учителя смогли обмениваться информацией в режиме, не зависящем от времени и места. Новые дигитальные технологии освободили человеческий разум для более креативных задач, что способствует развитию личности. Это позволяет ученикам творчески взаимодействовать и с одноклассниками, и с учителем. Интернет можно рассматривать как «средство производства», в том числе и в учебном процессе. Он используется и как неиссякаемый источник

информации, и как новая коммуникативная среда, в которой можно по-новому организовать учебную работу.

Интернет позволяет организовать реальную, мобильную информационную среду, в которой можно не только черпать информацию, но и решать множество других коммуникативных задач. Его использование помогает повысить мотивацию учащихся, поскольку в случае применения Интернета во время классных и индивидуальных занятий современные ученики получают возможность погружаться в привычную для них информационную среду.

В Интернете в учебных целях используются самые разные по масштабам ресурсы — от веб-страничек с интересными учебными материалами (часто тестовыми) до объемных проектов для полноценного, с точки зрения составителей, дистанционного обучения.*Преподаватель, используя Интернет, может актуализировать материал собственных учебников; *найти дополнительную информацию; *самоконтроля; *материалы; *разместить учебную информацию; *разработать интерактивные обучающие применить различные формы контроля и организовать обратную связь; *осуществлять контакты между разными членами группы; работать с гипертекстами, аудио- и видеофайлами и блогами. Инновационный подход к обучению позволяет так организовать учебный процесс, что ребенку урок и в радость, и приносит пользу, не превращаясь просто в забаву или игру. И, может быть, именно на таком уроке, как говорил Цицерон, «зажгутся глаза слушающего о глаза говорящего». Что же такое «инновационное обучение» и в чем его особенности? Определение «инновация» как педагогический критерий встречается часто и сводится, как правило, к понятию «новшество», «новизна».

Между тем инновация в точном переводе с латинского языка обозначает не «новое», а «в новое». Именно эту смысловую нагрузку вложил в термин «инновационное» в конце прошлого века Дж. Боткин. Он и наметил основные черты «дидактического портрета» этого метода, направленного на развитие способности ученика к самосовершенствованию, самостоятельному поиску решений, к совместной деятельности в новой ситуации. Используя в работе технологию развития критического мышления, наиболее приемлемыми для себя я считаю такие приемы, как дискуссия (от лат. – исследование, разбор, обсуждение какого-либо вопроса).

Дискуссия — одна из весьма сложных форм речи, для овладения которой необходима предварительная подготовка с речевыми штампами, помогающими ребята выражать свои мысли. Данный прием особенно эффективен на уроках литературы при обсуждении и анализе художественного произведения. Групповая дискуссия может использоваться как на стадии вызова, так и на стадии рефлексии. При этом в первом случае ее задача: обмен первичной информацией, выявление противоречий, а во втором – это возможность переосмысления полученных сведений, сравнение собственного видения проблемы с другими взглядами и позициями. Форма групповой дискуссии способствует развитию диалогичности общения, становлению самостоятельности мышления.

Эффективным также нахожу на некоторых уроках чтение с остановками и вопросы Блума (условное название методического приема организации чтения с использованием разных типов вопросов). Развитию критического мышления способствуют и нетрадиционные уроки, которые позволяют повысить интерес ученика как к предмету, так и к обучению в целом. Творчество на таких уроках я вижу не в развлекательности, а в подборе таких заданий, такого дидактического материала, который своей новизной, необычностью подачи (путешествие, заседание, конкурс, игра и т.д.), вызывая удивление, активизирует внимание, мышление ученика. Попадая в необычную ситуацию, ребѐнок включается в деятельность, сотрудничество с учителем, при этом создается положительный эмоциональный фон, начинают активно функционировать интеллектуальная и волевая сферы, легче усваиваются знания, быстрее формируются умения и навыки. Этому способствует создание на нестандартных уроках условий для мобилизации творческих резервов и учителя, и ученика.

Подготовка к нетрадиционным урокам проводится очень тщательно, а это, как правило, требует много сил и времени и со стороны учителя, и со стороны ученика. В своей практике я

наиболее удачно использую несколько нетрадиционных форм урока: практикум, викторина, исследование, путешествие, диалог на основе проблемной ситуации, деловая игра, зачет. Выбор зависит от нескольких условий: во-первых, учитываю возрастные особенности учащихся, во-вторых, задачи, цели, содержание обучения в связи с изучаемой темой. Например, урок-семинар имеет повторительно-обобщающий характер.

Она способствует формированию научного стиля речи, самооценке собственных высказываний, оказывается эффективной формой контроля и самоконтроля, ребята учатся работать самостоятельно, пользоваться научной литературой. Основой содержания урокасеминара служит теория. Ведущая цель - формирование теоретического мышления, которое позволит учащимся самостоятельно отбирать, изучать информацию и применять полученные знания на практике.

В соответствии с задачами повторения разделов семинарские занятия можно организовать по следующим темам: «Состав слова и словообразование», «Морфология. Самостоятельные и служебные части речи», «Пунктуация простого предложения» и т.д. Уроки такого плана требуют тщательной подготовки и ученика, и учителя. Воспитательная и образовательная ценность семинаров неоспорима. Она заключается, прежде всего, в том, что школьники учатся самостоятельно работать с научной литературой, строить свои выступления в соответствии с предложенным планом, а это готовит учеников и к обучению в вузе. Одним из современных требований к уроку русского языка является работа с текстом. В связи с этим я использую в своей работе такую форму урока, как исследование. В самом названии «урок - исследование» просматривается основная задача - исследование языкового материала на основе текстов. Особое внимание при подготовке к такому уроку следует обратить на выбор текста. Текст должен быть высоко художественным, при этом необходимо учитывать и возрастные особенности учеников, и объем исследуемого материала. Целесообразно использовать для анализа тексты разных авторов, объединенных общей темой, тексты разных стилей и типов речи, чтобы впоследствии провести сравнительный и сопоставительный анализ.

На таком уроке перед учителем возникает задача: исследовать язык художественного текста /нескольких текстов/ «под лингвистическим микроскопом» и вместе с тем не лишить художественное произведение его поэтического очарования и целостности. Как правило, перед таким уроком знакомлю с произведением на уроке литературы, чтобы они имели представление о произведении в целом.

При всем многообразии и эффективности нетрадиционных уроков использовать их часто нельзя по целому ряду причин. Но ведь так хочется, чтобы каждый урок был особенный, со своей «изюминкой». Поэтому я часто прибегаю к нестандартным, творческим элементам отдельного традиционного урока. Это и лексический диктант или диктант - кроссворд, как называют его ребята, и составление загадок на уроке, и комментированное письмо или предупредительные диктанты с «вагоновожатым», и задание по типу «найди лишнего, которое прививает умение синтеза и осмысления информации.

Главное, чтобы детям на уроке некогда было скучать, чтобы им хотелось работать, учиться, а ведь для этого важны и ситуация успеха, которую, как правило, создают нестандартные уроки или элементы уроков, и самостоятельность, к которой ребята приучаются на таких уроках, и творческое отношение к русскому языку, которое воспитывается только на творческих уроках.

Список использованной литературы

1. Асмолов А. Г. Системно-деятельностный подход в разработке стандартов нового поколения/ Педагогика М.: 2009 – №4. – С18-22.
2. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии: Учебное пособие. – М.: Народное образование, 2004г.
3..Никишина И.В. Инновационные педагогические технологии и организация учебно-

воспитательного и методического процессов в школе. Издательство «Учитель», Волгоград, 2008.
4. Тимонина, В.Ю. Диалог о роли компьютера в преподавании русского языка / В.Ю.Тимонина, Л.А.Тростенцова // Русский язык в школе. – 2006. — №4. – С.14.
5. Канарская О. В. Инновационное обучение. СПб,
6. Логвина И., Мальцева-Замковая Н., Рождественская Л. Есть «Надежда»! Итоги сетевого образовательного проекта. Русскиĭ язык за рубежом, 4,
7. Мировые образовательные технологии: основные тенденции, проблемы адаптации и эффективность. Материалы республиканскоĭ научно- методическоĭ конференции, 25-26 апреля, Алматы,
8. Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Инновационные методы обучения или как интересно преподавать: Учебное пособие. А, 2009

ӘОЖ: 81-119

Турганбаева Ш.А.
(Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы Әлихан Бөкейханов атындағы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі)

М. МАҚАТАЕВ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ТІЛІ

Аннотация. *Мұқағали Мақатаев поэзиясының құндылығын жас өскелең ұрпаққа паш ету – басты міндетіміз болса, сол міндетті шешуге өз үлесімді қосу менің де парызым. Мақалада ақын поэзиясының тілі жан- жақты зерттелді.*

Кілт сөздер: *ақын,лирика,поэзия тілі,өлең көркемдегіш құралдар, стиль, қара түс.*

М. Мақатаев шығармаларының тілін қарастырғанда, ақын тілінің ешкімге ұқсамайтын даралығы, халық тілінің байлығы, көркемдегіш құралдардың жазушы қолданысындағы ерекшеліктері айқын көрініп тұрады.

М. Мақатаев поэзиясында қазақ тілінің лексикасындағы сөздер молынан жұмсалған. Ақын көркемдік үшін және ойын айқын жеткізу мақсатында көп мағыналы сөздерді жиі қолданып, контексте бір сөздің бірнеше мағынасын ашып береді. Ақын өлеңдерінен сөздің негізгі мағынасынан гөрі басқа туынды мағынасында жұмсалғандығын айқын көреміз.

Мұқағали Мақатаев шығармаларында өте кең және актив түрінде қолданылған сөздердің бірі – «қара» сөзі. Бұл сөзді ақын әр түрлі мағынада жұмсап, тура және ауыспалы мағыналы сөздердің сырын ашады.

"Қара таудың басынан көш келеді".
Қара жорға шайқалып, бос келеді.
Қара күнді жамылып, қара қазақ
Қара түнді басынан кешкен еді.
Қара қайғы көрсетпей ештеңені,
Қара жауы қанатын кескен еді [1, 285].

Осы шумақтағы *қара тау, қара жорға, қара түн, қара күн, қара қайғы, қара жау* тіркестері ел басына түскен аса ауыр халық қайғысын, ауыртпалықты айқындап тұр.

Жалпы, тілімізде «қара» түс өмірдегі кереғар құбылыстарды көрсетіп, адамның түрлі көңіл-күйін беруде және табиғат құбылыстарын суреттеуде өте жиі ұшырасады. Қара түсі тура және ауыспалы мағынада беріліп, өлеңнің эмоциялық-экспрессивтік әсерін күшейтіп тұрады.

Мұқағали Мақатаев поэзиясындағы жиі қолданысқа түсетін сөздердің келесі бір тобы - синонимдер. Синонимдер - поэзияда өте көп қолданылатын актив сөздер. Бұл туралы ғалым Р.Сыздық: "Синоним дегендер - тек мағыналас келген сөз қатарлары ретінде лексикалық категория ғана емес, қолданыста, әсіресе көркем сөзде ең қуатты, икемді, актив стильдік құрал. Синонимді көріктеуіш қызметте жұмсау, әсіресе поэзияда кең орын алады. Жұмсалу тәсілдері, орындары сан алуан: синонимдік қатардан сол орында (сөйлемде, абзацта, шумақта т.т.) айтылмақ ойға ұтымды келетін варианты алынады, ол ұтымдылық сөздің модальдық реңкіне,

тіркесу қабілетіне, айналасындағы сөздер мен дыбыстық үндесуіне қарай жұмсауына байланысты", - дейді [2, 27].

Ақын поэзиясында сөз табының барлық түрінен жасалған синонимдерді кездестіреміз. Соның ішінде етістік синонимдер қимыл-әрекетті суреттеу үшін, зат есім синонимдер адамның жеке басындағы түрлі қасиеттерді көрсетуде ұтымды жұмсалғаны байқалады.

Синонимдердің жасалу жолдарына кесек, олардың жасалу жолдары әр түрлі. Түбір күйінде не грамматикалық формалар арқылы беріліп отырады. Ондағы жалғанған жұрнақ, жалғаулар да синонимдерге айрықша мән, мағына беріп ойды нақтылай түседі. Сөздерді байланыстырушы шылаулардың да қызметі айқын көрінеді.

Мұң мен зарға ондайда шаң қаптырып,
Қайғы деген қаншықты қан жаптырам.
Ұры-уайым тиер деп қай жағымнан,
Секем алған киіктей аңдап тұрам [1, 89].

Адам көңіліндегі жайсыздықты беру үшін *мұң, зар, қайғы* синонимдік қатарларды алған. Үшеуінің де өлеңдегі қызметі нақты: ақынның жабырқаған, өмірден тарыққан сәттерін бейнелейді және үдемелетіп үйлесім тауып жұмсалған. ***Мұң*** - жеңілдеу айтылса, ***зар*** мұңға қарағанда салмағы басымдау, ал ***қайғы*** ауыр тиетін ойлы сөз. Бұл синонимдер бірінің мағынасын бірі толықтырып, айтылған ойды ғана емес, шығармадағы тіл көркемдігін де көрсетеді.

Қаламгер шығармаларында синонимдермен қатар, жиі қолданылған құралдардың бірі - антоним. Бұл антонимдердің белгілі бір мақсатпен қолданылып, ойды тереңдетіп, шығармадағы бейнелерді ашу үшін қызмет етіп тұрғанын көреміз. Ақын қолданысында адам психологиясын танытуда, табиғаттың түрлі құбылыстарын суреттеуде зат есім, сын есім антонимдері қолданылған. Олар: *күн мен түн, жер мен көк, өмір мен өлім, дос пен қас, қуаныш пен қайғы, ақ пен қара, кәрі мен жас, жақсы мен жаман* т.б. болып келеді.

Поэзияда антонимдік қатынасқа түскен сөздердің мағынасы бізді қоршаған ортада болып жатқан өзгерістерді т.б. жағдайларды нақты бейнелеп береді, және олар ырғақ пен ұйқасқа құрылған.

*Мейлі, мені **қайғыртсын, қуантсын** да,*
Мейлі, менің басыма бақ бермесін.
*Мейлі, мейлі **жылатсын, жұбатсын** да,*
Мені, әйтеуір Отаным жат көрмесін [1, 205].

Етістік тұлғалы антонимдер өлеңде айтылған ойдың берілуіне қарай икемделген. Етістіктердің бір жолда бұлай ұйқастырылуы өлеңге айрықша мағына үстеп, өлеңнің қуатын арттыра түседі. Сондай-ақ, қатар қолданылған антонимдер ойды нақты әрі тез айтуға қолайды. Жоғарыда берілген антонимдер, сонымен бірге, бұл тәсілдің кезектесе, алмаса түсетін қимыл-әрекет процесін ашық көрсетуге ыңғайлы екенін де көрсетеді. Біз бұдан етістіктен болған антонимдердің қимыл-әрекет динамикалығын әсерлі жеткізу мүмкіндігі молдығын түсінген ақынның шеберлігін байқаймыз.

Ақын поэзиясындағы көріктеу құралдарының бірі - метафора. Метафоралық тіркестер бейнелеп суреттеуде шеберлікті танытады. Бұл туралы З.Ахметов: «Метафора – екі нәрсені, құбылысты салыстыру және жанастырып жақындату арқылы астарлы тың мағына беретін бейнелі сөз немесе сөз тіркесі»,– деген анықтама берсе [3, 140], З.Қабдолов: «Метафора – сөз мәнін түрлендіре өзгертіп айту, суреттеліп отырған затты не құбылысты айқындай түсу үшін, ажарландыра түсу үшін оларды өздеріне ұқсас өзге затқа не құбылысқа балау, сөйтіп, зерттеліп отырған заттың не құбылыстың мағынасын үстеу, мазмұнын тереңдетіп, әсерін күшейту», – деп тұжырым жасайды [4, 214].

Мұқағали Мақатаев қолданысындағы метафораларға көңіл аударсақ, оның мәтін ішіндегі көрініу мүмкіндігі өте кең. Метафора ақын тілінде көркемдік жағынан келгенде үстеме мағыналар арқылы ой айқындығын, мазмұн тереңдігін көрсету мақсатында жұмсалған.

Өмір деген - бір жарқ еткен найзағай,
Өмір деген - көк аспанның күркірі [1, 16],

Берілген өлең жолдары ақынның өмір көріністерін, сан-қилы құбылыстарды табиғаттың тылсым күштерімен қатар ала отырып, нәрлі де әсерлі сөз өрудегі шеберлігін танытады. Ақын метафораларды дәл тауып жұмсап, өлеңнің экспрессиясын күшейтеді. Мұндағы метафора-бейнелер заттық ұғымда жұмсалған ақынның өз қолтаңбасы, яғни контексте ғана мағынасы ашылатын авторлық метафоралар. Ақын мағына жағынан үйлеспейтін сөздерді де үйлестіріп, тосын бейнелер жасайды.

Ақын тікелей өзінің көңіл-күйін, ішкі сезімін метафоралы тіркестермен жеткізеді. Дерексіз ұғым атауларын нақты зат атауларымен тіркестіріп, мағына жағынан үйлестіріп жұмсайды.

Шындықтың көзі шығып кете ме деп,
Әлі де тайқудамын, тайқудамын [1, 55].
Жамылып сағыныштың сал шекпенін,
Сарғайып сенің үшін зар шеккемін [1, 179].

Мұнда қолданылған жаңа мағыналы, бейнелі метафоралы тіркестер. Бұл метафоралар - қиналу, тарығу, сағынуды білдіріп тұр. Мұнда да мағыналық жағынан үйлеспейтін сөздер үйлескен. Контексте олардың мағынасы айқындалып, өлеңге ерекше реңк беріп тұр. Осындағы ұлғайған метафораның әсері, бояуы өте күшті. Ақын мүлдем түсінуге келмейтін логикалық сәйкессіздікті ғажап суреттеген. Мәселен, ***шындықтың көзі*** немесе ***сағыныштың шекпені*** болуы мүмкін бе? Байқап қарасақ, тың қолданыстарды жасаудағы ақынның шеберлігі осында ма деп ойлаймыз.

Мұқағали Мақатаев шығармаларында метафора қандай көп болса, метанимия да сондай көп қолданылған. Сонымен бірге, тілде бар метонимияларды қолданумен қатар ақын өзіндік метонимиялар да жасайды. Авторлық метонимиялар мәтінде ақын ойының ұшқырлығын, нақтылығын көрсетуге қызмет еткенін көреміз.

Бір есер отыр сүйініп,
Есерді қостап жаңағы... [1, 142].
Қақым жоқ жаман болуға,
Мені жақсыдан қалған көз дейді [1, 103],
немесе,
Бір арыстан өмірден өткенімен,
Өмір сүріп келеді тірі арыстан [1, 65].

Бұл қолданыстағы метонимиялар - *есер, жаман, жақсыдан қалған көз, тірі арыстан* өзіндік мағынасы бар, лексикалық-грамматикалық мәні контексте анықталатын алмастырулар. Бұлар адам орнына алмастырылып жұмсалған. Адамның түрлі іс-әрекетін, оның кім екендігін көрсететін метонимиялар өлеңде өз орнын тауып, мақсатты жұмсалып, көркемдік қызмет атқарып тұр. Сондай-ақ ақынның синекдохаларды да көркемдік үшін ойын әсерлі жеткізу мақсатында жұмсағанын көреміз. Мысалы:

Сүйгісі келе берер сүйген ерін,
Сүйкімді, сүйікті бір түрге енемін [1, 201].

Мұнда ***сүйген ерін*** синекдохалық мағынада алынған. Егер мұны жай адам немесе жігіт дей салса, сөздегі ой әсерлі болмас еді.

Ақынның өзіндік қолданысын танытатын авторлық синекдохалар да кездеседі. Оған мынадай мысалды келтіруге болады:

Кетсем егер, пленканың үзілген бір әнімен,
Қалсам егер, қара жердің жалғыз түір дәнімін [1, 116].

Мұнда да адаммын деп айта салмай ақын өзін туған жерінің ***жалғыз түйір дәнімен*** мегзеп көрсетеді. Бұл жерде бүтіннің орнына бөлшекті алады.

Жалпы ақын шығармаларындағы синекдохалардың көбі әдеби тілімізде қолданылып жүргенмен Мұқағали өлеңдерінде жарқырап көрінген, яғни мәтін ішінде түзілуі, астарлы мағынасы өлеңде соны бейнелер жасаудағы қызметі ерекше көрінеді. Былай қарағанда синекдохалар бейнелі қолданым сияқты емес, ал бірақ өлеңге ерекше стильдік бояу береді.

Ақын кейіптеуді табиғат құбылыстарын әсерлі жеткізу үшін қолданады. Мысалы, "Біздің көктем" деген өлеңінде жер-дүниенің жасарып, тіршілік атауының басталар тұсын кейіптеу тәсілі арқылы суреттеп береді:

Сағым қыздың ап қашып орамалын,
Асыр сап тентек жігіт жел еседі.
Көктем келіп ауылға қыз көрікті,
Таң-тамаша дүние жүзге еніпті.
Асқар ала таулардан асып әрі,
Аяз атаң барады мұз бөріекті.

Берілген шумақта табиғат құбылыстары адам қимылымен ауыстырыла суреттелген. Осындағы *желдің жігітше асыр салуы, көктемнің қыз кейпіне енуі, аяздың бөрік киюі* т.б. адамға тән қимыл әрекеттер.

Ақын шығармаларындағы ендігі бір көріктеу құралдарының бірі - эпитет. Эпитет - көркем шығармада ең көп қолданылатын көріктеу құралдарының бірі. Шығармада заттың сапасын, қасиетін жай анықтап қана қоймай, айқындап, әсерлі жеткізуде эпитеттің қызметі ерекше көрінеді.

Мұқағали Мақатаев шығармаларында сын есім немесе анықтауыш қызметінде жұмсалып, өзі айқындайтын сөздің алдында тұрып, тура айқындайтын тұрақты эпитеттер жиі ұшырасады.

Суық аяз күйдірген оттай қарып,
Әлсіз жүрек әл жиып алатындай [1,47].
Боз далам, күрең далам, жасыл далам,
Кісі емес, саған келіп бас ұрмаған [1, 91].
Бұйрат құмдар - бұйығып шөлдегенім,
Бура бұлттар - бусанып терлегенім [1, 65].

Осында қолданылған эпитеттер бейнелі сөз арқылы келіп, өлеңнің қуатын арттырып тұр. Ақын сөзді құлпырта қолдана отырып, эпитеттер арқылы адамның жан-дүниесіне әсер етердей сөз тіркестерін көркем бейне жасауға қолданған. Мысалы, *суық аяз, әлсіз жүрек, боз далам, күрең далам, жасыл далам, бұйрат құмдар, бура бұлттар* - бейнелі эпитетер. Адамның көз алдына образ тудырып, бейнеленген нәрсеге әсер беру үшін тартылған бейнелі бірліктер.

Ақын жаңашылдығы - тереңнен тың сөздер тудырып, ұқсас құбылыс немесе заман сипатына сәйкес ұғымды білдіретін жайларды суреттеп беретін сөздерді таба білуі. Мысалы:

Аңдып тұрған аузы алты қарыс ажалдан,
Сырқаттанған байғұстарды күні-түні күзеткен...
Таң атты да, тамаша Күн қақты-ау дейсің қанатты,
Ақ кебіні сүйретілген ажал сорын боратты [1, 139].

Мұндағы *аузы алты қарыс ажал, ақ кебіні суретілген ажал* - жаңа, тың қолданыс. Үш сөздің тіркесінен туындаған күрделі эпитет. Осындай бірнеше сын есімдерден тіркестіріліп жасалған эпитетерді ақын шығармаларынан көптеп кездестіруге болады. Мұнда мағыналық бірлігі жоқ сөздер тіркестіріліп, жаңа мағына тудырып, өлең тілінің көркемдік қуатын арттырып тұр. Ақын шығармаларында қолданылған тың поэтикалық бейнелер өзінің осындай ерекшелігімен көзге түседі.

Поэзиядағы эпитет қолданудағы ерекшелігі - мағыналы эпитеттерді түйдектеп, үстемелеп қолдануы.

Көркемдеу құралдарының басқалары секілді ақын шығармаларында теңеудің дара, күрделі, ұлғайған түрлері ұшырасады. Оның шығармаларынан теңеудің небір өткір де бейнелі түрлерін көруге болады. Қазақ тіліндегі теңеулер көбінде зат есімге, есімшеге, етістікке жалғанатын -тай, -тей, -дай, -дей, -ша, -ше, және -дайын, -дейін жұрнақтары арқылы жасалады. Ақын шығармаларында көбінде теңеудің осы түрлері кездесіп отырады. Ақын оларды стильдік мақсатта әр қырынан пайдаланған.

Құйын қуған қаңбақтай аласұра,
Ей, өмірім, зымырап барасың ба? [1, 97].
Көлдей тұнық көңіліме қоқыс тастап лайлап...[1, 66]

Осындағы ***қаңбақтай, көлдей*** теңеулері - зат есімге ***-тей, -дай*** жұрнағы жалғану арқылы өлеңге ерекше мағыналық реңк үстеп тұрғанын байқауға болады. Бұл теңеулер бұрын да қолданылған дәстүрлі теңеулер болғанымен, ақын оларды өлеңде өзінше тұрлендіріп жұмсайды. Осы теңеулердің негізі лексикалық зат есімде жатыр. Және де өлеңнің бояуын нақтылауда ***-дай*** жұрнағының қызметі ерекше көрінеді.

Кезбе бұлттай кей ойлар көгімдегі,
Нөсерлетіп қайтейін төгілмеді [1, 25],

немесе,

Сумаңдаған ұрыдай суық жел тұр,
Жабырқаған гүлдерге лаң салған [1, 54].

Бірінші мысалда ақын өзінің ойын бұлтқа теңейді және жай бұлт емес, кезбе бұлтқа теңейді. Аспанда қалықтап жүрген, қозғалыстағы бұлтқа теңелген тамаша кейіптеуді көреміз. Ал екінші мысалда *сумаңдаған ұрыдай суық жел* - эпитет арқылы келген теңеу. *Суық* эпитеті теңеудің күшін биіктетіп тұр. Ақын мұнда да желді адамға теңеп тамаша кейіптеу жасаған.

Ақын шығармаларында жиі қолданылған айшықтаудың бірі - қайталама. Бұл жайында ғалым Р.Сыздық: "Шығарма тілін көріктеуде қайталама құбылысы өте ұтымды, әсерлі тәсіл қатарынан табылады. Ол стильдік категорияға жатады. Қайталама дегеніміз - бір сөздің (не текстің, сөйлемнің) бір сөйлемде, не обзац, шумақ сияқты микромәтінде қайталанып келтіру тәсілі", - дейді [5, 87].

Сүйемін мен жерімнің
Топырағын, тасын да.
Сүйемін думанды елімнің,
Кәрісін және жасында [1, 156].

Бұл өлең жолдарында ***"сүйемін"*** деген күшейткіштік қайталаманы қолдану арқылы ақын өзінің туған жерге деген сүйіспеншілігін білдіріп отырады. "Жер", "ел" деген мағыналық синонимдер. Бұлар тәуелдік жалғауының ***-ім*** және ілік септігінің ***-нің*** жалғауларына аяқталу арқылы үйлесіп тұр. Олардың құрылысында әуендік жақындық бар. Бұл жерде әуендік ***анафора*** тәсілі қолданылған.

Отанымды сүйемін күліп тұрып,
Отанымды сүйемін жылап тұрып [1, 135].

Ақын сөйлемді қайталау арқылы анафоралық қайталама жасап, өлеңнің қуатын жандандыра түскен.

Мұқағали Мақатаев шығармаларында жалпы халықтық сөздермен бірге авторлық қолданыстағы сөздер стильдік мақсатта өте ұтымды жұмсалған. Ақын поэзиясы оқырманның есінде сақталып қалатындай көркем әрі жатық тілмен жазылған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Алтай А. Мақатаев М. Аманат: Жыр жинағы. Алматы: Атамұра, 2002 ж.
2 Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. - Алматы, Санат, 1995. - 208 б.
3 Ахметов З. Әдебиеттану терминдер сөздігі. –Алматы, 1996. -240 б.
4 Қабдолов З. II томдық таңдамалы шығармалары. 2-том. -Алматы. -1983ж.
5 Сыздық Р. Сөз құдіреті. Алматы: Санат, 2007.-224 б.
6. Мақатаев М. Шығармаларының толық жинағы: Көп томдық. I Том.А.2007ж.
7. «Мұқағали» журналдары 2005-2007 жж.

UDC 811.111

STUDENTS' ASSESSMENT SYSTEM AT ENGLISH LANGUAGE LESSONS AS A MEANS OF MOTIVATION FOR LEARNING

Omarova Venera Bazaralyzy
Zhambyl region, Zhualy district
Gymnasium No. 19 named after D. Kunaev.
English Teacher

Interest in learning a foreign language in all countries of the world has recently increased significantly, as it is not a tribute to fashion, but a process that is vital. Mastery of a foreign language is an indispensable component of education of successful people. This raises the question of the quality of foreign language teaching. This has always been and continues to be the most important problem. The need for objective evaluation of labour results is a necessary condition for the success of any human activity, and the more diverse this activity is, the more difficult it is to evaluate it. The system of accurate and qualitative evaluation plays a key role in the management of the educational process. The main function of assessment activities is to improve the quality of education.

The control of students' knowledge is one of the main elements of education quality assessment. The assessment system is a natural internal mechanism of self-regulation of the educational process. In modern studies, assessment methods are considered primarily as a technology of pedagogical assessment in the educational process, which provides an individual approach to learning, takes into account the capabilities and needs of students, develops their ability to work independently with sources of information and master the learning material, contributes to the systematisation of the entire learning process. As for the forms of organisation of control over the formation of both speech and language skills, they are diverse and are reflected in sufficient detail in many teaching and methodological manuals.

In our opinion, every teacher in one way or another faces the problem of how to assess students' knowledge in the most objective and effective way. There are many forms and methods of solving this problem.

One of the tasks that teachers set for themselves is to develop in students a positive attitude to the assessment of knowledge as an integral procedure of the learning process, as well as the development of skills to assess their own knowledge and the knowledge of other students (self-checking, double-checking) and the formation of the need for reflection. The assessment system occupies a special place in the pedagogical technologies for achieving the requirements of the standards and the planned outcomes of foreign language programmes that specify them. It performs the functions of one of the main components of the programme and its regulator. At foreign language lessons teachers use various ways of assessment: incoming, current and final control, written or oral questioning, testing, monitoring, results of various academic and extracurricular works, pupils' achievements; results of educational projects, self-assessment, self-assessment, self-control

(formative assessment), portfolio.

Diagnostics of the level of knowledge and skills assimilation at each stage of education allows to optimise the quality of learning. Diagnostics of the level of mastering knowledge and skills at each stage of learning allows for optimal choice of forms and methods of teaching, as well as forms of correction of errors and gaps in the mastering and application of knowledge and skills.

There are various forms of control in English language teaching: current, intermediate, preliminary, final. In the process of current control, the usual exercises characteristic of the formation of skills and abilities to use language material and speech exercises are used. A different approach has to be taken when planning intermediate, final and preliminary control. In this case, various forms of its realisation are possible. For example, for the implementation of preliminary control can be used tests or interviews. Before starting a new course intended for further mastering of a foreign language, test tasks and tests can be used, which are also forms of intermediate control.

All of these forms of control can be both written and oral. Assessment of the quality of knowledge in teaching a foreign language is carried out to identify:

- level of achievement in a certain type of activity;
- abilities for a certain type of activity;
- difficulties in mastering this or that type of activity

difficulties in mastering this or that type of activity

and possible ways of overcoming them.

The methodology of work with the control tasks includes three

stages:

- preparation of task fulfilment;
- task fulfilment;
- summarising the results.

This document belongs to the child and he/she decides what to put in it, i.e. the portfolio encourages the child’s participation in the evaluation of his/her work. This document belongs to the child and he/she decides what to put in it, i.e. the portfolio promotes the child's participation in the evaluation of his/her work.

Following these simple guidelines helps the teacher to clearly assess the learning situation in the classroom. It is time-consuming, but worth it. Informal assessment is hidden and therefore does not frighten children and avoids the stress that is inevitable with marking. Self-evaluation is an evaluation carried out by the child himself/herself in order to measure his/her own success.

This type of assessment is particularly important at this age for the following reasons: it ensures the child's psychological safety and autonomy; it is a necessary component of the concept of lifelong learning, since in the future most of today's students, working independently, will have to

evaluate themselves and their competence correctly and fairly. Self-assessment is important not only within the walls of a school, but for all of adult life.

The use of self-assessment scales can help teachers and younger students to make the assessment procedure transparent, clear, objective and painless. The teacher and the student together have a chance to evaluate achievements, compare the assessment, analyse it and understand their shortcomings. Group assessment (or peer assessment) is the process of assessing each other during class activities. A child is not isolated at school, he/she is constantly communicating with peers outside of class and while doing tasks in class. It is very important for a pupil to know what his/her classmates think about him/her and how they evaluate him/her.

By doing this type of assessment, students learn to work together, striving for the same goal; learn to respect and accept the other person's opinion; become partners, which minimises the negative aspect of competition; begin to trust each other; feel more secure than when working alone.

Formal assessment is the awarding of grades with certain criteria under conditions that ensure the evaluation of individual linguistic and communicative knowledge, skills and abilities in a given area.

Sooner or later, children will have to be introduced to formal assessment. The teacher's goal is to do this gently by playing and discussing school assessments. For younger pupils it is best to turn a grade from a number into a word, for example:

5	**4**	**3**
Perfect!	Very good!	not bad
Excelent!	Nice!	poor
No mistakes!	OK!	Work more!
Great!	Some mistakes.	Be attentive!
Brilliant!	Well done!	Try again!
Marvelous!	Good job!	Ask questions!
Fine!		

Gradually moving from informal assessment to self-assessment using self-assessment scales and then to group assessment, each teacher will be able to bring the child to a proper understanding of the formal assessment system.

Thus, we must not forget that children want to be appreciated, not punished. And if they are to be criticised, it should be done in a friendly, correct way, with the help of feedback, which can be given in different ways (individually to each child or to a group of children; to the whole class; in a short written form; in a friendly conversation).

Thus, the assessment system in primary school is considered to be one of the most important but also the most problematic areas. The assessment system for young children is designed to help

the child gain self-confidence and healthy self-criticism or in other words healthy self-esteem. By combining different types of assessment, each teacher is able to make this process the most effective, interesting for all participants in the learning process, painless and motivating for further successful learning.

List of references:

1. Fedotova N. Early learning: fashion or expediency? // First September, English. - 2005. - №24.
2. Biboletova M.Z. Enjoy English-1. - Obninsk, Titul, 2005.
3. https://urok.1sept.ru/articles/518959
4. Bibolletova M.Z., Trubaeva N.N. Author's programme for the course ‘Enjoy English-1’ for 2-9 grades of general educational institutions. - 2003. - №1, №2.

УДК 8.1751

ПРОБЛЕМЫ ПРИ ИЗУЧЕНИИ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

А.А.Капарова
Педагог-исследователь, учитель английского языка
Средняя школа №55 ,
Жамбылская обл. Байзакский район,
Тараз, Казахстан
Kaparova_84@list.ru

Аннотация. Успешность изучения английского языка как иностранного языка зависит от методов, преподователя, успеваемости учащихся и окружения. Последнее играет важную роль, поскольку обязывает учителя обеспечивать комфортную обстановку в классе. Кроме того, изучающие английский язык должны иметь хороший план действий и использовать различные методы для преодоления трудностей изучения языка, такие как практика, установление контактов с носителями английского языка, хорошее отношение языку.

Ключевые слова: английский язык, изучение языка, сложности изучения иностранного языка, грамматика, методы изучения.

Abstract:The main difficulties that affect the results of learning English have been established. Conclusions. The success of learning English as a foreign language depends on the methods, teacher, student performance and environment. Environment plays an important role, since it obliges the teacher to provide a comfortable environment in the classroom. In addition, English language learners should have a good action plan and use various methods to overcome the difficulties of learning the language, such as practice, establishing contacts with native English speakers.

Keywords: English, language learning, difficulties of learning a foreign language, grammar, learning methods.

Определены основные сложности, которые влияют на результаты при изучении английского языка. Английский язык, наиболее широко используемый язык на международном уровне во многих странах мира, является языком образования, бизнеса, медицины, банковского дела, туризма, и т. д. Английский также является языком вычислительной техники, поэтому он является международным языком. Количество пользователей данного языка увеличивается с каждым днем. Однако люди сталкиваются с множеством проблем в процессе обучения и овладения этим языком. В этой статье рассматриваются причины трудностей в изучении английского как иностранного языка, определяются наиболее эффективные стратегии, которые могут быть полезны учащимся для того, чтобы начать свободно говорить на английском языке. Ведь в настоящее время изучение данного языка действительно важно, потому что английский является международным языком, который используется во многих отраслях. Исследования показывают, что отношение ученика оказывает большое влияние на изучение языка, потому что позитивный настрой учащихся напрямую влияет на процесс усвоения новой информации. Данная статья дает ответы на многие вопросы про изучение языка, такие как: Почему учащиеся сталкиваются с трудностями при изучении иностранного языка? Каковы возможные

трудности при изучении иностранного языка? Как преодолеть трудности, связанные с изучением английского языка? Для начала необходимо определить основные мотивы для изучения английского языка. Среди них можно выделить такие причины, как: – Личная выгода

Знание английского языка очень полезно для достижения личных целей, таких как успешное общение с людьми за рубежом, а также продвижение по карьерной лестнице. – Когнитивное развитие Это означает, что те люди, которые обладают способностью говорить на иностранном языке более креативны и мыслят творчески, и их умы более активны, они более эффективно и быстро решают проблемы. – Социальные выгоды Люди, владеющие английским языком, вовлечены в мировое сообщество. Помимо этих мотивов, стоит отметить, что знание второго языка — это средство, которое побуждает учащихся усердно работать и верить в свои способности при выполнении своих повседневных обязанностей. Трудности при изучении английского языка : Изучение иностранного языка — это длительный и сложный процесс, поскольку учащиеся должны охватить все аспекты нового языка, такие как грамматическая структура и культура изучаемого языка.

Многие люди по всему миру начинают изучать английский язык, и одновременно сталкиваются с лингвистическими и культурными трудностями. Все трудности оказывают влияние на изучение языка, создавая препятствия перед учащимися. Таким образом, эта статья раскрывает основные сложности, с которыми сталкиваются учащиеся, когда они начинают учить английский язык. Основные сложности при изучении иностранного языка: Использование структуры исходного языка при переводе на целевой язык Исходный язык — родной язык говорящего, а целевой язык — иностранный язык. Все языки имеют свои собственные грамматические и лексические структуры. Таким образом, изучающие английский язык должны быть знакомы с его структурами. Это связано с тем, что структура языка оказывает большое влияние на обучение. Если учащиеся используют неправильную грамматическую структуру, это приводит к возникновению двусмысленности и недопонимания при общении. Но некоторые учащиеся уделяют недостаточно внимания этому вопросу, поэтому обучение не дает результатов. Например, структура английского языка совершенно отличается от структуры турецкого или арабского языков. Культурные различия Культура — это чувство принадлежности и причастности к определенному сообществу с историей, языком, наследием. Почти каждое общество имеет свою собственную культуру, отличающую его от других обществ. Нельзя игнорировать роль культуры в изучении нового языка, потому что иногда учащиеся знают все о лексике и других аспектах иностранного языка; однако они не могут правильно понять, что означают некоторые выражения, поэтому информация о культуре очень важна. Так, например, тяжело будет объяснить иностранцу значение выражения «Не стой над душой», ведь казалось бы, как можно стоять над душой? Помимо этого, есть множество слов в русском языке, которым нельзя найти эквивалент в английском, например, «авось», «самовар». Эти слова и выражения может понять только человек, который знаком с русской культурой. Тоже самое и с английским языком, ведь, например, «Earworm» — это не ушной червь, а назойливая песня или мелодия.Таким образом, культурные различия — это еще одна проблема, с которой учащиеся сталкиваются при изучении языка. Акцент Еще одна трудность, с которой могут столкнуться изучающие английский язык, — это акцент. Акцент — это способ произнесения слов. Английский язык имеет различные акценты, такие как американский, британский, австралийский, канадский и т. д. Разновидности акцента могут вызвать проблемы у изучающих английский язык. Сленг и разговорный язык Сленг — это те выражения, которые используются в неофициальном языке. Английский язык состоит из множества жаргонных и разговорных выражений; это еще одна трудность, с которой сталкиваются изучающие английский язык, потому что учащимся часто бывает сложно охватить все жаргонные и разговорные выражения. Личностные факторы Одним из основных факторов, сильно влияющих на результат изучения языка, является личностный. Некоторые изучающие английский язык в начале процесса негативно реагируют на язык, что может привести к отсутствию мотивации, неуверенности в себе, стрессу, беспокойству и страху совершить ошибки при общении. Эти чувства вызывают негативное отношение, и учащиеся не могут должным образом выучить язык. Изучая язык, учащиеся должны избегать негативных установок, поскольку они создают искаженное представление об этом языке. Окружение Очень важна атмосфера учебного пространства, в котором учащиеся изучают язык. Во время изучения языка необходимо в значительной степени учитывать образовательную атмосферу и свободу взаимодействий при обучении. Грамматика и лексика Неправильное использование грамматики и лексики приводит к недопониманию между собеседниками. Английский язык имеет сложную систему грамматических правил. Сложность грамматики затрудняет использование учащимися правильных грамматических времен. Как известно, неправильно грамматически построенное предложение доставляет адресату неправильное сообщение. Грамматика изменяет смысл сообщения, и поэтому учащиеся должны

осваивать грамматические правила, ведь грамматика английского языка иногда кажется сложной даже для носителей языка. Изучающие английский язык иногда сталкиваются с трудностями при использовании английской грамматики; они знают правила, но не могут их правильно применять. В то же время в английском языке слова имеют много значений и значения меняются в зависимости от контекста, что делает процесс обучения еще более сложным. Произношение Еще одна проблема, с которой могут столкнуться учащиеся, — это правильное произношение слов на изучаемом языке. Несмотря на то, что изучающим иностранный язык трудно произносить звуки так, как это делают носители языка, от них все равно требуется произносить их правильно. Кроме того, произношение тесно связано с родным языком ученика, потому что, возможно, некоторые звуки не существуют в родном языке учащегося, что создает трудности. Способы улучшения языковых навыков Английский язык состоит из четырех основных аспектов: чтения, аудирования, разговорной речи и письма. Изучение каждого из них требует времени и усилий. В следующих разделах будет подробно описано, как учащиеся могут улучшить каждый из этих навыков. Аудирование Умение воспринимать информацию на слух очень важно при изучении иностранного языка. Методы для улучшения навыка восприятия английской речи на слух: Слушайте английские песни. Слушайте короткие рассказы на английском языке. Слушайте новости на английском по радио и телевидению (с носителями английского языка в роли ведущих). Умение воспринимать речь на слух — это основной навык в изучении языка, потому что без этого навыка учащиеся никогда не научатся эффективно коммуницировать. Умение говорить Разговорный навык — еще один важный навык в английском языке. Разговорная речь означает использование языка в устной форме с целью общения.

Исследователи предлагают некоторые методы для улучшения навыков говорения, такие как: Присоединяйтесь к групповым курсам английского языка, чтобы говорить свободно и бегло. (Учащиеся могут поправлять друг друга, не испытывая смущения). Роль учителя тоже важна; необходимо мотивировать учащихся говорить на английском. Должна быть обеспечена подходящая среда, потому что это дает положительные результаты в изучении языка, ведь большинство учащихся чувствуют стеснение во время разговора, что мешает развитию разговорного навыка. Проведение презентаций и дебатов на английском языке. Навык чтения Чтение — это еще один навык в английском языке, который обогащает словарный запас и улучшает понимание языка. Следующие шаги полезны для улучшения навыков чтения: Когда вы читаете, пытайтесь сосредоточиться на новых словах. Читайте на английском о тех темах, которые вас интересуют. Читайте короткие рассказы и детские книги, потому что это хороший способ улучшить словарный запас на ранних стадиях изучения языка. Умение писать Письмо — важный навык в языке, который влияет на результат изучения языка; избегайте повторений и длинных предложений; учащимся полезно выбирать и использовать понятные слова и выражения. Следующие методы помогают учащимся улучшить свои навыки письма: Соблюдайте правила правописания. Изучайте аббревиатуры на английском языке. Знаки препинания также важны в английском языке, потому что они меняют смысл. Чтобы улучшить навыки письма, хорошо писать эссе и короткие рассказы.

Изучение английского языка — это сложный процесс, в котором задействовано множество факторов. В заключение необходимо сказать, что успешность изучения английского языка как иностранного языка зависит от методов, учителя, успеваемости учащихся и окружения. Последнее играет важную роль, поскольку обязывает учителя обеспечивать комфортную обстановку в классе. Кроме того, изучающие английский язык должны иметь хороший план действий и использовать различные методы для преодоления трудностей изучения языка, такие как практика, установление контактов с носителями английского языка, хорошее отношение языку и т. д.

Список использованной литературы:

1. Астафурова В. Ю. Дифференцированный подход в обучении иностранному (английскому) языку // Актуальные проблемы гуманитарных и естественных наук. — 2015. — № 10–3. — С. 28–31.
2. 3.Борщева О. В. Принципы отбора подкастов для обучения иностранному языку // Педагогика и психология образования. — 2019. — № 3.
3. Галеева, А. Р. Проблемы при изучении английского языка / А. Р. Галеева. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2022. — № 25 (420). — С. 295-298. — URL: https://moluch.ru/archive/420/93381/ (дата обращения: 04.03.2025).

ӘОЖ *372.881.1*

Адильбекова Г.У.
Кожахметова Г.А.
(Жамбыл облысы, Шу қаласы, Сәкен Сейфуллин атындағы орта мектебі, орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері)

ТРЕНИНГТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР: ОРЫС ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСІ

Аннотация. Бұл мақалада тренингтік технологияларды орыс тілін оқытуда қолданудың тиімділігі қарастырылады. Тренинг әдістері оқушылардың коммуникативті дағдыларын дамытуға, оқу процесіне белсенді қатысуға және алған білімдерін практикада қолдануға мүмкіндік береді. Мақалада тренингтің негізгі атрибуттары мен артықшылықтары, сондай-ақ орыс тілін үйрету барысында қолданылуының практикалық аспектілері талданады. Орыс тілін оқытуда тренингтік технологиялардың қолданылуы оқу процесін қызықты әрі тиімді етіп, тіл үйренушілердің тілдік дағдыларын жақсартуға ықпал етеді.

Кілт сөздер: тренингтік технологиялар, орыс тілі, оқыту әдістері, коммуникативті дағдылар, оқу процесі, белсенді оқыту, тілдік дағдылар, практика.

Adilbekova G.U.
Kozhakhmetova G.A.
(Zhambyl region, Shu city, secondary school named after S. Seifullin, teachers of Russian language and literature)

Annotation. This article discusses the effectiveness of the use of training technologies in teaching the Russian language. Training methods allow you to develop students ' communication skills, actively participate in the educational process and apply the knowledge gained in practice. The article analyzes the main attributes and advantages of training, as well as the practical aspects of its application in the course of teaching the Russian language. The use of training technologies in teaching the Russian language makes the educational process interesting and effective, contributes to improving the language skills of language learners.

Keywords: training technologies, Russian language, teaching methods, communication skills, learning process, active learning, language skills, practice.

Орыс тілін үйрену – мәдениет, өнер және коммуникация әлеміне қызықты және маңызды саяхат. Көптеген адамдар үшін жаңа тілді үйрену жүйелі және тиімді тәсілді қажет ететін қиындық болуы мүмкін. Бұл мақалада біз орыс тілін оқыту процесінде тренингтік технологияларды қолданудың артықшылықтары мен әдістерін талқылаймыз.

Тренингтік технологияларды қолданудың артықшылықтары:

Белсенді қатысу: тренингтік технологиялар оқушылардың оқу процесіне белсенді қатысуына ықпал етеді. Бұл оларға білімді бірден іс жүзінде қолдануға және материалды тиімдірек игеруге мүмкіндік береді.

Интерактивтілік: тренингтер оқушыларға басқа қатысушылармен байланысуға, білім мен тәжірибе алмасуға мүмкіндік беретін интерактивті оқытуды қамтамасыз етеді. Бұл нақты жағдайларда орыс тілінде қарым-қатынас дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Практикалық қолдану: тренинг технологиялары оқушыларға тілдік дағдыларды жақсы меңгеруге және оларды күнделікті өмірде сенімді қолдануға көмектесетін зерттелетін материалды практикалық қолдануды қамтамасыз етеді.

Орыс тілін оқытуда тренингтік технологияларды қолдану әдістері:

Рөлдік ойындар: орыс тілінде рөлдік ойындарды ұйымдастыру оқушыларға әртүрлі өмірлік жағдайларға бой алдыруға және ауызша сөйлеуге, сондай-ақ есту арқылы қабылдау және түсіну дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Топтық пікірталастар: әр түрлі тақырыптарда топтық пікірталастар өткізу оқушыларға өзекті мәселелерді орыс тілінде талқылауға, сөздік қорын байытуға және пікір білдіру дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді.

Модельдеу: дүкенге, мейрамханаға немесе кеңсеге бару сияқты нақты жағдайларды модельдеуді қолдану оқушыларға тілдік дағдыларды практикалық жағдайда қолдануға және орыс тілінде сенімді қарым-қатынас жасауға көмектеседі.

Көптеген басылымдар қазіргі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жағдайында білім беру жүйесін жаңғыртудың сөзсіздігін талқылайды. 1992 жылдан бастап жаһандану идеясы білім берудің негізгі құжаттарында көрініс тапты, ал 2000 жылдан бастап еуропалық білім беру кеңістігіне интеграция белсенді түрде жүзеге асырылуда. Қазақстанның Болон декларациясына қол қою білім беруді жаңғыртудың кейінгі тұжырымдамалары білім беру жүйесін тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің қазіргі заманғы қажеттіліктеріне жақындатуға бағытталған.

Білім беру саласындағы жаңғыртудың негізгі мақсаты халықтың білім деңгейін және әртүрлі деңгейдегі оқу орындарында оқытушылар жұмысының тиімділігін арттыру болып табылады. Бұған білім беру мекемелерін басқаруды жақсарту, білім беруді коммерцияландыру, электрондық оқытуды енгізу, жаңа білім беру технологиялары және цифрлық ресурстарды пайдалану сияқты әртүрлі іс-шараларды жүзеге асыру арқылы қол жеткізіледі. Осы күш-жігердің барлығы әртүрлі әлеуметтік топтардың білім беру қажеттіліктері мен үміттерін қанағаттандыру, соның ішінде азаматтық, тұрмыстық және кәсіби жеке дағдыларды дамыту ретінде сипатталатын білім беру сапасын арттыруға бағытталған [1, 18-21].

Бұл тұрғыда білім беру мазмұны, материалдық-техникалық база, кадрлардың кәсібилігі, сондай-ақ оқыту әдістері мен нысандары сияқты тиісті құзыреттерді қалыптастыруға ықпал ететін көрсеткіштерге назар аудару қажет.

Көптеген зерттеушілер модернизацияның негізгі аспектісі білім мен тәжірибе алуда тәуелсіздікті дамытуға, сондай-ақ нәтижелер үшін жауапкершілікті сезінуге ықпал ететін оқыту нысандарын енгізу және белсенді пайдалану арқылы оқыту әдістемесін өзгерту екенін атап көрсетеді. Қазіргі уақытта оқыту процесі болашақ мамандарды даярлау сапасын арттыруға бағытталған тиімді технологияларды іздеуді, әзірлеуді және қолдануды талап етеді. Осындай технологиялардың бірі, біздің ойымызша, тренинг әдістемесі.

Қазіргі білім беру жүйесінде технологиялар маңызды рөл атқарады. «Технология» сөзі гректің *«techno»* (өнер, шеберлік) және *«logos»* (ғылым, білім, заң) сөздерінен шыққан. Осылайша, технология – білім беру тәжірибесін жетілдіретін үдеріс немесе шеберлік. Ал *«training»* (ағылшын тілінен) белсенді оқыту әдісін білдіреді, оның негізгі мақсаты – білімді, дағдыларды және әлеуметтік көзқарастарды дамыту.

1. Тренингтік технологиялардың мәні мен маңызы

Тренинг – оқушылардың немесе қатысушылардың белсенді қатысуын талап ететін оқыту әдісі. Ол теориялық білімді тәжірибемен ұштастырып, адамның белгілі бір салада практикалық дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Тренингтік технологиялар:

- Оқушыларды белсенді оқытуға ынталандырады;
- Білімді тез әрі тиімді меңгеруге көмектеседі;
- Оқытудың интерактивті және қызықты әдістерін ұсынады;
- Шынайы өмірлік жағдайларда білімді қолдануға үйретеді.

Осы ерекшеліктері арқасында тренингтер білім беру жүйесінде кеңінен қолданылады.

2. Тренингтік технологиялардың негізгі артықшылықтары

Белсенділік – Тренингтерде оқушылар тек тыңдап қана қоймай, өздері белсенді қатысады. Олар пікір алмасады, талқылаулар жүргізеді, рөлдік ойындарға қатысады.

Интерактивтілік – Тренинг барысында қатысушылар бір-бірімен тығыз байланыста болады, бұл оларды жаңа материалды жақсырақ түсінуге итермелейді.

Практикалық қолдану – Білімді меңгерумен қатар, оны күнделікті өмірде қолдану да маңызды. Тренингтік әдістер осы бағытта өте тиімді.

Командалық жұмыс – Тренинг барысында оқушылар топпен жұмыс істеп, өзара ынтымақтастық пен коммуникация дағдыларын дамытады [2, 56-62].

Қазіргі уақытта тренингтердің біріздендірілген, жалпыға ортақ қабылданған жіктемесі жоқ, өйткені оларды әртүрлі критерийлер бойынша топтастыруға болады. Егер тренингтердің әсер ету және өзгерту бағытын негізге алсақ, оларды келесі түрлерге бөлуге болады:

- **Дағды қалыптастыруға арналған тренингтер** – белгілі бір қабілеттер мен дағдыларды дамытуға бағытталған. Мұндай тренингтер көбіне бизнес саласында қолданылады және келіссөз жүргізу, өзін-өзі таныстыру, сату техникасы сияқты кәсіби шеберлікті жетілдіруге көмектеседі.
- **Психотерапиялық тренингтер** – адамның санасын өзгертуге бағытталған. Бұл топтар психотерапияның әртүрлі әдістерін қамтиды, соның ішінде психодрама, гештальт-терапия, денеге бағытталған терапия, би-қозғалыс терапиясы және басқа да тәсілдер.

- **Әлеуметтік-психологиялық тренингтер (ӘПТ)** – жеке тұлғаның әлеуметтік көзқарастарын өзгерту және қарым-қатынас дағдыларын дамыту мақсатында ұйымдастырылады. Бұл тренингтер адамның өзін-өзі танытуына, өзара әрекеттесуіне және тұлғааралық қарым-қатынасын жақсартуға ықпал етеді.

- **Бизнес-тренингтер** – кәсіпкерлік және басқару саласындағы дағдыларды жетілдіруге бағытталған. Олар кәсіби қызметтің тиімділігін арттыруға, өндірістік міндеттерді сапалы орындауға көмектеседі. Бизнес-тренингтердің ішіне сату және клиенттерге қызмет көрсету, басқару шеберлігі, уақытты тиімді басқару, командалық жұмыс және көшбасшылық тренингтері кіреді. Мұндай тренингтерді кәсіпорын ішіндегі мамандар (корпоративтік тренерлер) немесе сыртқы сарапшылар өткізе алады.

Осылайша, тренингтердің әрқайсысы белгілі бір мақсатқа бағытталған және қатысушылардың дағдыларын, көзқарасын және кәсіби шеберлігін дамытуға ықпал етеді [3, 8-19].

Тренинг пен дәстүрлі оқыту арасында айтарлықтай айырмашылықтар бар. Дәстүрлі оқыту, әдетте, дұрыс жауапты табуға бағытталған және ақпаратты беру мен алу процесі арқылы білімді игеруге негізделген. Ал тренинг белсенді қатысуға, сұрақтар қоюға, жауаптарды өз бетінше іздеуге және тәжірибе арқылы білім алу мен игеру процесін қамтиды.

Тренингтің ерекшеліктері де бар, олар: тренинг тобы, шеңбері, топ ережелері, өзара әрекеттесу мен қарым-қатынас атмосферасы, интерактивті оқыту әдістері, сабақты ұйымдастыру құрылымы, сондай-ақ тренингтің тиімділігін бағалау. Әрбір оқу сабағы сияқты, орыс тілін оқыту кезінде де тренингтің мақсаты – қатысушылардың жаңа дағдылар мен біліктерді игеруі.

Тренинг әдістемесі оқытуда, әсіресе сөйлеу мәдениетінің коммуникативті аспектісін зерттеу аясында өте тиімді құрал болып табылады. Мысалы, «орыс тілі және сөйлеу мәдениеті» курсы аясында коммуникативті дағдыларды дамытуға арналған тренингтер өткізіледі.

Бұл жаттығулардың бірі – белсенді тыңдау тәжірибесі, онда оқушылар топтарға бөлініп, белгілі бір тақырыпқа қатысты әртүрлі көзқарастарды ұсынады (мысалы, теңізде немесе тауда демалуды қалауы). Жаттығу барысында олар қарсыластарының дәлелдерін қайталап, бір-біріне аты-жөнімен сөйлесіп, түсініктерінің дұрыстығын тексереді. Бұл жаттығу оқушыларға тыңдау, эмпатия және ақпаратты синтездеу дағдыларын дамытуға көмектеседі, бұл өзара әрекеттесу мен қарым-қатынастың маңызды бөлігі болып табылады.

Қазақ сыныптарында орыс тілі пәндерінде тренинг әдістерін қолданудың көптеген артықшылықтары бар. Бұл әдістер оқу процесін қызықты әрі белсенді етіп, қарым-қатынас дағдыларын дамытуға ықпал етеді, сонымен қатар оқушыларға бейресми ортада білім алуды тиімдірек жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Сонымен, тренингті белсенді оқыту технологиясы ретінде пайдалану оқушылардың жеке тұлғасын әлеуметтендіруге, ынтымақтастық қабілеттерін дамытуға, ұжымдық іс-әрекет арқылы білім алу, қарама-қайшы көзқарастарға толеранттылық негізінде шешім қабылдауға және коммуникативті құзыреттілікті жетілдіруге мүмкіндік береді.

Орыс тілін оқытуда тренингтік технологияларды пайдалану оқушыларға оқу процесіне белсенді қатысуға, коммуникативті дағдыларды дамытуға және алған білімдерін практикада қолдануға мүмкіндік береді. Бұл әдістер оқыту процесін қызықты әрі тиімді етіп, орыс тілін меңгеруді жеңілдетеді және барлық қатысушылар үшін қолжетімді етеді.

Тренингтік технологиялар – заманауи білім берудің маңызды бөлігі. Олар оқытудың дәстүрлі әдістеріне қарағанда тиімдірек, өйткені теория мен тәжірибені біріктіреді. Белсенділік, интерактивтілік және практикалық бағыттылық – бұл әдістің басты артықшылықтары.

Болашақта білім беру саласында тренингтерді кеңінен енгізу оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, олардың алған білімдерін іс жүзінде қолдана алуына мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Балдина М. Ю. Творческое саморазвитие личности студента вуза // Педагогическое образование в России. – 2013 – № 2 – С. 18-21.

2 Дегтярев В. А., Дегтярев А. С. К вопросу о модернизации образования //
Педагогическое образование в России. – 2014 – № 11 – С. 56-62.

3 Лапин Н. И. Проблемы формирования концепции и человеческих измерений стратегии поэтапной модернизации России и ее регионов // Социологические исследования. – 2014 – № 7 – С. 8-19.

ӘОЖ 37.012.3

Алимханова Ж.Ж.
Жамбыл облысы, Талас ауданы, Ойық ауылы,
Бөлтірік Әлменұлы атындағы орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
alimhanova.76@mail.ru

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Аннотация. Мақалада қазіргі білім беру жүйесінде қолданылатын педагогикалық технологиялар қарастырылады. Авторлар Ш.А. Амонашвилидің ізгілендіру технологиясы, В.Ф. Шаталовтың қарқынды оқыту әдісі, С.Н. Лысенкованың тірек сигналдары арқылы жеделдетіп оқыту технологиясы, М.М. Жанпейісованың модульдік оқыту жүйесі және Ж.А. Қараевтың деңгейлеп оқыту технологиясының ерекшеліктеріне тоқталады. Сондай-ақ, білім беру үрдісінде инновациялық әдістер мен ақпараттық технологияларды пайдалану мүмкіндіктері талқыланады.

Abstract

This article examines pedagogical technologies used in modern education. The authors explore Sh.A. Amonashvili's humanistic approach, V.F. Shatalov's intensive teaching method, S.N. Lysenkova's accelerated learning through key signals, M.M. Zhanpeisova's modular teaching system, and Zh.A. Karaev's level-based learning technology. Additionally, the article discusses the implementation of innovative methods and information technologies in the educational process.

Тірек сөздер: педагогикалық технологиялар, ізгілендіру, модульдік оқыту, инновациялық әдістер, ақпараттық технологиялар.

Key words: pedagogical technologies, humanization, modular teaching, innovative methods, information technologies.

Жаңа ғасырдың білікті, білімді, ақыл-ойы дамыған азаматын даярлау – бүгінгі күн талабы. Мемлекетіміздің білім беру жүйесіне ерекше назар аударып отыруы оқыту мазмұнына жаңа бағыт әкелді. Білім беру үрдісінде қолданыс тапқан педагогикалық технологиялар жаңаша сипат алды. Жаңашыл педагог ғалымдар: Ш.А. Амонашвили білім беруді ізгілендіру технологиясында баланың жаны мен жүрегіне жылылық ұялату, танымдық күшін қалыптастыру, дамыту, білімін кеңейтуге, тереңдетуге жағдай жасау мақсатын көздейді. В.Ф. Шаталовтың белгі және сызба үлгілері негізінде қарқынды оқыту технологиясының ерекшелігі: материалдар ірілендіріліп, блоктық түрде тірек сызбалар арқыры беріледі. С.Н. Лысенкованың тірек сигналдарын пайдалана отырып, қарқынды жеделдете оқыту технологиясында оқу материалдарының мазмұнының жүйелілігін сақтау, саралау, тапсырманың әр оқушыға жеткізілуі талап етіледі. Бұл еңбектер 1980 жылдан бері оқу үрдісінде қолданылумен бірге әлі күнге дейін маңызын жойған жоқ. Керісінше, заман талабына сай қайта түрленіп, жанданып, жарқырай түскенін тәжірибе көрсетіп отыр. Білікті, білімді мамандар жаңалықты теориялық жағынан меңгерумен қатар, тұлғаны дамытуға бағытталған әдістерді білім беру үрдісіне енгізе отырып, тәжірибе жинағанда оң нәтиже беретініне көз жеткізуде. «Мұғалім – өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал, оқуды, ізденуді тоқтатқанда, оның ұстаздық еңбегінің жемісі болмайды», – деп К.Д. Ушинский айтқандай, оқытушылар заман көшінен қалмай, жаңалықтың жаршысы болуы керек.

Белгілі ғалым А. Маслоу тұлғаның:

- Қиындыққа дайын болу;
- Қарым-қатынас;
- Таным, сыйластық;
- Қауіпсіздік;
- Шығармашылық;
- Өзін-өзі өзектілендіру;
- Өзін-өзі бекіту; т.б. қажеттілік жүзеге асса, тұлғаның танымдық құрылымының дамитынын, қызығушылығының қалыптасатындығын ескертеді. Егер осы қажеттілік қанағаттандырылса, тұлғаның қызығушылығы оянып, белсенділігі артатыны белгілі. Танымдық үрдісті дамытуда жүйелі білім берудің маңызы зор. Бұл тұлғада п.ғ.к. М.М. Жанпейісованың модульдік оқыту технологиясын оқу

үрдісінде енгізудің тиімділігін тәжірибе көрсетіп отыр. Модуль – жүйелілік деген ұғымды білдіреді. Оқу үрдісі құрылымы ортақ, бірақ мазмұны әр түрлі жеке блоктардан жасалады. Оқу модулі – оқыту жүйесінің бір бөлігі. Оқыту әдістемесінде, күнделікті сабақ жоспарында мұғалімнің өтілетін сабаққа қойған үш мақсатын білімгерлерге жеткізу талап етілмейді [1].

Ал, модульдік оқыту технологиясына сүйенсек, оқытудың мақсатын, мазмұнын, әдістерін ғылыми негізделген теорияға сүйене отырып жобалау, сұлбалау тыңдаушыларға, білім алушыларға оқу үрдісінде хабарланады. Дәстүрлі оқуда «жекеден жалпыға», ал модульдік жүйеде «жалпыдан жекеге» қағидасы жүзеге асатындығын ескеру қажет.

В.Ф. Шаталов технологиясында материалдар ірілендіріліп, блоктық түрде берілуі модульдік оқыту технологиясына құрылымы мен мазмұны жағынан жақындау. Оқу модулінде оқу бағдарламасы бойынша тақырыптар тобына немесе тарауға бөлінген сағат санын жүйелеу көзделеді. Оқу модулі үш құрылымды бөліктен: кіріспе, сөйлесу, қорытынды бөлімнен тұрады. Психолог Л.М. Фридман тақырыпты оқып үйрену: кіріспе – қызықтырушылық, операционалдық – танымдық, рефлекциялық – бақылау кезеңдерінен тұруы тиіс деп есептейді. Демек, кіріспе – қызықтырушылық кезеңде неге, не үшін оқып үйренуі керек, нені меңгеріп, үйретуі тиіс, алдағы жұмыстың негізі оқу міндеті қандай екенін түсінуге назар аударылады. В.Ф. Шаталов технологиясындағы тірек сызба және белгілік үлгілерді оқу модулінің кіріспе бөліміндегі визуалдық лекцияда пайдалану объектілердің нақты қасиеттері жайлы білімді қалыптастырады. Осы технологияға сәйкес қазақ тілінің грамматикасына елуден астам тірек сызбаларды оқу үрдісіне енгіздік. Оқытудың жаңа мазмұнына сай берілетін ақпаратты тірек сызбалар арқылы «жалпыдан жекеге» қағидасы бойынша ұғындыру – тұлғаның есте сақтау, көру қабілетін арттырады. Сондай-ақ, оқу модулінің кіріспе бөлімінде ғана емес, сөйлесу бөлімінде де осы сызбалардың көшірмесін топ білімгерлерінің талдап, талқылап, бір-біріне түсіндіруі арқылы тілдің коммуникативтік қызметі жүзеге асады.

Оқу модулінің сөйлесу бөлімінде тұлғаның танымдық қабілетін жетілдіруге негізделген үш деңгейлік тапсырмаларды даярлауда Б.Блумның таксономиясына сүйену орынды. Олар мынадай түрде беріледі:

ІІІ деңгей – білу, түсіну (жеңілдетілген) тақырыпты қарапайым білім мен түсінік деңгейде игеру;

ІІ деңгей – қолдану, талдау. Мемлекеттік білім стандартының талаптарына сай алған білімін қолдана білу, талдау деңгейін игеру;

І деңгей – топтау, бағалау. Күрделірек дәрежедегі («стандарттан жоғары» тапсырмалар алған білімді топтау, бағалауға бағытталады).

Оқу модуліндегі ерекшелік: білімгерлер үш деңгейлік тапсырмалардың кез келгенін өз қалауы бойынша таңдап алады. Егер тапсырманы орындаса, келесі деңгейлік жұмысқа көше алады. Жоғары деңгейдегі тапсырмаға шамасы келмесе, төменгі деңгейдегі тапсырманы алуына мүмкіндік беріледі. Тұлғаның қабілетіне сай білімін бағалауына жағдай жасалады, сондықтан өз күшіне, шамасына деген сенімділік қалыптасады. Өзін-өзі бағалау – тұлғаның жүйелі жұмысын ретке келтіру құралы болып есептеледі. Топтық және бірін-бірі бағалау әдісі де шыншылдыққа, турашылдыққа тәрбиелейді. Білім бағалау ұпай (балдық) жүйесімен есептеледі. Егер білімгерлер бағасын журналға қойғызғысы келмесе, оқу модулінің сөйлесу бөліміндегі келесі сабақтарда жоғарғы ұпай жинауына мүмкіндік беріліп, ынтасын арттыруға жағдай жасалады.

Бүгінгі таңда қазақстандық педагог ғалымдар: Ә. Жүнісбек, Ж.А. Қараев және М. Жанпейісовалардың еңбектері білім беру үрдісінде кеңінен қолданылуда. Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ж.А. Қараев деңгейлеп оқыту педагогикалық технологиясының мақсаты – жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру. Балалардың таным қабілеттеріне сай төрт деңгейлік тапсырмалар даярлауда жеке тұлғаны жаңалыққа ұмтылуға итермелейтін жаңа қабілеттерін ашуға болатындығы ескеріледі.

В. П. Беспальконың деңгейлік тапсырмасы:

1- «міндетті», «оқушылық»

2- алгоритмдік,

3- эвристикалық,

4- шығармашылық - деп төртке бөлуі Ж. Қараевтің технологиясындағы төрт деңгейлік тапсырмаларында да кездеседі.

І. Жаңа өтілген тақырыпты қайталап, пысықтау, ереже жаттау

ІІ. Ойлау қабілетін жетілдіру

ІІІ. Танымдық іздену (эвристикалық)

ІҮ. Ұғым, түсінік, қиялын тәжірибеде қолдану талаптарын қояды [2].

Жеке тұлғаның біліктілігі мен дағдысын қалыптастыру және білім деңгейін айқындауда

деңгейлік тапсырмалар барлық білімдерге ұсынылады. Олар жұмыла іске кіріскенде, мұғалім үлгерімі төмендерге дербес, жекелей, көмек бере алады. Бірінші деңгейдің «міндеті», «оқушылық» жұмысын жаппай орындау мемілекеттік стандартқа сай жүргізіледі. Әр деңгейлік тапсырма бойынша ұпай саны белгіленіп, рейтингтік жүйемен жинақталып, мониторинг бойынша бағаланады. Жоғары деңгейлік тапсырмаларды дұрыс орындаса, ұпай санының артуынан көтеріңкі баға алуына мүмкіндік беріледі, дамыта оқыту жүзеге асады. Деңгейлік тапсырмалар даярлауда

1. Меңгерген білімді қайталау, пысықтау, тақырыптың өмірмен байланыстылығы

2. Тұлғаның ойлау қабілетін дамытуға танымдық ойындар: сөзжұмбақтар, басқатырғылар (головоломки), өзгертпесөз (анаграмма), тылсымсөз (сканворд), тумасөз (метаграмма), сөзөрім (кроссворд) пайдалану

3. Танымдық қабілеттерін дамытатын ойын элементтерін енгізу, диаграмма, графиктер, тірек сызбалар сызу, ой қорыту

4. Ұғым, түсінік, қиял, ой еңбегіне негізделген өзіндік жұмыс, реферат, баяндама т. б. Басты назарда болуы тиіс.

Бұл технологияның ерекшелігі: әр тұлға өз бетінше жұмыс жүргізуге дағдыланады, Тапсырманың күрделену деңгейіне сәйкес ойлау қабілеті артады, жасқаншақтықтан арылады. Білім берудің жаңа мазмұны тұлғаның білімін, білігін, дағдысын емес, оның білім алу арқылы дамуына ерекше көңіл бөлуді талап етеді.

Ж. Қараевтың деңгейлеп оқыту технологиясындағы төрт деңгейлік тапсырмаларды барлық оқушылардың толық орындауы талап етіледі. Әр деңгейдегі тапсырманың орындалуына қарай ұпаймен белгілеп, рейтингтік жүйемен есептеледі де, мониторинг бойынша баға қойылады.

Модульдік оқыту технологиясында «толық меңгеру» әдістемесінің негізгі қағидалары басшылыққа алынған. «Толық меңгеру» әдістемесінің негізгі идеяларын 1960 жылы Америка психологтары: Д. Ж. Кэррол мен Б. Блум ұсынған. Олар тұлғаның танымдық қабілетін дамытуға жағдай жасап, оқу нәтижесін тіркеп отыратын параметрге айналдыруды ұсынады. М. Жанпейісовқа оқу модулінің қорытынды (бақылау) бөлімінде осы қағидалар бақылау жүргізу, диагностикалық тест арқылы жүзеге асатынын атап көрсеткен. Тұлғаның танымдық қызметінің нәтижесін бақылаудың:

1. тестілеу – міндетті түрде,

2. сынақ, бақылау, диктант мұғалімінің таңдауы бойынша жүргізуді нақтылайды.

Білімгерлердің білім деңгейін қысқа уақыт ішінде анықтауға мүмкіндік беретін әдіс – тест әдісі. Тест әдісі ағылшын тілінен аударғанда «өлшеу», «сынау» деген мағынаны білдіреді.

М. Жанпейісова оқу модулінің тұтас мазмұны бойынша оқу бағдарламасы негізінде тестік тапсырмалар құрастыруда ескірген, күрделі, маңызы жоқ яғни тым қарапайым материалдарды тестіге енгізуге болмайтынын ескертеді. Тест сұрақтарын екі топқа бөліп қарастырады.

Абстрактілі – негізгі ережелер мен пәнаралық байланысты айқындайды.

Нақты – орташа күрделірек дәрежедегі нақты материалдар бойынша білімін айқындайды.

Тест тапсырмаларының талапқа сай құрастырылғанын білімгерлердің жауаптарын тексеру барысында жинақтаған пайызын негізге ала отырып анықтау тиімді Н. С. Бернштейннің (1968) пікірінше, дұрыс жауаптары 80-90%-дан аспайтын болса, 10-15% кем болмаса тестілердің талапқа сай құрастырылғанын деп есептеу орынды.

Оқу үрдісінде модульдік оқыту технологиясының тиімділігін триз технологиясымен салыстыра отырып анықтауға болады. Белгілі ғалым, инжинер, талантты жазушы Генрих Саулович Альтшуллер (1926-1998) триздің негізін салды. Ол сабақ барысында өтілген тақырыпты бекіту кезеңдерінде триз технологиясын қолдануды ұсынды. «Миға шабуыл», «морфологиялық талдау», «шығармашылық» тәсілдер тұлғаның белсенділігін арттыратынын тұжырымдады. Шығармашылық жұмыс білімгерлерге интелектуалды жеңіс, жағымды эмоция, қуаныш, сыйлайтынын ескеріп, тризді факультативтік сабақта, үйірме жұмыстарында қолданған тиімді екенін модульдік оқыту технологиясы мен триздің ерекшеліктерін салыстыра отырып көз жеткізуге болады.

М. Жанпейісованың модульдік оқыту технологиясы бойынша теориялық білім алғаннан кейін үш кезеңнен тұратын оқу модулін даярлау қажет.

1. Мұғалімнің модулді даярлауы.

2. Мұғалімнің сөйлесу бөлімін даярлау әрекетінің құрылымы,

3. Қорытынды.

1. Бірінші кезеңде кіріспе бөлімінде мұғалімнің іс-әрекеті футлярға салынып, модульдің құрылысымен, шығармашылық жұмыстарының тақырыптарымен беріледі. В.Ф. Шаталовтың технологиясындағы тірек сызбаларды сабақтың тақырыбы мен мақсатына сай даярлау керек. Оқу материалын баяндау формалары оқушылардың жас ерекшелігіне қарай жасалады. Визуалдық лекция,

лекция – кеңес, лекция - өзара сөйлесу, проблемалық лекция мұғалімнің шеберлігіне байланысты әзірленеді. Лекцияны түсінікті тілмен баяндап, негізгі ұғымдарға назар аударуға тірек сөздер, тірек конспект, тірек сызбалар мен техникалық құралдарды қолдану тиімділігін алдын ала ойластырған жөн.

2. Екінші кезеңде сөйлесу бөлімінде жұмыс істеу үшін оқу материалының негізгі мазмұнын айқындау керек. Оқу материалдарының жеңілден күрделіге өсу бағытымен берілетінін ескере отырып, тақырыпты меңгеру, берген білімді дамыту, пысықтау, бекітуге ыңғайлы ойын формаларын сұрыптап шартын анықтау керек. Оқушылардың таным қабілеттерін дамытуда Б. Блумның таксономиясы бойынша білу – түсіну, қолдану талдану, топтау, топтау – бағалау, мемілекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сай үш деңгейлік тапсырмалар жүйесін дайындау қажет. Барлық оқушыға үлестіретін материалдарды көбейтіп қою тиімді.

3. Үшінші кезеңде оқушылардан қабылданатын бақылау жұмыстарының мәтінін, екі нұсқада 10 сұрақтан тұратын тест тапсырмаларын 10 минутқа лайықты әзірлеу керек. Сынақ сұрақтарын, реле сынақ немесе оқу пәні бойынша конференция, семинар өткізудің жоспарын дайындау қажет. Мұғалімнің қалауы бойынша таңдау толықтыру, жүйелілік, сәйкестік, нақтылау, балама жауаптары бар (иә, жоқ) құрастырылған (комбинированный) тест түрлері қолданылады. Сөйлесу бөлімінде ерекше белсенділік танытқандарды сынақтан босатуға болады. Бақылаудың барлық түрінен модуль бойынша қорытынды баға шығатыны ескеріледі. Оқу модулін әзірлеуде жоғарыда көрсетілген ұсыныстарды басшылыққа ала отырып, сабақ өткізетін пәннен модульдік оқыту технологиясының жоспарын жасауға болады.

Қорыта келе, оқыту үрдісінің тиімділігін қалай көтеру керектігі күн тәртібінен түскен емес. Сөз жоқ, оқытудың жаңа технологиларының тәжірибеге енуі оқыту тиімділігінің артуына ықпалын тигізеді. Жоғарыда көрсетілген теориялық және әдістемелік ұсыныстарды саралау арқылы оқудың жаңа технологиясын қолдану жөніндегі мынадай ұсыныстар туып отыр:

- пәндер бағдарламасында әр пәннің ерекшелігіне орай оқыту технологиялары туралы тараулар енгізу;
- қазіргі заманғы оқыту технологиялары туралы жеке пәндер бойынша әр түрлі арнаулы курстар бағдарламаларын жасап, оны үрдісіне енгізу;
- оқытылатын пәндерді әр түрлі жаңа технологияларды пайдаланып оқыту;
- оқытудың компьютерлік технологиясын барынша қолдану.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жанпейісова М.М. Оқытудың белсенділік түрлері. –Алматы, 2002 – 162-б.
2. Қараев Ж.А. Мектепте оқытудың педагогикалық жүйесін жетілдірудің әдіснамалық негіздері. // Бастауыш мектеп. – 1996.-№ 7.

ӘОЖ 37

ҚАЗАҚ ТІЛІ – ҰЛТТЫҢ ҚАЗЫНАСЫ

Ж.К.Жиенбаева

(Жамбыл облысы, Шу қаласы, С.Сейфуллин атындағы орта мектебі)

Г.М.Мазова

(Жамбыл облысы, Шу қаласы, Төле би атындағы орта мектебі)

Резюме. В данной научной статье в ходе преподавания широко раскрыта необходимость новой инновационной системы статистического метода обучения.

J.K.Zhienbaeva

(Zhambyl region, Shu city, secondary school named after S.Seifullin)

G.M.Mazova

(Zhambyl region, Shu city, secondary school named after Tole bi)

Summary. In this scientific article, in the course of teaching, the need for a new innovative system of the statistical method of teaching is widely disclosed.

Қазақ тілін оқытатын ұстаз ұлттың ертеңіне жол көрсетіп, бағыт беріп қана қоймай, ұлттық таным мен қазақылықты сақтайтын ұрпақты тәрбиелейтінін үнемі жадында ұстайтыны сөзсіз. Қазақ тілі пәнінің оқу мазмұнын меңгертуде қолданылатын әдіс-тәсілдерді жан-жақты талдай отырып, тапсырмалар түрлері мен ерекшеліктерін анықтау - заманның талабы.

Оқу үдерісінде білім алушылардың білім, білік, дағды әрекеттерін, сондай-ақ, еліміздің ертеңі – жас ұрпаққа білім мен тәрбие беріп қана қоймай, олардың өзінің туған тарихы мен тілін құрмет ететін, атамекенін ардақтайтын, әдет-ғұрпын сүйетін азамат болып қалыптасуын мақсат ететін тапсырмалар қажет.

Білім алушы ең алдымен, мәдени кеңістікте өз орнын табуы тиіс. Бұл үшін білім беру үдерісінде қол жеткізетін нәтижелердің басымдылығына назар аударылып, тілдің теориясы мен тарихын әдістемелік негізге сабақтастырғанда ғана білім алушы пән мазмұнын жетік түсініп, тапсырмаларды орындауда жоғары нәтижеге қол жеткізе алады.

Білім алушының өз бетімен білімге ие болу барысында оның белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру-оқу үдерісіне қойылатын негізгі талаптардың бірі. Берілген тапсырмалар барысында білім алушының өзіндік менін қалыптастыру, тұлғалық ерекшелігін шыңдау, шығармашылық-логикалық болмысын дамыта отырып жетілдіру мақсатында диалогтік, монологтік сипаттағы тапсырмалар ұйымдастырылуы керек.

Диалогтік және рефлексивті технологияларды қолдану білім алушылардың жоба және зерттеу жұмыстарын жүргізулері үшін қажет болса, оқу сабақтарының тақырыптық ерекшеліктеріне қарай және пән мұғалімінің біліктілігіне негізделген қазақ, орыс, ағылшын тілінде пәндерді кіріктіре отырып, тақырыпты түсіндіру жұмыстары мен тапсырмалары оқушылардың үш тілде сөйлеу нормаларын дұрыс қолдану құзіретін қалыптастыру міндетіне сай қарастырылады.

Қажетті ақпаратты іздеу, өңдеу, алу, құру және көрсету, ақпараттар және идеялармен алмасу үшін бірлесіп әрекет ету негізінде оқыту технологияларының топтық, жұптық тәсілдерін қолдану ұсынылады. Қазақ тілінде мәтінмен жұмыс істеу барысында мазмұнымен танысып, оның мағынасы мен теориялық негізін меңгеру білім алушылардың тұлғалық қасиеттерінің дамуына жол ашады. Өмірлік дағдыларының шыңдалуына негіз болады. Қазақ тілін оқытуда бүгінгі күні шығарма мазмұны мен идеясын бағамдай білуге басты басымдық берілді. Мәтінді, сөйлемді теориялық тұрғыдан талдай білуге жете көңіл бөліну тиіс және бұл бірізді, жалғаспалы тапсырмалар жиынтығын құраса, білім алушының грамматикалық сауаттылығы артып қана қоймай, қазақ тілі туралы ұғымдарын кеңейтіп, өз ойын көркем түрде еркін жеткізе алатын, өмірлік мәселелердің шешімін тез таба білетін тұлға ретінде қалыптаса алады.

Білім алушылар креативті ойлай отырып, өз ойларын жазбаша да еркін жеткізуге дағдылануы керек. Бұл үшін эссе, шығармашылық хат, өлең шығару, шығарма мазмұнын жалғастыру сияқты тапсырмалар олардың грамматикалық, стильдік нормаларды дұрыс сақтай отырып, поэзиялық шығармаларды проза тілімен немесе керісінше жазу барысында шығарма

мазмұнын өз көзқарасында сараптай білуге, салыстыруға, бағалауға, өзіндік көзқарасына шығармадан дәлелдер мен ақпараттар келтіре алуына мүмкіндік береді.

«Қазақ тілін» оқып, меңгеру барысында оқушылар ұлттық құндылықты бағалайды. Қазақ тарихын, мәселелері мен ерекшеліктерін анықтап, түсінеді. Заманауи тұрғыда өзінің ой-өрісін дамытады және т.б. Бұл – «Қазақ тілін» оқу барысында білім алушыларда қалыптасатын дағдылар.

Оқу мазмұнына орай ақпараттық-коммуникативті қолдану, модульдік оқу технологиясы, деңгейлеп оқыту, СТО және интерактивті оқыту технологиялары жүргізілуі тиіс. Мысалы, оқылымға берілетін мәтін ерекшеліктеріне қарай көркем шығарманың мазмұны мен жанрлық ерекшеліктеріне сай «мнемоникалық тіректерді айқындау», «орамадағы әріп», «генеологиялық ағаш» сынды әдістер жүргізіледі.

Оқу мазмұны ерекшелігіне байланысты түсіну және жауап беру, анализ және интерпретация, бағалау және салыстырмалы анализ сынды бөлімдерді қамти отырып, дағдыларды қалыптастыратын бөлімшелерді де назардан тыс қалдырмауға тиіспіз. Көркем мәтінді түсініп оқып, мәтіннің көркемдік ерекшелігін білім алушының бойына сіңіруі және сол мәтін арқылы берілген өмірлік дағдыларды күнделікті тұрмыста қолдана алу, яғни өз ойын жеткізу кезінде көркем, нақтылы сөйлеу мен жазу кезінде де көркемсөз мағынасын дұрыс қолдана алуы қазақ тілін оқытуда басты назарда болуы тиіс.

«Қазақ тілін» оқытудағы тағы бір үлкен мақсат: білім алушының қазақтың көркемсөз өнерінің құдіретін бүкіл болмысымен ұғынып, әдебиет арқылы тарихты, мәдениетті, қазақ халқының философиясын, халқымыздың ұлттық салты мен дәстүрін, тұрмысы мен өнерін бағалай алатын тұлға болып қалыптасуын қамтамасыз ету.

Осы мақсаттардан қазақ тілін оқу әдістемесінің келесі міндеттері шығады:

-білім алушыға көркем мәтінді өз қалауымен әдебиеттің қажеттілігін түсіне отырып меңгерту;

-берілген көркем мәтіннің құрылымдық жүйесін жанрлық ерекшелігіне байланысты талдай отырып, басқа да көркем шығармаларды еркін талдау дағдысын қалыптастыру;

-белгілі тақырып туралы ауызша сөйлегенде оқыған көркем шығарма арқылы қалыптасқан ұғымдар мен түсініктерді, көркемсөздер мен халық даналығының тұрақты тіркестерін пайдалана алу қабілетін дамыту;

-білім алушыға көркем мәтінді оқып-үйрену дағдыларын қалыптастыру, көркем шығарманы қабылдауына бағытталған метатаным қабілетін дамыту мақсатындағы тапсырмаларды ұйымдастыру.

-тілдік нормаларды меңгеру, грамматикалық сауаттылықты арттыру т.б.

Оқытудың жаңа мазмұнын меңгерту қазақ тілін оқыту әдістемесінің тарихында жылдар бойы жинақталған әдіс-тәсілдермен қатар, жаңа инновациялық технологияларды пайдалануды

көздейді. Атап айтсақ, жаңа мазмұнда оқытудың жеті модулінің жекелеген стратегиялары мен тәсілдерінің пайдаланылуы:

-Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер.

-Сыни тұрғыдан ойлауға оқыту.

-Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау.

-Оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайда-лану.

-Талантты және дарынды балаларды оқыту.

-Оқушылардың жас ерекшелігіне байланысты оқыту және оқу.

-Оқытудағы басқару және көшбасшылық.

Сонымен қатар, әр оқулықтың өзіндік мазмұнын тереңінен ашатын хрестоматиясы, аудио, видео қосымшалары болуы тиіс.

Хрестоматия немесе қосымша мәтіндер жинағы- оқулықта көрсетілген көркем шығармалардың толық-тырылған, көлемді нұсқасы. Оқулық мазмұнын жете меңгеру үшін анализ және интерпретация бөлімшесіне сәйкес, оқулықтағы кейбір тапсырмалар мазмұны хрестоматияда немесе қосымша мәтіндер жинағында беріледі. Бұл білім алушылардың өзін-өзі дамыта ізденуіне бағыт береді.

Оқулықтың аудиотаспасы болуы шарт. Оқулықтың аудиотаспасы - білім алушылардың мәтінді, дұрыс интонациямен оқуына, сөздердің жазылуы мен айтылуы арасындағы айырмашылықтарды анықтауына арналады. Білім алушылардың есту және есте сақтау қабілеттерін дамыту, естігенін қорыта білу, логикалық пайымын бағалау мақсатында аудиода берілген тапсырмалар олардың тілдік-грамматикалық білімдерін пысықтауға, тақырып бойынша өткен ұғымдарды үздіксіз меңгеруіне және тәжірибеде өзі де тауып, қолдана алатындай құзіретін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Пайдаланған әдебиеттер

1.Н.Т.Сартаева Ақпараттық технологиялар негізінде бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін мотивациялау. Философия докторы дәрежесін алу үшін дайындаған автореферaты. Алматы, 2019ж.

2.В.М.Глушков История информационных технологии -М:Образование. 2004ж.
3.Ж.Садуова «Инновациялқ технологияларды білім беруде қолдану». //Білім. Алматы, № 5, 2006ж.
4.В.П. Беспалько Слагаемые педагогической технологии. -М.: Педагогика, 1989ж.
5.Н.Х.Хамзина Қазақ тілін оқытуда жаңа технологияларды қолдану //Білім айнасы. 2019ж

81-22.2(237)

Ф.К.Кенжекулова, Қ,Сәдуақас
(М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті, Қазақстан, Тараз)

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМЫТУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Аннотация. Мақалада тілдік қарым-қатынас процесіндегі дағдылардың түрлері: жазылым, тыңдалым, оқылым мәселесі, атап айтқанда, қазақ тілі сабағында осы тілдік дағдыларды қалыптастыруда қолданылатын әдіс-тәсілдері тақырыбы сөз болады. Автор тілдік материалдарды меңгерту барысында тілдік дағдыларды дамытудың тиімді әдістерін саралап, жан-жақты талдау жасайды.

Тірек сөздер: тілдік қарым-қатынас, тілдік дағды, тыңдалым, айтылым, жазылым.

F.K.Kenzhekulova, K.Saduakas
(M.Kh.Dulati Taraz University, Kazakhstan, Taraz)

METHODS OF DEVELOPING LANGUAGE SKILLS IN KAZAKH LANGUAGE LESSONS

Annotation. The article discusses the types of skills in the process of language communication: writing, listening, reading, in particular, the methods used to form these language skills in Kazakh language lessons. The author analyzes and comprehensively analyzes effective methods for developing language skills in the process of mastering language materials.

Key words: language communication, language skills, listening, pronunciation, writing

Бүгінгі қоғам толыққанды білім алған, жан жақты жетілген оқушыларды қажет етеді. Оқушылардың қоғамдық тұрғыдан белсенді, сауатты тұлға болуын қазіргі таңдағы білім ошақтарында берілетін біліммен тікелей байланысты екенін білеміз. Сол себепті тіл дамыту үрдісін қарқынды түрде жүргізуміз керек. Ол қайткенде болмақ? Оның бірден бір шешімі тілдік дағдылардың оқушыларға тиімді әдіс тәсілдермен ұсынылуы. Қазақ тілі объективті түрде күрделі мектеп пәндерінің бірі болып табылады және көптеген оқушыларға қиындық туғызады. Мұғалімнің міндеті – оқуды ұйымдастырудың икемді түрлерін іздеу. Өз жұмысында мұғалімдерге ойын технологияларын, топтық технологияларды, компьютерлік технологияларды, тұлғаға бағытталған технологиялар сияқты педагогикалық технологияларды қолдануға болады.

Бүгінгі таңда ана тілімізді оқытудың жүйесі бар, уақыт ағынымен ол жаңарып, толығып келеді. Әсіресе, педагогикалық әдістер мен тәсілдердің қоры молаю үстінде. Жалпы барша тілдерді үйрену үшін өзіндік қалыптасқан әдістер мен тәсілдері бар. Алайда, тілдің грамматикалық құрылымы мен лексикалық ерекшеліктеріне келгенде әдістер тиімділігіне сай таңдалуы тиіс. Бұндай әдістерді қолданудағы ең басты міндеті мен мақсаты қазақ тілінің табиғи ерекшеліктерін сақтай отырып, тілді оқушыларға дұрыс жолымен үйрету[1, 147б].

Тыңдалым дағдысының оқушының тілдік дамыту шараларында аса маңызды екенін жоғарыда атап өттік. Ал ендігі кезекте оны ұсынудың тиімді әдіс-тәсілдеріне көз жүгіртсек. Жалпы қазіргі таңда мектептерде аудиожазбаларды тыңдату, дискеттермен жұмыс сынды әдістер көптен ұсынылады. Алайда балаларды жалықтырып алмас үшін мұғалім өз тарапынан қызықты тәсілдері пайдалануы керек. Сондай әдістердің тізімін ұсынамыз:

1. «Дауыстап диктант оқыту». Сынып топтарға бөлінеді. Әр топ қарсылас топтарға барлығы дауыстап диктант оқиды. Сол бойынша диктант мәтінін жазады. Бұл әдіс арқылы мұғалім балалардың тыңдалым жағдайын жақсартып, сонымен қоса сөздік қорын дамытуға көмектеседі. Әдісті жиі пайдалана отырып мұғалім оқушының тыңдай отырып түсіну дағдысын дамытады.

2. «Синоним іздеу». Сыныпқа аудиохабарлама арқылы сөздер беріледі. Олар тақырып мәтініне сәйкес сөздерді іздейді және оны жауап парағына жазуды талап етеді. Осы арқылы біз оқушылардың бір дағдыны қолдана отырып, екінші дағдыны үйренетіне көз жеткіземіз.
3. «Сөйлемді аяқтап көр!». Сыныпқа тақырып аясын ашатын мәтін оқылады. Балалар жек түрде немесе топпен жұмыс жасауға еркіндік беріледі. Мәтінді өз біліктері арқылы аяқтауға тырысады. Бұл әдісті мұғалім сабақтың бастапқы уақытында сергіту сәті ретінде де ұсынса болады. Мысалы: «Ертеде тіл білімі деген қарт өмір сүріпті. Оның көптеген бала шағасы болыпты. Әрбір баласы өз алдына бөлек ауыл екен. Қарттың дәм тұзы аяқталар тұста балаларын шақырыпты. Қарт балаларына «бөлініңдер, алайда татулықтарын ажырамасын», деген өсиет қалдырыпты. Олар атаның өсиетін орындамаққа.....» . әрмен қарай оқушы өз қиялына ерік беріп мәтінді аяқтауға тырысады. (Бұл тұстан да дағдылардың өзара бірлестікте ғана жақсы нәтиже беретінін байқаймыз.)

Айтылым дағдысында қолданылатын әдіс-тәсілдер оқушылардың шығармашыл қасиеттерін, өз ойын келелі келтіруге, сыни көзқарастарын дұрыс жеткізуге бағытталады. Сондай әдістерге тоқталсақ;

1. «Жүрмелі микрофон». Бұл әдісті тыңдалым дағдысынан соң ұсынған тиімді. Өтілген тақырыптарды бір пысықтау үшін топқа бөлінген топ мүшелері бір бірінен интервью алады. Осы арқылы балалардың сөздік қорын дамыту, аудитория алдында сөйлеу әдебін қалыптастыру сынды қажеттіліктерді қамтамасыз етуге болады.
2. «Сабақ көрмесі». Бұл әдіс арқылы топқа бөлінген оқушылар сабақты қортындылай отырып, өзіндік постерлерін құрып көрмелерін құрастырады. Постер осылайша барлық топтар арасында жүріп өтеді. Әр топ постерлерді сараптайды, қарайды. Уақыт аяқталған соң ір өзіндік пікірлерін ортаға салады және кем кетіктерін айтады.
3. «Екі факті, бір жалған ». Оқушылар бір біріне өткен тақырып пен жаңа тақырыпты қамтитын үш фактіні көрсетеді. Сыныптастары жалған фактіні таба отырып, неліктен екендігін түсіндіріп беруі шарт.

Аталған әдістер оқушылардың оқушылардың ойларын еркін жеткізуге, ашық пікір айта білуге үйретеді.

Сабақ үрдісінде оқылым дағдысын толыққанды іске асыра отырып оқыту қиын процесс. Кітап бетінде берілген мәтінді оқушыға барша ынтасымен, ақпараттар көзін сараптай алатындай жағдайда оқыту ұстаз үшін аса маңызды. Себебі балаға берілер барлық дерек көзі мәтін құрылымында орналасады. Сол үшін де бұл дағдыны ұсынар алдында мұғалім ең тиімді деген әдістерді ұсынуы шарт. Сондай әдістер топтамасына тоқталсақ:

1. «Жұптаса ойлан». Оқушы өзінің қатарласымен мәтінді толық оқып шығады. Мәселен, қазақ тілі сабағындағы тілдік жағдаятқа берілген мәтін бойынша оқылым дағдысының түрлерін пайдалана отырып оқу нәтижеге алып келеді.
2. «Тосыннан ой». Балаларды сабақ басында тақырыптың қызықтығын таныту үшін, ерекше мәліметтермен бөлісу. Бұл әдіс арқылы мұғалім алды да оқитын мәтінге деген оқушы қызығушылығын оятуды көздейді.
3. «Елестет». Бұл әдіс оқушының өткен тақырыптардан білетін мағлұматтарын қайта жадына түсіру арқылы жаңа мәтінге деген қызығушылықты ояту. Мәселен, оқушыларға буын үндестігі тақырыбын түсіндіру үшін, дыбыстардың өзара ерекшеліктері турасында хал ахуал тудыру. Немесе «кәсіби сөздер, тарихи сөздер десе ойларыңызға тіл білімінің қандай саласы көз алдыңызға елестейді ?» деген сынды сұрақ қою арқылы әдісті жүзеге асыруға болады. Аталмыш әдіс жаңа сабақты түсіндірер уақытында тиімді болғандықтан кемінде 2 минут уақыт мөлшері жеткілікті болады.

Оқылым дағдысын меңгерту жолында тиімді әдісті пайдаланып қана қоймай оның ұсынылу жолында аса байыптылықпен қадағалау керек.

Жазылым дағдысы дегеніміз жаза білу деген анықтамамен шектелмейді. Оның ұғым аясы кең. Бұл оқушының өзінің ойын өзгеге жеткізе білерліктей қабілетке ие болуын қамтамасыз ету деген сөз. Сол үшін бұл дағдыны қалыптастыруда әдістің жүйелі, өнімді әрі тиімді түрлерін таңдаған дұрыс. Сондай әдістердің бірін ұсынамыз.

1. «Түрту» әдісі. Әрбір оқушыға көркем мәтінді түсіну үшін мәтіндегі анықтамалық, деректемелер, қызықты ақпараттарды түртіп алу ұсынылады. Бұл әдіс өткен сабақтарды қортындылауға көмектеседі және өзіндік білім алу жағдайын күшейтеді. Мұғалімге де оқушыны бағалау оңайға түседі.
2. «Суреттерді сөйлетіп көр». Оқушының қазақ тілінен сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамытатын тамаша әдістің бірі. Балаларға сөз табының суреттерін көрсетіп, оларды сөйлет деу арқылы оқушыларға олардың өзара байланысын жазылым арқылы түсіндіруге болады.
3. «Түйін сөз». Бұл әдіс бөлімдерді қорытындылауда тиімді рөл атқарады. Мәселен, синтаксис бөлімін аяқтарда оқушыларға үйренген материалдарын қайталату мақсатында не үйренгенін, тәжірбиеде қолдану көрінісін айту мақсатында эссе, пікір, хат, баяндама жазу ұсынылады.

Сонымен, осы аталған айтылым, жазылым, оқылым, тыңдалым сынды дағдыларын дамыту арқылы тілдік материалдарды игеруге, қарым-қатынас құруға үйрете аламыз. Оқушылар бойына сіңірген білімдерін өмірлерінде қолдануға бейімделе түседі. Оқушылардың таным қабілеттерін дамыту мақсатында әртүрлі әдістер қолдануға болады.

Қорыта айтқанда, оқушының білім дағдыларын қалыптастырып, жетілдіріп отыру тіл білімінің материалдары мен салаларын тізбектей оқыту ғана емес, тиісінше солардың ішінен сөйлесуге керектісін, қажеттілерін саралап алумен, сөйлесім амалдары мен материалдарын танып білумен, сөйлесу әрекеттерінде тиімді пайдалануымен, сондай-ақ, қажетті әдіс-тәсілдерді таңдап, әрі дұрыс қолдана алумен ерекшеленеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Оразбаева Ф.Ш. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы:- 2005. -170 б.
2. Бейсенбекова Г.Т. Тілдік қарым-қатынастық ұлттық дүниетанаммен байланысы. – Алматы. 2003-210 б.
3. Оразбаева Ф.Ш. Тіл білімі. Мақалалар, зерттеулер. – Алматы: АнАрыс.- 2009.- 368 б.
4. Оқыту үрдісіндегі педагогикалық технологияларды пайдалану. Білім берудегі менеджмент.- Алматы.- 2006.- 308 б.
5. Оразбаева Ф.Ш. Тіл әлемі. Мақалалар, зерттеулер. –Алматы, Ан Арыс: 2009. - 368 б.

ӘОЖ

Такимжанова Р.А.

(Учитель начальных классов средней общеобразовательной опорной школы-гимназии (ресурсный центр) им. Асанбая Аскарова)

ФОРМИРОВАНИЕ МАТЕМАТИЧЕСКИХ НАВЫКОВ У МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ СОВРЕМЕННЫХ МЕТОДОВ

Аннотация. В статье рассматриваются методы обучения родному языку в начальных классах средней общеобразовательной школы. Особое внимание уделено современным

педагогическим подходам, направленным на развитие языковых навыков, коммуникативных способностей и критического мышления младших школьников. Анализируются традиционные и инновационные методы обучения, включая использование цифровых технологий, игровых методик и проектной деятельности. Представлены практические рекомендации для учителей начальных классов, способствующие повышению мотивации учащихся к изучению родного языка и формированию устойчивого интереса к языковому наследию.

Ключевые слова: родной язык, начальные классы, методы обучения, критическое мышление, цифровые технологии, мотивация учащихся.

Takimzhanova R.A.
(Primary school teacher of the secondary secondary school-gymnasium (resource center) named after Asanbai Askarov)

FORMATION OF MATHEMATICAL SKILLS FOR YOUNGER STUDENTS USING MODERN METHODS

Annotation. The article discusses the methods of teaching the native language in the primary grades of secondary schools. Special attention is paid to modern pedagogical approaches aimed at developing language skills, communication abilities and critical thinking of younger schoolchildren. The article analyzes traditional and innovative teaching methods, including the use of digital technologies, game techniques and project activities. Practical recommendations for primary school teachers are presented, which help to increase students' motivation to learn their native language and form a sustained interest in the linguistic heritage.

Keywords: native language, elementary grades, teaching methods, critical thinking, digital technologies, student motivation.

Формирование вычислительных навыков - одна из главных задач, которая должна быть решена в ходе обучения детей в школе. Школа всегда уделяла большое внимание проблеме формирования прочных и осознанных вычислительных умений и навыков. На изучение математики в учебном плане начальной школы отводится четвёртая часть всего времени. Однако, переходя в 5 класс, математика является одним из предметов, который вызывает значительные затруднения у большого количества учащихся, а особенно у учащихся имеющих особые потребности. Им очень сложно даётся такая учебная дисциплина, как математика, а именно её раздел «Вычислительные навыки». Эти ребята допускают много ошибок в устных вычислениях, делают ошибки, работая самостоятельно, выполняя контрольные и тестовые работы, им трудно даётся выполнение домашних заданий, и тем самым усвоение программного материала 5 класса. Дети оказываются в крайне тяжелом положении, т.к. им по существу, не на что опереться в том потоке различных приёмов, направленных на выработку вычислительных навыков, который на них обрушивается. В результате большинство из них оказываются стойко неуспевающими в математике. Я заметила, что традиционные методы обучения ориентированы на средний уровень готовности учащихся и в новых условиях не дают достаточно высокого результата. Поэтому я стала внедрять в свою практику инновационные технологии, которые способствуют формированию у детей ключевых компетенций, способствующих успешности учеников в современном обществе. В поисках решения проблемы по формированию вычислительных навыков младших школьников я использую в своей педагогической деятельности личностно-ориентированный подход в обучении, который реализую через внедрение здоровьесберегающего подхода, личностно – ориентированного обучения, информационно-коммкуникативных, игровых технологий, педагогику сотрудничества, развивающего обучения.

Одной из центральных задач начального курса математики является формирование прочных и сознательных вычислительных навыков. Практика современной школы показывает, что в основе формирования навыка вычислений должно лежать осмысление тех конкретных действий, от которых зависят правильность и скорость выполнения вычислений. Ученик, прежде всего, должен осознать цель, ради которой он формирует тот или иной навык. А учитель должен помочь ему в осознании этой цели. Вычислительные навыки необходимы как в практической жизни каждого человека, так и в учении.

Большую общественную тревогу вызывает сегодня крайне неблагоприятное положение в школе детей, которые, едва переступив школьный порог, попадают в категорию отстающих. Отставание детей в учении уже на начальном этапе их обучения оказывается одной из главных причин низкой педагогической, социальной и экономической эффективности школьного обучения.

Необходимость развития математических способностей учащихся, а также, неразработанность методики организации учебного процесса (при обучении математике) с целью развития математических способностей определяют актуальность работы.

Актуальность использование современных технологий при формировании вычислительных навыков у младших школьников особенно возрастает на современном этапе, когда результатом образовательного процесса становится не определенная сумма знаний сама по себе, а умение применить полученные знания в различных жизненных ситуациях, т.е. их надпредметный характер. Современные технологии обучения определяются построением образовательного процесса на активной основе, деятельности каждого ученика, его интересов и потребностей. Технологии реализуются через систему учебно-познавательных методов и приемов, направленную на практическое или теоретическое освоения (познание) действительности учащимися посредством выявления и решения существующих противоречий.

При формировании вычислительных навыков, у детей моего класса, у меня возникли следующие противоречия:

между объемом обязательной информации, темпом освоения программы и малой эффективностью традиционных технологий обучения детей.

между индивидуальными особенностями интеллектуальной деятельности ребенка и способами его обучения.

Условия разрешения данного противоречия.

Психолого-педагогические особенности детей класса требовали от меня пересмотра подхода к обучению ребят, используя современные образовательные технологии. Учебная деятельность в классах, где есть ребята с разным уровнем развития, организовались в форме дифференцированного подхода к учащимся. Обучение в классе велось по действующим в школе программам, с опорой на действующие учебники, с применением карточек разного вида, с более внимательным отношением к ребятам 7 вида. Трудность обучения состояла в том, что нелегко было дифференцировать материал из учебников. Для детей 7 вида материала мало. Этот материал, подбирала сама из разных источников: журналов «Начальная школа», дидактических материалов, источников интернета и мн. др. Ещё большей трудностью было применение таких технологий, которые способствовали формированию вычислительных навыков учащихся. К применению современных образовательных технологий пришла сама, т.к. многие известные технологии не давали желаемых результатов.

Теоретические базы опыта.

Формирование вычислительных умений и навыков традиционно считается одной из самых «трудоемких» тем. Вопрос о значимости формирования устных вычислительных навыков на сегодняшний день является весьма дискуссионным в методическом плане. Широкое распространение калькуляторов ставит необходимость «жестокой» отработки этих умений под сомнение, поэтому многие не связывают хорошее овладение арифметическими вычислениями с математическими способностями и математической одаренностью. Однако внимание к устным арифметическим вычислениям является традиционным для

образовательной школы. В связи с этим значительная часть заданий всех существующих сегодня учебников математики направлена на формирование устных вычислительных умений и навыков.

Остановлюсь на некоторых определениях понятий.

Навык – это действие, сформированное путем повторения, характерное высокой степенью освоения и отсутствием поэлементарной сознательной регуляции и контроля.

Вычислительный навык – это высокая степень овладения вычислительными приемами.

Приобрести вычислительные навыки – значит, для каждого случая знать, какие операции и в каком порядке следует выполнять, чтобы найти результат арифметического действия, и выполнять эти операции достаточно быстро.

Вычислительные навыки рассматриваются как один из видов учебных навыков, функционирующих и формирующихся в процессе обучения. Они входят в структуру учебно-познавательной деятельности и существуют в учебных действиях, которые выполняются посредством определенной системы операций. В зависимости от степени овладения учеником учебными действиями, оно выступает как умение или навык, характеризующийся такими качествами, как правильность, осознанность, рациональность, обобщенность, автоматизм и прочность.

Правильность – ученик правильно находит результат арифметического действия над данными числами, т. е. правильно выбирает и выполняет операции, составляющие прием.

Осознанность – ученик осознает, на основе каких знаний выбраны операции и установлен порядок их выполнения. Это для ученика своего рода доказательство правильности выбора системы операции. Осознанность проявляется в том, что ученик в любой момент может объяснить, как он решал пример и почему можно так решать. Это, конечно, не значит, что ученик всегда должен объяснять решение каждого примера. В процессе овладения навыков объяснение должно постепенно свертываться.

Рациональность – ученик, сообразуясь с конкретными условиями, выбирает для данного случая более рациональный прием, т. е. выбирает те из возможных операции, выполнение которых легче других и быстрее приводит к результату арифметического действия. Разумеется, что это качество навыка может проявляться тогда, когда для данного случая существуют различные приемы нахождения результата, и ученик, используя различные знания, может сконструировать несколько приемов и выбрать более рациональный. Как видим, рациональность непосредственно связана с осознанностью навыка.

Обобщенность – ученик может применить прием вычисления к большему числу случаев, т. е. он способен перенести прием вычисления на новые случаи. Обобщенность так же, как и рациональность, теснейшим образом связана с осознанностью вычислительного навыка, поскольку общим для различных случаев вычисления будет прием, основа которого – одни и те же теоретические положения.

Автоматизм (свернутость) – ученик выделяет и выполняет операции быстро и в свернутом виде, но всегда может вернуться к объяснению выбора системы операции. Осознанность и автоматизм вычислительных навыков не являются противоречивыми качествами. Они всегда выступают в единстве: при свернутом выполнении операции осознанность сохраняется, но обоснование выбора системы операции происходит свернуто в плане внутренней речи. Благодаря этому ученик может в любой момент дать развернутое обоснование выбора системы операции.

Прочность – ученик сохраняет сформированные вычислительные навыки на длительное время.

Формирование вычислительных навыков, обладающих названными качествами, обеспечивается построением курса математики и использованием соответствующих методических приемов.

Вместе с тем, ученик при выполнении вычислительного приёма должен отдавать отчёт в правильности и целесообразности каждого выполненного действия, то есть постоянно контролировать себя, соотнося выполняемые операции с образцом – системой операций. О сформированности любого умственного действия можно говорить лишь тогда, когда ученик

сам, без вмешательства со стороны, выполняет все операции приводящие к решению. Умение осознано контролировать выполняемые операции позволяет формировать вычислительные навыки более высокого уровня, чем без наличия этого умения.

Список использованной литературы:

5. Гликман И.З. Методика или технология/ И.З. Гликман //Методист.-2007.-№3.-С.59-62.
6. Ильин Г.Л. Педагогическая технология новой образовательной парадигмы/ Г.Л. Ильин //Образовательная технология.-2008.-№3.-С.110-119.
7. Колеченко А.К. Энциклопедия педагогических технологий: пособие для преподавателей. - СПб.: Каро,2009.-367с.
8. Минаева С. Формирование вычислительных умении в основной школе // Математика в школе.- 2006.- №2.- С. 3-6.

ӘОЖ 81.139

УДК 81.139

UDC 81.139

«Ғылым және білім мәселелері: өзекті мәселелер, жетістіктер мен инновациялар» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы. – Тараз, 28 ақпан, 2025. – 1 том. – 486 б.

«Проблемы науки и образования: актуальные проблемы, достижения и инновации» – сборник материалов Международной научно-практической конференции. – Тараз, 28 февраля 2025. – 1 том. – с.486.

“Problems of science and education: current issues, achievements and innovations” - a collection of materials from the International Scientific and Practical Conference. – Taraz, February 28, 2025. – Volume 1. – p.486.

Бұл жинақта «Ғылым және білім мәселелері: өзекті мәселелер, жетістіктер мен инновациялар» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына қатысушылардың ғылым және білім беру ортасының мәселелері, болашағы мен байланыс шектеріне негізделген мақалалары енді.

В сборнике размешены статьи участников Международной научно-практической конференции «Проблемы науки и образования: актуальные проблемы, достижения и инновации», посвященные проблемам, перспективам и коммуникативным границам науки и образовательной среды.

The collection contains articles by participants in the International Scientific and Practical Conference “Problems of science and education: current issues, achievements and innovations”, dedicated to the problems, prospects and communication boundaries of the science and educational environment.

Жауапты редактор: Г.Б.Исабекова

Редакция алқасы: П.А.Құдабаева, Н. Е. Якияев, М.Ауғанбаева, З.Б.Құрманбекова

ӘОЖ 81.139

УДК 81.139

UDC 81.139